



Қарағанды облысының әкімдігі

Ақылдастар алқасы:

Әбдішев Б., төрага

Жұмабеков Б., төрага орынбасары

Жайлыбай Е., төрага орынбасары

Аймагамбетов Е.

Ақсұнқарұлы С., жауапты хатшы

Ахметов К.

Фазалиев А.

Дулатбеков Н.

Исабеков Н.

Көбееев Е.

Қантарбекова Г.

Омаров Э.

Редакциялық алқа:

Асанов Қ.

Әскербекқызы Ж.

Бексеітov С.

Кәпүлұы Д.

Қазанқапов Ж.

Құрмансейіт Қ., жауапты редактор

Мұхиден Б.

Рамазан Д.

Тұрлынова Р.



ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖАҚЫП АҚБАЕВ ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ



*Макалалар, сын-зерттеулер
және төргеудегі жауаптар*

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2013

УДК 94 (574)
ББК 63.3(5 каз)
Б 78

Сарыарқа кітапханасы

Б 78 **Бекейхан Э., Ақбаев Ж., Ермеков Э.**
 Мақалалар, сын-зерттеулер және төргеудегі жауаптар.
 – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.

-51930-

ISBN 978-601-292-778-8

ХХ ғасыр басында қазақ елінің азаттық алуы үшін аянбай күрескен, сол қасиетті жолда жанын құрбан еткен Алаш қайраткерлері Әлихан Бекейхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермековтей ерлердің есімі үлт тарихында мәнгілік орын алады.

Тұган халқының мұң-мұқтажын арқалаған айтулы азаматтардың ой-санасы, көзқарасы, империяның пигылдарға қарсы енбектері – үрпақтың тағылым алар таусылмас қазынасы.

Кітап Алаш кезеңі тарихына қызығушылық танытатын жастарға, оқытушыларға, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.



УДК 94 (574)
ББК 63.3(5 каз)

ISBN 978-601-292-778-8

© Бекейхан Э., Ақбаев Ж., Ермеков Э., 2013
© «Фолиант» баспасы, 2013

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

(1866-1937)

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан – XIX ғ. соны мен XX ғ. басындағы қазақ зияллыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

Өмірбаяны

1870 жылы наурыздың 5 бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7 ауылында туған. Бұл қазіргі Қарағанды облысының Ақтогай ауданындағы бұрынғы Қаратал кеңшарының жеріне қарасты, 1992 жылы Ақтогай аудандық кеңестің шешімімен Э.Н. Бөкейханов есімі берілді.

Әлихан – Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата тегі: Бөкей – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхамед – Әлихан. Жасынан зерек, алғыр өсken Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуга береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанагат тұтпай, қаладағы үш сынапты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық учили-

Әлихан БӨКЕЙХАН

щеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890-1894 жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқыды. Мұнда ол студенттік қызы пікірталастарға қатысып, XX ғасырдың босағасын аттағалы түрган Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысна күә болды, өз ойын да шындей түсті.

Ататепі Шынғыс ханның ұлken ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барак. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бокей – осы Сұлтан Барактың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед.

Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады.

Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны да «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Осыдан кейін он алты жасар Әлихан 1888 жылы Омбы техникалық училищесіне қабылданады. Торт жыл бойы үздік оқыған алғыр шекіртіне риза болған мүмкіндік жасайды.

Сөйтіп ол жиырма жасында Дала генерал-губернаторы кеңесінің ұсыныс хаты мен қазак қауымдастырының 200 сом стипендиясын алып, 1894 жылы Ресей империясының елордасы Санкт-Петербургға барып, Орман шаруашылығы институтының экономика факультетіне түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабактарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тәғы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін үғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Қоғамдық-саяси әрекеттері

Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә. Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деңгей өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қагидаларымен каруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады.

«Народная свобода» (Халық бостандығы) партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялыштары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын үйымдастырады. Әлиханың саяси көзқарасының пісіп-жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының үйымдастырушысы және қосемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шындалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.

1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын үйымдастырушылардың бірі болған.

1905 жылы Әлихан Бөкейханов Семей облысы қазақтарының атынан 1 Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Бірақ ол 1 Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Ә.Н. Бөкейханов өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды. Ал абақтыдан шығып Санкт-Петербургға жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін сол кездегі Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Ә.Н. Бөкейханов да солардың артынан аттанып Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазага тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды.

Әлихан БӨКЕЙХАН

1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Санкт-Петербургда жа-рық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» гәзetterінде редакторлық қызмет атқарды.

1909-17 жылдары «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді.

1911-14 «Қазақ» газетін үйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор енбек сінірді.

ХХ ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі – Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрган дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі – негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялышары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық құреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді.

Бар күш қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жандармерия басқармасының жансыздары мүмкіндік бермейді. Солардың көрсетуімен құғынга түседі, түрмеге қамалады. Бұдан студент кезінде-ақ сенімсіздердің қара тізіміне ілігіп, бақылауда жүрген Әлихан да тыс қалған жок, алдымен, Семей түрмесіне қамалып, кейін Самар қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға ғана мәжбүр болды.

1916 жылы жер аудару мерзімі бітіп, Самардан Орынборға келген Әлихан бірден қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласып кетеді. Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады.

Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қылыш. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды.

Алашорда

Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тогыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады.

Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұнғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 ж. желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясы жарияланып, Ә. Бекейханов сол алғашқы Қазақ республикасының тұнғыш төрағасы (президенті) болып сайланады.

1919 жылы большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Ә. Бекейханов қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады.

Бірақ, ұлттық намыстан жүрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Әлихан Бекейханов Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорықкан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кеседі.

1989 жылы мамырдың 14 КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақтадды.

Ғылыми еңбектері

XIX ғасырдың сонында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми жұмыстармен айналысады. Ол 1896 жылы көрнекті ғалымдардың кепілдемесі-

Әлихан БӨКЕЙХАН

мен Орыс жағрапиялышқ қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды. Әлихан «Россия. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18 томына автор ретінде қатынасқан. Ол ғылыми жұмыспен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене араласа бастайды.

1904 жылы қазақ даласына қоныс аудару қозғалысын даярлап берген Ф.А. Щербина экспедициясының құрамында болды.

1911-14 жылдары Әлихан Бекейханов «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты.

Әлихан Бекейханов – ғұлама ғалым, ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырган ұлы тұлға.

АБАЙ (ИБРАИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

1904 жылы маусымның 23 жүлдөзинде Семей уезінің болысында (Шыңғыстауда) даланың сүйікті ақыны Абай Құнанбаев дүние салды. Непізгі хатқа түскен аты Ибраһим (Авраам) болса да, қазақ даласы шешесінің еркелетіп қойған нәзік те үнді есімімен Абай деп атап кеткендіктен, біз де солай қолданамыз.

Абай әке жағынан алғанда тобықты руының белгілі шонжары мен биінен тарайды. Ақынның бабасы, тобықтының батыр биі Үргызбай Торғай облысындағы Үргыз өзенінің бойында XVII ғасырдың елуінші жылдарында дүниеге келген. Ат төбеліндей көсемнің бірі ретінде ол тобықты руын Түркістаннан аса құнарлы жайылымы мол Шыңғыс тауына көшіріп әкеледі. Абайдың атасы Өскенбай дала халқына әділ би ретінде танылды. Оған басқа рулардың қазактары да жүгініп, дауларын шешкізді. Абайдың әкесі Құнанбай да басқа рудың казактарына өктемдік жүргізген, оны тек қана төре тұқымдарының сұлтандарына ғана тән лауазым – Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайлануы дәлелдейді. Құнанбай өмірінің сонында Меккеге барып, одан қайтып оралған соң ел билігінен бойын аулақ салады. Бұның өзі де Құнанбайдың беделін өсіре түседі.

Абайдың шешесі Ұлжан да Бошан руының затты тұқымы Бертістен тарайды. Ол да Үргызбай сияқты Қаракесек руын Қарқаралы уезіндегі Қу, Едірей, Мыржық тауына бастап келген. Абайдың шешесі Ұлжанның төркіні қүшкеш Қантай мен Тонтайдың есімі қазақ даласына кеңінен мәлім. Бірде Қантай бай ұзақ ауырады. Қожа мен молдалар жиналып, оның көнілін сұрайды. Сонда Қантай жантәсілім беріп бара жатып: «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан да үят болды, енді өлмесек болмас», – депті.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Абай алпыс жасқа қарағанда қайтыс болды. Ол 1845 жылы (жылан жылы) туылып, 1904 жылы (қоян жылы) қайтыс болды.

Абай он-он екі жастар аралығында қазақ даласында жүріп хат таныды. Ал он екі жасында Семейдегі Ахмет Риза молданың медресесіне түседі. Абай он төрт жасында сонда жүріп, үш ай орыс мектебінен дәріс алады. Осы төрт жылдық медреседегі және үш айлық орыс мектебіндегі дәріспен Абайдың мектептік окуы аяқталады. Ол далаға қайтып келген соң он бес жасында қазақ рулатының арасындағы беделі зор, 1822 жылы Сібір қазактарының басқару ережесіне сай монополиялық күшке ие болған сұltан тұқымдарымен саяси-билік тартысына түскен өз әкесінің қасына еріп, ел ісіне араласады. Бозбалалық жасына қарамастан Абай сол кездегі қайраткерлердің арасынан көрнекті орын алғып, бидің заманының өткеніне қарамастан оны ел-жұрт би етіп сайлады. Жиырма жасқа жеткенде Абай от тілді, шешен, халық өмірі мен әдет-салтын, қазақ даласындағы атақты билердің әр істі шешкендегі төреліктерін жақсы билетін дәлмар атанады. Өзінің білуге құштарлығы мен зерделігінің арқасында, қазақтың ғұламаларының халық аузындағы сөздерін, мақалдарын, ертегілері мен нақылдарын менгереді. Абай билердің шартты түрде сайланбай, таланттымен бағаланатын ескі заны кезінде өмір сүрсе, артистер мен жазушылардың даңқы сияқты атақты би атанар еді. Ислам дінінің далаға орнығуының пайда-зиянына орай жаңа заманының талабымен Абай білімге дең қойып, араб, парсы, түркі тілдерін кітап арқылы үйренеді. Табандылығы мен бейімділігінің нәтижесінде өз бетімен араб, парсы тілдерін еркін менгеріп, қасиетті біліммен сусыннады. Молла мен қожалар туралы далада кең тараптан «анқау елге арамза молла» деген мақалға орай олар өздерінің жан дүниесінің пасықтығын әшкереleуден қорқып, Абаймен кездесіп, сұхбаттасудан қашқақтап жүретін. Осы арада Абайдың ислам дініне қатынасын да айта кету лазы姆. Ол өзінің өлеңінде молдалардың арамзалығы мен ала аяктығын сынап, мұсылмандық жолымен құніне бес уақыт намаз оқуды міндейді. Осы арқылы барлық діни ғұрыпты үстанатын, әсіресе, отыз күн рамазан айындағы ораза мен тәулігіне бес уақыт намаз оқуға қарсы келеді. Құнанбайдың семьясындағы діни пікірлер мен ғұрыптар, әкенің үстемдігінің кү-

ші – Абайдың ислам әдеп-ғұрыптарының бүркеншік қасиеттерін сезінуге жол ашты. Абай отыз жасында барымтаны жойып, өзге рудың байлары мен туысқандық пен достыққа ұмтылған, жауларын сескентетін беделді қазақ атанады. Абай өзінің барлық қабілеті мен білімінің арқасында қазақтардың билік тартысы арасында басты тізгін ұстаушы болды. Абай өз отанының сомалтыны еді. Дауға да, партия таласында да әділ төрелік айтты.

Абай он төрт жасынан бастап сырқақ өлеңдер шығарды. Ол жастар арасында кең тарағанымен, оған онша мән бермеді. Негізінде дала атқамінерлерінін «ақын» деген атты иемденуден кашқаны асер етсе керек. Қазақ сұлтандары өздерінің арасынан бақсы мен ақын шықпағанының мақтанышпен айтатын. Кейін ақындық жолға түскен Абай қазақ ақындарын өнерді байдан мал қалап алуға жұмсағанын сынап; өлеңшісімақтардан өзін аулақ үстады.

Ақындары ақылсыз наған келіт,
Көр жерді өлең қыпты жоқтан қарман,
Кобыз бен домбыра алып топта зарлан,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілен,
Кетірген сөз қадірін жүртты шарлан.
Мал үшін тілін бөзеп, жанын жалдан.
Мал сұрап біреуді алдан, біреуді арбан.
Жат елде кайырышылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап, құдай қарғап.
Қайда бай, мақтанишақча барған таңдан,
Жиса да бай болмапты каниша малды ап.

Міне, қазақтың суырыпсалма «ақынсымақтарына» берген бағасы. Егер 80 жылдары өлең туралы көзқарасын мұлдем өзгертуегенде, өзінің ұлы дарынын көрсете алмай дүние салған болар еді. Сол жылдары «Қазақтардың зандық әдеп-ғұрпы» туралы қырдан дерек жинап, кейін Маковецкий және Михаэлис мырзаның редакциясымен жарық көрген кітапшага материал іздестіріп жүрген саяси жер аударылуши Гросс мырзамен танысты. Гросс пен Михаэлис екеуі де Абай ауылында

Әлихан БӨКЕЙХАН

қонақта болып, оны орыс әдебиетімен таныстырды. Солардың ықпалымен Абай Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Шедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писаревтің творчествосымен танысты. Абай өзінің өмірінің соңғы сәтіне дейін Михаэлисті ерекше ілтипатпен еске алып, «Дүниеге көзімді ашқанға ұлken себепкер болған кісі – Михаэлис» деп өзінің оған борыштар екендігін білдіретін. Сонынан Абай Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивті философиясын», Дрепердің «Европаның ақыл ойының дамуын», Н.Г. Чернышевскийдің «Современник» кітаптарындағы мақалаларды оқыды және олардың тағдырымен жақсы таныс болды. Абай, әсіресе, Лермонтовтың шығармаларын сүйіп оқыды және «Ой», «Қанжар», «Дұға», т.б. өлеңдерін дең қоя аударды. Абай қазақта түсінікті әрі пайдалы деп санаған Крыловтың көптеген мысалдарын тәржімалады. Абай қазақ тіліне «Евгений Онегинді» аударды, оның ішінде аудармашының өзі ән шығарған «Татьянаның хаты» қырда ұлken сүйіспеншілікке бөленді. 1899 жылы Қекен бөлісіның әнші қазағы Әділхан бізге «Татьянаның хатын» скрипкаға қосып орындады. Бізді таң қалдырганы «Татьянаны қайдан білесін» дегенде, Әділхан өзін нұсқап қойып, орыстың өзі сияқты Пушкин деген ақыны болыпты, ол Татьяна сұлудың Онегин деген жігітті сүйгенін айтып хат жазғанын жырлайды. Сол кеште Әділхан бізге Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңін әнмен айттып, сонымен қатар Лермонтов өмірге риза болмаған, ал Пушкин оған данышпанша қарады деп түсініктеме береді. Осы жолдардың авторы сонынан Абайдың Пушкин мен Лермонтовтан аударған өлеңдерін домбырамен қосып айтқан бірнеше ақындарды кездестіреді. Абай Толстой мен Салтыковтың талантына бас иді. Орыс мектептерінде оқитын қазақ балаларына арнап, қазақ балаларының парапор, ұлық, полиция чиновнігі болуга ұмытылатынын сықақ етіп, Толстой мен Шедриндей болуға мәнзейді.

*Жасымда гылым бар деп ескермедім
Пайдасын коріп тұрып тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Колымды мезгілінен кеш сермедім.*

Откеннің орнын толтыру үшін Абай өз балаларын орыс мектептеріне оқытып, өзге қыргыздар сияқты шен-шекпенді емес, білімді уағыздады. Абай өзінің балаларын окуға тәрбиелеу туралы былай деді.

*Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет кылсын, шен алсын деп бермедин.*

Екінші баласы Әбдірахман қалалық училищені бітіргеннен кейін Абай оны жылына бірнеше жұз сом қаржы шығара отырып Тюменьде реальды училищеге береді. Абай оку үшін осынша көп ақша шығарған алғашқы қазақтың бірі. Әбдірахман Тюменьнің реальды училищесін тәмамдаған соң Петербург тегі технологиялық институтқа аттанады. Онда бір танысының (Лосевский мырзаның) кеңесімен Михайлов артиллерия училищесіне түседі. Өкінішке қарай өз еліне қамқорлығы тиеді деп үміт еткен Әбдірахман Артиллерия академиясына баруға дайындалып жүрген кезінде, 1895 жылы өкпе ауруынан қайтыс болады.

Орыс әдебиетімен танысу Абайға үлкен әсерін тигізіп, қазақтың ұсақ-түйегінен аулақ, оқу мен өлеңге берілген қазақ ақыны болды. Өкінінке қарай өлеңдерін жинамады. Абай айтқан әрбір сөз бен қағаз бетіне түскен өлеңін жастар іле жаттап алды. Әсіресе, Абайдың сатиralық өлеңдері қырғыз даласының түкпір-түкпірінен кездеседі. Абай өзінің туыстарына да сын көзбен қарап, өз талантynyң тәсілін түсіндірді.

*Жау жагадан алғанда
Жан көрінбес көзіме.
Арғын, найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме.
Қайран сөзім қор болды
Тобықтының езіне.*

Жоғарыда көрсетілгеніндей Абай соңғы кезде қоғамдық істерге араласпады, оның жаулары сонда да оны қудалауын тоқтатқан

Әлихан БӨКЕЙХАН

жоқ. Өзінің көп көленкесінде қалғанын келесі шумақтар арқылы жеткізді.

*Өзіме басқа шауып төске өрледім,
Казаққа кара сөзге дес бермедім.
Еңбегінді білерлік еш адам жок,
Түбінде тыныш жүргенді жек көрmedім.*

1904 жылы мамырдың 14 жүлдізында Абайдың сүйікті ұлы Мағауия қайтыс болды. Кезінде денсаулығының нашарлауына байланысты сүйікті баласын қалалық училищеден кайтарып алған болатын. Бұл қаза Абайды катты қайғыртып, ешкіммен сөйлеспеді, көптен өзін жырақ үстады. Қырық күннен кейін өзі де дүние салды. 1893 жылы жазған өлеңдері алдынан шыққандай көрінді.

*Жүргегімді құм қылды,
Өткен адам, өлген жан.
Ақыл ізден зерлепті,
Бәрін сынап сандалган.
Енді ішіме ой салған,
Тұла бойды улатты,
Бәрі алдагыш сүм жалған,
Басқа тиді, байқадық,
Бәріне басты шайқадық,
Тағы бар ма айтарың,
Нанғыш болсаң енді наң.*

Абайдың өз шығармалары мен Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан жасаған аудармаларын ұлы Тұрагұл жинап, таяу арада императорлық Россияның Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі басып шығарды. Өлеңдерінен көрініп түрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанашишы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді.

КАЗАК ТАРИХЫ

I. Сөз басы


Тарих дейтін – бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын, бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретүгін бір ілім. Қазақтың көбі оны «шежіре» деп айтады. Бұ заманың ғалымдары тарихты ең онды мұғалім деп түсінеді.

Тарих – түзу жөнді үйретуші деп айтады. Тарих халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүние де түзушіліктің кітaby. Тіршіліктің жолбасының деуге де болады. Келешек күннің қандай болашағын білуғе тарих анық құрал болады.

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұргандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келеңекте басына қандай күн туашағына көзі жетпейді.

Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүние де өнгө жұрттар қатарында кім қор болмайын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде үғып білуге тиіс болады.

Қазақ ішінде һәр үйдің отағасы, һәр ауылдың ақсақалы тұрған бір шежіре, бұрынғы өткен-кеткеннен естіген білгені болса, кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырады. Бірақ ел ішінде жұрген шала моллалар, тарихтың не екенін білмеген надан қожалар тарих десе екі құлағы тік тұрады. «Тәйірі, тарих неге керек?! Ол не айтады дейсін; әншейін ертегі, өтірік кой! Құдайдың



Әлихан БӨКЕЙХАН

бүйріғы емес, Мұхаммедтің сөзі емес, оны оқу-білу не керек!» деп аңдау елге арамзалығын қылып, тарихтан жүрттың көнілін сұтады.

Тарих не айтады десеніз, оның айтатыны мынау: біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі; олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі; қандай қуаты барлығы, ол қуатты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досты-дұспаны кім екендігі; не себеппен бағы тайғандығы және соған үқсас істердің барлығын тарих сөйлеп түсіндіріп тұрады.

Бұрынғы бабаларымыздың басынан кешкен жақсы-жаман қандай уақыға бар болса, оның бәрі де өткендең бір істің нәтижесінен туган болады. Со секілді, келешекте біздің басымызға түсешек бір уақыға, осы күнде қылып жүрген ісіміздің нәтижесі болмақшы. Тарих оқысақ, оның сөзін оқысақ қандай істен қандай нәтиже туатынын анық білетін боламыз: жақсы істен жақсылық, жаман істен жамандық тумақшы.

Бұрынғының «не ексең, соны орарсың» деген сөзінің терен мағынасы осы. «Құдай не жазса, соны көрерміз» деу – соқырлықтың белгісі, тағдыр да жазғаны болар деу – ақымақтықтың белгісі. Шөнкі адам нені тілесе, Құдай соны тағдыр қылмақшы.

Тікен еккен жерге бидай шықпақыны емес, ағаштың тамырына балтанаң жүзі тисе – құрымақшы.

Бұрынғының көбі күш-қуатты тиісті орнына жұмсамай, бірінің көзін бірі шүкідан уақыты артылмады, істегенінің бәрі жәбір, залым болды; қалғанының бәрі зорлық-зомбылық еді. Қанеки! Дүние ахиретте сонысынан не пайда көрмекші?! Қиямет күніне дейін сауабы барып тұратын ісі қайсы? Бәрі де қабірде шіріп жатыр. Жанының көрген күні қандай екені Құдайға ғана мәлім!

Егер тарих оқысақ, пайдасы бар істің қандай екенин біліп, соны іstemекшіміз! Заралы істен қашпақшымыз! Бұрынғының онды ісінен үлгі алмақшымыз!

Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінезд құлқымыз, сөздің бәрі кейінгілерге тарих болып қалады. Бұрынғының тарихы жазылмай қалушы еді, ендігі тарих күнініменен жазылып тұрылады. Кейінгілер гибрат аларлық

үлгі тастап кетіп алғыс алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп қарғыс-лағынет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс.

Тарих – түзу, жөнді үйретуші; тарих түзушліктің кітабы; тарих тіршілікте жолбасшы дейтініміз осы.

Біз әзіргі сөзді осының менен қысқарта тұрамыз. Мұнан соң «Қазақ» газетінде қазақтың анық шежіресін жазып тұрмақшымыз.

II

Күні бүгін дүниеде һеш нәрсенің асылы білінбей қалған жоқ. Һәр нәрсенің түбі тексерілді, асылы білінді. Білімі артық, көзі ашық жүрттар дүниедегі адам баласының асылын, нәсілін тексеріп болып, барлығын кітапқа жазып шыгарды. Бөтен жүрттар қатарында алабөтен – біздің қазақ халқының асылы тексеріліп, тарихы жазылған жоқ.

Бұ қүн Азия картасының төрттен біріне ие болып тұрған қанша миллион қазақтың тарихы көмескі қалыпта тұрған жағы бар. Тарих ғылымында қанша тарих жазушылар шығып, қаншама кітап жазып шыгарды. Солардың арасында қазақтың асылын анық қып айтатыны жоқ. Арабша, түрікше, орысшада біз көрген кітаптарда қазақ тұрасында жазылған сөздердің бәрі де хақиқатқа халаф – шіп-шикі өтірік, қанағат табарлық һеш бір сөз жазылған жоқ.

Тарих кітаптарындағы көп хатаның бірі – тарих жазушылардың һені бірі қазақ пен қыргызды айырмайды. Қазақ – қазақ, қыргыз өз алдына қыргыз, бұлардың арасында асылар ілгі жоқ. Түркімен менен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қыргыз да сондай басқа-басқа ел. Орыстардың, әсіресе үкіметтің, қазақты қазақ демей, қыргыз деп жүргені рас, бірақ олар өзінің атты «Қазачий» әскерінен айыру үшін – жаңылыс болса-дағы – қазақты қыргыз атап жұр. Өзіміздің түрік қауымдарының, әсіресе басшыларының қазақ пен қыргызды айырмаганы хата, кеппестік айып.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Қазақтың қырғыз атанбай қазақ атанғанын тәуір көруі орыстың қазаққа ұқсауы үшін деген ногайларда бар. Мұнысы бет алдына лаққан сөз. Тарихтың көрсетуі бұған ереуіл келеді. Орыста бұрын атқа міну әдеті болмаған. Осы күнгі хохолша сиыр жегіп, өгіз мініп күн көрғен.

Бір сыпыра халқы түріктерден көрмекші, салт-әдет айтып, біздің қазаққа ұқсаганнан соң «Казаший» («Казачье войско») атанип кеткен. Орыстың атты әскері қазақпын десе, біздің қазақ өзінің атынан айырылып, қырғыз атанип жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениеті» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» (Казакская литература) түрғызып, қазақшылығын сақтамақшы.

Орысша оқыған қазақ жастарының мойнына алатын бір жұмысы: мекемеден шеткери болған hər бір істі орында, hər бәр істе «киргиз» деген жаңылыс атты қойып «казак» деген атты қолдауы тиіс. Бұл болмайтын іс, ағынға қарсы (против течения) деген сөз сөз емес, біз – суды теріс ағызған атаниң баласымыз!

Қазақтың тарихы турасында және екінші хата: осы күнгі қазақты ұлық Шыңғыс ханнан бұрынғы замандарда болған қырғыз қауымының нәсілінен деп түсінү. Олай түсінудің хата екендігі аз ойлауменен білінетін нәрсе. Осы күнгі қазақ(тың) ол қырғыздың нәсілінен емес екендігіне дәлел толып жатыр.

Осы күнде қазақта қыпшақ, аргын, керейіт, найман, қоңырат деген рулар бар. Бұл рулар анау қырғыздардан басқа болып, олар менен қатар жүріп, қатар тұрған елдер еді. Енді қырғызбенен қатар жүрген найманды қалай бұрынғы қырғыздың нәсілінен деп айтуга болады?!

Қырғыз бер қазақ арасында қандай басқалық барлықты, сөздің реті келген сайын баяндан тұрмақтыз. Әзір ұғатынымыз мынау: қазақ бер қырғыз басқа қауым; бұл қазақ хазірет Гайсаның (Иса) ар жақ, бер жағындағы қырғыздың нәсілінен емес, қазақ «киргиздікті» қойып, қазақты қуаттауы тиіс.

Әлихан БӨКЕЙХАН

«Қазақ» газетасының екінші нөмірінен басталып «Қазақтың тарихы» жазылып тұрмақшы. Бұл жазатын тарихымыз онан-мұнан құралған тарихқа тиісті сөздер емес, нағыз ишын, жете тарих дәрістері болады. «Қазақ» газетасын үзбестен оқып тұрған адам қазактың тарихын жете білуге болады.

Қазақтың тарихына тиісті сөздер, материалдар жазып басқармаға жіберуші болса, «Қазақтың тарихын» жазғанда пайдаланып тұрмақпыз, һәр кімнің істеген-білгені болса, жазып тұруын өтінеміз.

«Ғалиа» шәкірттерден Құл Мұхаммед әпенді Оразаев және балалары Мәшіһұр «Асан қайғы» турасында есітіп-білгендерін жазып басқармаға жіберіпті. Мұның ішінде біз пайдаланараптық сөздер көп.

Тұрік баласы.

«Қазақ» газеті, №2, 3, 1913 жыл

АШЫҚ ХАТ

Адам баласы қылып жүрген іс ой-ақыл болып басталады, адамды бала тапқан қатындан қинап, сөз болып сөйлетеді, я жазылады, ақыл-сөз сонан соң барып іске айналады. Не жұмыс қылсақ осы үш: ақыл, сөз, іс – сыратор көпірінен өтпей жұмысқа айналмайды.

Бұл ақыл, сөз, іс үшеуінің қындығын «көпті көрген білер, алысты жүрген білер» дегендей ойлаған, сөйлеген, жазған, жұмыс қылған білер: «көкіректе сайрап тұр, тілді құдай байлап тұр» деген, ойын-ақылын сөз қылып сөйлей алмаган бейшалардан қалған.

Ақылды сөз қылу сондай қиын. Лев Николаевиш Толстой жазған хатына өзі ғұмырында риза болмай өлді, адамзатта мұнан жүйрік жоқ десе кінә болмас. Орыс жұртының жүртттан асқан ақыны Пушкин бір хатын отыз қайтара түзетіп басушы еді. Ал сөз сейлетті, сөз жазды, бұл іс бөла қоя ма? Адам баласы сөзін жазып, тасқа басып сақтағанынан бері қанша түзулік әділдік, жақсылық жол айтқан кітаптар жазылған; қане, бұл кітаптардың сөзі іс бола қойғаны!?

Бұл кітаптар ышкафта шаң болып жатқан жоқ па?

Дүниеде не болса бірте-бірте, аздан ілгері басып болады. Жас баланың һәм шаш-сақалды өскені мысалды. Ақылды сөз қылмақ қиын, сөзді іс қылмақ мұнан неше есе қиын.

Ақсақал Досмайыл қажы Қашқынбаев (қажының «Қашқынбаев» дегені қалай, Қашқынбайұлы емес пе еді!) қазақтың шәкірттеріне болмас дау салып жүр.

Қазақта қанша шәкірт бар? Жылына бес жүз қазақ баласы үлкен медреселерде оқиды десек, бұл екі мың үйге бір шәкірт

болады. Бұл жалғыз шәкірт екі ұлыс ел ішінде шалғынға түскен инедей жоғалмай ма?

Қазақ жұрты түптен келе жатқан зорлық, тепкіде өскен. Бастықпын десе қоленкеге тік тұрып, сүттей үйип, бейшара шәкірт сөзін, мұның басына нұр жауып тұрса, тыңдай ма?

Осы күнгі шәкірттен мұнша сұрайтын бұлар кім еді?

Жазылған, айтқан сөзді қайда болса да, қашан болса да жұрт ресми жықпак қыранда неше жерде жазылған әділ деп: айыр тұяқ төрт аяғында сегіз бақай (мұнда шошқа жок). Жылқы айыр тұяқ емес, төрт аяғында сегіз бақайы жок. Қазақ жылқыны, қыранды бірдей ұстап жұр; қыран мұның қалай демейді, молласы жұрт рәсіміне қарсы тұрып айтпайды. Жұрт рәсімінің күші осы.

Осы күнде біздің қазақта бала оқыту рәсім бе? Үйінде тамағы бар бала ер жетсе қатын алмай ма? Мұнан асатын мал болса, «сайлау» деп арамтерге кірмей ме?

Мұсылманша оқу ізден, жанын жалдап, талап қылып жүрген қазақ баласы – сызыра кедей балалары емес пе? Мұның ішінде ілуде біреуі болмаса бай баласы.

Жаз болса тамақ үшін жұрт қыдырып, ел ақтайтыны шәкірттердің осы кедейлігі емес пе? Осылайша бейшара, бей... біреуге қонақ болып жүріп, бұл шәкірт не үйретпек, үйде қолға су құйып, қонаққа саба пісіп, қымыз сапырып жүрген қызметші сөзін кім тыңдамақ?

Өзі осындай халде гұмыр өткізген шәкірт мінезі бұзылмай тұрар ма? Осы көріп жүрген қын жамандықтың бәрін аттап өтіп жақсы шәкірт шықса, бұл бір қазақ жұртының алтыны емес пе, отқа-суға салса тот баспайтын?

Бала оқытуға рәсім қылған жұрт баласын қыс оқытады. Жаз бала қуанышта, үйінде болады.

Біз шәкірт тамақ асырай келді деп, жас баланы қызықты ғұмырынан қалдырып, ит-арқа астына қамап, абақтыға саламыз, оларға ақсақал Досмайыл қазаққа жол айтпадың деп ұрысып отырған шәкірттерді құзетші қыламыз. Осыны да бала оқытқан деп мақтау қылып ғазетамызға жазып жатырмыз, надан болған соң не шара!?

Әлихан БӨКЕЙХАН

Сонау қырдан талпынып, алты-жеті жыл оку қуалап Қазан, Уфа, Орынбор, Тройскі барған талапкер балалар, екінің бірі бос қазақ емес қой! Жігіттігі бар, жігіті аз қазақ жұртына осы жігерлі балаларды жүдепей оқуын бітіруге жиһат қылып, ақша жиып, әр ел өз шәкіртіне беретін жөні бар ғой!

Осылай көтермелеп: жаз қаңғыртпай, тамақ-ай деп көңілін бөлмей шәкірттерді жұрт пұлына оқытып, осының ішінен шыққан жүйрігіне мұның қалай? – деп Досмайыл ақсақал дауын сонда айту керек қой!

Осы оқу туралы Досмайыл ақсақал хаты сияқты газетада жазылған хаттардан көрініп түр: бір сөз қисық шығып барады. Ол оқу; оқу-білім болса, мақсат бәрі табылады дегендей көрінеді. Бұлар болса, бұл адасқандық болды. Оқу-білім бір, оқу үлгая білім болады. Білімнен мақсат шықпайды. Әзәзіл ұжмақтан надандықпен шыққан жоқ. Балқан соғысында екі жұз мындан аса адам өлді, бұл соғыс білімсіздікten емес. Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден. Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген міnez айтылғалы екі мың жыл болған, онан бері білім отарба, телеграм, телефон, айроплан шығарды, жақсы мінезге тоқтаған адам аз, білім біліммен, міnez мінезбен. Көп оқыса, зейінді болса, білімді болмақ, мінезі жақсы бола ма, жаман бола ма, мұны құдай білер.

Неше түрлі залалды қазақ мінезі бұзық орысша, мұсылманша хат білетіндерінен көріп жүр. Бұлар өзге қазақтан білімді, білімінен жақсы міnez шықса, бұл қалай? Бұл білім-міnez жолы таусылмайтын ыстатия жолы. Бүгін Досмайыл ақсақалдан сөз айыруға қысқартып жаза салдым, құдай бүйірса, тағы неше бұл сөзге айналармын.

*Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 21, 1913 жыл. Самар*

РОМАН НЕ НӘРСЕ?

Роман деген сөздің мағынасы мынау. Осыдан 150 жыл соң Италия французды билеп тұрған заманда екі тіл қатысып, ортадан дара роман тілі тұган. Осы тілмен француз жазушылары сол заманның кемшілік, таршылығын көрсетіп кітап жазған һәм кітаптарын роман тілімен жазған үшін «роман» деп атаған. Соңан бері міне 18 ғасыр (ғасыр – жүз жыл) осы мақсұд, осы мағнамен әр нәсілдегі, әр діндегі халық өзінің өмірін, өзінің ана тілімен жазып келе жатыр. Сол жазған кітаптарын роман деп атап кетті. Романның басталуына 18 ғасыр дедік. Соңан бері әр халық романды оте қадір тұтып, жоғары үстап, гүлдетіп, жасартып көп кітаптар шығарып келеді.

Романның ішкі мағынасы: тіршіліктің жарық һәм күнпірт жағын бейне өзіндей етіп суреттеп, адамның өзіне көрсету. Роман – адамзаттың өмірін, дәуірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна. Роман суреттеп көрсетеді: я бір адамның, я бір насылдес, бір тілдес халықтың өмірін, яки бір қалыптағы заманның қатардағы жәмәғитын, я қиын-қиын замандарда болып өткен халықтардың өмір халін.

Романның асыл мақсаты: адамзаттың мінез-құлқын түзетпек, кемшілікті, қарандылықты адамзаттан құмақ. Мұнан мұрат, ол адам баласына үйретінді үлгі, тәрбие бермек.

Осы кезде роман адамды жоғары, төменге бөлмей, шетке қақпай, талғамай сынап жазып отыр, яғни роман көпке бірдей болып, роман – һәркім өз керегін алады, өз мінін я артықшылығын табады. Осы заманда романда жазылады: тұтас халықтың, буын-буын елдің, патшалықтың, мәжілістің жайлары, адамның білім-өнерін, шаруа тұрмысын.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Осы рет, осы мағынамен 18 һәм 19 ғасырда атақты роман шығарушылар: Англияда Валтер Скот, Чарлз Диккенс, Теккерей, орыста Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Толстой һәм басқалар.

Толстой өзінің данышпандық һәм хакімлік жағынан «Софыс һәм татулық» деген роман жазып шығарғандығымен бүтін жер үстіндегі адам баласына атағы жайылды. Мұнда Толстой алуан-алуан адамның мінез-құлқын бірін қалдырмай тізіп, адам өмірінің жінішке қылдай жерін суреттеп көрсетеді. «Софыс һәм татулық» романында бар: патша да, министр де, тәре де, оғицер де, салдат та, кәсіпшілер де, саудагерлер де, байлар да, қызметшілер де, етінші де, мұғалім де, шәкірд те, би де, песір де, ерке те, әйел де, бала да, кәрі де, жас та. Осылардың бар өмірі, мінез-құлқы, әділдік-зорлығы, артық-кемі, құшті-әлсізі, бәрі де көз алдыңа келіп тұргандай елестейді. Романды түсініп оқыған адам әлті айтқанның бәрін көреді, сондықтан роман – өмір айнасы.

Қазақта роман бұрын жоқ еді. Біздің арамызда қазақша бірінші роман шығарған Мир Якұб Дулат. Оның «Бақытсыз Жамал» деген романы 1910 жылы басылып жарыққа шықты. Басқа халықтарда, жоғарыда айтқанымыз секілді, неше ғасырдан бері тамыр жайып, құннен-құнге, жылдан-жылға ілгері басып, сабасына толып тұрган кезінде, біздің қазақта ең бірінші көзімізге көрінген романды озық жүрттардікімен салыстыруға болмайды, біз өз бойымызға лайықтап, мұны қазақ әдебиетінде тәуір қызметке санаймыз.

«Бақытсыз Жамалда» қазақтың қазіргі жайынан біразы көрінеді. Мұнда қазақтың қай жерінде болса да, малға қызығып я партияға қызығып қыздарын жастай күйеуге беру жайы бар, ысырапқа ақша шашып, жақынмен араздасу, қызын сүйеменіне жылатып ұстап беру, бұған шыдай алмай қыз тенін көксеп қайғыға бату бар. Ата-анадан құдер үзген соң, өз теңімен қашар бар, ақырында қорлық көру бар.

Мұнда бар: шала сауатты молла да, жаңа мұғалімде; бар мұнда ақсақал да, би де, болыс та, тілмаш та, орыс та, өтірікке куәлік бергіш указни молла да. Мұнда бар һәр түрлі әйелдер, бозбалалар, ойын-сауықтар. Осылардың мәрхәмәті, зорлық-зомбылығы, қазақтың рәсімі көрсетілген. Мұнда партия да,

Әлихан БӨКЕЙХАН

партияға құмарлар да, ел арасын бұзушы қулар да, барымта да бар. Қабагын салбыратып, еңсесі түсіп, топтан мұңайып Сәрсембай келе жатыр...

Енді біз түсіндік, роман көпке арналған кітап екенін; көптің кітабы болса, һәрқайсысымызға тиісті, міндетті романды тесе қарап, телміре оқып, мінез-құлқымызды түзеп, романнан халіміз жеткенші тәрбие алу керек.

Төрт аяқты аңдар мен тәрбиесіз тағы өскен адамдар бірінің етін бірі жейді. Негір халқы үй ішінен семізі өлсе қуанып, арығы өлсе, жеуге келмейді қүйініп қалады екен. Біздің елу басылар, болыс-билеріміз семізді жығып, арықты семіртіп жеп жүрген жоқ па? Мұның негірден басқалығы қанша?

Міні, сондықтан өнер-білім керек, онан да керегірек тәрбие. Қанша оқысақ та, тәрбиеміз кем болса, қасиетіміз аз.

Арыс ұлы.

«Қазақ» газеті, № 48, 1914 ж. Самар қаласы

ӘН. ӨЛЕҢ ҺӘМ ОНЫҢ ҚҰРАЛЫ

Ән адамның бар ет тамырын, сүйек-сүйегін қозғайды, бәрін ерітеді, елжіретеді: (өлең айтып өн салғанда біреуді аңдысаң) көрмеймісің, жүзінің құбылғанын, бетіне қызарып қан құйылғанын, көрмеймісің көзінің жанарынан, байқаусызыда шығып кеткен дауысынан тағы жым-жырттана қалғанын...

Жаңа туған бала жылау әні, солқылдау әнімен дүнияға аман-дасады. Адам жан шығар алдында арпалысып «А-а-а» деп ән салып дүниамен қоштасады. Осы елі бас ән, ақтық әннің арасында адам бірін көтеріп, бірін созып өлең қосып, бір өлеңді бір өлеңге қосарлап, іштен шерін шығарып күйін тарқатады.

Бізге мағлұм көрнеу түр: ән, өлең, сыйызғы, домбыра, қобызғы – бәрі бір магынада. Адам көнілдегісін алғаш сөзбен қияды: ән салып, өлең айтып, домбыра шертіп, қобыз ойнайды – адамның жайын, сезімін, жүргегін қозғайды, тиіп өтіп елжіретеді, бусандырады, буынын алады

Кімге мағлұм емес, кімғе анық емес ән-өлең, оның асбабтары адам жүргіне, сезіміне-қүйлеріне һәрдайым барша уақытта құдіретті бір сайман – адамды қозғайды, көтереді, басады – тыныштайды, жайлайды – ән бір жиында, тойда, айтулы қыздырмада адамдар бәрі бір сезімде, бір қызбада, қызығы бір, қуанышы бір.

Кімге мағлұм емес – ән-өлең өтім өтеді, қозғайды жанды, сезімді, ет-тән тамыр тарамыстарға шейін кеүлейді, адамға қайрат береді. Жұмыс қылып тұрғанда айтқан өлең құрып тұрған титықтың, шаршап тұрған буынның талыққанын сездірмей жібереді.

Ән-өлең, күй адамның анық тілі, шын тілі, көпкө бірдей ұғымды тіл – бұл тіл жаңға хас, жүрек тілі, сезім тілі, күй тілі: неше түрлі рахат татқан адам даны осы тілмен сөйлейді, һәр түрлі үндерді осы тілмен сұлуласп, майлап қояды, қуаныш-шаттық рахатын сыртқа білгізеді, адам мұхнатын, ауыр ісін жеңілейтеді, қайғы-хафасын шығарады, мауқын басады. Сол себептен ән-өлең адамның еніп қаранды жер астына кіргенге шейін айырылmas досы, жолдасы.

Бұл жалғыз адам турасында емес, бұтін бір ру ел, бір ұлтқа да солай: қарасаң һәр халықтың өлеңіне, түбіне көз жіберіп, құлақ салсаң айнадай болып көрініп түр – кейбір халық өлеңін қайғылы мұнды қылып қалдырган, кейбір халық өлеңін жандытірі қылып, шаттықпен көтеріңкі қылып қалдырган: мұнды фин, жанды Италия.

«*Қара таудың басынан кош келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Карындастан айырылған жаман екен,
Мөлдіреп қара көзден жас келеді*», –

деген өлең қазақтың бұрынғы қыншылық, таршылық хафага түскенін мұн қылып көрсетіп түр.

Әннің биік орында тәсір қылатынын көп ақындар, данышпандар бұлай айтады. Гете келтіреді: ән-өлең шертіп ойнау ең жоғарғы өнер – әнде не нәрсе салынса, ішекке не ойналса, сол нәрсе жоғары шығып көтеріледі, агарады, қасиеттенеді.

Шопенгаур сөйлейді: өлең, ән, күй салу баршамыздың қазынамыздың (қозғалу, сезу, шебіренуді) бәрін жоғары жасап, жоғары жаратуға зор бір құдыретті сайман: өлең, ән, күйдің күші – ән қуаты сондай күшті, сондай терең – бұл барлық жарайыс тұрмысын көрсетеді, өзге өнерлер құр көлеңкесін ғана көрсетеді. Жүрек жанына орнаған дақты сол күймен ғана сыртқа шығарады. Мәрхамат, шәфқат, рахат, мұхнат, шаттық реніш, ғайрат, хафалық, зар, мұн, күйініш – бәрін де жүректе қандай болса, сондай қылып көрсетеді.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Бетховен айтады: ән, өлең, күй сондай ашық түрлі жарық тіл, ондай қылып данышып да, хакім де айтпайды. Ол адамның жол салушысы, жол басшысы – бұл жол бір ғана сонау биік, жогары білім ғаламына шығатын жол, ол ғалам адам баласына сезімді, бірақ денесімен адамзат бара алмайды. Ән, өлең, күй құдырет ғылымымен әбден сырлас.

Мәртін Лутер: ән, өлең, күй аспабы, адамның гибрат берушісі, адамның ақылын оятып, молайтып, қорытып беруші ең жақсы ақылшысы – жінішкеңілікке, төменшілікке, бірлікке, татулыққа, сүйіспеншілікке ең бірінші оқытушысы, үйретушісі. Ән, өлең, күй ең сенімді үн, бұл үнмен адам меҳнатын, рахаты, ғайратын, шафқатын, сүйіспеншілігін билейтін, қайғы-хасыретін құдайға тапсырады, жеткізеді. Ән, өлең, күй аспандағы феріште тілі, бұрынғы жерде болған пайғамбарлар тілі; ән, өлең, күй Алланы танытуға үлкен себепкер.

Мәртін Лутердің дүспандары аныз қылышқан: «Мәртін бізді, білімімен алдағ ерітіп алмады, әнімен елжіретіп ерітеді», – деп. Қазақтың ақындары да ханның қаһары, судың зәһірінен ән салып, өлең айтып, күй тартып басын өлімнен құтқарғандар да бар. Ақын Абай айтады:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қыннан қыстырып ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Ән-өлеңді өзіндей қылып, бұлжытпай бейне дауыстан шыққандай етіп домбыра, сыбызығы, қобызға қылып салады. Бұл құралдар музика аталынады.

*Арыс ұлы.
«Қазақ» газеті, № 67, 1914 жыл. Самар*

К. ОЯЗЫНЛАФЫ МОЛЛАДАРДЫҢ БАЯНЫ

Қырда кім болса да сол молла болады. Аз ғана оқу білетін қа-
зак, я қашқын ногай я сарт я тәжік.

Сол адамдар бек надан һәм нәрсені ... білмеді һәм солар надан
болған соң, қазақтарға ауып, оларды мейлінше бұзады. Қай қазақ
моллаға нанбайды, ашық күнді жауын қыламын деп тұрган соң ...
(Кұдайындаид иланады).

Қазақтар молланы кінәсіз деп ойлайды, себебі моллаларды
діннің қуаты деп... Қазақтардың ойлауынша, моллаларға аз кар-
сы келген – күнәһар деп. Сол надан моллалар не айтады, соған
нанады, содан қанша залалдар бар.

1879 жылда К. оязының онгустік шығыс жақ араларындағы
елдерде шешек болды. Сол уақытта қырға бір белгісіз молда
келіп, «дәрігермін» деп бір түрлі шешек еге бастады. Сол еккен
соң, шешектен көп өлді. Соны ұлықтар біліп, шешек егуішті
Сібірменен таныс қылатын деп еди. Бірақ сорға молла қашып
кетті.

Аз-аз құранды оқып танитын қазақ мағынасы менен білмейді,
арап тіліменен жазғаны үшін, сонда да «молламын» деп жүреді.
Сонан соң барша қазақтар да оны молла қылады. Қебінесе сон-
дай моллалар жазу білмейді, дұрыс жаза алмайды, жазса да мей-
лінше көп қатеменен жазады. Қазақ халқына сондай моллалар
ғибрат береді. Өздерінің жүріс-тұрысыменен, мінездеріменен
өздері мейлінше бұзық болған соң біз ойлаймыз: осы сөздерді
бұза алмаған қазақтар макұлдайды ғой! – деп. Егер сол қазақтар,
рас, ... мақұл адамдар болса, қазақтардың анық мінездеріндегі

Әлихан БӨКЕЙХАН

жүлік моллалардың сырттарынан дін тұтып жүргендерін байқап, қазақ араларында шыгарған өлеңдері де бар. Сол моллалардың дұрыс жүрмегендігі туралы да, шаригат жолыменен сол өлеңдерді шыгарған жақсы ... бір халықтың сүйген ақындар моллалардың мінезін жүлік кінәдан қорғап-ақ шыгарған.

Сондай моллалардың шаригатпенен жүрмеген көбін көрдік. Сол моллалар сөзінен ақылды, жақсы көрініп дегенге жерік болып жүрсе де, көп зұлымшылықтары білініп жүрді. Файбат айтып жалғанға күнә болып. Сондай моллалар қырда өздерінің (құран тауып ішетін ұқтамай) жүретін қазақтарға мейлініне құрметті. Сол қазақтар өз пайдасы үшін сондай моллаларға дос болып, жақсы кісі атанады. Себебі, халықтың (еңбегіменен) ішіп-жеп, солардан алып байып, ездерінің зұлым істеріне моллалардан көмек көреді. Бір сорлы қазақ бар ма еken солардың соры «жақсы» атанип жүрген қазақтар менен моллалардан (көрмеген).

Сол моллалар надандығыменен дінге қарсы өтірік айтады. Қазақтарға айтады: тергеуге мұсылман дініндегі кісіні қара болса да ақтауға мүмкін деп, егер қарсыласқан адамы орыс я жәйт болса деп. Құран сондай ... (жалған) шаригат айтады деп білуге (...) мүмкін емес. Сол тақырыпты қазақтар өздеріменен бір дін-дес қазағын қара да болса ... менен ақтап,... бір жақсы іс қылса... осылар он, дұрыс па, ойлаши! Қазақ, бұларың..., шындыққа қарсы болмас, мүмкін ислам дініне қарсы емес пе!?

Біздің естуіміз бойынша, бір судиа қазақтар турасында өзінің бір жақын дәрігеріне айтыпты: «қазақтар анттың не екенін білмейді» деп. Кім қатпайды бұған!? Судиа бұларды байқамағаны ... қанша жылдай судиа болып тұрып, қазақтардан жан алып, қазақтардың антты қалай болса олай бере бергенін көрген. Қазақ сыны осыншама адастырған кім – молла емес пе?

Біз несінші мәртебе қазақтардан есіттік: бөтен діндегілердің нәрсесін алған обал емес деген молла еді деп және қазақтар күн тұтылғанда пәлен күні тұтылады деген орыстың сөзін көзіменен көріп, таң қалып тұрғанда, молла айтады: – Бұл жақсы белгі емес! – деп. – Ақыр заманға таяғанның белгісі, – дегенді һәм айтқан: – Мұны орыс білмейді, – деп. Оларға халифа жұрты білдірген ғой! – деп халифа жұртын моллалар бүгін дүнианы билеп тұрады, – деп.

Бұларды кім сондай моллаларды дүниағының білмейді деп ойлайды. Сол құрметті молла текке өтірік айтады, солай ма?! Моллаға сондай өтірікті қайдан алдыныз? Сондай сөз неғып қолында болды я болмаса жалғыз моллаға жалған сөйлеуге рұқсат болған ба?

Әрдайым молла халықтың іші болып, өз жұмысын анық орнына келтіре ме? Жоқ, келтірмейді! Сайлау болған уақытта, таласқан кісілерге еріп шыға келеді. Болашақ болыстардан алу үшін, сол кісілер моллаларды сүйеніш көретіндері себепті һәм моллалар өзінің халі келетін аймагындағы халықтардан оңай... тақырыпты һәркімге белгілі соңғы уақыттарда сайлауда һәркім-ақ... шабылып қалады. Болысқа сайланатын байлар жылдам-ақ байып қалады, кедей қазақ онан да жаман ақсап қалады. Себебі, байлардай емес, сондай шығынды көтеретін қай әлі бар! Осын-дай болатын себептері қазақ халқының бір-біріне қалай алып... мәнісін білмегеннен емес, жоғарыда біздің айтқанымыздай, қырдағы «жақсысың» деп жүретін кісілердің бөтен деген ішіп-жеуді... көргеннен қайтіп кедей қазақ, жақсы кісі болсын?! Сондай қылықтың зұлымшылығының бір-біріменен қызметке таласып, қырмысып жатқан сол қызметті өздерінің зұлымшылық іс қылуға қарудай көріп, моллаларды өз жұмыстарын тастап, пайдасын көздең, халыққа «пірміз» дейді сондай сарт-тәжік моллалар. Кімнен қазақ халқы жақсылық күтіп, сыйластық табасып?! Сондай бәледен құтылу өзінен, бәленің бәрі өзінде! Қазақ, сені, өзінді бәлеге кіріптар қылған «жақсы» қазақтар менен надан моллалар, ұстап-билеп соң. Онан да біздің айтатын сөзіміз: қызметке өздеріңе бас болуға өтсін, жақсылардан сайла! Қазақтың мақалын оқу керек «жақсыға ерсен, жетерсін мұратқа, жаманға ерсен, қаларсың ұятқа» деген.

Мейлінше «молласынып» жүрген ноғай я сарт-тәжік – қазақ молласынан онша ғылымды емес. Сонда да құраннан бірдеме айтып шыға бермейді «ұлken күнә» деп. Солар білмей тұрып неге мойындарына алмайды «күнә» деп? Молла ғылымды адамдар сондай-жалған айта ма екен? Қашқын болмаса, бетен тұқымдас моллалар сол тұрган орындарын бір пайдалы нәрсе деп біледі. Жақсы болып тұрып сауда жүргізеді.

Әлихан БӨКЕЙХАН

5 жылдай болды, Қ. шаһарына бір жас ноғай келді, өзі «молламын» деп. Соны қырда құрмет тұтып һәм қалада да теріс көрген жоқ не дәүір білімді мұсылмандарының арасында.

Сонан соң бірталайдан соң шалмасын тастап өзінің жиған ақшасына 30 теңге киім тігетін мәшине сатып алып һәм өзге киім тігушінің керек-жарагын алды. Сейтіп сол молла киім тігуші болып алды. Сол қаланың адамына сол қорлық емес пе?! Сол молладан болған тігінші қалай болса, солай жүріп-тұрып, қарта ойнап, лотореялар жасап, ғайры өзіменен мінездес кіслерменен үйірлесіп алды. Сол үйірлескен кіслері сол тігушінің өзіне һәр түрлі әңгімелер айта бастады. Сол әңгімелердің ішінде ... (мазгур) тігіншінің өзін «қашқын» деп және сол айтқандары анық рас болып шығыпты. Сонан соң қашқындығын политсия білген соң тігіншіні ұстады.

Сондай моллалардың жақсы бірі алғаш қырға жұлма-жұлма болып, бұрынғы заманның үнірде жатып жүрген адамдардың кигенідей киіміменен келеді. Сонансоң аз-аздан бақал сата бастайды. Бесті уақытта қадақты темекі һәм уысты тотияйын сатады. Солардың бағасы қазақтардың моллаларға оғат болған ағайындарына қанша қылдырып берген тері-терсегінен аспайды. һәм сол бақалдарыменен просенті қазақтардан аямай алып байыды. Қырда бар жақсылыққа жетеді. Қырда ең жақсы адам-ақ бай деп біледі. Қай қазақ білмейді: ақша сататын молланы кедей қазақтардың жалғыз қарасын неше мәртебе тартып алған. Сол бай моллалар солай жүріп бір жағынан қазақ деп атанатын болады. Қай қазақ білмейді; ногай я сарт моллаларын «шала қазақ» болып жүрген, қазақпенен бірдей болып жүрген, өздері Rossiada я Түркістанда туса да.

Сонан соң, бәрібір, сол шала-қазақ моллалары болыстыққа сайланады. Сондай-сондай шала-қазақ болыстардан не күтесіндер, қазақтар?! Олар өздері қасқыр, сені қойдай көреді.

Сондай бір шала-қазақ болыс мейлінше атақты кісі, өзі ақша сатушы, бұрынғы молла бір ақын қазаққа дүре салуға бүйірыпты... бір қой үшін. Соны ана кедей қазақ тауып бере алмаған соң, сонда ақын болысқа келіп... жақсы, атақты қазақтардың ортасында отырганда, өздерінің тұқымдарын сартқа

қор қылған әлгі ақын сол шала-қазакты мақтап өлең айтыпты – данышпандығын Сүлейменменен салыстырып, құт билігін Ескендір Зұлқарнайынменен салыстырып, сол ақын сорлы, қайтсын, құтылам ба! – деді.

Молладан болған болыстар бізге, саған сондай жәбіршілік қылады. Қазақ халқы, сонда да, сен мұны байқамайсың, сонда да біз ойлай білмейміз – қазақтар жаманшылықтың бәрін де моллалардан алды ғой деп және моллалардың бәрі де надан деп те айта алмаймыз!

Хош, қырда жақсы, ұнамды моллалар да бар. Бірақ қазақ арасында көп қадірі жоқ. Біздің ойлауымызша, моллалар өзіне міндетті нәрселерді халыққа үйретсе, жақсы болар еді, әдеппенен қазаққа бақал кіргізіп, молланың айтқан хақ сөздерін інгеләп, қалай болса солай қылмай, егер де жаңағы моллаларды байқап бақсын қылса, жақсы дін ғылымын һәм одан бірінің мінезінен жақсы болар еді. Молла міндетті халыққа ғылым беруге.

Сонда да қазақтың таза мінезінің көтерілуі оңай ма? Жоқ, қырға сондай... моллалар келгенінен бері арамдық, жаман ойы жоқ, жуас қазақ зиянды, жалғаншы болып кетті. Жақсы қариялардың айтуы бойынша, бұрынғы замандағы болғанды айтып отыратын: шаригат ғылымы һәм білім адамды сондай қылмаған.

К. ОЯЗЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕГІ КАЗАК АДАМЛАРЫНЫҢ БІР ҚЫЛҒАН ІСІ

Қазақ газетасының 20-сыншы нөмірінде Манап Шайбекұлы өз еліндегі қызметтегі адамдарының сайлауы турасында сөйлеп болып айтады: «білмеймін, бөтен ояздың елдерінің адамдары да солайна қыла ма екен?!» – деп. Соған бір қыншылық, бөтен ояздарға да сондай халық арасында жаман кісілер көп, шынның орнына жалған жүргү-түрулық хұқимет һәм шаригат жолынан шығып.

Осының растығын білдіруге газет оқушыларға бір белгілі болған «тамаша» оқиғаны айтамыз.

К. оязының қазақтарының араларында болған осы біз айтайын деп отырған оқиға біреу болса да һәр жерден-ақ көрінеді – бірақ «нашар» қазақ, пен «күшті» қазақ болған жерде.

1888 жылда май айында белгісіз адамдар Қ. елінің Ж. деген кісісінің келінін алып қашты. Ж. – бай кісі еді сауда қылатын. Бірақ өзі жуас, есебі оның байлығы менен қазақтың «жақсылары» пайдалануға оңайы!

Сол жас қазақ қатынын алып қашқанды кім деп ойлайсыз?

Солай қылған қажы Г. тақуаларының моллаларының атына мұнысы тіпті жәнсіз емес пе?! Дінді мазақ қылғаны емес пе?!

1884 жылда ноябр айында төменде айтылмыш істі көрдік. Сол қажы оязнай мекемесіне келді, бір кедей қазақтың үстінен арыз қылып – борыштарын толей алмаған себепті. Сол борыш қазақтың өзінікі емес, болыс пенен ыстаршындікі болса да, соңғы уақытта қорлықты қалай болса солай қыла бастаған елдің книгаларында болыстардың һәм ғайри қызметтегі адамдардың малдарының ең көп салғанда жарымы-ақ болады, анық малының, соның қалған жарымының сомасын кедейлерге таратады. Сол кедейлер есебі бөтен малға алым төлейді...

БАСПАХАНАҒА ХАТ!

Қазақ халқының алым салатын уақытының таянып, ақшаны қойға алып салатын заманының келе жатқанына қарсы құрметті газетімізге оны-мұны жазбақты мақұл көрдім. Қыр халқының шаруа ахуалына бір керекті іс болған соң, алым-шығын қыр халқынан анда-санда болмаса тегіс түспейді. Мұның һәр түрлі себебі бар. Әсіреке белгілі себептер: партия болып алысуынан, қырда ақшаның аздығынан алым (ақша) толтырып салуға кедей қазақтар, көбінесе, жуас келеді һәм қызметтегі кісілерден жәрдемші (алымдары) болмаған соң, алымды кеп тартады. Зұлым билер һәм қызметтегі қазақтар һеш нәрсе тартпайды десе болар.

Біздің сөзіміздің растығын байқайын дегендер елдегі тілмәштің список журналын алып, кез келген жерінен оқып көрсө болғаны, мына журналдан Зұлымбай Қарымбайұлын көрсө, 15 жылқысы, 100 қойы бар деп жазулы тұрады. Анығы 300 жылқы, 700 қойы болса да һәм Мұсәпір Бейшараұлын көрсө – 50 қойы бар, 5 жылқысы бар деп жазылып тұрады. Ол сорлының іліп алар һеш нәрсесі болмаса да сондай бейшаралар, яғни уақытымен алым бермеймін, һеш нәрсем жоқ деп азар да базар болады. Неге десеніз, ол «малы жоқтар алым тартпайды» деп «ұзынқұлақтан» естіген фой! Старшындар алым жинағанда, өзіне пайда түсіруге көбіректеу жияды һәм ұнамсыз (заңсыз...) істерді қылады. Кедейлер үшін ағайындарына төлеңтіп... Сонда да бұлай қылғандарында һәр жолдары бола бермейді. Себебі, ағайындары кедей үшін төлей қоймайды. Сол себептен алымның толық жиналмайтыны...

Кедей бейшаралардан алынбай қалған алым-шығынды болыс қыр ногайларынан, сарттардан алып салып жібереді.

Осы күні қойдың белгіленген бағасы жок. Қазақтар осы күнде бір қойга алты айға 1 теңге алғанды пайдалы деп. Былай Қарқаралыда Қоянды жәрменекесінде май айының аяқтарында осы уақытта саудақорлар қойды орта шамалағанда 3 теңге сатады. Мысалга, һәр бейшара 3 теңге алым-шығынды төлеп бере алмаса, болыс сол 3 теңгені ногайдан алып, ногайға бейшараның атынан подпiski береді 3 теңге үшін 3 қой бермек қылып. Бейшараның бір қойы да жоқ болған соң өсімін де тауып бере алмайды. Бұған ногай қуанып 6 қой қылып жазып қояды. Себебі 3 қойға 6-ақ теңге табар еді. ...Ногайдың 3 теңгесі 1 жыл жарымда 12 теңге болады, қанша осім келеді 1 теңгеге. Осыларға қарғанда, біздің ногай, сарттар ең залым деген жөйт (еврей) халқынан да асып тұр. Сол бейшараның борышы 3 жылда 24 теңге болады 3 теңгенін орнына. Сорлы қайтып құтыларын білемейді.

Оқығандар сондай бейшаралардың жайын білер, егер қырда сондай сорлылардың көп екенін білсе һәм солардың журналда жазылып тұрған алымдарын көрсө 10 теңге, 12 теңге деп айтылған борышы құрғыр кедейлерді, ауқатты ағайындарыменен атастырып һәм кедейлерді қақындықтарынан қызып қояды. Сондай залалдардан бейшаралар қандай қорлық көреді. Осылың бәрі қырдағы «жақсымын» деп жүрген қазақтардан – бұтақтан алып «баймын!» деп жүрген сол «жақсылар» әбден бұзылып, халықтың сүйегіне таңба салады.

Қыр халқы патша хазіреттерінің, хұқимет ұлықтарының жиһадыменен ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге көніл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақылы-санасы болған соң, сол ... заманда болған балаларымыз біз-

ден ақылды болып, біздің заманымыздың аталарымыздың қылғандарын көріп таң қалар я ойламай қатыrap. Бірақ, қарғап жүрмese осы күнгі қазақ халқының адамдарына осы айтқандар... «Нені ексең соны орарсың» дегендей, менің осындай «оны-мұны» жазғанымды оқығандар гайып (айып) етпес. Қандай жайлы болар еді: болыстар бейшаралар үшін алым-салым салғанын сақтықпенен байқап алып салса, кедейлерге обал ғой! Қазынаның ақшасынан да оязнайға сөйлетіп алуға да болады ғой, күллі az ғана өсімін беріп теңгеге 5-6 тын жылына болады.

Кулардан ризығы алғанда 1 теңгеге 2 теңге өсім келеді. Солай қылғанда халыққа пайдалы және ең жаксы жері пәле болмайды, дау-жанжал болмайды. Қырдағы алғаннай ноғайлардан онсыз да біздің халықты сорып жүрген.

Азар болса, болыстарға ақша сататындар тегін шай бермес, асқа шақырмас, пәтерге де түсірмес. Сонда да бұл түк емес. Салықтың пайдасына бір ішіп-жеген тамагын қимаса, халыққа басшы болғаны – фәниге және өзі халыққа пайда келтіруге ант берген.

ХАТ БАСПАХАНАҒА

Қазақ газетіне жазатын кісілер газетті мейлінше мақтап, қырдағылар таңсық көріп оқиды деп жазса да, газеттің бүйрықтан басқа сөздер жазылатын бөлікте қазақтар тұрасынан һән нәрсе жазылмай жатыр. Газет інығарушылар мәғлұм қылса да: қазақтарға өздерінің тарихтарынан һәм өлең-жырларынан жаза алады деп. Осыларды жазуға кім көмек береді, хат жіберіп тұратын қазақтардың өздері болмағанда, халықтың рәсімдерін жақсы билетін һәм күйді көріп, халықтың әбден билетін жақсы қарияларыменен таныстар болмағанда. Сол қариялар, бірақ, газетпенен араласпайды я хат білмеген себебінен я окуға мәнісі келмей, қырдағы қазақтардың бәрі, азырағы болмаса, ғылымдымыз деп жүреді. Бәрі-бәрі молламыз дейді. Сонда да жазуға мейлінше шорқақ. Басы баршаға мәғлұм емес пе, осылар газетке жазатын моллалардың көзіне түспей ме, халыққа пайда келтіруге ойлап жүрген, қазақ халқының өз алдына өлеңдері бар. Кім білмейді: қазақтың ақындары Шортанбайды, Шәжені, Орынбайды, Найман баланы, Шерниязды... ...Құнанбайды һәм хайриларын. Қазақтарға осы ақындардың қайсысының сөзі күшті екенін білдіруге жени бар ма!? Шерниязды ойласақ, қызыл тілінің арқасыменен жаны қалган. Шәже «Қарымбай» секілді сараң кісіден сый алған. Сол ақындар өздерінің өнерін бай қазақтың алдына шығарған, соларды мейлінше мақтап бір жақсы адам қылып, сол байлар айтқандай болмаса да, осы күнгі жас ақындар да алдыңғы ақындардың қылғанын қылып – осы уайым емес пе!? Ақындар үндемей жатыр, оларды газетке хат жазатындар байқамайды. Қырда жас қазақтар да бар – фельд-

шерлер. Қазақтардың арасында білетін, солардың тілінде газет шығарып жатса да, олар жым-жырт жатыр. Солар керуен талап, уақ адуакат арызшы болғандарын жақсы кереді. Міне халыққа пайдалы іске болысқандарында, қазак, өздерінің тек жарамды балаларына тәнірі жарылқасын айт! Сорларыңды қебейтіп жатқан «фельдшер келеді, қой сой, үй тік, тілегенімді қыл!» – дейді. Егер газетке жазушылардың сөздерінде (2 нөмір) газеттегі А.Ш. тәрізділердің бір мақалдай растық болса, бүйрықтан басқа сөздер жазатын бөлігі мұндай болмаса керек еді, құр босқа мақтағанда да бір тәуір пайдалы сөздер жазуга керек еді. Оны моллалар һәм білеті қазақтар жазындар: қазақтардың балаларын, шәкірттерінді; қалай оқыттындарыңды жақсы білесіндер: қырда кім болса, соның молла сақтай бермейтінін. Сол себептен һәркім хат біле бермейтінін және жақсы білесіздер: қырда әдепшындық жоқ екендігін. Соған адал-әділдіктің жақсы ғибрат көрсетіңдер!

Сіз, текті қариялар, газетке көмек беріңіздер, көрген жақсыларыңызды бәрін айтыңыздар! Өздерің жазды күні кеінке таман айтатын, төбенің басында, құдықтың қасында отырып яқысты күні – ауылдастарыңың үйінде қонақта отырып айтқандарыңды, көргендерінді – қазактың жақсыларыменен бірге жүріп, қалайша атақты билердің билік қылғанынан, дау бітіргенінен – Жарылқап, Алшынбай, Мұса, Құнанбай һәм ғайри жақсылардың пара алып, жібек шапанға, қалтасының пайдасына қызықпағандықтарын; осы күнгі билерге, «лай судан балық ұстаймыз» деп жүрген, өситет етіп, ғибрат беріңіздер!

КАРКАРАЛЫ ОЯЗЫНЫН
КОТАН-БҰЛАК. ЗАПАДНИ БАЛКАШ.
ЗАЙСАН ЕЛДЕРІНДЕГІ ЕГІННИҢ ЖАЙЫ

Қыр халқы бос жүреді. Бос отырган бастарына ауыр сын тумаған соң мекнат-жұмысқа иленбей мал шаруасыменен қүнелтіп жүрді. Мал багу өз жөніменен жүре береді. Өлгенге шейін бір қазақ мал бағуды түзеуге ойлаған жоқ, қанша заманнан бері атабаның жолыменен жүреді де отырады.

Соңғы 15 жылдан бері айтылмыш елдерде һәр ауылда егін сала бастады, әсіресе кедейлер қаражат қылып. Әсіресе көзге түсетін болып егін кәсібін қылған марқұм Тарабай деген. Тарабай – мейлінше ауқатсыз болып қалса да, ғайыры кедей қазақтардай жаманға айналып ұрлық қылған жоқ, таза болды. Өз мекнатыменен егінге айналысты. Сол марқұм айтып отырушы еді: «Алғаш жиһатымменен тауып тоғыз тақия бидай салдым», – деп. Сонда қатыныменен жаздай егін басында Тоқырауын бойына жатыпты. Құмды жерде және біреу-мірей шауып кете ме деп қорқады да жүреді. Себебі сол уақытта елдің мейлінше тынышсыз уақыты еді. Сонда да Құдай жарылқап, егін жақсы шықты. Екінші жылы тағы егін салып, «бай» атанып, өзінің ағайындарын жиып егін салдырды. Осы уақытта да ағайын-балалары Тарыбай марқұмның өзі өлген соң да недәуір қып егін салысып жүр. Тарыбай марқұм ешкімді алдап, кедейді ренжітіп, жаманшылық қылған жан емес. Сол тақырыпты қырда «жақсы қазақ» болып атағы шыққан жоқ.

1880 һәм 1882 жылдардай жұтта көп қазақтар жарлы болып қалды. Сонда кедейлер бұрын бейнеттерінен егінге айналысты,

Тоқырауынның қабагында арық қазып, тоган қылып, өз алдына жатақ болып...

Тоқырауынның епін салатын жері Балқаш теңізіне (!) жақын. Сол себептен жазда күн ыстық, жаңбыр аз болады. Сол үшін епінді суарады: 3-4 иа 5 қайта бидайына иа жеріне қарай – құмды ма, топырақты ма. Кедейлер жиылып Тоган салуга жер аз деп, Тоқырауыннан бұрып З шақырымдай жерге де жүргізді, арықтың тереңдігіен бір жарым кез, енін екі жарым кездей қылып. Осы жұмыстың қазақтар онша тоқ жүрмей-ақ жалғыз күрек, шот пенен істеді.

Қазақ тып-тыныш жатып, еріншек, һеш нәрсе қылмайды деп ойламаңдар! Олар қайратты, жұмыстың бәріне жарайды... Бірақ (оларды) қозғау керек.

Апрелдің аяғында жатақтар егін сала бастайды. Жаман саймандарыменен солар жұмысғы оңайырақ қылу үшін епіндікке құлақтан су жіберіп босатып алып, жаман тіспенен (соқаменен) жыртады. Сол тіс ұнамсыз, жыртканда жерді алуға дәйім басып отырмай болмайды. Кедейлер жақсы соқа ала алмайды. Оязнай мекемесінен жақсы соқа алып баруға жазыш тұрам-қара ұзақ жақта кедей қазақтың шамасы жок, ұлық бүйірек қылса жақсы болар еді: болыс соқаны егін салатын жерге жеткізсін деп. Егінді майдалайтың «борона» деген аспапты қазақ білмейді, талды байластырып майдалайды. Солай қылып енгізді (өгізді) жұмыстаңнан үйқастырып қалып бидайды онды өсірмейді. Жаздай жұмыс бітпейді. Жатақтар жаздай жатып ыстықта егінді суарып жатады. Сонда бірақ су қосқан айранменен күнелтеді. Жатақтардың аттарының соры аптап ыстық емес, жаздай егін садып қиналғандарды шыбын жеп тастайды. Тоқырауында көп сол. Кедейлерге көмек беріп ат, тамақ беруге бай ағайындары ойламайды. Мұнысы қадай?

Бұл жатаққа әлі аз. Бұдан жаманы бар. Ағуста (август) егін ора бастайды. Сол уақытта тамақ аздықтан жалғыз асырап тұрган сиырлары суала бастайды. Сорлы жатақтар жұмыс қылып егіндерін ора береді: «Құдайдың басқа салғанына кім көнбейді!» деп.

Бейнет ете берініздер, ағайындар, табан ет, маңдай теріменен қылғандарың арамнан дәурен сүргеннен жақсы! Құдайға сеніндер – Құдай деген қор қымас!

Әлихан БӨКЕЙХАН

Онан соң орған бидайды біздің жатақ қазақтар мұжықтарша орып үрмайды, қырманда атыменен бастырады. Қырманды егіндіктің маңына істейді қатырып, аттың түяқ батпайтын қылады Жатақтар ат тауып та ала алмайды. Бір айдағанда, ең болмағанда, 5 ат керек. Осыдан бай қазақ көп пайдаланады: аттарымен сағаттаң иа қундел бидай бастырғанына көп ақы алады. Осылары ағалардың ұят емес пе, өз інілерін ренжіткендері!

Тағы бір жаман жері (о, дариға-ай!): табан ет, маңдай теріменен жатақ сорлының тапқанын, көбінесе, уақ саудагерлер пайдаланып кетеді – сарт-ногайлар һәм ногайша боп кеткен қазақтар жейді – сорлыларды не болса содан. Бүтінде қырда шай ішү бәріне де әдет болып кетті. Қалада теңге 10 тыын тұратын кірпіш шайдың он алтыдан бір жартысын айттымыш саудақорлар өздерін артық санап қазаққа екі пүт бидайға сатады. Базарда 2 пүт бидай ең болмағанда (1) теңге жарым, 75 тыыннан пүты және бір кезін өздері 7 тыынға алып 1 пүт бидайға сатады. Сол қу алдауыш саудақорларды «жақсы» атанатын пара жегіш қазақтар сүйеді һәм өз тамақтары үшін халықты сатып, залымдарды шакырып алады. Ұлық осыларға бір тыю қылса, жақсы болар еді және сол саудақорлардың көбісінің быландары (ығландары) жоқ. Сол саудақорлар жолдарын өз кездеріменен сатып, бидай алғанда да өз пүттарыменен өлшеп алады. Байқап қарасан, қай жерде болса да сондай алдаң алғыш қулар!

II

Тоғанның бас көмейіне су жиуға суды байлады қорған қылып. Солай қылу бағсы уақытта тоғанның өзіне шыққан расшетта ең көп шығады және сол байлауды келістіріп, су қалмаған соң жылдам бұзылып түзету керек бола береді. Сол көп шығын шығарады, һәрдәйім жұмыскер даяр болмаған соң Токырауын өзенінің суының мол-аз болмай, басындағы тауларда қардың аз иа көбінен Токырауынға құятын өзендер Қараменде, Егіз, Қойтас, Қасыбай, Теменбай, Жіңішке һәм Жалаңаш. Осы кішкене өзендерде су аз һәм егін де аз салынады.

Қараменде, Жіңішке, Егіз Қойтас, Төменбай өзендерінде су төмен жатады, ортасынан сол себептен суды тоган қазып шығарып қазу қыын, көп расшет керек және шығарып алған күнде де шығынды пайдасыменен тұлау қыын. Себебі, сол өзендерде судың тасығанынан һәм жазды құнгі жаңбырдан. Біздің қырдағы өзендерде сондай және сол өзендердің қабақтары келісімсіз тастақ иа биік. Сондай биік қабағынан қазақтар тоган шыгаруға халі келмейді. Жұмыстың мәнісін әлі жақсы білмейді һәм аспаптары жоқ.

Тоқырауынның арнасы құмдық, сол себептен Балқаш теңізіне жетпей-ак құриды.

Тоқырауынның орта жерінде судың құрымай жатқаны өсіп тұрган ағаш-талдан. Бұрын екі қабағы да тал екен. Осы күнде де талдың бағсы жерінде күн тигізуіне.

Жатақтар жазды күні ағапған оны-мұны істейді: қималы шелек һәм үй ағаш істейді. Сол үйшілер көп елдерге жабдық істеп береді.

Әр тоганда орта есептегенде 10 үйші жатады. Тоқырауын бойындағы тогандардың ұзындығы орта шамалаганда 2 жарым шақырым болады. Сол үйшілер ағашты көп қырып, қатты зиян келтіреді. Тоган кімдікі екеніне қарамай, обалын ескермейді: ағаштың суды сақтап, судың ағашты сақтайтынын білмейді. Үйші қазақтар сондай надандық қылған соң өздеріне де һәм халыққа да көп зиян келуге де қәдік. Егін шықпай қалып, су азайған соң һәм Тоқырауында суармай егін шықпайды.

Ұлық ұқім қылса көрім болар еді: талды қыра бермесін деп, әсіресе тоганның басындағы талдарды.

Семейдің обласнай праулениеисінің (Семипалатинское областное Правление) 1881 жылғы инструкциясы жазылғанда ел билеушілерге һәм ыстаршындарға бүйірып еді: егін салатын қазақтардың бірін би қылып қойса керек деп, ретті (тәртіні) қарап тұруға. Сонда да жарлықты һешкім орнына келтіре қойған жоқ.

Сондай қарап тұратын кісілері жоқ болған соң жатақтар жаманшылықтар қылып, бір-бірін үрласып иа көшіп бара жатқан елдерден үрлайды. Айтылмыш таңдал қойған биге тапсырса

Әлихан БӨКЕЙХАН

жақсы еді: һәр тоганның талын қарап жүр деп. Үйшілер жас һәм кәрі талдарды бірдей қырады. Жалғыз кәрілерді жұтатын болса да осы өздерінің қүйіне зиян келтіретін. Осы іс турада жатақтардың өздері ойласа да болатын еді: ағаштың бәрін қыру қыын ба 15 жыл болды, әлі қырып келеді. Талдарды, ағашты қырган соң жыл сайын Тоқырауын сүйнен азайып келе жатқанын білмейді. Бұ қүнде су аз деп өздерін ойлайсындар! 5-6 жыл бұрын мұны һешкім ойлады ма: «сақтансаң сақтармын!» деғенді ойландар!

ТҮРМЫС ЖАЙЫНДА БОЛҒАН ХАБАРЛАР

Карқаралы оязынан біздің газеттің 39 нөміріне Юсуф (Автор «Юсуф мырза» деп Мәшіүр-Жұсіп Көпеевті айтып отыр) мырза рас жазыпты: қазақтар өздерінің жақсы жерлеріменен пайдалануды білмейді деп. Қазақтардың солайша білмейтіні егін шаруасына, жұмысқа зейін қоймағандығынан. Юсуф мырзының осы сөздері анық рас, мен де солай ойлаймын және бір сөз: менің ойлауымша, қазақтардың көбісі жерлерін бөтен кісіге пайдаланып қызығын көруге беруге қорқады гой деп ойлаймын. Бұлар басынып бермей кете ме деп. Сөйтіп бұлар басып иеленіп кеткендер де болып еді.

Мысалы, (18)80 жылдарда Карқаралы оязының онтустік пен батыстараптарындағы, яғни бір (кейбір) елдердің жақсы жерлерін ногайлар солайша иемденіп кетіп еді. Көп жерге ие болып алды. Сол ногайлар әуелі азырақ жерге ие болып... бағсы қазақ көршиңің көп жерлерімен қосып ала-ала қазақтарды өзінің мейлінше састырып еді. Һәм бағзы бір алыстағы елдердің жайлауларына да қол салып еді. Қазақтардың ешбір жазығы болмаса да осы мекендеңі қазақтардың сондай падалануға бергенінен даулаты болса керек. Мысалы, бір ауқатты кісі біреудің жерін сұрап алады белгілі баға беріп, пайдалануға пішен шауып қасынан о қылып бұ қылып, жерді пайдаланып екі-үш жыл отырган соң бойы үйреніп иа қулардың үйретуіменен иесіне хақысын төлемей дау шығарады және міне жаман жері: қашан да болса да бай женіп шыгады. Бағзы уақыттағыдан кедейлер жерінен де айырылып қалады. Сондай даулар әсіресе Едірек елінде көп

Әлихан БӨКЕЙХАН

Һәм өзге елдерде аз емес – қырда сондай даулар болып жүретіні мейілінше мәлім. Егін жайы турала сондай таластар болып қала береді. Біздің қырға бір жоні жоқ ғадат неше заманғы рәсімдер жүреді. Біреуді қүшті кісі я күшті тұқым деп адап-арам болса да жалпылдатып жүреді. Біздің заманның законымыз ұлығымыз жоқтай жабайылық менен қаңғырып жүргендей қүшті тұқымдар нашар тұқымдарды ғенжітеді. Мысалы Қ. оязының Т. елінің З ауылының қазақтары 1888 жылда әпрелде өздеріне жақын біраз тұқымның егін жайын тартып аламыз деп әуре болды. Айтылмыш аз тұқымдар егін салып, тиірмен орнатып шаруаға жедел адамдар еді. Егер айтылмыш надандар қүшті тоқымдар сол егін жайды «сатып алдық!» деп дау қылса не болар еді!? – Қөнілте мейілінше тиеді һәм ұятқа қалады. Қырда жиі болып жататын жөнсіз зорлық-зомбылықтар ойға келгенде, бұрынғы заманнан қалған осы кунде қырдағы сондай бола береді, ғенжітуді табуға закон шықкан. Мұнда да сол законды орнына келтіруге ... қызметтегі қазақтар неше жылдай болыс, ыстаршын, би болғандар өздерінің қандай.. жұмысы бар қалайша хұқым қылатындарынан һеш нәрсе білмейді. Сондай болыс, ыстархпын менен билер бағзы уақытта қайран қалып аң-таң болып қалады. Ұлықтың жазып түсірген үкімін перуадатап ұқтырганда да бұларға қандай (Сүлеймен) әулие болса да һеш нәрсе қымас!

Редакциядан: Откен 1888 жылы қазақ газетінің 47 нөмірінде жазылып еді: біздің жақтан бір жұмыс деп қызметтегі адамдарға орыстілін білудің кіретіндігі турала. Сол сөзді дұрысқа шығаратын сөз «Переводчикъ» деген ноғай ғазетінің 34 нөміріне жазылды «Орыс тілінің қандай екендігі» деп, сонысы мынау: тіл бар сөйлейтін кісі мылқаулардан қанша артық болса, 2-3 тіл билетін кісі бір тіл билетіннен сонша артық. Һәр адамға бәрінен де законда жазылған мемлекет тілін білу пайдалы – мекемелерде сөйлейтін орыс тілін.

ЫХТИЯТТЫ БОЛЫС

1889 жылы июльде болған Қ. оязының Б. елінің сиезіне бір кедей арызы бар қазақ келді. Алыстан іздел келсе, болыс қымыз ішіп отыр екен. Арызын айтайын дегендеге, болыс кедей сорлының ұсті-басы жұлма-жұлма болып түрганын көзінің астыменен қарап көріп, тәқаппарлығыменен кедейге «арызынды соңыра айт!» деді.

Сол уақытта болыстың ойына келе ме: егер осы сорлының тау малы болса, мынадай қымыз ішіп отырар еді-ау деп.

Нәм сол қырдың ауылбасының қасында еріп жүрген көтермешісі М.Ш. деген бар еді. Босқа дауменен жүрген сондай-сондай кеттақилар болыстың қасына босқа еріп жүретін, қырда һәр болыстың қасында көп болады. Сол М.Ш. дәйім сайланса да сайланана алмай жүр. Мазһур болыс сол М.Ш-ке сонда айтыпты:

Арызқорлар басқа кісінің басын ауыртады, бостан босқа маза бермейді. Түк болмайтынын білсе де, шаригат жолыменен істесем желігіп кетеді. Халық өзімізді де тастап кетуге қадік. Кімде күнә жоқ!? Сайлау жақын тосып қалуы да қын емес, осылай емес пе!? – деді. Сонда М.Ш. жауап берді:

Эрине, осы айтқаныңыз рас-ақ! Осындай кедейден не пайдада? Кісінің өз халқы разы болса, «шарифат» деп шаригат не айтпайды!? Олай қылмай, мырза болмайды. Эйтпесе, өзіне зиян келеді, – деді сонда отырған өзіндей кісіге қарап.

Сонда болыс өз карнын сипап, қымыздың тәуір түскенін біліп: «тегенені алындар!» – деп алдырды. Жені бос кісілер шығып кетісті. Болыс жантайып сұлап жатты, сол уақытта арызқор кедей бағанадан босағада отыр еді, арыз айтатын уақыт болды ғой

Элихан БӨКЕЙХАН

деп сорлы қуанып, еңбектеп төрге таман жылжыды. Болысқа жақында, төмен қарап болыстың бетіне тік қарауға бата алмай, арызын айта бастады. Айтып отырғанда аз уақыттан соң сорлыны: – Үйден шық! – десіп, жүр! – деді. Сонда кедей басын көтеріп маңайына қаранып, бір іске қайран қалыпты: қараса, алдындағы болысы ұйықтап жатыр дейді. Бірақ қор-қор дем алғанынан тірі деп ойлайтын болып, өз мұрнын ашып. Сонда сорлы сұрауыш қайтерін білемей, үйден шықпақ болыпты, «болыс тыныш ұйықтасын» деп үйдегі күтіп салпылдап жүргеннің тілін алып. Сонда арызқор өзін үйдің сыртында керіп, «міне, жақсы» атап жүрген ұлық қазактардың не қылғанын біліп, амалсыз мойынсұныпты.

Қырда қызметтегі іс бітіретін, сиезде жүртқа бас кісілердің қылып жүрген қылығын – сол болыстың ұйықтағаны қымыздан ба, сорлының айтқан сөздерінен бе, белгісіз. Әйтеуір осы істің болғаны анық: 1889 жылда июльде Б. елінде.

Сол неше мәртебе арыз қылып жүрген сорлыға болыстың айтқаны: «Мұнда ұры жоқ... мен сиезге ұрыны алып келе алмаймын. Менің сендерден басқа да жұмысым көп...», – деп қоя береді.

Болыстың не жұмысы бар қымыз ішіп, босқа құніне төрт-бес мәртебе қозының етін жегенді – қызмет жұмысы демесе. Мұнысы рас болса болар – болыстың қарны өзгеден бөлек. Етті сініре беретін өзгелер солай жей берсе, ауырып қалар еді. Мейрам мезгілдерде қазактар құніне 10 мәртебе де ет жейді. Сонда да ھешкім «сініре алмадым» демейді. Егер болыс тамақ жегенді жұмыс десе жарайды. Бірақ, сиез тамақ ішіп-жеп былшылдауға емес, жұмыс бітіруге болады.

Біздің сиездің халі осындағ билердің, ыстаршындардың һәм ғайри қызметтегілердің себебіменен солардың һәр қайсысы өз алдына үйқысынып жүреді.

Және бір байқайтынымыз: болыстардың яғни бәрі жоғарғы айтылғандай ойлайды, бір азырагы болмаса.

БҰРЫНҒЫДАН ҚАЛҒАН ЖАҚСЫ МҰРА

Қазақ халқының бір жақсы мұрасы – «жылу». Бір нәрседен зиян тауып қалғандарға беретін осы жақсы әдептің қашан шыққаны белгісіз. Осы күнде өзгеріп кетпі, қазақ халқының не әдеті өзгермеді!? Қазақ халқының бір көнілді көтеретін әдеті – қонақ күтуі де жылдан жылға бұрынғыдай болмай барады. Бұрын қонақтарды таңдамай қалдырады екен, тек жолаушымен болса. Осы күнде қонақтарды таңдап сыйлайды. Жақсыларды, күміс ертөкымдыларды, бөлек атшы алып жүргендерді ғана қондырады. Қондырған уақытта көп арамдық-құлық, алдаушылықтар бар – бұрынғы уақытта болмаған.

Бұрынғы бір жақсы жері қазактың сол еді: бұрынғы уақытта қонақ қылу өз жақындарына көмек тәрізді еді. Бірдемеден зиян шегіп сорлы болып қалған уақыттарда һеш нәрсе ойламай, ададығымен қылушы еді. Егер қонақ жақсы кісі болғанда да: «осы кісі менен тату болайын; бір уақытта пайдасын көрермін!» деп ойлауын еді. Солай қылғандары мейлінше жақсы, әдепті көрініп, қонақтар да бес риза болып, жүрерде байменен ез туғандарындай амандастып құлуші еді, қимай. Бұ күнде қонақ байды алдап, бай қонағын алдайды. Бір-бірін жақсы біледі. Сонда да қонақ ойлап отырады: «сендердің жайын мағлұм – менің үстімде жібек шапаным болмаса, иттей қылып қуып жіберер едің!» деп. Сонда бай ойлап отырады: «Сен маған келген жоқсыңғой, қымызым менен қойыма келдіңғой! Өзің, залым, дәмсіз жалмауыз болған соң, менің ак үйіме өзгеден бұрып босқа түсін жоқсыңғой! Төбенің ар жағындағы малшыдан жолда кім-

Әлихан БӨКЕЙХАН

нің қымызы жақсы, кімнің бай екенін тегін сұрап алған жоқсын гой!? – деп.

Бұрынгы уақытта жолаушы кез келген үйге түсуші еді һәм үй иесі кедей болса да тамақ тауып беруге, сол қайдан ұрлап алса да, сыйлап, одан соң иесіне төлеп береді екен.

«Жылу» да мейлінше жөнсіз болып кетті. Бұрын зиян көріп қалғандарға көмекті ықыластарыменен береді екен: құлық-зұлымдық ойламай. Жақындарын аяғаннан осылары мейлінше жақсы әдет еді. Осы күнде көмек бергізген пара берушідей болып кетті. Қазақтар біреуге бұ күнде жылу берсе, берген кісінің қандай екенін байқайды, байлығының қандай екенін, бұрын мұндан ойламаушы еді. Кедейлерге кемек беруге ар көреді һәм пәлен бір уақытта қайтарып алу қын деп ойлады. Бірақ кедейлерге онымұны берсе, соның ақысына жұмыс қалдырmasa олай қылмайды. Көмекті несіне береді, есебі халықтың сондай жақсы құрметті жоғалтпауга тырысатын әдетінің бұзылып, құрып жатқаны.

1889 жылда июньде Қ. шаһарында ноғай жағында бүтін бір махалле өртеніп күйіп кетті. Солардың ішінде шаһарда әулие кісінің бірі болып жүрген бір ноғайдың да үйі өртенді. Сол ноғай өзінің даңқ-атағын шығарып, қазақтарды аударып алып, мұрындықтап жетектеп жүреді десе де болар. Сол мырза «жылу» деп көп ақша, жылқы һәм ғайриларын жиып алды. Сол турада бізге таңырқап һәр қайсысы айтты: қазақтар соған бір күнде 40 жылқы, 10 түйе келтірді деп. Сондай жылушыл, «аяғыш» қазақтардың қырдың көнгіштерінің А.Б. деген соқыр кедей ноғайына жылу қылғаны қані? Ол ноғайда сол өртте күйіп еді, мырза болсаңдар, неге сол ноғайға, тым болмаса, азырақ бірдеме көмек бермединдер? Аталарыңан қалған жол-көмекті солай берсін деді ме, аталарыңның жолы солай ма!?

Сендерге не айтайын: тек аталарыңа тие берсін! Бірақ, халықты сол сияқты қор қыласындар!

ӘНГІМЕ

Иса деген бір жас қазақ жігіт орыс медресесінде оқу оқып жүрген, бір күні елінің болысына келсе, болыс өзінің тілмашының үйінде отыр екен. Мазғұр Иса жазды күні оқудан босап өзінің қаласына барған екен, тамыр-таныстарын аралауга.

Айтылған тілмаштың пәтері кішірек қана үй екен. Күн батыс жақта бір-ак терезесі бар. Сол терезенің алдында хат жазатын үстелдің бер жағында үлкен әбдіре сандықтың үстінде болыс, тілмаш һәм және жақсы киінген екі қазақтар отыр екен. Тілмаш сол отырған қазақтардың біреуіне жылдық билет жазып отыр екен.

Иса кіріп келіп сәлем беріп, болысқа қол беріп орысша амандастып һәм тілмашқа орыс рәсімінше өз ісін (бизнесін), айтып берген екен. Тілмаң қазақ ішінде бұлайша орысша билетін болған соң қайран қалыпты және сол болыс қырдағы жуандығына, қымыз ішімпаздығына һәм ғаирларына (ұсақ-түйегіне) мақтанып тәкаппарланып жүретіндердің бірі еді. Рас-ак қазақтар сол болысты сайлап болған соң айтысыпты: болысқа мейлінше лайықты кісі деп. Мейілінше жуан, жалқау, менмен (менменшіл) бай һәм қаз және сондай-сондайлары бар деп.

Және өз алдына бір сөз бар. Қарі болыс жәрменкеде ұрысталас шығармауға жүретіндердің басы болып жүріп бір үйге барып кіреді. Сол үйде Керекуден келген бір жас сұлу бар екен. Апыраңдап жүрген бозбалаларға өз бүйымын көрсетуге. Келген үйдің ішінде май шам жағып, аласа дөңгелек үстелдің үстінен қойған екен дейді. Үстелдің үстінде бір тегене қымыз түр дейді. Сол қымызды жігіттерге айтылмыш жас сұлу қызыңып

Әлихан БӨКЕЙХАН

беріп отыр дейді. Жігіттердің қалжында-былшылдағандарын қызық қылмай айналған кәрі болыс, 50 шамалы жасы бар, бір көзі соқыр, жәрменкеде рет түзеп жұрген кісі осы үйде өзіне лайықты орынға орнығып тұрып отырды. Тіс қаққан құ үстелдің ана жағында есікке қарсы сұлуға жақын отырды дейді. Сүлу бір ыстақан қымыз құйып болысқа береді. Болыс алдыңғы ыстақанды ішіп, екінші ыстақанды бозбалаларша қыздың өзіне ұсынған екен, қызы құрғыр алмады дейді. Отырған жігіттер сақсақ күліп, біреуі қулық мысалын араластырып қызға айтты дейді: – Отағасының ұсынғанын алыңыз, әкеңізден де жасы 2 есе үлкен емес пе, қолын қайтарманыз! – деп. Сонда болыс қызға қарай салып, айтты дейді:

– Мына сақалы құрғырга қараманыз, әлі де болса бозбалалардың көбін алып жығатын қауқарымыз бар, – деп.

Сонда да болыстың бұл сөзі өзіне һешбір пайда келтірмейді. Зиян болмаса, бозбалалар бұрынғыдан жаман сақылдап құлап құліпті. Соңан соң болыс мейлінше ашуланып, жігіттерді құшіменен қорқытуды ойлады:

– Сендерді оязнайға алып барамын, сендер не бұзықшылық қылып жүрсіндер!? – деп.

Жігіттер қорқа қоймапты һәм болыстың өзі болса шығып кетіпти.

Баганағы тілмәштың үйіндегі болыс амандасып болған соң, Исадан сұрапты: – Қашан оқудан шығасын һәм қандай шен аласын? – деп. Иса жауіп беріпті: – Һешбір шен алмаймын һәм оқудан тез шыға алмаймын, – деп.

Сонда бір қазақ болыстан сұрады дейді: – Бұ бала мырза әлде тілмәш болар? – деп. Болыс жауап беріпті: – Бұ бала тілмәштықты не ғылсын! Төре болады, – деп.

Қазақ тағы айтады дейді: – Қандай төре болғанынан да қырда жүргені жақсы, – деп. Қырда журмесе, өзіміздің «оқысын» деп берген баламыздан не пайда, елде жүрсе пайдасы тиеді, тегін билет жазып берсе де һәм орыс дегеннен жақсы емес пе!? – деп.

Сонда отырған ұшеуі бір-біріне қарасып, бір қатты жұмысын ойлағандай болды һәм біреуі болысқа көзін қысып еді, болыс Исаға айтты:

– Шырагым, бір жақсылық қылып, мына жігіттің арызын жазып берсөң қайтеді! – деп.

Иса жауап беріпті:

– Шәкірттерге ондай қағаздарды жазуға бүйірек жок, жазбаймын! -деп. Сонда болыс айтты дейді:

– Жазбасаң да істің мәнін саған түсіндірейін, құтылатын бір низам тауып берер ме екенсің! – деп.

Иса:

– Мен һешнәрсе білмеймін. Менен һеш ақыл сұрамаңыз! – деп жуымайды.

Болыс:

– Сенің пайданды қашан көреміз? Өзіміз оқытып едік, сенен басқалары жазып жүр гой! Олардың мұрның кесіп алған жок. Қайта, олар жақсы атанып, законыңды біліп жүр, – деп.

Иса көп таласып, мол жазып, жүректерінің, ақылының аз екенін айттып әуре болмапты. Таласқан менен оларға Иса мәнісін айттып ұқтыра ала ма: олар өздерінің заманына қарай зұлымдықты, байлықты қарақандарының жаман ниеті менен кемітеген ұғымына біздің сорақы атқа мінер зұлымдар атақты болып бұқарадан ұрлап, өздеріне байлық жияды.

Айтылмыш болыс Исаға істің жолын айтқысы келіп, арыз турада ақыры айттыпты. Сол жұмысы мынау:

Сол қазақтардың бірі С. биылғы 1889 жылы жәрменкеде бір ақша сататын ногайға бермек nedәүір борышы бар еken.

Осыны адам айттар емес көп сондай өсімді біздің өсімге беріш ақшасынан (мынан) ногайлар, қазақ-орыстар келістіріп алады. Мәзкур (әлгі) қазақ С. жәрменкеге қой айдал келген еken. Сатып ақшасын ногайға апарып берген соң ногай әбдан жалмауыздығынан приказшігін жіберіп, қазақтан ақша алмаймын, қой аламын деп базар бағасын арзан қылып. Приказшікке қазақ С. қой бере алмаймын деп болмапты. Сонда да приказшік мазасын алып қоймаған соң, қазақ қой ашуланып «сейлеме» деп салыпты. Осыны бай ногай естіген соң бек қаһарланып приказшігіме (приказчик) бұлай дегенің «деп», судьяга барып арыз қылыпты. Өзінен жалған қосынқырап қазақ тұп-тура өзімді боқтады деп осыларды өтірік куәлар расқа шығарыпты. Сонда

Әлихан БӨКЕЙХАН

бірталай қазақтар шығып ноғайдан алған шай, азырак ақша үшін, ұяттарын сатып кеткесі: қазақ С. отыз тенге ыштрафтартты.

Оу, ағалар, қарыз алатын уақыт келе жатыр, оттан сақтанындар! Күйерсіндер! Сендерді бір пайдакунем қулар қор қылмасын! Өз жүрттарынан қашып шыққан зиянды болған соң һәм мейман-дос қырдан орын тапқан осы қырдың өзінің қалаған мақсаттары үшін айтылғандардай надандардан алатындары жалғыз мазақ емес.

«АНКАУ ЕЛГЕ АРАМЗА МОЛЛА»

Екінші нөмірде қазақ газетінің биыл тоғызының январда шыққан «Түркестанские ведомостиден» алып басқан Нұржан баласының хатын, Қапалдан жазған.

«Түркестанские ведомостиға» бұл Нұржан баласы жазады: «қазақ халқы соқыр надандылықпен көрмейді не себептен күннен-күнге кедей болып бара жатқанын. Қазақ халқы надандықпен ойлайды – қазынаға алым-шығын тартып кедей болдық» деп. «Бұл олай емес, – дейді Нұржанов мырза, – бұл аламанның үйретуі бойынша қазақ кедей болады, ас беремін деп, қазақ асты қойған құні байып кетеді».

Мен ғұмырымда талай түйсіксіз адамдарды көрдім, бірақ оның бәрінен мырза Нұржан баласы өтті. Нұржан баласының хатын оқығанда, менің ойыма қырдағы бір бақсы түсті. Құтырган ит қапқан кісіге бір бақсы шақырган, бұл бақсы «құрымайсын» деп ауруға иттің қу-боғын жегізген. Мұнан дәрмен болмаған соң, аурудың оң жақ құлагын кесіп алған. Бұл бақсы да, мырза Нұржан баласы да үйлерінде отырып жынданса, біздің жұмысымыз жоқ болар еді. Бұлардай адамдар ошақ басындағы бүлігін дүнияға шашар. Кедей ақылдан халыққа кесаптты сөздер ішінде. «Түркістан» газеті Нұржан баласының жазғанын басқан, мұнымен ақылы жұп болған себебті «Түркістан» газетін басатын да, «Қазақ» газетін басатындар біздің қазақ халқын билейтін мекемелердегі адамдар; бұлар қазақ халқы астан кедей болады еken деп ойланса, халыққа үлкен залал болады. Оның үшін төменгі созді бақсы бізге ықтиярсыз жаздырады. Һәр халықтың өз рәсімі бар, һәр түрлі мұсылман, қазақ халқы қол қусырып я құшақтасып амандалады, Росия (орыс) халқы бөркін алып, қол

Әлихан БӨКЕЙХАН

ұстасып... Бұл екі түрлі рәсімнің тұқымы бір. Осы секілді қазақ халқышың асы дүниядығы халықтың бәрін де бар. Осылар сияқты рәсім бір түгілі мың бақсы ойнаса да қойыла ма?

Нұржан баласы ас 1000 теңге я 3000 теңге тұрады дейді. Бізде осында үлкен ас, турасынан жазамыз, алпыс я жұз ат шабатын ас, қандай бай болса да, бір кісінің қолынан келмейді. Асқа даяшы керек, үй керек, жабдық керек, бұл үйлерге аяқ-табақ керек, самауыр, шынаяқ керек. Мұның бәрі бір үйден шықпайды. Қанша бай болса да, аста ұрыс-жанжал болса, ас иесіне ұят-ақ. Кәржілік жауырынга өкпеледім деп кек сақтап, жанжал қылатын зұлымдар ақылсыз бақсыдан да көп. Ас беруші мықты болмаса, жамандар жанжал шығарар. Жоғарыда айтылмыш себептен бұрынғы қай уақыттан ас я аталы жұрты я халық құрметтеген кісіге беруші еді. Бұл уақытта орыс алғаннан бері елге тыныштық болып, бұрынғы шабушылық замандағы ата-ата ұлы болып қазақ халқы бұ күні қойды. Осы күнде қазақ ата деп на мысқа шаппайды, файдасына шабады; туысқан деп бір қостас болмайды, шаруа деп болады. Бұл себептен бұрынғыға қарағанда, ас та қойылып барады. Қарқаралы оязында соңғы он жыл ішінде бірақ үлкен ас болды. Ағыбай батырдың бұл асында Қуандықпиз деп Қарәткел қазағы төбелес қылды.

Халық ас беруін қоя бастаган соң, жел айдаған қамсы мінезді моллалар: «ас берген күні құран шықса жарайды» деп халыққа үйрете бастады. Асты қойтызыса, дүния амалын ойлаған, құраннның әділ сөзін халық мінезіне бұрмалаған моллалар қойтызар, Нұржанов мырза сияқты бақсылар иттің қу-боғын жиып жүргенде.

Қазақтың шаруасына астың қанша залалы бары – енді соған келейік. Асқа қазақ айыптыны сөяды. Мынаудан-саудан қалған мұны қазақ бері болса ағайынан, ары болса өз елінен текке я арзанга сатып, айырбастап алады. Бәйге түйе деген сөз осы күнде мақал болды. Бұрын шын түйе деген болса да, осы күнде бәйге түйенің құны терісінен қымбат емес.

«Жұз түйе», «жұз жылқы» деген бәйге бұл күнде бос сөз. «Жұз теңге» деп бес теңге тігеді. Жұз бес тыныңдықтан қазақша теңге де, теңге бес тынын күміс те теңге, қайсы аста жамбы я құндыз тігеді. Осы күнде бұл соңғы бәйге ертегі есебінде халықтың көбі «түйе тігемін» деп тері тігеді.

Бұрынғы жақсы астардан бұл күнде бос маңтану қалды. Қазақ шаруасына астан пайда болмаса, залал емес. Асқа сөяды, бәйгеге тігеді малдың ең жаманын. Қыс болса бұрын жазғытұры қарасуық жаз болса, қатар малдан асыл алатогынын қонаққа соятын.

Қазақ халқының ас, қонақасы бұрын жеңіл-желпі, мал науқасы арқылы жаман түқым шашатын малдары уақыттың ұсталып, жақсы малдары түқым шашып, мал түқымы сонын түр. Мал баққандар болады. Жаман қошқар бір қора қойды бұлдіреді. Қазақ жаман малын ұстамаса, мал түқымы азый кетер еді. Жақсыға сасықтар қалып қосқан соң, қырда сарай түк ұстамайтын байлардың ел амалын жүргіт тышшіта азым тал жаман малдары түқым шашқан себепті. Нұржан баласына расхотын патшалыққа төлейтін алым-шығымын жарастырып қазақ халқы астан кедей болады дейді. Алым-шығын бұл ас расхотына қараганда түк емес, Нұржан баласының білуі бойынша. Рас па мұнысы, осы бақсының Қарқаралы оязында 32.000 үй кейінгі 10 жылда бір-ак үлкен ас болды. Солтүсіктегі қазақтар Омбы, Қызылжар оязы Росиага бұрын қараган, шапқыншылық бұрын қойылған, асты аз береді. Онтүстік Жетісу қазағына қарағанда, бұл себепті Қарқаралы қазағы Жетісу қазағынан аз. Омбы, Қызылжар қазағынан көп ас береді. Қапал оязында 10-20 мың үй. Қапал қазағы Қарқаралы қазағынан ас он қайтара көп берсе, жылға бір үлкен ас келеді. Қапал оязында бір жылға сондай бір жылғы үлкен ас 3.000 теңге болады. Нұржан баласының бағалауы бойынша, бір жылда қазынаға Қапал қазағы тартады түңілкі земски деп үй басына бес теңге елу тыыннан. 3.000 теңгелі ас расхоты 20.000 үйге тарса 15 тыыннан келеді. Сөйтіп, ас расхотынан қазынаға төлейтін ақша үй басына 36 қайтара көп. Бір жылда 20.000 үй Қапал оязындағы қазынаға тартады түгін земски деп 110.000 теңге. Әгердә осы ақшаның бәрін қазақ асқа ұстаса, 3.000 теңгелік астан 36 ас, 1.000 теңгелік астан 110 ас бір жылда берер еді. Қапал оязының қазағы 36 яки 110 ас береді деп бір жылда бақсының да бір түйсікізі айтар. Қазақты алым-шығын кедей қыла ма, жок, ас кедей қыла ма, окушылар ақылға салындар! Алым-шығын ақшасы 110 қайтара көп ас расхотынан.

АШЫҚ ХАТ ХАЖЫЛАРҒА

Жылына Меккеге Ақмола һәм Семей облысынан 100-120 кісі сафар барады. Бұлардың көбі жаңа хажылар алғаш баратын Мекке жолына. Хажылардың қайсы бірі Меккеге үш қайтара барады әлі келген мұсылман үш барсын дегенмен. Жаңа хажылар еш хабар білмей чума деген ауру жайынан, білметенниң жазасын Сиуастоболда (Севастополь) тартады. Мұнда карантин деп ұстаған соң, хажылардың ер көсемдері ұрланып билет алдып, ұрланып карантиннен өтіп кетеді. Көп ақша төлеп, зұлым адамдарға бүгежектеп жасқанып қор болып. Адамның бәрі бірдей көсем ер бола ма! Хажылардың қалғаны болса ақша ұстап үйіне қайтады.

Бос ақша шығып өз ақшасына хажылар уайым қайғы сатып алmas еді.

Егер һәр қазақ газеті арқылы чума һәм оба деген аурудың қай жерде қандай екенін біліп тұrsa, «Қазақ» газеті мұнан былай чума, оба жайын басып тұрады. Бұл аурулар Мекке жолында қай жерде бар? – Арабияда Аддин деген қалада февральдан 7 апрельге шейін 157 кісі чума болып ауырған, 117 кісі мұнан өлген. 8 апрельден 14 апрельге дейін 119 кісі ауырған. Мұнан 81 кісі өлді. Джинда 26 әпрелден 19 майға дейін 46 кісі ауырып, 31 өлді.

Ақырында Порт Саид деген қалада 30 әпрелден 7 майға дейін 10 кісі ауырып, 9 кісі мұнан өлді.

25 май 1900 жыл. Омбы

ҚЫТАЙ ҚАЗАФЫ

1757 жылы Абылай Әбу Әл-Фид бин Қытай астанасы – Пекин шаһарына барып, «уан» дәрежесін алғып, Алтай-Сауыр тауларын мекен етуге еркіті болып қайтқан екен. Ол кезде Қытай падшасы «Нсзан-Лун» еді.

Алтай-Сауыр таулары қытай занында моңгол жері саналса да, бос жатқан себепті, Әбу Әл-Фид керей қыстап, жайлап жүре берген. Истін анығына қарағанда, керей елі Алтай-Сауырда қан төгіп, найзаның ұшы, білектің құшімен қалмақтан женіп алған: бұған әр уақыттағы керейдің батырлары, көлдің толқыны дәлел.

1913 жылы керейден Пекинге депутат барып, биыл қыс қайтып келеді; ол Думада бір өзі сөз сөйлеп, халыққа еш пайда келтірген жок; «жер қытайлық болмаса, қытай жеріне қарай ауамыз, бізге Қытай жер тауып беруге міндетті» дегенді алғып келді.

Алты округті (болыс) елі, қалмақтан зорлық көре берген соң, Ерен-қабырға деген жерге ауып кетті, барған жерінде құйзеліп тұр. Алтай-Сауырдагы ендігі керей Ерен-қабырға ауамыз деп тап-тап береді, онда барғанмен сыйрлық емес. Сонда да олардың айтатыны: жерді кім алса, біз соныкі; қыып жіберсе, баяғы «Ақтабан шұбырындының» кебін киерміз, көбен көрген ұлы той... – дейді.

Биыл әпрел ішінде жұрт болып кенесеміз деп керейдің жақсылары Алтай-Сауырға жиналысты. Онда татымды сөз болған жоқ, жер мәселесі қозғалған жоқ. Жалғыз-ақ Мами әмбі өрнек-жол болсын деп, бір ұрының сұқ қолын үш бүйінімен шаптырып тастатты; ұрыларға осындаі әртүрлі жаза іstemек болып тарасты.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Бұл жиылдық Оспан әмбі бармады. Ол Россия консулына арыз берген: «мың жарым үй орыс патшалығына қараймыз», – деп. Петербордан Оспан әмбіге консул арқылы естірткен: «– Қытай, орыс һәм монгол шекарасы ашылғанша, Оспанның тілегіне ешнәрсе айта алмаймыз», – деп.

Оспанның арызында жер Керейдікі екендігіне толымды дәлел жоқ деседі. Оспан әмбі Петерборға барып патшага жолығамын деп жүр, пайдалы іс бітіріп қайтарлық сөз, күрган план жоқ, күргақ аман-салам болса керек.

Қытайдан орысқа, орыстан қайта қытайға кіріп жаманатты болып жүрген Керей ұлықтары да бар көрінеді.

Орысқа қараған қазақтың партиясы керейде де ашылды; мал бағып шаруа қылудан жұрт екі-үш жылдан бері қалып барады. Қытай бір шауып, қалмақ екі тонап, саудагер ұш алып керейдің үйіткышын бұзып, мазасын қашырып тұр.

Жер қайғысы, көші-қон, шаруа керейге батып-ақ тұр. Бас қосылмай, береке-бірлік қаланбай тағы тұр.

Бұрынғы Әбілхайыр, Абылай замандары дәлел – осы күні Қытай керейдің басында.

*Арыс ұлы.
«Қазақ» газеті, № 68, 1914 ж. Самар*

ҰЯТ-АЙ!

Дарвин, Уэлс, Спенсерлерден бері ғылым жолы адамзат барша «туатын, өлетін» затпен бір тұқымдас дейді. Адамзат екі аяқты сөйлейтін сөзді, үттү болып өзге қалған хайуаннан айырылады.

Осы 20 ғасыр басында үкімет мұжыққа дүре салуды жол қылыш шығармақ болғанда адам баласынан озған, күн жоғалмаса аты жойылмайтын Лев Николаевич Толстой «Русские ведомости» газетасына хат жазып жария қылды. Сол Толстой жазған хаттың аты «Ұят» еді. Осы хат атын өзге сөзге аударсақ, мағынасы мынау: біз адам емес пе едік? Ұят біздің белгіміз емес пе еді? Осы жалғыз белгіден айырылып, ана төрт аяғына сыйынған аттарымыздың аулына қайтқанымыз ба?

19 ғасырдың аяғында бірнеше адамдарды үкімет асып өлтірмек болғанда орыс философы Владимир Соловьев жүрт жиып сөйлемді. Адам баласын асып өлтіру христиан жолынан тысқа-ры деп. Осыны жария қылыш айттың деп үкімет В. Соловьевті Петербургтен айдады. В. Соловьев қылған ісі, ғұмырындағы мінезі, Л.Н. Толстой мен Г.Н. Потанинде ғана бар. Осы Соловьев философия жолында Дарвин, Спенсерге қарсы еді. Бұларға айтатын дәлелі: «Хайуанда ұят жоқ, адам ұтты», – деп. Франция жазушысы Золя «Адам хайуан» деп роман жазды. Адам баласының сөлемек ісін хайуандықпен қылдының мысалы қылыш. Міне, көзіміз көрді Балқан соғысын. Мұнда болған істерді хайуандыққа қайтармай ұғынып білу қын емес пе? Толстой, Потанин, Соловьев бізді қанша жоғары тартса да, біз тырысып шыға қашқан түйедей, төрт аяқтының аулына қашып жатырмыз-ау деймін.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Орысқа газета, журнал шығарып жол ашқан А.Н. Радищев (1749-1802) абақтыға жабылып, он жыл Сібірге айдалған. Осы Радищев замандасы, тағы орысқа газета, журнал шығарып, Еуропа жолын ашқан Н.И. Новиков Шлиссельбург деңен абақтысында 15 жыл отырған.

Бауырым Ахмет, Миряқуб!

Сен екеуінің абақтың – Радищев пен Новиков абақтысы.

Орыс жазушысы М.И. Салтыковтың «Тұзулік пен шошқа» атты мақаласы бар. «Тұзулік! Сен бар дейсін, рас па, мен көрмеген күнді сен қайдан көрдің» деп, шошқа тұзулікті балтырдан алған. Сонда тұзулік айтқан: «Шошқа, сені құдай жаратқанда жоғары қаратпай жаратқан, сен күнді осы себептен көрмейсің», – депті. Сен екеуін істі күнде көретін жұртқа атқарып тұрсындар ғой, балтырды басқаға беріндер.

18 ғасырда «ақыл патшасы» атанған Вольтер еді. Осы Вольтер, замандасы Толстойға неше жол көрсеткен француз Руссо, тағы осы екеуінің замандасы философ Дидро абақтыда жатқан. Осы Дидро қатын патша Екатерина екіншімен хат алысып, патша Дидродан көп ақыл алған. Біздің Россияда абақтыға жатпаған жақсы адам кем. Жазушы Достоевский, Потанин, Короленко, Мельчин, Чернышевский. Морозов абақтыда жатқан. Бәрін жазып болмайды. Салтыков, Герцен, Пушкин, Лермонтов, Тургеневтар айдалған.

Түркияда халықты қатарға қосмын деп сарбаздар абақтыға жабылған, айдалған. Бұрынғы Мадхат пашалар 1883 жылы айдауда жүргенде өлген, осы күнті Ахмед Риза һәм басқалары да абақтыда жатқан. Шырақтарым, сендерді мінегенде осылармен бір салып мінese не армандарын бар?

1910 жылы опат болды Г. Дума члені В.А. Караполов. Бұл төрт жыл Шлиссельбург абақтысында отырып, ғұмырынша Сібірге айдалған еді. 1910 жылы жазғытұры З. Г. Дума дін құрдастығы туралы закон жобасы қаралды. Сонда Караполов докладчик дін бәрі құрдас, дінге бостандық, құдай жолы адам көкіретінде, бұған ешкімнің таласы жоқ деп жүріске салғанда Г. Думаның он жағынан бір депутат «которожник» деп хайуандық қылыш Караполовтың бетінен алды. Осы надандық, әдепсіздік қылған депутат бір

поп еді. Қазақшаға тәржіме қылсам – қажы *Д-ға ісі* ұқсайды. Сонда Караулов айтты: «Мен абақтыда отырдым, айдалдым. Міне, сендердің Г.Думада отырғандарын, осы мен атқарған істің аяғы. Мен бұған мақтанамын», – деп. Осы Карауловтың попқа берген жауабы бейтіндегі тасқа жазулы. Караулов олгенде З Дума Уфа губерниясынан депутат молла Тоқаев жас әйел баласына ұстатьып гүл әкелді. Досекең бұған не айттар?

Қажы *Д.-ай!* Осы Караулов, Потанинмен бір қос болмай, сенімен бір жүріп дозақта кетейін бе? Жақынға қас қылған Қабыл мен Иуданың қайда екені белгілі еді, бұларға да бір атшы керек қой, жолың болсын.

Х.А. – жақсы Наполеон жауынгер патша болған соң соғыста дүшпандардың сырын білуге Шульман атты бір атақты шпион (тыңшы) ұстап еді. Наполеон берген қазынаға әбден тойып, Шульман жақсы адам сапына кірмек болды. Наполеоннан ақ сүйектікке жол ашатын почетный легион орденін сұрады. Сонда Наполеон айтқан: «Сендей кіслілігі жоқ оңбағанға қазына берсем де, орден бермеймін», – деп. Мұны Шульман балаларының құлағына салғаным.

Қ.Б.

«Қазақ» газеті, №57, 16 наурыз 1914 жылы

Оқшашу сез

ТҮРІК. КЫРҒЫЗ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖИРЕСІ

(Шәкәрім Құдайберди ұлы. 114 бет, бағасы 1 сом, 1917 жыл)

Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып базылған жоқ. Шәкәрімнің бұл кітабы қазақ шежіресінің тұңғышы, қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасын. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспасын. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шәкәрім шежіресіндегі кітап жазбақ оңай жұмыс емес.

Шәкәрім жазады: «Қазақтың түпкі анасының жайын білмек болып, көп уақыттан берлі сол туралы естіген, білгенімді жазып алып, және әр түрлі жүргіттың шежіре кітаптарын оқыдым. Ол оқып көрген кітаптардағы сөзді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, оған тұра келген қазақтың ескі сөздерін қосып, жаздым», – дейді (3-бет).

«Бір алла бергеніңе сансыз шүкір,
Калған жоқ зая болып, қылған пікір,
Бітірдім түркі-қазақ шежіресін,
Болса да кемшилігі қисық, бүкір» (109-бет).

Шәкәрім өзі «бүкір» деғенімен, шежіресі – бала оқытқан молданың қолында болатын кітап.

«Түркі халқы әр рудан қосылып әр түрлі атпен аталған. Нәсілі бір болмаса да, екі түркі ағайын болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сұтке яки қымызға қосып, бөліп ішеді де «қаны қосылған қазандас болдық», – дейді. Оны «анда» дейді, біздің қазақтың «құда-анда» дегендегі андасы осы сөз» (18-бет).

«Осы күнгі қазақтың әрбір аймағы он жұз жылдан бұрынғы таңба белгілерін қалдырган жоқ; қыпшақтар 600 жылдардағы Қытай жазушылары жазатын, найза сықылды таңбаларын қол қойған орнына салады. Және 600 жылдан бері мұсылман жұртына кірген керейт, яғни керейлер тіпті ескі замандағы крест [крест] Х таңбасын салады» (19-бет).

Осы керейдің крест таңбасы туралы Еуропа шежіре жазуышылары мынаны жазып отыр. 1100-інші жыл шамасында¹, Иса пайғамбар тұганнан кейін, осы күнгі Жетісуда көшіп жүрген керейді несториански сектенің [несторианская secta] соғылары христиан дініне қаратқан екен. Піспек қаласында көп жыл қызмет қылған бір шежіре қуған адам, орысша археолог, Пішпек айналасынан үш мың шамалы зират басына қойған тас тапқан. Осы тастардағы жазу несториян жазуымен жазған христиан дұғасы, дұғадан басқа жазу, мәселен мұндай: христиан, аты Андрей, руы керей.

Жетісуда көп жыл қызмет қылған Н.Н. Пантусов, осы күнде өлсे керек, Ақсу, Нарын деген өзен бойындағы Талас көлінің қабағындағы ескі бейіт, соғылардың суретін² кітапқа басып отыр. Пантусов басқан бейіт маңдайшасында, соғы үстінде крест Х бар. «Бұл бейіт, соғы кімдік?» деп сұрағанда, Ақсу, Нарын, Талас көлінде көшіп жүрген керейлер: «Өзіміздің атalaryмыздікі» деген, «Крест Х дегендерің қалай?» дегенде, бұған жауап таппаған. Керейдің крест таңбасы христиан кресті деген сөздің көп дәлелі бар. Қазақтың қай біреуі сәүрік пішкенде, салына крест Х басады, осы рәсім христиандікіндегі крест Х тұмар орнындағы үақыттан қалды-ау деймін. Осы күнде жақсы көрген малға қазақ тұмар тағады, христиан күнінде крест Х басқан-ау деймін.

¹ «История человечества» (Всемирная история Г. Пель-Мольт).

² Записки Западно-Сибирского Отдела И.Р.Г.О., 1902 г. Омскъ.

Қытайдың шаңғылар заманындағы жырларының мағынасы мынау деп Шәкәрім жазады:

*Даңғырлан арба кетеді,
Аттары пыс-пыс етеді.
Әскердің ата-анасы,
Және жастау баласы,
Етегіне жабысып,
Жібермейміз деседі.
Сары болып айналған,
Сәнді шаһар қасында,
Қырга шулап қонады.
Согысшының қатыны,
Кимешегі басында,
Өрмек тоқып болады.
Карғаның үнін есітім,
Қызырып күн батқанда,
Өрмекті қатын жинады.
Байым өлді-ау деп ойлан,
Төсекке барып жатқанда,
Жаңбырдан жасы құяды (19-бет).*

Бұрынғы уақытта қатын-баламен, үймен, малмен көшіп жүріп, Батый хан заманындағыдай, арбалы жүрттың қорғанын қамағанда шығарған жыры ғой бұл.

Түркі-қазақпен деген неше рудың шежіресін жазған Аристовтан алғып Шәкәрім жазады: Иса пайғамбардан 214 жыл бұрын қырғыз Енісей өзенінде еді, қырғыздың темірқазығында, һәр түрлі нәсілінен жиылып, ел болған үйсін еді деп, осы Енісей қырғызы Шыңғыс хан заманында 1200 жыл шамасында осы орында еді. Шыңғыспен Түркістанға еріп келіп, сонан бері Жетісудың Алатауында қалды.

Осы күнгі Абақан, Аша деген Енісей губернесіндегі өзен аты қырғыздың Абақан, Аша деген атасының аты деседі. Қырғызда Абақан, Аша деген ата барма екен? Том өзеніне Томск қаласы-

ның маңайында құятын бір кішкене өзен аты «Қырғыз». Бұл ат та бұрынғы қырғыз Енісейде көшіп жүрген уақыттан қалса керек.

Аристов: «Қос көлдін күн батысында меркіт, орынхай, орынхайдың күн батысында қырғыз бар еді», – деп жазғанда, кітабын оқитын кісілер бұл аталған жерді біледі деп жазған. Біздің қазақ бұл жерді білмейдіғой. Шәкәрімде Аристовше жазып өткен. Осы күнде бұл шежіреде аталған жерлер қай патша қол астында, қай губернеде? Шәкәрім жазып өту керек еді. Шежіресін қайта басқанда Шәкәрім бұл кемсілікті толтырап.

«Қалмақты шаба берген соң қалмақтар Ахмет ханды Алашы қойыпты. Мағынасы – «хан алаш» дегені. Оны естіген соң Ахмет хан: «қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді шапқанда Алашылап шабындар» деген соң, қазақтар «Алаш» деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты.

«Алаш алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қыммадық!» – деп, қазақтың мақтанатыны сол», – деп Шәкәрім жазады (33-бет).

Бұл қалай? Алаш деген біздің қазақ сөзі? Алаш қалмақ қойған ат болса, қалмақ өз тілімен қоятын жолы бар емес пе!?

Мысалы, орыс бүгінгі Германия жүрттын «немец» деп қоюип отыр, орыс тілін білмеген соң, сен мылқаусың деп, орысша мылқау – немой. Германия жүртты өзін «дойче» деп атайды. Түбінде Шәкәрімнің «Алашысы» Алаш болып шықса да, бұл күйде ақылға көмескілеу деймін. Қалмақ тілінде біздің «Алаш» Алашы болса, Шәкәрім сөзі сонда дүрыс болар еді. Астырхан губернесінде қалмақпен көрші отырған қазақ, қалмақтар біледіғой. Қалмақша Алашы не сөз? Мұны біздің «Қазаққа» жазатын аға аты табылар ма?

Ақмола облысында, Атбасар оязында, бағаналы-балталы деген найман жайында Қаракенгір бойында сырлаған кірпіштен салған ескі екі бейіт бар, Алаша, Жошы хан атты. Бұрынғы уақытта бұл өзенге осы күнгі Перовскіге қарайтын тама да [тама туы] жайлайтын еді. Бағаналы-балталы, тама бұл Алаш хан, Жошы хан бейіттері тұрасында не біледі? Жүрт арасында айтылып жүрген ескі сөз болса, мұны біздің «Қазаққа» жазушы болмас па екен?

Әлихан БӨКЕЙХАН

Орта жұз орысқа қарамақ болғанда, тобықты Қараменде бидің тобықты Кеңгіrbай биге айтқан сәлемі:

«Басында Сырдан шығып Орга келдік,
Жүре алмай табан тиіп зорға келдік.
Кол алдына қор ұлы талқы деген,¹
Бұл жаққа баққа келмей, сорға келдік,

Сәлем де Кеңгіrbайга кел, кетелік.
Мықты сабаз атанды терлемелік.
Мұсылманның жұрттына маңдай
Аты жақсы дариядан ары өтмелік» (44-бет).

Шәкәрімнің жақсы сөзі болсам кітабының бәрін жазу бүгін осымен қысқартайық. Шежіресіне тағы неше айналып келерміз. «Түрік баласы» жеріме түсті деп тарылmasa.

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 12, 1913 жыл.

¹ Талқы – қалың теріші жұмсартатын айыр ағаш.

ЖАНА КИТАПТАР

(Записки Семипалатинского подотдела Западно-сибирского
отдела и.р.г.о. выпуск VIII, 1914 г. цена I р.)

Бұл кітап Евгений Петрович Михаэлиске арналған. Михаэлис – Абай ұстазы. Мұны 44-інші нөмір «Қазақтан» қара.

Михаэлис 1871 жылдан 1913 жылға шейін біздің қазақ жерінде тұрып, қазақ жерімен, суымен, мұны жайлаган аңымен, өзге жануарымен Еуропа ғылымын таныстырган. Қазақ ішін көп аралап, қазақ ресім-халін ізденип-жылып, «Қазақ билігі» атты кітап жазған кісіні байытқан¹. Мұнда біздің Абай Михаэлиске айтқан көп сөзі болуға лайық. Михаэлис тәржіме халін жазған Г.Б. «Қырда жоғалатын қазақ алтыны Абайды тапқан Михаэлис», – депті. Бұл рас қой.

Михаэлис болмаса, бұған Абай шимайлы ғұмыр жолында жолықпаса, Абай ана Қозы Қөрпеш-Баянды, Тарғынды, қыпшақ Қобыланды батырды, Едігені шығарған ақындар аяғын құшар еді.

Неше жыл Михаэлис Семейде тұрганда Абай әрқашан дебарден мартқа шейін қалада жатып, кеш сайын Михаэлиспен көріседі екен. Сонда Абайды Михаэлис Пушкин, Лермонтов, Толстой өнері жолына сілтеген. Мұны біліп, қымбат бағалап, Абай да Михаэлиске өлгенше рза болып кетті. Қазақ та Михаэлисті жоқтады деп, Михаэлис тәржіме халін жазған Г.Б. «Қазақта» көрсеткен.

Мұндай жүйрік топта бел көрсетпей жоғала ма. Михаэлис әуел баста жұртқа көз, көсем болуға тұған. Айдалып Сібір кет-

¹ Қара: «Қазақ», №44, 1913 жыл.

Әлихан БӨКЕЙХАН

песе, ғылым жолында Михаэлис екінші Менделеев болар еді (Д.И. Менделеев жұрт озған, дүниеге орыс атын жайған, химияғылымында Л.Н. Толстой). Бұл көпірткен емес, Михаэлис өнері осы. Амал бар ма, алмас Михаэлис ұстайтын қол таппады. Мұхит жүзетін зор кеме қазақ шөлінде қайраңдады, – дейді Г.Б.

Біздің қазақ алмасы Абайды Михаэлиске кез келтірген құдырет бізді де бос қалдырмайын дегені.

Бұл жоғары жазылған кітапта Михаэлис хаттары, жазған мақалалары бар. Бәрін де біздің қазақ жері, сүзы, жануары, Алтай, Тарбағатай тауларының ғұмырлары туралы ғылым жолы жазылған. Бұл кітапты біздің талапкер жастар алып окуы дұрыс. Бұл кітаптан білімнен бөлек, ғылым сүрінді жолын байқауға болады. Қай түрмен, қай қызметпен жер, су, мұның ғылымға кірісетіні көрінеді.

Уай! Сен денеде аз күн қонақ,
Заман жоқ көп тұруға, өмір шолақ.
Жас мезгіл екі айналмас, мойнын бұрмас,
Жұмыс ет оқтай зырлап, қардаға борап.²

Қыр баласы.
«Қазақ» газ., № 112, 1915 жыл.
Самар қаласы

² Сабит, «Қазақ», №103.

РОМАН БӘЙГЕСІ

117-нөмір «Қазақта» Есенғұл хажы хаты басылды. Роман бәйгесінің күні осы майда толатын көрінеді. Хажы сыншыларды өзі атап, Семейге шақырып тұр.

Озге мәдени жүрттардың бұл сияқты бәйгесінен бір-екі ауыз сөз жазайын.

Кен қазып, тас бұзып адам баласы қазнасын байытқанда, мына Еуропа соғысып адам баласын қырғанда, екі іске бірдей файдасы тиғен динамитті шығарған швед инженері Әлфред Нөбел бәйтеге 18 миллион қазына қалдырды.

Үш жыlda бір мұның проценті (өсімі) хүкімет, химия, дәрігерлік, роман жазып озғанға, адам баласының танушылығы жолына аса өнер қылғанға берілсін деп (Л.Н. Толстой, Әмерикада бұрын президент болған Рұзвелттер сол айтқандай кіслер). Л.Н. Толстой бәйгені алған жоқ. «Мен ақшаны алмаймын: адам баласын хайуан жолына сүйреп отырган қазына жиган құмарлық», – деп.

Мәскеу университетінде граф Уваров атына аталған 1500 сом бәйге бар. Мұжық жайы туралы жазылып озған кітапқа беріледі. Былтыр мұны «Русские ведомости» һәм «Русское богатство» жазушысы Агановский алды – «Мұжық жері һәм ауған мұжық» атты кітабына. Орыс тілін білетін біздің қазақ баласы оқыса, мұнан көп білім табылады. Қазақ жеріне ауған мұжық мәселесі де мұнда бар.

Біздің Петроград академиясында Пушкин атына аталған 2 мың сом бәйге бар. Бұл көркем сөз (роман, өлең) жазып озғанға жыл сайын беріледі. Сыншылар жылда жазылған өлең, романнан бәйтеге лайықтысын таппаса, бәйге берілмей жатып қалады.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Сөз қысқартайық осы екі мысалмен. Швед академиясы да, біздің академия да, Мәскеу университетінде де бұл бәйгелер туралы озғандардан сайлаған комитет бар. Бәйгеге қосылған кітаптарды осы комитет шілендері сынға алады. Өз ортасынан сыншыл, жүйрік табылмаса, сынға кірісуге шілендер тасырқаса, мамырласса, комитет бөтен жерден жүйрік сынши шақырады.

Сыншылар баспа кітапты қолға алып, сынның мақала қылып жазып комитет академияға қайырады. Университет, академия осы сынши мақалаларын тыңдалап, содтағы присажнише билік айтады.

Анау жоғарыда жазылған Агановский алғы статистика есебі 335 бет. Мұны сынға алып мақала жазуға аз болса, көнбіс-білгіш адамға 15-30 күн керек.

Бізде мұнан бұрын роман жазылған емес. Мир Яқұб романы «Бақытсыз Жамал» кішкентай ғана кітап. Мен мұны «Қазакқа» сын жазбақ болып қолға алып едім. Екі жұма отырдым. Бұл менің бұрын қылмаған ісім еді. Сонан ба, жок, сын өнері менде жоқтықтан ба, оны оқушылар білер.

«Қазақ» басқармасында неше роман бар, бұлар неше беттен екенін білемеймін. Анау «Бақытсыз Жамалдай» десек, сынға аз болмас. Сын мақала болып хатқа жазылмаса, аты бәйгеден қалған талапкер дәлел сұраса, қын болады.

Кітап жазған адам құлын құлышындаған биеден де қызғаншақ болатын. Менің бұл сын туралы фікірім жоғарыда жазылғаннан анық болар. Бізде академия, университет секілді білім дүкендері, бұлардың комитеті де жок. Сынға түсетін кітаптар жазба, басылмаған. Кітап баспа болғанда, ана хажы көркеткен, бұлардың ішінде фарызын алам деген, сынши болмақ оңай жұмыс емес.

Әр шебер өз орнында іс атқарса, іс орнына келеді. Маған өлең айтқызыса, мұнан түк файдалы нәрсе шықпайды. Сыншыларға кітапты жіберіп, бұлар жазған мақалаларын хажы қалаған 2-3 кісі қараса, жол осы еді. Жазулы кітап біреу-ақ болып, амалды құрытып түр. Жиылып бұл неше адамның жазба кітаптарын сөз сыннына салсақ, бұған жеке би билігіне көндім дегендей, ро-

Әлихан БӨКЕЙХАН

ман жазушысынан уағда шарт. Бұл сыншыларға да, роман жазушыларға да ынғайсыз.

Әлде болса, кітаптарды сыншы болам деген кісілерге пошта-мен жіберіп қайтаруын сұрап, бұлардан сын мақаласын жиып, мұны кісі саны аз, жазушы басы құраулы Семей (Шаһкәрім бар), Орынбұрғ (Ахмед, Мир Яқұб бар), Тройскінің (Бахытжан, Мұхамеджан бар) бірінде комитет қараганы дұрыс.

Бұған хажы мен роман жазушылар не айтар екен? Мен мақаланы газетаға роман-өлең, өзге көркем сөз емес, білем деген жолмен жазып отырмын. Роман сыны маған қол емес. Бірақ, бұл күнде хажы атаған соң, мұнан қашу маған жол емес.

Мәдени жүрттa коркем кітап жазып отыратын Ахмед, Мир Яқұб газетаның уақ ісіне есіл ғұмырын байладап отыр. Білгенді қылам дегенге жұрт керегі қойып жатыр ма: Шаһкәрім, Ахмед, Мир Яқұб (бұлар Апполоннан бата алған жок) жеріме түсті демесе, мен сыншы фарызын өткеруге құл болдым.

Гали хан.

«Қазақ» газетi, № 120, 1915 жыл.

Самар қаласы

КАЛҚАМАН – МАМЫР

(Шәкірім Құдайбердіұлы)

ӘДЕБИ СЫН

Бұл кітап 1912 жылы басылған. 1914 жылдан бері ығланы «Қазақта» басылып, оқушыларға білінді. Мұны шығарған «Қазақ һәм хандар» шежіресін жазған Шәкәрім.

Шәкәрім – Абайдың агасы Құдайберді баласы. Абай барда таласып ақындық қылып, жарықта шықпай көлеңкеде жүре берген. 1900 жыл Шыңғыс елін жазған Иван Филиппич Гусев Шәкәріммен сойлескен. Соған соңда айтты: «Жұрттың бәрінің аузына алғаны Абай. Шәкәрімнің білімі де қазақта жоқ екен», – деді. Гусев Шәкәрімнің тамырын тауып ұстаса керек.

Осы 2-3 жыл ішінде Шәкәрім «Мұсылманилық», «Қазақ айнасы», «Қазақ һәм ханлар шежіресі», «Жолсыз жаза» һәм «Қалқаман – Мамыр» кітаптарын ішінде шығарды. Бұларды оқыған кісі «Гусев адасыпты» дейтін емес.

Білімді жүрттың ақыны,
Біздің сөзі сынамас.
Жазуышының жақыны –
Қазақ мұны үнамас.

Сынамарсың өзіңді,
Менің түгім құрымас¹.

¹ «Қазақ айнасы», 37 бет.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Өстіп көпіру ақындық сипаты. Қанша кішірейем дегенмен Шәкәрімге мұны ақындық жырлатып отыр. Шын ақын бір көпірмей қоймайды.

*Ескі бише отырмай бос мақалдан,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлан.*

* * *

*Патша хұдай сыйындым, тұра баста өзіңе,
Жау жагадан алғанда, жан корінбес козіме².*

*...Аргын, Найман жиылса, таңырқаған созіме,
Хайран созім қор болды тобықтының ізіне.*

Өлеңді ақын сынаганы жөн. Оқушы – жазушы, ақын болмаса да, ақын сөзінде болар сынға санатында мүшелер болатын. Орыста Пушкин, Лермонтовты сынға салып, жүртқа жайған Белинский сөзге ақын емес, ойга ақын еді. Шәкәрім Пушкин болмас, біз Белинский болмаспзыз.

*Сынатарсың өзінді,
Менің түгім құрымас.
Өлген кісі созімді
Сынама деп сұрамас.*

Болса-дагы «Қалқаман – Мамыр» туралы біраз сөз жазайын, бұл кітапты оқушыларға жаю үшін.

«Қалқаман – Мамыр» – ғашық болып, қосылып, бейшара болған сорлыларды өлең ғып жазған жыр. Жігіт Қалқаман, қыз Мамыр 190 жыл бұрын болған адамдар³.

² «Абай кітабы», 31 һәм 35-беттер.

³ Шәкәрім шежіресі, 37-бет.

Әлихан БӨКЕЙХАН

«Қалқаман – Мамыр» өлеңі орыс тілінде «Историческая хроника» аталады. Бұл сияқты тарихта болғанды өлең қылған мәселе: Пушкин де «Царь Борис Годунов», Лермонтовта «Песня о купце Калашникове». Бұл орыс өлеңдерінде өткен замандағы адамдардың мінезі, түрмис-салты айнадағыдан көрінеді. Оқушыларға мұны тәржіме қылып көрсетуге, ақындықтан аман боп, амал құрып тұр. Бұл айтылған Пушкин, Лермонтов өлеңдері Абайдың мына мақтанына тұра келеді:

*Алыстан сермен,
Жүректен тербел,
Шымырлан бойга жайылған.*

*Қиядан шауып,
Қисынын тауып,
Тагыны жетіп қайырган.*

*Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десен, өзің біл!¹*

* * *

*Оюын ойып,
Орындал қойып,
Тұр салғандай өрнекке.*

*Қыыннан қиып,
Қыырдан жиып,
Құрап сөзді термекке.
Еңбекке егіз тіл мен жақ,
Ерінбесен сойлен бақ!²*

¹ «Абай», 60-бет.

² «Маса», 24-бет.

«Қалқаман – Мамыр» өлеңі біздей ақын емес, надан сынына жақсы көрінеді. Мұны оқушылар төменде жазылатын мысалдардан байқар.

«Қалқаман – Мамырда» бұрынғы қазақ жүртynың салты, қазақ мінезі, қазақтың іс-қылышы әлгі орыс өлеңдеріне қарағанда, тіпті аз. Шәкәрім жақыннан қайырып, ойдағыдай толымды қылып жазбады. Жүрт көзін ашуға «Қалқаман – Мамыр» сияқты өлең керек.

Рас, біздің қазаққа осы бойымен де «Қалқаман – Мамыр» айтулы жақсы өлеңнің бірі болар. Бірақ «көп бергеннен көп сұрапады» деген. Мұны Шәкәрімнен көп сұрап жаздым.

Әке берсе қызы болмас кімге қатын,
Кайтейін сенде-ау еді маҳаббатым.
Алдыңа кешу сұрай келіп тұрмын,
Көзге тірі болсам да өліп тұрмын.
Қалқаман, осы саған қоштасқаным.
Денемді емес, жанымды беріп тұрмын.

Міні, қазақ қызының қашаннан болмысы, кестелі жазылған ғашықтық мінезі. Бұған Қалқаманның жауабы:

Ай, Мамыр, бұл іс оңай алдамасаң,
Зорлық жоқ өзің сүйіп, таңдамасаң,
Ер жеткен қызы еркімен ерге тиер,
Моллалардан естідім әлдеқашан³.

Қалқаман мұны айтқан жоқ. Қазақ қызына 190 жыл бұрын түгіл, осы күні еркімен ерге тиу болған жоқ. Шаригатта бұл болғанымен, мұны ол уақыт сөйлеген жоқ. Бұл ақынның Қалқаманмен өтірік айтып, рәсімнің ынғайына жайылатын моллаға жапқан жаласы.

Қызы алған жоқ жақыннан тобықты азір,
Өлтірем деп жүрмесін бізді қазір.

³ «Қалқаман – Мамыр», 7-бет.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Міні, заманына үйлесімді, жақсы жазылған қыздың мінезі. Бұған айтқан Қалқаманның (Шәкәрімнің) жаласы мынау:

*Мамыр-ау, айтып тұрсың әлденені,
Шаригат қосады еken немерені.*

Дүнияда адам баласы айналып өтпес екі-ақ көпір бар: бірі – өлім, бірі – махабbat. Қалқаман мен Мамырдың махабbat емес пе еді? Сүйіскен екі ғашық миллә айтты, шаригатта солай деп мыжи ма? Махабbat адамды байлағанда шаригат бен милләға уақыт қала ма? Бұл жерде Шәкәрім ақындық жолынан шыға шабылып, Пушкин, Лермонтов, Шекспир, Толстой қарауылына салсақ, зор кінәға батып тұр.

Mінді де екі ғашық кетіп қалды...¹

Міні, шын ақын сезі жаңа келді. Милласы тұзу шаригат айтқан тобықты мінезі мынау:

*Мәмбетей жатып алды арыз бермей,
Калың мал ал, біт деген сөзге келмей.
Қалқаман мен Мамырды өлтірмесе,
Кетеміз деп бабаңды тіпті көрмей.*

*Көкенай тағы қонбей жатып алды,
Бітім болмай неше күн жұрт сандалды.
Қалқаман мен Мамырдың дауындаи деп,
Осы елге мақал болып сонаң қалды.*

* * *

*Ести сала садагын қолына алды,
Аулақ жүре деп Мамырдан айқай салды.*

¹ Сол жерде: 8-бет.

Ұялмай жұз қараның жүргенін деп,
Аямай дәл жүректен атып қалды.

Міні, бұрынғы заман тобықты мінезіне дәл жақсы айтылған
өлең. Қекенайдың атып тастағаны Мамыр. Жазасы – ғашығымен
қашқаны.

Әй, жұртым, мен өлемін, сендер қалдың,
Орнына бауыздадың айтқан малдың.
Өз бауырын оққа байлап өлтірді деп,
Қалдыңдар обалына мына малдың.

Назасы нақақ жастың хата кептес,
Деймісің қалмақ сені тентіретпес.
Мамырдан қалған жанның керегі не?
Ісім ақ, қосылармын ешнәрсе етпес.

Белгілі Мамырдан соң құр жүрмесім,
Дам-тұзын Орта жүздің жең жүрмесім.

* * *

Аямай елім оққа байлаган соң,
Кетер ме өлгенімше ойдан зарым!

Қалқаманның садақпен атылуға байланғанда қоштасқаны.
Бұл өлең, сырты сұлу болса де, ішінен ақаулы көрінеді. Қош-
тасқан зарлы адам көнілге жалынушы еді. Мұнда ақыл жағы
жығып тұр. «Деймісің, қалмақ сені тентіретпесті» айтуда ол жер-
де Қалқаманның әлі не келе қойсын?!

Махабатты жарым жоқ, жәрдемшім жоқ,
Өлейін бе, қайтейін, кімге айтайын? – деді.
Қалқаманның мақсұтын Мамыр білді,
Аз ойланып, үндемей сабыр қылды.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Жылы жүрек өзіне жар тапқандай,
Тыншымады, тұлады, жүз құбылды.

Кызарды, бір агарды байдаң қызы,
Бетке шаптай қоя ма жүрек із! ²

* * *

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы»,³ –

деген өлең осы болар.

Шәкәрімнің өлеңінің түрі жоғарыдағы өлеңдерінен белгілі болар. Өзге кітабына тағы бір кезде айналармын. «Қобыландины» аз уақытта талап алған біздің жүргітта оқушылар бар көрінеді. Бұл кітап та кешікпей өтер. Қайта басқанда ана Ахмедтің «Масасы» форымына салып, «Қазақ» емлесімен басса, жақсы болар еді.

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 121, 22 наурыз, 1915 ж.
Самар қаласы

² Соңда: 10, 11-беттер.

³ Соңда («Абай»?): 5-бет.

Әдеби сын

КАРА КЫПШАК КОБЫЛАНДЫ

(Махмұд-Сұлтан Тұяқбаев. 1914 жыл. Қазан.)

I

Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы,
Киыннан қыыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Ботен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.

Абай

Бұрынғы заманда Тоқтар атты бір бай болыпты. Малы көп, перзенті жоқ болыпты. Тоқтар «әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып» құдайдан бала сұрапты. Тоқтар бай бір күні әулиеге түнеп жатқанда: «саған құдай перзент берді» деп аян беріпті.

Кемпір менен шал байгүс
Бір-біріне жолықты.
Нәрсе болмай торықты
Өлдім-талым дегенде,

Әлихан БӨКЕЙХАН

*Жаббар ие жар болып,
Бір нэрсе енді болыпты.*

Үйге қайтқан соң, тоғыз ай, тоғыз күн өткен соң алпыстағы анамыз бір ұл, бір қызы тапты. Ұлдың аты Қобыланды, қыздың аты Қарлыға қойды.

*Тоқтарбайдай байыңың
Кеңіген енді секілді.
Дүниесінің тарлығы,
Көңілдің кетіп зарлығы.*

«Қара қыпшақ Қобыланды» жырында осы Қобыландының жорығы өлең қылып айтылған.

Қызыл-бастың жұртында патша Кәклен кемпір бар екен. Алты жасында Қобыланды жүз құлаш биіктен теңге атып түсіріп, осы Кәкленнің Құртқа атты қызын алады.

Қият жұртынан құрдасы Қараман деген жігітті ертіп алып, Қобыланды қалмақтың Қазан деген ерін шапты.

*Бірге тұган құрдас жан,
Құлагың сал сөзіме,
Мен айтайын өзіңе,
Көбікті деген қалмақ бар,
Көрсетейін көзіңе,
Соган енді баралық,
Жылқысын қуып алалық (42-бет).*

Қобыланды мен Қараман осы Көбіктіге барып, соқтығып қолға тұсті. Онан құтылып, қалмақтың Алшағыр деген ханымен соғысты. Қобыланды жорықта жүргенде Алшағыр ата, анасымен қарындасын олжалаган еді. Алшағырды алған соң, оған болысам деп келген Шошай ханды тағы алды.

«Сөйтіп, бұрынғы қазақтың батырлары мұратына жетіпті» дейді жыр.

II

Едіге би Тоқтамыс ханға өкпелеп, Еділдің күнышығыс жағына өткен. Сонда Тоқтамыс хан тоғыз батырын шақырып есік алдына қойып, бір-бірлеп алдына келтіріп, ақыл сұраған. Сондағы Тоқтамыс ханның тоғыз батырының біреуі қара қыпшақ Қобыланды:

*Қараңғыда жол тапқан,
Қысылғанда сөз тапқан.
Тай қазан қақпақ жауырынды,
Қалагаш тоқпақ айдарлы,
Кісі ақылына ермеген,
Киын жолга жүрмеген.
Қара қыпшақ Қобыланым,
Хан тогынга не дейсін?*¹

Тоқтамыс хан – Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы нәсілінен. Бұл Ақсақ Темірмен соғысып, женіліп қашқан. Бұл Қобыландының ісі XIV ғасыр ортасы болуга лайық.² Тоқтамысқа болжысқан князы Витофты Воркесла өзені бойында (бұл Полтава губерниясында Днепр ашасы) Ақсақ Темірдің қол басшысы Едіге алған.

Бұл соғыс 1399 жылы болған (қара: Шоқан кітабы, 71 бет) Бұған қарағанда Едіге Тоқтамыстан кеткен соң Ақсақ Темірғе қол басы болған болса керек. Мұнан көрінеді: Қобыландының Тоқтамыс Едігелермен замандас болғаны.

Аргынның атасы Дарқожа Әбу Әл-Хайр ханның қазысы екен. Ғаділ билік айтқанынан Ақ-жол атанған. Қара қыпшақ Қобыланды да ханға сүйікті екен. Сондықтан бұл екеуі күндес болған. Күндеңстікten Қобыланды батыр Ақ-жолды өлтіріп кеткен. Әз Жәнібек пен Қобыландыны өлтірем деп сұрағанда, қалың қара қыпшақ бұзылады деп, Әбу Әл-Хайр хан бере алмаған.

¹ Бұл орысшадан тәржіме.

² Қара: Шәкәрім шежіресі, 78-бет.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Шәкәрімнің жаузынша, «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным» деген қазақ мақалы Ақжол атасы құдан жылауынан қалған (қара: Шежіре, 31-бет). Бұл екі ханның заманы 1450 жылдар. Бұған қараганда Қобыланды XV ғасыр ортасындағы жігіт болады. Онда Токтамысқа жігіт бола алмайды. Шәкәрім айтқаны тарихқа жөн болса, қара қыпшақ, пен әз Жәнібек қазағы Қобыланды үшін араз болған көрінеді. Қобыландының атысқаны Қызылбас та, қалмақ та болмай, Жәнібектің жұрты Арғын һәм өзге қазақтар болып жүрмесін.

Қобыланды жырындағы қалмақ ханы Қазан Жошыдан тәрт-ак ата төмен. Бұл Қобыландыдан бұрын болған. Қазіргі Түркияның ескі патшасы Фисман мен замандас. Фисман 1299 жылы патша болған. Шыңғыс ұлы Толиға алты ата, орысты алған тағы екінші Қазан хан бар. Бұда Қобыландыға замадас болатын көрінбейді. Қобыландыны Қазанмен соғыстырып қойса керек. Шағатай ұлысында Шағатайға алты ата бір Қазақ хан болған. Бұл 1332-інші жылы тахқа отырды. Бұл мықты хатты жұртқа зәбірлі болған. Шағатай ұлысын жалғыз қаратып алам деп, көп жиад қылған. Шағатай, Жошы ұлысы жанжалсыз болған емес. Қыпшақ Жошы ұлысында, Қобыланды мен соғысқан Қазан хан осы болуы ықтимал. Бұл Қазан оғат 1347 жылы.¹

Едігеге 5 ата Едігө жырында бір Алшағыр бар. Бұ да Қобыландыға замандас болатын емес.

*Қазан басты қара дәу
Шығып еді қаладан,
Орақ алып тастады,
Жүзден Тайлай батыр.
Шығып еді қаладан,
Караман алып тастады.
Берен тонның жагасы
Көбікті ханның баласы.²*

¹ Қара: Шәкәрім шежіресі, 81-бет.

² Қара: Ш.шежіресі, 91-бет.

Бір Орақ ана жоғары Алшагырдың баласы Едіге нәсілі. Өзбек хан Орақ батырды Меккеге жіберіп, молла аударған деседі. Бұл Орақ Қобыландаға заманда болмас. Өзбек зан болған 1310 жылы, оғат болған 1340 жылы. Онан басқа, өз алдына жыры бар қарауыл Орақ батыр болған. Бұл орысқа тұтқын болып 10 жыл жатыпты. Бұл да Қобыландаған көп соң болса керек: Қобыланда заманында орыс қазақ батырын үстап отыра алмайтын.³

Ана «Қазан басты қара дәү» сөзге қос-атқа алған ертеғідегі қара дәү болар. Амантай, Тайлақ ағайынды екі батыр, жау қырғыз XIX ғасырда болған, руы Саяқ. Бұл да ақын қосымшасы көрінеді.

Жыр басында Көбікті қалмақ еді. Енді хан болып тұр. Ногай жұртының ханы Кәкітай асы деген бір жыр бар. Мұны Шоқан орысша жазған. Қобыланда жырындағы Көбікті хан осы Кәкітай хан болмасын. Бұл Кәкітай жыры жау қырғыз айтатын «Манас» жырының бір тарауы.

*Көбікті мінген тарлан ат,
Жамандатқыр сол көк ат (43-бет).*

*Айналайын Қарлыға,
Жер астына бір тұсер.
Бұл белдінің барлығы
Қайысқан болат сынғандай,
Асқан коңіл тынғандай.
Екі белде әкелдім,
Берсем сені күйеуге.
Бала жетім қылғандай (46-бет).*

Ана Манас тарауы. Ал енді, Кәкітай асы жырында Кәкітай ханының мінген шатырлай боз ат. Кәкітай ханының қызының аты да Қарлығаш.⁴

Жоғарыда жазғанымнан анық болар: «Қобыланда» ақын қосқан тарихқа тұра келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына файдалы сөз Қобыланда да аз көрінеді.

³ Қара: «Түрік, татар тарихы» Ахмед Заки.

⁴ «Қобыланда», 75-бет.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Қобыланды батыр Ақжолға тұстас болса, оның жорықтары XV ғасырда болған. Жақсы көркем жырда сол уақыттағы қазақтың болмыс-салты көрініп тұруға лайық. Тарихтың сарын жолы екі бөлінген: бір бөлек тарихтың файдаланғаны соғыс істері. Біздің қазақ әлеттін тарих осы. Шәкәрім шежіресінің де малданғаны осы жол.

Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде «история культуры» дейді) файдаланғаны жүрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жүрттың сол замандағы тіккен үйінен, киғен киімінен, ұстаған аспаптарынан, сөздерінен білінеді. Анық тарих – осы екіншісі. Бұған жем нәрселер (материалдар) жақсы, шын ақындар шығарған, бұзылмаған жырларда болады.

*Дыңғырлан арба кетеді,
Аттар пыс-пыс етеді,
Фаскердің ата-анасы,
Жаңа жастау баласы
Етегіне жабысып,
Жұбарым-ай деседі.*

*Сары бұлт айналған
Сәнді шәһәр қасында
Карға шулап қонады
Согысшының қатыны.
Кимешегі басында.
Өрмек тоқып болады.*

*Қарғаның үнін есітін.
Қызарып күн батқанда
Өрмекті қатын жияды.
Байым өлді-ау деп ойлан,
Төсекке барып жатқанда
Жаңбырдаі жасын құяды¹.*

¹ Қара: Шокан кітабы, 215-бет.

Әлихан БӘКЕЙХАН

Міні, міндет тарихи файдаланатын жыр осы. Бес ауыз өлеңде жұрт салты, айнаға түскендей көрініп тұр. Жеккен арба, болдырған ат, жемтік ізден үшқан қарға, өрмек тоқыған қатын, жылғаган бала, қайғырған ару – бәрі мұнда бар. Осы жырдан бұл жерде айтылған істің қашан болғаны көрініп тұр: Шыңғыс хан жорығында һәм онан бұрынғы жорықтарда жұрт қатын, баланы алып, малды айдап, ауып жүріп соғысқан.

«Қобыландыда» бұл сияқты дәмді сөз жоқ десек, адасқан болмаймыз. «Қобыланды» кейінгі айтушының шекбісін көріпті. Бұл айтушылар өз жандарынан көп сөз қосқан. Ана қазақ ішінде белгілі «Зарқұм», «Салсал» қиссаларының жолына «Қобыландыда» сілтеп, қадірін жойған. Сөйтіп, Қобыланды батырды қисыны жоқ бос сөзбен орынсыз мақтаған.

Қыр баласы.

«Қазақ» газеті, № 126, 1915 жыл.

Самар қаласы

Әдеби сын

КАРА КЫПШАК КОБЫЛАНДЫ

(Махмұд-Сұлтан Тұяқбаев. 1914 жыл, Казан)

III

Енді кейінгі жаман айтушылар қосқан қисынсыз қоспаларға
келелік.

Көклән кемпір, Қобыланды теңгені атып түсірген соң келіп,
мұсылмандат бала екенсін деп, мұсылман болған.

*Көк есегі астында,
Шәр кітабы қойында.
Өзі хатің жолында
Есектен түсे қалады.
Қасына жақын барады.*

*Еңсе бойлы қара сарт
Етегіңіз сіздердің
Өрім-өрім көрінген
Арт жагынан бұлтиып
Жаман нәрсе көрінген.*

*Көрінбе көзіме, жогал деп,
Иінге тұртпін қалады.*

Міні, мұсылманшылығы асқан өара қыпшақтың баласы ба-
тыр Қобыландының кітап артқан бабасына қылған құрметі.
Қобыланды заманында қазақ кітапқа құл емес. Қеклән кемпір-
ді ақынның өзі мұсылман қылыш отыр. Рас болмас өтірікпен
айналдырганға көнбейді, қапқа салған біздей-ақ тесіп шыға
келеді. Батыр Қобыланды өз қүшінен бөлек кімге сүйенген? Қек
есекті сартты қуып тастағаны жырдың өзін сарын жолына дәл
келеді. Сөздің расы керек болса – Қобыландыға сарт бейшара
келген жоқ еді-ау.

Құртқаның тойында қырық кез қызыл батыр Қобыланды-
мен теңге алысып ойнайды. Бұған кім нанар. Қобыланды батыр
көкпары тартып, аударысып ойнаушы емес пе еді. Теңге алысып
ойнау жаңада шыққан жоқ па¹.

Арымасын (!) деп тай бурыл ат жеміне қызыл дәрі қосып
жегізеді. Қобыланды анытқан бал² ішеді.

Қазақ атқа дәрі байлап, аштып бал ішкен бе? Бұл бергідегі
акынның жырға қосқан бал ішкен жүрттан алған жұқпасы болар.

*Жиырма төрт келген сагатта
Кірпігін қақпай, таң атты³.
Тоқсандагы әкем Тоқтарбай,
Құдыретіме тапсырдым,
Алпыстагы шешем аналық,*

*Фатимага тапсырдым.
Карындастым Карлыға,
Қараашқа тапсырдым.
Қосақ жарым қызы Құртқа,
Балуан қызыга тапсырдым (16-бет).*

^{1, 2, 3} «Қобыландыда», 4-бет.

Әлихан БӨКЕЙХАН

*Бөтөн бір жаудың елінде,
Шай қайнатып жүргенде... (17-бет).*

*Омар, Осман шаһарлар
Жиырма сезіз пайғамбар;
Қырда Хазір пайғамбар,
Суда Ілияс пайғамбар,
Ықылас атты шаш тазы,
Дем бермесең біз кеттік.
Ықылас атты шаш тазы,
Етегің жайып қагып тұр.
Көл иесі Қамбар-ай,
Жол иесі Қамбар-ай,
Қамбар өзің қолдасаң.*

* * *

Қамбар мен Үқылас шаш тазыға сыйынған жылауда Фәтима, шаһарлар, пайғамбарлар сонынан ақынның қосуы мен пайда болған болар, 24 сағатта Қобыланды заманына келе алмас.

*Ай басына мың сомнан,
Жатып жеген бейбақтар.
Білер мінген жалды атты,
Қырық мың әскер салдатты,
Түймелетіп кигендер,
Түре келіп ...генде...*

* * *

*Масақ құлақ мылтық қолында
Қара сұхар қойында
Алтынтары қолында*

* * *

*Талай төре келеді
Төсінде алтын медалі
Ішеміз деп бал алып
Шайнаймыз деп нан алып (34-35-беттер).*

Салдат, сухар, түйме, медаль, бал, шай, алтыатар – Қобыланды заманынан көп бері пайда болған нәрселер. Мұның бәрін бейшара жыршы өзінен қосып, жырдың көркем түрін бұзған.

Мұндай айтушиның өзінен қосылған Қобыланды заманының салтына үйлеспейтін, қаңғыбас қосымшалар «Қобыландыда» толып жатыр. Оның бәрін мұнда жазуға орын жоқ. «Қара қыпшақ Қобыландыны» қайта басқанда, жақсы қылып басам деген адам мына беттерді қарасын: 3 – 7, 34 – 36, 38, 40, 42, 46 – 48, 53, 55, 57 – 61, 66 – 68, 81, 73, 82.

*Азды-көпті жиган леп,
Нанның түбі иман деп,
Шетінен тістеп алады,
Коржынга батыр салады (61-бет).*

*Бурылды Құртқа көрген соң,
Омырауда он түйме,
Құртқа ағытып жіберді (68-бет).*

*Сенің атаң Тоқтарбай,
Бұтында жоқ ыстаны.
Алпыс жасар аналық,
Арқан есіп, жұн тұмін,
Алашагырдың елінде,
Құрт қайнатып жүр екен.*

*Карындастың Қарлыға,
Пияласы қолында,
Дастарқаны қарында,*

Әлихан БӨКЕЙХАН

*Белдемішесі белінде
Ботен жаудың елінде
Шай қайнатып жүр екен (54 бет).*

Тоқтар байдың кигені тері шалбар. Алшағырдың ішкені қызыз емес пе. Ат емізген Құртқада түйме бола ма? Нанның түбі иман деп айтты деп, Қоблекеме жала жапқан. Жоғарыда жазылған беттерде осындай қозы қоспай, ескі заман салтын жаңа заманға аударған сөздер толып жатыр.

*Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 127, 1915 жыл.
Самар қаласы*

Әдеби сын

КАРА ҚЫПШАК КОБЫЛАНДЫ

(Махмұд-Сұлтан Тұяқбаев. 1914 ж., Қазан.)

Енді «Қара қыпшак Қобыландыдағы» бұрынғы болмыс-салтына келейік: Тоқтар бай әулиеге ат айтып, қорасанған қой айтқан; жырда бар тоқсан құл, тоқсан нар, тоқсан төфай; Тоқтар бай тоқсанда, аналық алпыста, қырық кез қызыл батыр; қырық құн-тұн ойын. Батыр, бау салғырт, мыстан кемпірдің терісінен қырық кез қызыл батыр қанжыға қылады; Ертегінің белі шұбар аты. Міні осы сөздерде, бір жағынан ертеғі, бір жағы қазақтың қосарлап айтатын сөздері болғандықтан, бұрынғы тұрмыс-салты көрініп тұр.

Қобыландыға қыз Құртқа: «Мені берсөң де мынау биені ал!» дейді. Бұл «ат биеден, ер анадан» деген қазақ мақалына дәл.

Болмас біздің мініміз,
Жасаган ие жар болып,
Қолтығынан демесін.
Қырық шілтеп гайып піріміз,
Жүк саламын шанага,
Үй әйелім бар еді,
Ортанишысы жүкті еді,
Арнап едім мен оны
Іидегі соның балага.
Тайдың несін сұрайды.

Әлихан БӨКЕЙХАН

*Ап кете бермей далага.
Қалауымды алдым деп.
Мақтанип барсын алдында
Тоқтар сынды агага
Желіні жеткен биенің
Жақсылығы болсын иенің
Бие құлын табады,
Табанын жерге тигізбей,
Маңдайын күнге қүйгізбей,
Жақсылап Құртқа бағады.
Аяқтанып алған соң
Көк ала бие қасында
Айнала құлын шабады (7-бет).*

*Замандасым, мұңдастым,
Жасың бірге құрадасым,
Жылың бірге жылдасым,
Сен шыққан соң құрдасым.*

* * *

*Казан салған шаһарға
Сафарланып жол шықтым
Жүрмейсің бе, жолбарысым? (8-бет)*

*Корасанга қой айтып,
Шыбын жанын жана айтып.
Тілеп алған баламын,
Өкпелеме қарагым.
Түн үйқыны көрмеген,
Ақ Орданың алдында
Бұрыл атты жетелеп,
Өткізді Құртқа көлденең (14-бет).*

*Карындастым Карлыға,
Кара шашқа тапсырдым.*

*Қосақ жарым қызы Құртқа,
Балуан қызыга тапсырдым (16-бет).*

*Қысылғанда дем берсін,
Жылқыши Камбар піріміз (33-бет)*

*Бұрылымға жаптым сауыт,
Сыйынамын, Камбар дәүід! (39-бет).*

Осы жоғарыда көрсетілгендей бұрынғы қазақ түрмис-салтының, рухани мәдениетінің іісі бар өлеңдер «Қобыландының» 47, 48, 52, 53, 54, 55, 60, 64, 70 һәм 80-беттерінде бар. Осы сөздер жылды ең алғаш шығарған ақынның сөздері болар. «Қобыландыдағы» заманына үйқаспайтын жырларды, қазақ жұртының мәдениет тарихына һешбір файдасы жок өлеңдер әлті «Зарқұм», «Салсалдағы» құл жаңа надан ақындар қосқан.

*Ай бетінен кіреді,
Күн бойы сурен салады,
Койға кірді бір бөрі
Бүріскен ер қирады.
Талай қалмақ құлады,
Ел қайратын сынады.
Атысқан жау артық көп,
Кай уақытта артық көп (16-бет).*

*Толып жатқан қалмаққа
Кобылекең салды ойынды;
Кар жаудырды қабақтан,
Бір уақыттар болғанда
Жалғыз жаумен ойнады,
Жауды ерікке қоймады.
Каланың аузын қан қылды,
Кошенің аузын шаң қылды (30-31-беттер).*

Әлихан БӨКЕЙХАН

Бұл Қобыланды батырдың Қазан ханның қаласын алғанда қылған ісі. Алшағыр хан мен Көбікті ханды алғанда қылған ерліктері де осындай. Мұны жазып сөзді көбейтпелік.

*Кара аспан тауга қаратты,
Қаратып тауга ту деді,
Атылып бұрыл қүледі,
Тау мен тасты көрмеді,
Құлақ түбі термеді,
Тер шыққан соң өрледі,
Көлденең жатқан көк тасты.
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балышқтай иледі (60-бет).*

Қобыланды шапқан сайын Тайбурыл аттың өнері осы өлең мен мақталған. Жер үстінде көрінін жататын сары балшық біздің қазақ мекені – далада көп болады. Бұл жақсы өлең «Қобыланды»ны алғаш шығарған шын қазақ ақынның сөзі-ая.

*Оң қабагым тартады,
Шырагым менім келгендей,
Іінім менім тартады,
Қамқаны таңдал келгендей,
Төкымым менің тартады,
Қобыландыны көрген соң.
Кара аспанға ел көшіт,
Пары ши жорға мінгендей /?/
Жан қосағым Тоқтар шал,
Етіме қосқан қос тери¹
Бұлақ болып есімді
Жалғызым келіп енгендей.
Бір нышанын көргендей
Қуанамын мер гарып,
Көктеген қозым тигендей (64-бет).*

*Қобыландыны көрген соң
Бұлаңдаған Құртқа жан.*

*Тірі келіп есілді,
Жалғызы келіп енгендей,
Бір нышаны көргендей,
Бұлаңдаган Құртқа жан
Тура келіп иілді
Кол құсырып жиылды
Дүниедегі іңкәрім.
Бұрын жетті өзіңнен
Астыңа мінген тұлпарың
Тұлпар мініп ту алған
Тонын қанга суарған,
Кеткен жері қуарған,
Келген жері қуанған
Аман-есен келдің бе?! (69-бет)*

*Он ай жүріп көтерген,
Омыртқаны бүгілткен.
Аязды күні айналған,
Айқара есік таянған.
Бұлт күні бұралған,
Мұзды бесік таянған.
Дауысы шықса оянған (30-бет).*

Міні, осындай «тілге жеңіл, жүрекке жеңіл, теп-тегіс жұмыр келген айналасы» деген Абай сынына жанасатын өлең мынау беттерде: 7, 8, 14, 17, 20, 21, 23, 24, 25, 28, 33, 35, 37, 40, 50, 51, 56, 58, 62, 64, 66, 69, 71-74, 79, 83-84 көрінеді.

«Қазакта»: «Қобыландыны» шығарған кісі тегінде жақсы ақын екен» деген сөз осы өлеңдерге қарап айтылған болар.

*Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 128, 1915 жыл.
Самар қаласы*

Әдеби сын

КАРА КЫПШАК КОБЫЛАНЛЫ

(Махмұд-Сұлтан Тұяқбаев. 1914 жыл, Қазан.)

VI

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақының білімсіз бейшарасы.

Абай

Ауылым қонды Нұрага,

Мінген атым сұр ала...

Шаһкәрім

«Қобыландыда» жақсы өлеңдердің қосағына көп дәмсіз өлеңдер қосақталған көрінеді:

Жүк саламын шанага,

Іштегі соның балага (6-бет).

Іс тағдырга сыйылды,
Мінген аты қызылды,
Жарлының аты кез келсе,
Ұрының құрығы ұзынды (8-бет).

*Екі тоқты бір саулық
Жарамай ма қырқұга,
Жұмсады ма сіздерді
Үйдегі нашар тұлпарға? (9-бет).*

*Кентті жердің жиылса,
Үзілмейді базары;
Қаїда қалмас жігіттің
Өлгөннен соң мазары (12-бет).*

*Құс төсекті мамықты,
Арпа бидай қабықты (12-бет).*

*Қыс қыстауым қаздаптын,
Жас жайлайым жайлаптын (12-бет).*

*Мал сататын базардың
Баяғы мен безіне;
Салған жылқым тоқтайды
Арқаның сары бозына,
Құлагың сал сөзіме (16-бет).*

*Құзғі жердің шықтысы,
Бір дүшманның мықтысы (17-бет).*

*Қазып салған кең орга,
Ақ сұңқар құс түседі.
Тамақ үшін ақ торға
Торт аягым тек жорға.
Караса, емес қауысты,
...
Кырга біткен қамысты (25-бет).*

*Базарда болар ақша бөз,
Арқада болар сары көз (35-бет).*

Әлихан БӨКЕЙХАН

*Жайықтың бойы қамысты,
Бермейміз деп намысты (37-бет).*

*Заман ақыр тақалды,
Саудагер сатар бақалды (52-бет).*

*Байлар мінер дөненди,
Жарлы мінер көбенәді (54-бет).*

*Карагай кестім танымды,
Кайнаттым шекер, балымды (56-бет).*

«Ауылым қонды Нұрага, мінген атым сүр алға» осылар да дәлел болар. «Қобыландыны» қайта басқанда бұл сары ала сөздерді шығарып тастаған жөн. Бастыруши міндеттін таза атқарам деп ізденсе, сары ала сөздер мына беттерден табылады: 6, 8, 9, 11 – 13, 15-17, 20, 23 – 25, 27, 28, 32, 34, 35, 37, 39, 41, 42-44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 57, 63, 67, 68, 70, 72, 73, 74, 76, 77.

«Қобыланды» кітабы аз уақытта сатылып, өтіп кетті. Мұнан көрінеді: біздің қазакта оқушы бар болғаны. Кітап бастыруши қазақ мәтбагатын көркейтсем десе (бұл жұртқа қызмет қылам деген ерге міндет), қолға не түсті соны баса бермей, жақсы көркем қылып басуды қөздеу керек. «Қобыланды» кітабы осы күнде қазақ арасына жайылып келе жатқан «қазақ» емлесіне қарамастан, өзге бұрынғы ескі жолмен басылған. Қазақ ішіне көп таралатын кітаптардың қазақ емлесімен басылуы біздің рухани міндет жолына жақсы болар еді.

VII

«Қобыланды» кітабының сыртында батырдың сүгреті басылған. Бұл сүгрет Еуропа жолында кітаптағы жазудан алынған болады. Ер, ай суреттері жырда баяндалған болса, сүгрет кестесі түгел болмақ.

Жырда суреті баяндалған Тайбурыл ат қандай?

*Астындағы Тайбурыл
Елбек-елбек жортады,
Еріні темен салынып,
Кара терге салынып (21-бет).*

Бұл жер қазақтың «ат ерінді, ер мұрынды» деген мақалына тете-ақ қой!

*Қос құлагы тігілді
Қырга біткен қамыстай (25-бет).*

*Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей,
Сырты сұлу бұрылдың
Құмдаудан қазған көсіктей,
Қос құлагын қамишылан (28-бет).*

*Маңдайымда месі бар
Марал ішсе таусылмас (69-бет).*

*Мінүге керек қазан ат,
Белге керек шәр болат (9-бет).*

*Тайлайда тұрган Тайбурыл
Шығырышқ атып ойнайды (22-бет)*

*Кырық күнишілік шаһарды
Корсет бұз күн көзіме (23-бет).*

*Төрт аяғы көсілді,
Әбір есімдей есілді (26-бет).*

Өзі Тайбурыл, өзі қазан ат, сымдай созылатын кітаптың басындағы суретте тіпті көрінбейді. Кітаптағы ат орыстың «тяжеловоз» дейтін жүк аты; шабандагы өтіздің сәл-ақ алдында, жал-

Әлихан БӨКЕЙХАН

құйрығы құшақ айғыр. Жырдағы шын Тайбурыл азбан. Кітапта суреті салынған боз айғырдың бір де бір мүшесі, жылқылығынан басқа, Тайбурылға ұқсамайды. Суретте қараңыз, осы боз айғыр қалайна сымдай созылмақ?

*Ұзын бойлы, нұр жүзді,
Сымбат бойлы дембеліше (72-бет).*

*Коңынан найза салады
Сөйтін кегін алады.
Кобылан сынды еріңіз
Шоңқайып аттан құлады (80-бет).*

*Бірін-бірі қинауды,
Тұрайын десе қимады;
Кобылекенің асылы,
Кыз Құртқага сыймады.*

*Бұйырганын береді;
Тоқсан екі қатын жеңгесі
Ертең түсте келеді.
Жарқырап жатқан асылын
Катындар келіп көреді.*

*Көрген қатын қызықты;
Кызыққанның себебі:
Алтыннан түсі бұзықты.
Көрген қатын қызығын,
Касықпенен алады,
Денесіне салады (77-78 беттер).*

Жырдағы жазуға қарағанда Қобыланды батырдың түрі осы. Кітап бетіндегі суретте Қобылекен бір нашар бақалышы болып салынған. Қазақта мақал бар: «ат ерінді, ер мұрынды» деген. Суреттегі Қобыланды батыр мұрынан айырылып пұштиып тұр.

Орыстың үш батырын салған Васнецов шебердің картинасы бар. 5 тиынға сатылады. Осы батырлардың сүгреттеріне қарасақ,

Қобыланды батырга мінгізген боз айғыр Добринा Никитиштікі, Қобыланды батыр өзі Әлеше Поповіш, күн салып қарауы Илие Муромес көрінеді.

Бұл менің жоруым рас болса, «Қобыландыны» басқан басқарма адасқан. Бұл – ұят. Мұны мәдени жұрттарда үрлық дейді.

Кітапты қайта басқанда Қобыланды батырдың өзінің сүгретін де, атының сүгретін де жырдағы жазуға дәл қылып басу керек. Тайбурылды тяжеловоз айғырға айырбастағанға қазақ көзі үялады.

«Қара қыпшақ Қобыландыда» мынау жер-су аттар бар: Қараспан тау, Ындулы тау, Алалай һәм Сың-Сылам өзендері, Жұн тәбе, Арыс, Азұлы, Елек өзендері, Есенбай, Борсықбай, Аманбай (Тікен), Құдері, Қарадөн, Ембе Жем, Темір өзендері, Тобынғылы Нұра, Барлы-берлі, Барлы тау, Қарлы тау, Алатау, Атасу, Манаши, Құнғилі, Азұлы көл, Сары өзен, Есіл, Ақсай, Мұштан (қала) балалы тау, Жайық. Бұлар мына беттерде: 7, 21, 22, 24, 27, 28, 47, 48, 50, 71, 74.

«Қобыландыны» қайта басқанда мұндағы жер, су һәм кісі аттары әліппе тәртібімен кітаптың аяғына басылса һәм шыққанда кітаптың қайсы бетінде қайсы сөз бар екені көрсетілсе, біріншіден – кітап тәрбиелі болар еді. Екінші, бұл жырдан қазақ тарихына жем іздеген адамдарға оңай болар еді. Еуропада мұндағы кітаптар сол ретпен басылады. Ана географиески общество басқан Шоқан кітабы осылай басылған.

«Қобыланды» – қазақ тілінде тұнғыш басылған жыр. Бастырушы осы жолға тұссе, бұл ендігілерге үлгі болар еді. Жыр-өлең басу екі түрлі: бірі – ана «Зарқұм», «Салсалды» бастырушының жолы. Мұның мақсұды – оқушылардан алым алу; екінші жол – әлгі Шоқан кітабы басылған жол. Мұның көздеғені оқушы файдасы – ғылымға жол оңайлау. Ана «Зарқұм», «Салсал» баспасын орысша «макулатура», яғни бақалшы жолы дейді. Шоқан кітабы басылған жол «литература» жолы аталады.

Х. А. Кәкітай хан, Едіге жырларының Шоқан жазған қазақшасы Петерборгда географиялы обществода бар. Ондагы қазақ студенттер көшіріп алса, жақсы болар еді. Бұл екі жырдың екеуі де Шоқан жазған орысшага қарағанда көркем көрінеді.

Қыр баласы.

«Қазақ» газеті, № 129, 1915 жыл.

Самар қаласы

АЗАМАТ ЮСУФ

(Ескі Қырым сөзі. Н.Маркстен)

Күн жауып өткен сайын ескі Қырым татарлары місік иісін иіскелеуге Місік-жамұғ мәсжидінің құлаған іргесіне барады, сонда отырып бұрынғыны сөз қылады. Бұрынғы сөздің басы сол Місік-жамұғ мәсжидін салғызған Юсуф.

Кім біледі? Қашан болған ол Юсуф? Ескі Қырым салғыш атанған кезде болған ба? Онда шаһар іші толған фонтан¹. Көшеге симайтын ол заманда керуен, кел мұндалап қақпасын ашқан жүз конақхана. Онда базарда маңғаз басқан байлар; бұларға құлдық ұрып, лақтырған ақшаларын қағып алып: «Алла разы болсын, аға» деген бейшаралар. Осының ішінде кісіге тізе бүкпейтін, тастаған ақшаны қағып алмайтын, қызметі ауыр, жүк таситын біреу болады.

Қол сүйегі ақ көнілді қарайтпас. Алланың аты көгерсін!

Жүк таситын Юсуф түзу һәм тұра мінезді еді. Адамнан қорықпай, бай-кедей демей сөзін тұра айтатын. Ғұмыр керегі көз: кедейлік, байлық бірдей өтеді.

Юсуф айтатын: кен сарай, алтын қазына, мал-мұлік сендерде, бірақ таза фигыл, ақ көнілден сендер айырылғансыңдар; міні мәсжид тозып, құлағалы түр, мұны жаңғыртсандар болмай ма?

Кедейлер мұның айтқанына: «Үрас, ырас!» – дейді, байлар ашууланып: «Бізді үрететін сен кімсін? Өзің бай болсан, көрер едің», – деседі.

¹ Фонтан – аспанға суы шапшыған бұлак. Мұнданай бұлактар Қырымда көп болады. Қыр баласы.

Көзден жас ағып кетті, Юсуф аспанға қарады. Көкте періште-
ге: – Маган көп алтын керек, мәсжид саламын, кім мұқтаж болса,
соған беремін. Менің бай болғым келеді, – дейді.

Періште Юсуфтың ақкөніл айтқан сөзін жүлдиздан, күннен
жоғары алып кетті. Жаман мінезді адамдар осы Юсуфты арга-
мыс агашиның ішіндегі орга тастамақ болды. Бұл ордың сірә түбі
болса, түбінде талай адам сүйегі табылар.

Юсуф қашып базар кетті. Бір керуеннің түйешісі өліп, қыз-
меткер орны босаған еді. Бай Юсуфқа:

– Сен түйе айдай білесің бе? – деді.
– Білсем керек, – деді Юсуф.

Түйеші бол жалданды. Керуен һиндустанға кетті. Бұл жұрт-
ты есітпеген адам бар ма? Тасынан шырақтай жанған брилиант
шығады, теңіздің түбінде көз жасындағы мұлтілдеген меруерт
жатады, қарлы Алатауынан өрмекші өрмегінен нәзік жібек шы-
гады; шөп тамырының жерден сорғалы не ұжмақ key сары, не у.

Мұнда Юсуф көп жылдар жүрді, талай жерін кезді, белге
талай шықты, ылдига талай түсті.

Періште жолын жарылқап бай қазнасы өсті. Юсуф бұрынғы
қүйінше әлі. «Мұндай кісіні хұдай қайдан кез келтірді?» – деп бай
да қайран қалды.

Бір күні Юсуф байға бірін алмастан бір қап брилиант әке-
ліп берді. Байдың есіне сонда өзінің алдағыш баласы түсіп, жа-
қындарына сөйлемді: «Мен өлсем, менің барлық қазынам Юсуфті-
кі, балама түк жоқ», – дейді.

Бұл болатын іс: бүтін тірі, ертең оғат; кешегі жоқ, бүгін бар.
Юсуф тәмам қала байынан асқан бай болады. Сәлиғатқа Юсуф
жүгі келіп, мың түйенің көші шұбалып Сәлиғатқа кіргенде,
күн жұма еді. Бұл көш Юсуфтікі деғен кімнің ойында бар? Көш
мәсжидке келгенде де һәшкім мұны білмеді. «Міні мәсжид құ-
лады» деғенде де һәшкім білген емес. Тым-тырыс, үн жоқ, жұрт
құр отыра берген.

Ойға кіргенде я ұятты мойынға алғанда, тіл жоғалады. Осыны
ескеріп Юсуф сөйлемді: «Мына мәсжидке қазынамыздан берейік
та?» – деді.

Сәлиғат бектері: «Өзің бай болсан, берсейші», – десті.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Юсуф мұртынан құліп: «Юсуф беремін деген», – деді.

Сонда ғана бектер: «Ау, осы Юсуф болмасын! Керемет қын ба?» - десті.

Екінші күні жүзден қызметші келіп ескі мәсжид керегесін құлата бастады. Бұл – Юсуф ағай ісі. Юсуф әмірімен сүттей ақ тас, піл сүйегі, алтын кірпіш тақталар келіп қалды. Қырымда мұндай мәсжид болған емес. Кефеге жаңа мәсжид керегесіне салатын місік артқан кеме келді деп есіткенде жұрт Юсуфқа: «имандының ағасы» деген ат қойды.

Жауын жауып өткен сайын «Місік-жамұғ» мәсжид іргесінен жер бойымен аспанға жұпар иісі шығатын болды. Екі қыс өтіп, құрбан мейрамына мәсжид даяр болды.

Аспанмен шағылысқан ақ мұнара, алтынмен жарқыраған сұлу шатыр, форформен белдеулеген көк күмбез.

Имандының ағасы Юсуф, кел, алдымен құрбан шал! Юсуф құрбанға боз қасқасын шалып, ең бейшара жүк таситындарға берді.

Мен мәсжид саламын, маған алтын бер деп Юсуф періштеден сұраганда, өзі осылардай еді.

Юсуф көкке қарап еді, аспанда мөлдіреген ақ бұлт көрінді, мәсжид үстіне тоқтай қалып, меруерттей мөлтілдеген жауынмен құйып жіберді. Сонда мәсжидтің жақсы жұпар иісі көкіректі жарды. Жұрт Юсуф алдына тізе бұғіп: «Юсуф, сенің Сәлиғатқа патша болатын жөнін бар» – деді.

Юсуф: «Жоқ!» – деп басын шайқады, – «Хәкімшілік адам арасына ор қазады», – деді.

Ғұмыр бойы бейшара кедейлер арасында қалды. Қазынасын тәмам кедейлерге үлестіріп, өзі кедей күйінде өтті.

Жұрт халық билеген хандарды ұмытты, салтанатты билерді ұмытты, бектерді ұмытты. Юсуфты ұмытқан жоқ. Жауын жауып өткен сайын ескі Қырым татарлары Місік-жамұғ мәсжидінің орнына жиылып, жұпар иісін иіскелеп рахаттанып, иманды Юсуфты сөз қылады.

«Ескі Қырым сөздерінен» аударған Қыр баласы.

«Қазақ» газеті, № 133, 1915 жыл.

Самар қаласы

ЖҰМЫРТҚАДАЙ БИЛАЙ

(Л.Н. Толстойдан тәржіме)

Балалар ойнап жүріп, жұмыртқадай бір нәрсе тауып алады. Ортасында бидай сызығындағы сызығы бар. Түрпаты нақ бидайдай.

Бір жолаушы балалардан 5 тыныға сатып алып, қалаға апа-рып, табылмайтын нәре деп, патшага қымбатқа сатады.

Патша данышпандарын жиып сұрайды: – Бұл жұмыртқа ма, бидай ма? – деп. Данышпандар алай-бұлай алып қарайды, бірақ патшаның сұраған сөзіне жөнді жауап берे алмайды.

Терезе алдында жатқан нәрсені тауық келіп шоқып теседі.

Жұрт бидай екені біледі. Данышпандар патшага айтты: «бұл кәдімгі арыш бидай екен» деп.

Патша бидайды таң-тамаша қылып, қайда һәм қай уақытта шыққан бидай бұл, табындар деп, данышпандарға жарлық қылады.

Данышпандар ойлады-ойлады, талай кітаптарды тінгті, түк таба алмай патшага келіп айтты: біз түк таппадық; кітапта бұл туралы һеш нәрсе айтылмаған екен. Мұның жайын мұжықтан сұрау керек: – Бұл сияқты бидай қай жерде һәм қай кезде егілгенін естігендер бар ма екен? – десті.

Патша шабуыл шаптырып, кәрінің кәрісі шал мұжық тауып әкелуге бұйырды. Айтқандай шалды тауып, патшага алып келеді. Ауызда тіс жоқ, бойында күш жоқ, тәнінде ет жоқ, көз шала, құлақ мүкіс, адам сынны жоқ қурап түрған бір шал екі таяққа сүйеніп, патшага келеді.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Патша бидайды көрсетеді. Шалдың көзі шала, онды көре алмай, көргенін көріп, көрмегенін қолымен сипап қарайды.

– Ақсақал, бұл бидай қайдан шықты екен, білесіз бе? Өзің мұндай бидайды етіп көргенін бар ма? Өзің екпесең де, сатып алғаның бар ма? Қайда һәм уақытта сатылғанын білесің бе? – деп патша шалдан сүрады.

Шал құлағы мүкіс – айтқан сөздерді азар естиді, әрен түсініп, азар жауап береді.

– Жоқ, мен мұндай бидайды етіп те, орып та, кісіден сатып алып та көргенім жоқ. Сатып алған бидай мұндай ірі емес, қу шөлмек болатын. Мениң әкемнен сұрау керек: мұндай бидай қайдан шыққанын сол білмес пе екен? – дейді өлімтік шал.

Патша шалдың әкесіне кісі жібереді. Жігіттер таяғына сүйенген бір шалды патшага алып келеді. Патша бұған бидайды көрсетеді. Шалдың көзі көреді екен: бидайды алып қарайды.

– Көні, ақсақал, бұл қай жерге шыққан бидай һәм қашан шыққан бидай? Өзің етіп көргенін бар ма? Болмаса, басқа еккен адамдардан салып алып көргенің бар ма? – деп патша шалдан сүрайды.

Құлағыны азырақ мүкісі болса да, баласынан анағұрлым пысық, бойы сергек жас көрінеді.

– Жоқ, мен мұндай бидайды өмірімде еккенім жоқ, органым да жоқ, кісіден сатып алғаным да жоқ. Мен өмірімде ақша деғенді естігенім жоқ. Біздің заманымызда халық өз нанын жейтін, ашаршылық болса, бар нанын өзі көршісімен бөліп жейтін. Бұл бидай қашан һәм қай жерге шыққан бидай екенін мен біле алмадым. Біздің бидайлар осы күнгі бидайдан шығымды да, үлкен де болушы еді, бірақ нақ мұндай ірі болмайтын. Әкем айтушы еді: оның заманындағы бидайлар өте үлкен һәм шығымды болушы еді деп. Сонан сұрасаң екен, – дейді бұл шал да.

Патша шалдың әкесін шақыртады. Баладай өйнап жымпыңдаган құп-қунақ шал патшага жүгіріп келіп сәлем береді. Құлағы сап-саяу, көзі жайнаған шоқтай, сөзі судай сырғыды.

Патша бидайды шалға көрсетеді. Шал бидайды қолына алып, айналдырып қарады.

– Көп заман болды шырагымды көрмегелі, – деп шал бидайды тістеп, шайнап, – нақ өзі, – дейді.

– Айтшы, ата, қай уақытта, қай жерде мұндаидай бидай шыққан?

– Өзің егіп, өзің орып па едің мұндаидай бидайды? Жоқ, еккендерден сатып алушы ма едін? – деп патша мұнан да сұрайды.

– Менің заманымда, – дейді шал, – бұл бидай қайда болса, сонда шыққан. Менің жеп өскен наным, көршімді сыйлағаным осы бидай; менің еgetінім де, ора бастыратыным да осы бидай еді.

– Бұл бидайды, ата, өзің еgetін бе едің, жоқ, сатып алушы ма едін? – деп патша тағы қайтадан сұрады.

Шал мұртынан құлді.

– Біздің заманымызда сатқанды кім көрген? Сатқан күнә емес пе? Онда ақшаңды кім білген? Һәркімнің өз наны өзіне жетерлік болатын, – дейді шал.

– Бұл бидайды қайдагы егіндікке ектің, ол егіндік өзіндікі ме еді? – деп патша тағы сұрады.

– Менің егіндігім құдай жері. Еңбегім, терім сіңген жер менікі. Құдай жері кім еңбек сіңірсе, сонікі. Жердің менікі-сенікі болуының шарты жалғыз-ақ еңбек. Тағы да табан ақы-мандай тер менікі, сенікі болады. Жердің менікі, сенікі болуы табан ақы-мандай тер сінуінен, – деді шал.

– Тағы екі-ауыз сөзіме жауап айтшы, ата, – деп патша сұрады:

– Бұрын неге мұндаидай бидай шыққан, енді неге шықпайды? Бұл – бір. Сенің немерен екі таяқпен сүйретіліп келді; балан таяққа сүйеніп келді; сен таяқсыз келдің? Көзің шоқтай жайнап тұр, тісің түгел, пышақтай өткір, сөзің анық, бойың қунақ, кескінің жақсы, пішінің тұзу. Бұл неден мұнша екі түрлі болды? – деді.

– Адам баласы құдай көрсеткен табан еті, мандай терімен күнелткен таза жолдан шыға жабылды. Сығалағаны көрші қазынасы, көрші пұлы болды. Бұрынғылар өз табан ет, мандай теріне жалынған.

Құдай көрсеткен хак жолымен жүрген. Ендігі адам іздегені арамзалақ, көрші қазынасы, бөтеннің пұлы. Сен сұраған екі түрлі күй осыдан болған, – деді шал.

Аударған Қыр баласы.

«Қазақ» газеті, № 139, 1915 жыл.

Самар қаласы

ХАМЕЛЕОН

(А.П. Чеховтан тәржіме)

Күн ыстық, дүкен ашық, алушы жоқ. Саудагерлерді үйқы басқан. Базарда қайыршылар да жоқ. Базармен полицейский надзирател Ошумелов келе жатыр. Барымталап алған бір шелек қарақатты көтеріп, қасында городовой келеді.

– Устандар. Жіберме. Сен жексүрын, қабатын немесің гой, – деген дауысты есітті Ошумелов.

Қыңылаған ит дауысы шықты. Соның арасында үйген отыннан шығып, артына қарай-қарай ақсай басып, қашып келе жатқан итті көрді.

Итті қуып жетіп, бір кісі жығыла-шағыла аяғынан алып ұстады.

Кез ашып-жұмғанша, үйқыдан оянған саудагерлер, отыннан жиылған кіслер топталып жиылып қалды.

– Бұл немене, тақсыр. Жанжал болып қалды ма еken? – деді городовой.

Ошумелов сол жағына бұрыла басып топқа қарай тартты.

Отын үйген қақпаның алдында жиылған топқа қолын көрсетіп, тұрған адам көрінді. Шала мас. «Қолға тұстің, тонамай жібермеймін» деген түрі бетінен көрініп тұр. Бұл кісі Ошумеловке белгілі алтын зергері Хрюкин деген екен.

Топ ортасында қалтырап, дірілдеп, бір сарала күшік жатыр.

Ошумелов топты жарып кіріп келіп: «Бұ не? Кім айғайлады?» – деді.

– Тақсыр, мен келе жатыр едім, мына күшік қолды қауып алғаны. Мен кісіге тиу дегенді білмеймін; бір жеті істен қаламын,

зиянымды төлесін. Күшіктен жәбір көріп, зиян тартсын деген закон жоқ. Күшік қаба берсе, бүйтіп көрген күнің құрысын, – дейді Хрюкин.

– Жарайды, кім иті екен бұл өзі? Итті бос ұстай қалай екенин көрсетеңмін. Үкімет жарлығын орнына келтірмегендеге әкесін танытамын. Барса-келмеске жіберемін. Ыштраф салам. Елдин, кім иті екенін біл, иесін тап, протокол жаз. Бұл бәлкім құтырған ит шығар. Итті қазір өлтір. Бұл кім иті өзі? Айтындаршы! – деді Ошумелов.

Біреу тұрып: – Бұл, мен білсем, жанарап Жигалов иті болса керек, – деді.

– Жанарап Жигаловтікі дей ме? Үh, Елдин, жеңім тартшы, терлеп кеттім гой. Күн қандай ыстық, жаңбыр жауар ма екен, қайтер екен?

Мен әлі тұсінгенім жоқ, бұл күшік сені қалай қапты? Күшік биттей, сен сырғықтайсын; күшік аузы сенін қолыңа қалай жетті? Өз қолынды өзін қанатып, нәресте күшікке жаласын жауып, ақша алмақшымысың? Мен білемін сендей зағымның ойын, – деп Хрюкинге ұрыса бастайды Ошумелов. Топтан біреу тұрып: «Хрюкин жаман кісі: күшікті папироспен тұмсыққа тұртіп ырылдатты. Күшік ыза болып, қолын қауып алды», – деді.

– Өтірік айтып былжырама, соқыр. Айтқаны, қума өтірік. Тіпті корген жоқ. Тақсыр өзі біледі, кім өтірік айтпайтынын, кім құдай алдында да өтірік айтпайтынын; мен өтірік айтсам, содиа табар; содиа қолында законы бар, бұл күнде кісі бәрі құрдас... Білгілерің келсе, менің өз ағам да жандарм қызметінде...

– Үндеме, – деп Ошумелов ақыра бергенде,

– Жоқ. Бұл жандарал күшігі емес, жанарап алда мұнданай күшік жоқ. Жанарап итінің бәрі тазы, – дейді городовой Елдин.

– Ырас білесің бе?

– Ырас, тақсыр...

– Мен өзім де білемін, жанарап итінің бәрі тазы. Мынау бір жаман күшік қой. Не жүн, не кескін жоқ. Осындаидай итті жанарап ұстаушы ма еді? Сендердің ақылдарың қайда? Осы күшік Петроград я Мәскеуде көзге түссе, не болатынын білесіңдер ме? Сен, Хрюкин, бұл істі зерттемей, жай тастама! Итін бос қоя беретін мырзаларды үйрету керек, – дейді Ошумелов.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Сүй деген кезде городовой Елдин тұрып: «Кмі біледі, жана-
рал күшігі болса, болып та қалар, ит бетінде жазу бар ма? Жана-
рал қорасында осы күшікті көрген сияқты едім», – дейді.

– Эрине, солай. Бұл күшік, рас, жанаralдікі, – дейді топ ішін-
дегі біреу.

– Иш-ша. Жел соғып кетті гой. Төңайын дедім... шинелімді
әкелші, киейін. Сен, Елдин, күшікті жанаralға апар, сұра. Мен
тауып алғып жіберді дегейсің... Енді орамға шығара көрмесін.
Бұл күшік қымбат ит шығар. Кез келген шошқа тұмсыққа папи-
роспен тұртсе, нәресте шырағыма жәбір болар... Сен хайуандың қо-
лың қотерме! Өзің айыптысың.

– Е-е, Жанаral аспазшысы келеді екен, сонан сұрайық... Ей,
Прохор, бері келші. Мына күшік сендердікі ме?

– Тапқан екенсіндер. Бізде бұл сияқты ит туғалы болып көрген
емес, – дейді Прохор.

– Мұны сұраудың қажеті де жоқ. Бұл қанғыбас бұралқы ит.
Көп сөйлем, бас қатыру не керек. Қанғыбас десем, қанғыбас бо-
латын... Өлтіру керек, – дейді Ошумелов.

– Бұл біздің ит емес, біздің жанаralдың ағасының иті, – дейді
Прохор.

– Ах, Жанаralдың ағасы – Владимир Иваныш келіп пе еді?
Мен білгенім жоқ еді. Қонаққа келді ме? Апырым-ау, мен білге-
нім жоқ, – дейді Ошумелов төре...

– Қонаққа...

– Япырым-ай, туысқанын сағынған гой! Мен білген жоқ едім.
Мынау нәресте Жанаral ағасынікі ме? Тіпті жақсы болды. Қуа-
нып қалдым гой. Сен күшікті ал, қандай әдемі күшік. Әп-әп, –
деп мынаның қолын тістеп алышты, ха-ха-ха-ха. Қүшім-қүшім,
шырагым! Неге қалтырайсың? Ңешкім тимейді. Қорықпа, ырыл-
дама қарағым. Қандай сүйкімді? – дейді Ошумелов төре.

Прохор күшікті ертіп жөнелді. Хрюкин топқа құлкі болып
қала берді.

– Мен саган көрсетермін, – деп Хрюкинге жекіріп, қаһарын
тігіп, Ошумелов төре жөніне кетті.

*Аударған Қырбаласы.
«Қазақ» газеті, № 140, 1915 жыл.
Самарқаласы*

ОТ

(В.Г. Короленкодан тәржіме)

Қуандым, түнде жүріп, күн шыгар деп,

Болса да бұлт бүркеу, жел қуар деп.

Нарманбет

Құздігүні қара сүйек қараңғы түнде қайық мініп жолаушы келе жатыр едік, айналма бір тұмсықтан бір жақсы шырайлы от жылт етіп көріне кетті. Жап-жақың дәл қасымызда көрінді. Қуанып, «Ай, құдайға шүкір! Қонатын жер табылды», – дедім.

Қайықшы мойнын бұрып, иек артып отқа қарап, асықпай-саспай суды есе берді.

– Элі алыс!

Мен нанбадым. Қараңғы түннен шыққан от жап-жақын көрініп коз алдымда елестеп тұр. Сонда да қайықшы сөзі ырас болды: от алыс болып шықты. Қараңғы от сифаты сол: қараңғы түнді жығып, дәл көз алдында елестейді, арбап, жақын болып, жылы, сүйікті болып, өзіне тартады... Міні, жақын, жап-жақын, суды қүректеп бір-екі есе қасына жетіп келетін болып, зарықтырған сафар бітетін көрінеді... Сонда да алыс! Көзге тұртсө көрінбейтін түнді жарып көп-көп жүрдік. Неше қия жартас, неше қап-қараңғы шатқалаң жүзіп келіп, қайыққа қасынасып жүріп қайта кетті. Неше мәртебе түпсіз қараңғы сілкініп артта қала берді... От жап-жақын, жып-жылы, бағы орнында тұр... Қанша сафар жүргенімен, бұрынғыдай жақын да, алыс та!..

Әлихан БӨКЕЙХАН

Осы қара баран өзен, қаранды жақпар тасты зенгір тау, жылы от қайта-қайта есіме түседі. Мұнан бұрын да, сонда бұл жылы от, жалғыз мен емес, талай адамды көзге көрнекті жақындылығы мен мен мұндалап, арбаган.

Бірақ ғұмыр өзені баяғы қаранды өзінің екі қабагы арасында ағып жатыр.

Алыс... суды есіндер! Сонда, сонда ғана алдымыз өт – шырақ!

*Қазақшалаган Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 141, 1915 жыл.
Самар қаласы*

САМАТ ӨЛЕНДЕРІНЕ СЫН

Нұржанұлы Саматтың «Төңкөрісшіл» сырлы өлеңдерін оқып шықтым. Әдебиет майданында дәуірден дәуірге көшken уақытта Самат сықылды жаңа талап «ақындар» көп болады. Олардың өлеңін жете қарастырмай болмайды. Әйткені олар «менсінбейді, бойымызды өсіргісі келмейді» дегендей көніліне келеді – бір, екіншісі – олардың өлеңін сынамай жібере берсең «шілдірік» сүйік өлеңдері жас әдебиетімізді қотыр ала қойдай болдыра-ды, аздырады. Сондықтан Саматтың өлеңдерін бақайшағын шағып тәптіштеп қарауды қажет көрдім. Саматтың өлеңдерін жете қарау үшін бір кітапша жазу керек. Өлеңнің маңызыздығына қарай көп жаздым, себебі бұл сын жалғыз Саматқа емес, барлық Самат сияқтыларға сын. Тағы жалғыз Саматқа тиіп отырса, оны ол көтермек. Ол әлеуметшіл. Әлеуметшіл кесер басы мен әлеу-мет тілегі араласса соңғыға құл ғой!

Кітаптың көптігі 57 бет, өлеңдері 34, оның 11-(ге) шамаласы төңкөріске арналады тағы сондай – әйелге, махабbatқа, сұлу қызға арналады. Қалғаны ел түрмисын, табиғатты сүгіреттейді, бір-екеуі жастарға ұран сықылды...

Адамның зеректігі (талапты), нанымы, пікірі сөзінен көрінеді ғой! Иштегі сырды сөз ашып береді. Ақынның сөзін сынау – өзінсінаумен бір бас. Сондықтан Саматтың өлеңдерін сынarda мынадай сұраулар қоямын:

- 1) Самат ақын ба?
- 2) Ақын болса, төңкөріс ақыны ма? Жоқ, ескі ақын ба? Ақындық дүниесінде тұтынған жолы, бағыты бар ма?

3) Өзінен шығарып жаза ма? Еліктей ме? Тілге, сөзге ұсталығы қандай? – Осы жақтарын қарап көрейік.

Ақын деп кімді айтамыз?

Күшті ақындар өздерін көтергенде, жер-көкке сыйғызбайды, ақын – періште, ақын – пайғамбар, ақын – қазы... ақын – құдай, ақынның сөзі «құран», ақын – үгітші, тәрбиеші, өндеуші, тағы әлденедей дәріптейді. Ақындар өзін не десе ө десін, біз ақынды пайғамбар да, құдай да емес, адам деп ұғамыз. Ақын – жер жемісі, жердегі өмірдің, жердегі қатынастың, жасау қатынасының, жасау түрінің сандары. Жай адам мен ақынның айырмасы – ақынға өзгеше бір қуат (талант) бітеді. Қандай талант? Ақын жай пендедей емес, бейнемен ойлайды (мыслит образами); ақынның сезімі күшті, электрлің үшкіншіндай ұшқыр деуге болады. Оның қиялы, ойы жүйрік, шарықтаған аэропландай, кезбейтін жері жоқ. Өзгелер байқамағанды ол байқайды, көреді. Ақынның ақылы аспандай ашық, судай тұнық, тілі қүйлі орамды, көпке ұғымды, жатық болады. Жай адамның, көптің, сезсе де, ойласа да тілі жетпей, айта алмай отырганын ақын қолға ұстаратқандай айтып береді. Сондықтан ақынның сөзі елдің «қышығына» дәл тиеді де біреуден біреу қағып әкетеді. Сондықтан ақынның сөзі адамды әсерлендіреді, желіктіреді, қыздырады, жылытады, күлдіреді, тамсандырады. Сөзі әсер бере алмаса, ақынның соры болғаны, құні қаран...

Кейде ақынға бір қызулық, желік шабыт пайда болады.. Бақсыны жыны буғандай, ақынды бір күшті сезім билейді. Оның бар тамыры электрленгендей, зікір салғандай болып, бойын бір қуат кернеп кетеді. Сонды ақынның ақылы бұлттан шыққан күндей жарқырап, сонда ақынның дарынкей (?) келесі тас бұлақтың суындаиды сыйлышылап, қыранша қарап Қырымға, алды-артына қарап мұн мен зарды қолға алады. Шиыршық атады, толғанады:

Әділет пenen ақылға,
Сынатып корген-білгенін,
Білдірер алыс-жақынга.
Солардың сойле дегенін.
Ызалы жүрек, долы қол,

*Улы сия, аңы тіл
Не жазып кетсе – жайы сөл,
Жек көрсөңдер өзің бил, –*

деп суреттейді Абай ақынның шабытын. Шабыты түскенде ақынның ойы, сырты тізген меруерттей, іші жанған өрттей күйлі сөздермен төгіліп кетеді. Сондай шақта жазылған өлеңдері әсіресе күшті, рухты болып шығады.

Бұл сипаттар, әрине, күшті, ірі ақындарда болады. Жалпыла-ма өлеңшілдерде ондай шабыт, ондай қрнеп кететін «жын» бола бермейді. Жабай өлеңшілер өзін өзі зорлап, кейбірі «күштеп» отырып жазады. Сондықтан өлеңі де кісіге әсер бермейді.

Енді Саматқа келейік. Әлгідей «жын» қонған, талант дарыған ақын ба – бұйырмасын! Әлде берден соңғы ақын ба – айта көрме! «Күшешшек» ақын ба – тап сол! Неге десеніз, оның өлеңдерін оқығанда, не жүргегін, не денен, не ақылың селт етпейді. Адамға түк әсер бере алмайды. Оны оқығанда қалтықсыз, тұzsыз қара көже ішкен кісі тәрізді боласын: не бұлдыр, не теңеу жоқ. Қоғататыған бірдеме. Мінеки татып корініз:

*Бас тартпаймын халқым үшін ашындым,
Қызыл жаранды батырлыққа үйретем;
Жауыздықтың қабыргасын қүйретем,
Өзім басши, өзім герой жүректі;
Дүшпанымды атқа тағып сүйретем.*

*Луис, Максим – пулеметін даулатам,
Бетім қайтпас талайларын аунатам.
Найза согып, қылыш шауып ерлікпен,
Талайлардың қызыл қанын саулатам.*

*Әлеуметтің күні болып туамын,
Жиһангерлік ауыздарын буамын.
Еңбекшілдің қожалығын бекітін,
Антантаның ақ иттерін қуамын.*

Әлихан БӨКЕЙХАН

Коммунизм бұлты болып қуамын,
Кай тарапта залым болса, ауамын.
Күннің козін бүркеп алып шатырлап,
Жай түсіріп қайтаратын дауамын.

Төңкеріс дауылы басылып, жұрт әбден әй-жай болған соң «1922 жыл» Самат осы өлеңді жазады. Совет үкіметі ішкі-тысқы жауынан арылып, шаруа түзетуге кіріскең заманда найзасын алып шапқылап, «талайлардың қызыл қанын саулата» беруі кемінен «Донкий Хоттың» дірменмен күрескенін еске түсіреді, әсіресе анасы ауылға кетіп қалғанда, «мен де барам» деп жер тепкілеп жылаған ерке балаға үқсайды.

Самат «халқым үшін ашындым» дейді. Халықтың ішінде байы да, кедейі де бар. Төңкерішіл ақынның «халық» үшін ашынуы келіспейді. «Халық» орысша «народ» деген сөз. Ортақындарда халық жоқ – енбекшілдер бар, тап бар. Самат енбекшілдерді халық деп атаса, олақтығы.

Осы өлеңді Самат «қастық ниетім» деп, өз ниетін білдіруге жазыпты. Саматтың «Антантаның ақ иттері» түгілі ауылдағы ақ иттерін қуғаны да шын болмай ма деп қорқамын (Оны кейін көреміз). Бұл тек «аузынан түкірігі шашырап» кеткендік тағы. «Коммунизм бұлты болып жауамын» дегені – коммунизм нөсер, сұрапыл, апат сықылды, жұртқа құбыжық етіп көрсеткен болады. «Бұлтты» жұрт жақсылықтың нысаны деп көбіне-ақ жорымайды. Осы өлеңде үйлесім, күй, әсер бар ма? Не дерін білмей, аузымен орақ органдық емес пе!? Құр қу жақ пайда бере ме!?

«Езілген елге» деген өлеңінен мына бір жерін алайық:

Құ-пышықтар күнде ұнатқан,
Ескі дауын әм даулатқан,
Басыңнан қанды саулатқан
Езілген ел емес пе ең?

Өліп қалсаң, құның берілген,
Керегеге һәм керілген,
Сойлесуге бай ерінген,
Күнің бар ма едің теңескен?

Ақын осындай сөз жаза ма? Не мазмұны, не ырғағы, не үн мөлшері келмейді. Төрт аяғынан бірдей ақсап, мамырлап жатқан жоқ па?!

«Көму күйі» деген өлеңінен:

Хүкіметін кедейдің орнатып,
Байлардың жолдарын ұрлатып...
Аяқпен сұмдарды тебіңдер,
Жатыңдар жайлы болып, жолдастар!
Майданда неше күн, неше түн,
Жүрдіңдер ұйықтамай және аи...

Осындай сөздер өлең сайын ұшырап отырады. Аяқ алысын байқауға осы да жетер. Бұл өлеңдері Самат жолдасты «ақынның» ауылы алыс жатқандығын көрсетеді. Бірақ Самат – төңкерісшіл өлеңшіл шығар, Маркстің жолымен жазатын шығар? Сол жағын қарастырайық.

«Жауынгерге»

Көріп ең байлардың қорлығын,
Жеген еңбек зорлығын;
Қаныңды сорып, езіп, таптап,
Байларга жоқ қожалық.
Шын қожасы – біз кедей.
Бір кедейді өлтірсе,
Қуады соңынан жүз кедей.
Ал мылтықты, пүлеметті,
Тарс-тұрс еткіз, дүрілдем!
Дүниенің сұм байларын.
Сыйындырып дірілдем!
Ағыз қанын, шыгар жанын, аянба!
Бұз қамалды, түп-тұруа аяқда!

Осы сарынды қып, «мылтықты тарс-тұрс» елкізіп, дүрілдете береді. (19)23 жылдың ғинуарында Самат осылай «тарсылдатады».

Айқайдың, құр даурықтың дәуірі өтіңкіреп кетті. Тым болмаса үйлестіріп «дүрілдетсе» екен-ау! Онда да бір сәрі ғой!

«Төңкеріс ақыны» болғысы келген кейбір жас екі сөзінің бірінде «қыр, жой, бұлдір, қират, қанын ағыз, көзін ой...» дегенді сән көріп алған. «Қыр, жой...» десе-ақ төңкерістің бел баласы боламын деп ойлады. Бұл дұрыс емес.

Төңкерістің дер кезінде мұндай қабыргасы мұздай жабық создер – еңбекшілдерді ұндеуге керек еді. Енді ол заман өтті.

«Қыру... жою... бұлдіру...» мақсатқа жеткенше керек. Шаруаны түзете алмай жатқанда бұлдіргіштікке шақыру – аз болғанда – тентектік. Қарап отырган адамның қанын ағыза бер деп Маркс қашан айтқан!? Төңкерістен кейін де күйрете бер деген оқу жоқ. Қан майданнан біз шықтық. Енді қимылды салт-сана майданына салу керек.

Төңкеріс хазушысы болғысы келген қазақ жастарының көбі төңкерістің ішінде болып, төңкерісті басынан кешірген жоқ. Бастан кешірметен нәрсені кісі жақсы жаза алмайды. Төңкеріс жолында айдауда, байлауда, абақтыда шіріген қазақ жоқ деуге болады. Ондайда шықса 1917 жылғы Феврал төңкерісінен кейін шықты. Одан арғыны былай қойып, нағыз Октәбір төңкерісін алсақ, сол төңкерісте Керенский үкіметін құлатуға жан қиған, соғысқа шыққан қазақ қанша екен – саусақпен санағын-ақ табылар! Сондықтан тқөңкеріс қазақтың көпшілігіне қоктен түсken олжадай болды. Біздің көбіміз төңкеріске жолдан қосылған «жол бике, «көлденең жолықкан көк атты» деген сықылды төтеден қосылдық. Төңкеріске мидай араласып, қызығын да, шыжығын да бастан кешірмеген соң, «көлденеңнен қарауны» («зритель») болып отырып жазылған сөздер нағыз төңкеріс өлеңі болмайды.

Қазақ былай тұрсын, әуелі төңкерісті жасап отырган орыс жүртүнда да нағыз төңкеріс ақындары кем. Орыстың төңкерісті жырлаған ақындарын Троцкий жолдас «жолдан қосылғандар» деп атайды. Сондықтан құр «қырам... жояммен» төңкеріс ақыны бола қою қын сауда. Сондықтан Самат жолдастың даурықкан өлеңдері төңкеріс өлеңдері болмайды. Ең маңайлласқан күнде «жол бике» болады, әйтпесе о да жоқ.

Жоқ дейтінім мынау: төңкеріс ақындарында келешек тегісшілдік (социализм) тұрмысқа сенім, үміт, бойында қызу жалын, қайтпас жігер болады. Олар қорықпайды, жабырқамайды, зарламайды, сары уайым төкпейді. Күнбе-күнгі көр-жер кемшілік олардың келешекке бекіген түрлі (мұратын) идеясын жасыта алмайды. Уақытша «жолсыздықты» олар «уақытша» деп қарайды. Саматта ондай үміт, ондай сенім, ондай жігер бар ма? Келешектегі тұрмыстан хабары бар ма – аузым бармайды. Бармайтыны мынау:

Қайдан таптың жақынды,
«Бақ» бен дүние ашар жік,
Сырласқан, мұңdasқан танымды,
Досың кейде келер тік... («Абай» исі шығып тұр!)

Міне тағы:

Елді жуан билеп жүр,
Аунатып жеп илеп жүр.
Корқытып кейде сорлыны,
Жагасынан сүйреп жүр.
Бұлсыз кедей құнсыз бол,
Одан олар жеріп жүр.
Сотқа кімдер еніп жүр? –
Сонда байлар жеңіп жүр...
Кедейлер алып теңдікті,
Жогалтып, зұлмат кемдікті.
Бостандықтың сәулесі
Қай күні тегіс шашылар?
Бай, жуынды құрытып,
Бас изеуді ұмытып,
Корлықта жүрген таптардың
Кашан көзі ашылар?

1923 жыл 25 феврал. Мынай Николай заманындағы сары уайым емес пе? «Төңкерісшіл» жалынды «ақын», келешекке се-

німді «ақын» осындағы сары уайымды төге ме екен? Мынау тұңғылған кісінің сөзі. (19)23 жылдың февралында осынша тұңғыліп, төңкерістің жақсы жақтарын көре алмауга «су қаранғы» соқыр болу керек. Саматтың мына жазысына қараганда, төңкеріс қазақ еліне, қазақ түрмисінде тұқ өзгеріс кіргізбек болады. Солай ма анығында? Олай емес. Мың рет олай емес. Қазақ салт-санасында көп өзгерістер болулы.

Бұл сөздерімен Самат жолдас төңкерістен тұңғылғендігін, ашығырақ айтсақ, төңкеріске түсінбегендігін, «төңкеріс ақыны» емес, ескі зарлауық, сары уайымшыл (пессимист), үмітсіз «ақын» екенін анып береді. Төңкеріс ақыны, жоғарыда айттым: үмітшіл (оптимист) болу керек. Шамашыл, инегімпаз, тарихтың өсім заңына қол артқан үмітшіл болуы керек.

Ол аз, одан да сорақысы бар. Самат бояламын десе де бояла алмайды. Басын жасырайын десе, арты көрінеді; артын бүркесе, басы солаң ете түседі. Кейбір өлеңдерінің мазмұнын тексерсөніз – ортақшылдық пікірге қайши. Жаңа пікірдің «құр айқа-йынан» басқа көкейіне дым бармаған. Ол Николай тұсындағы «болысты» жазады:

*Мен – болыспын бақ орнаган басыма,
Ызгарлансам кім жолайды қасыма...?
Елді аралап күнде қойын сойғызам...
Елдің асы, елдің төрі менікі.
Бүркіт, тазы, байге кері менікі,
Уылжыган жас келіншек, сұлу қызы –
Кара көзді, қыпша белі менікі...*

Естерінізде болсын – (19)23 жылы жазылған, не бұл өлеңнің 23 жылы жазылғаны бекер. «Болыс» деп бұл күнгі исполкомды (атқару комитетін) жазып отырса, кеңес үкіметін дұрыс тани алмағандығы, бағалай алмағандығы. «Атын өзгерткенімен заты аяғы» деген көртартпалардың сөзі. Кеңес топтарына қаратабан кедейлерін жіберіп отырған қазақ елін түрмистың сыртына разы болып жүр, ішін өзгерткен жоқ деуге өзгерісшіл ауыз бармайды.

Тағы бір жерде айтады:

*Бай, жуанга қожа болдым,
Шокесіне байдың қонам,
Жұртты билеп бастық болам – бақ менде...*

Өкіметті қолға алғандағы еңбекшілердің арманы «бастық болу» ма екен? Мынай шіп-шикі салт-сана, елді бұрын Николайдың төрелері билесе, Самат енді кеңестің «төрелеріне» билетпек. Бұл шенқұмарлардың арманы, ортақшылдар партиясының арманы емес – еңбекшілдер қожалығы социализм түрмисіна жетуге салынған саты-көпір. Еңбекшіледердің тұпкі мақсаты – тап айырмасын жоғалту, кісіні кісігে жегізбеу, кісі қанауды тиу, «бастық болу»-ды жою. Бұл құнгі комиссардың, николайдың төресінен айырмасы болмаса, ондай «төре» еңбекшіл болып та жарытпайды. Бұл өлеңін «Бақ кімде» деп атап, Сәкен жолдас Сейфуллинге арнайды. Сәкенге «көпшік» қойғанда – осындағы өлеңмен қоя ма екен!? Сәкеннің атына «Әртел ашамыз» дегенде, қазақтарға берген жауабын «А.Қ.-дан» оқыса, Самат «сыйын» қайтып алар деп сенеміз.

Тағы жазады:

*Ел ішінде жем, түсімге,
Кулар жүр гой тасынып,
Бұзылып қаны, ар-иманы.
Араны да ашылып:
Мұраты – жемек кедейді,
«Обал болды» демейді.*

Бұл да ескі пікір. Қуларды ұялтып, обалдан қорқытып түзетуге болады деген Маркстің қай кітабында бар!? Бұл қаңғыбас қиял (утопия).

Жаңа пікірлі «Биғайша» деген әйел ескі пікірілі Кәмилаға былай ұрысады:

*...Кет әрі, байга тигің
Сенің келді ме?*

Әлихан БӨКЕЙХАН

*Ар, ұятың жоқ. Кайда?
Әйел, бостандық сол:
Таңдан бірге тиесің!
Өмірлікке алысып қол,
Өмірлік сүйесің! –*

Өлең-ақ емес пе!? Өйт деген екен-ай! Бір байға тиіп, қатып қал! Өмірінше бір адамды сүй! -деген «Қадесті» Самат жолдас ортақшыладың қай кітабынан оқыды екен?! Бұдан да ескі пікір бола ма екен?!

Еңбекшілдерді «отырықшы етеміз», өнер-ғылымга, мәдениет-ке табыстырамыз деген дәүірде қазактың мал баққан ескі тұрмысын мадақтаудың қанша жөні бар – Самат ел тұрмысын дәріптейді. Жақтылықтың бәрі елде деп зарлайды. «Бәрі де елде» деген өлеңінде: «көлдер де, төлдер де, белдер де, жаздар да, қаздар да, елде нулар да, қулар да, шулар да, тұндар де, күндер де, қыпшабелдер де – елде» деп келіп, аяғын былай бітіреді:

*Хошли иіс, пайда дәрі де елде,
Көп жасап, көпті корген кәрі де елде.
Сұлу қызы, алма мойын жас келіншек...
Ойласам, осылардың бәрі де елде.*

Түйдектеп-түйдектеп келіп «бәрі де елде» деп бір-ақ басып қалғанын көрдіңіз бе? Қалада түк жоқ! Сұлу қызы бар, алма мойын келіншегі бар елден кетуге бола ма?! Саматқа қалаға келіп «төңкеріс ақыны» болу(дың) керегі жоқ еді. Қимайтын «алма мойындар» оның ішінде жүруі гой! Төңкеріс ақыны «көпті көрген кәріні» жоқтаса, солардан ақыл сұрағысы келіп, ескілікке мойын ұсынғаны деп біл.

Самат өлеңдерінде белгілі бағыт жол, мақсат жоқ. Ескі «гой-гой»-ге жаңа «ойбай»-ды қосып-ақ малтасын езе берген. Төңкерістен бұрын да (қалай арбаны жағалағандығы көрініп тұр), төңкерістен кейін аяқ жағына «төңкерісшіл» деген сөзді қыстыра қойып, «төңкерісшіл» бола тұрмақ – оның жөні келер ме

екен?! Қыстың күні ақ, жаздың күні сұр болатын қояндай, Самат та өлеңдерінің түсін боямақ болған. Қоян төрт аяқты жануар. Оған өзін жасырын деп табиғат сый берғен. Екі аяқтылар өзін өзі бояймын деп әуреленсе де, қояндай бола алмайды. Ондайларды әдебиет «Хамелеон» дейді. Бұған дәлел қызып мынау өлеңін келтіруге болады...

«Ел жайы»

Партия өсек,
Кесек-кесек,
Елдің сіңген қанына.
Сөзді шертіп,
Байлар ертіп,
Жүрг сомдарын жанына.
Елді алмақ ойы бар.
Берерлік ат, қойы бар.
Болмастан сайлау –
Анттасып байлау,
Құдай құран айттысқан.
Байларга еріп,
Билігін беріп,
Түрлері бар қайтысқан.
«Пәленді болыс сайлаймыз»,
Дескен «Соган байлаймыз».
Ел бүлінді,
Сөзге ілінді.
Туды араздық – үштік дау.
Керді ішиң,
Бұзылды пішиң.
Баяғы дерт сандалау.
Күн бұрын ел шабысқан,
Агайын жоқ табысқан.

«Еңбекшіл табы»

*Ашилған багы
Кедейлер табы билемек.
Желіккен байға,
Жай жату қайда?
Заманы жоқ елемек.
Қүретіп жуандар сүйегін
Жіберер байлап күйегін...*

Көрдіңіздер ғой, Абайды сөз қылып, сөз қылып келіп аяқ жағына «Еңбекшіл табы» деп қыстыра қойғанын. Қалай бәлекет! «Байлар жұртты ерітіп, билікті беріп келеді» де «қүйегін байлай» қояды – «ал бәлем, тырп етші, енді көрейін!» деген кісіше. Жоқ, жолдас, соңғы еңбекшілді жанада қосып алдын! Бұрынғы өлеңін «Ағайын жоқ табысқанмен» бітетін жөні бар. Пұшпағынан сілки бастасаң, Саматтың өз ойынан инығарған бір өлеңі жоқ. Әркімге бір еліктеу, еліктеу емес-ay – ұрлау! Мінекей ұрлығының үстінен түсірейін:

Абай жазады:

Бай сейілді, бір бейілді...

Самат жазады:

Ел бұлінді, сөзге ілінді...

*Жақсыга жаны аяулы қосамын деп,
Сақтап жүр әркім бір им ырылдатып...*

(Абай)

*Сөзді шертіп, байлар ертіп,
Жүр сұмдарын жанына...*

(Самат)

Баяғы құлық бір алдау...

(Абай)

Баяғы дерт сандалау...
(Самат)

Шалап ішкен кедей мас...
(Абай)

Бұл рас қой, кедей мас қой...
(Самат)

Ант пенен тарқайды, жиылса кеңеске...
(Абай)

Болмасын сайлау, анттасып байлау...
(Самат)

Етің етке тигенде, демің тиіп сүйгенде...
(Абай)

Бетке бет, демге демің тиіп сонда...
(Самат)

Желсіз тұнде жарық ай...
Тау жаңғырығы ән қосып,
Үрген ит пен айтаққа...
(Абай)

Ыңсыз-шыңсыз өлке-сай, ауыл ояу,
Ит дауысы, естілмейді жатыр мал...
(Самат)

Кейде есер көңіл құргырың,
Махаббат ізден талпынар.
Ішем деп бейнет сусынын,
Асау жүрек алқынар...
(Абай)

Әлихан БӨКЕЙХАН

*Кейде көңіл аласүрып,
Тыныштық үйқы бермейді.
Сұлу қызға діңкесі құрып,
Сүймесе де жедейді...*

(Самат)

*Тарқат шашың жатсын жібек...
(Мажан)*

*Жібектей тарқаттырып қара шашын...
(Самат)*

*Қара-ай козің сұзіліп,
Нәзік белің үзіліп,
Аузыңдагы отыз тіс,
Меруерттейін тізіліп...*

Бұл «Қаракөз» деген әннің қайтармасы...

*Қара козің мөлдіреп,
Қара қасың керіліп,
Тізілген тісің меруерт,
Қара шашың оріліп...*

Мұны өз өлеңі қылып Самат жазады.

Саматтың үрламайтын жері жоқ. Бейсаут жатқан өлең болса, жетелей жөнеледі. Ол Сәбит Дөнентайұлынан да, Майлышынан да, Бернияздан да үрлайды. Оның бәрін жаза берудің қажеті жоқ. Әсіреле Сәкеннен үрлаған мына бір өлеңі қызық:

«Біздің сұлу»

*Біздің сұлу ашық жүзді,
Өткір тілді қара көз.
Кайда көрсөң бір мінезді,
Магыналы сөйлер сөз.*

* * *

Көрінгенге болып асық,
Сүймек түгіл күлмейді.
Жат адаммен құшақтасып,
Мен кеткенде жүрмейді...

* * *

Біздің сұлу бай қызындай,
Құр қызарған бет емес,
Сөзінде тұрап іш бұзылмай...
Меніреу арам ет емес...

* * *

Бай қызындай әм бетінде,
О да деп жақпайды.
Сыртын сылаң зейнетіне,
Тана мойнышак тақбайды...

* * *

Кылымсыған жүрт көзінше,
Кояр емес, сабаз-ай!
Сипат, сурет үзу өзінше...
Талдырмаши бел зина емес...

* * *

Бай қызындай «өзің тап» деп,
Маубастанып жатпайды...
Еңбек қылыш «Рахат-ақ» деп,
Ар-ұятын сақтайды...

Әлихан БӨКЕЙХАН

* * *

*Зердесі бар, көзі ашық
Фылым-білімнен хабардар.
Жастар менен, қатынасып,
Өнер табуга қылмас ар...*

* * *

*Біздің сұлуу жынысына,
Қызмет етпек талабы,
Берік іс пен жұмысына
Әм үлесін алады...*

Сәкен «Майлы бойын» үйіндегі женгейге арнаған ғой! «Майлы бойын» деген сөзді Самат қағып алып:

*Майлы бойын» жауыздар,
Қыла алмайды сені жар... –*

деп кетеді бір жерде.

Тегінде «еліктеу» деген нәрсе ақынға «мін» емес. Қандай күшті ақындар еліктейді. Пушкин Байронға, Лермонтов Пушкинге, Толстой да Пушкин, Гогольге еліктеген. Еліктеумен ақын жаңа түр табады, өнер табады. «Еліктеме» деп айтпаймыз. Тайдай талтүсте «ұрлау» деген кешірілмейтін қылмыс. Саматтың өз бетімен жазған, үйлестірген сөздері сорақы болып шығады: «Тосулы жібек шымылдық біз-ақ», бұл «жібек шымылдықтың»» ішінде екеуімізден басқа жан жоқ демекші болғаны.

Тағы да:

*Тұрып орнымнан қасына оның мен бардым,
Білейін деп қалы-жайын болып таң.
Мезгілінде тұрган «сұлуу» ауылын,
Сайым едің «келем» деп жүрек қаққан...*

Иә мынадай:

*Бауыр көріп алыс жатты
Ұлтшыл болмау жагында,
Боямалы бюрократты,
Болдырмай оз табында...*

Әйтпесе:

*Көкек жоқ, торгай шырламас, құстар сирек,
Сипылдан өзенде жүр топты үйрек...*

*Осындай жайсыз хал менен,
Көтеріліс, қиналыс...
Болды талай жиналыс,
Қаптан түтін...
Үйлер бүтін...
Кирады жанды, жансыз да...*

Он екі де бір нұсқа жоқ. Үйлесім, буын мөлшері осылай болған сөң тереңдік, сұлулық іздемей-ақ, жылы бүркеп, жауып қоюға да болады. Бірақ басқа уәде берген соң, аяғына індейін тексеруіміз керек. Ең маңдай(алды) таңдама өлеңдерін алайық. Ондай өлеңдері болса, 4-5, әйтпесе олары да қырық құрау:

«Жас қыздарға...»

*Тұган біздің күніміз,
Бақыттымыз, біліңіз!
Колга кітап алаїық,
Мектепке бізбен жүріңіз!
Онда өнер табамыз,
Жіберер ата-анамыз.
Оқымасақ надан бол,
Үйден шықпай қаламыз.*

Тыйылган біздің жасымыз,
Байланбас бақ пен басымыз.
Шагымызды өткізбей,
Оқылық замандасымыз.
Ғылым мен бақыт ашылар,
Ғылымсыз қор боп бас үрап.
Өмірі өтіп бейнетпен,
Кейіс коріп ашынар.
Би үйренбе, ғылым сүй!
Женілtek болма, ішке түй!
Туатын жас буынның,
Ғылымга пысып жасын ии.
Ерінбе, сәулем, ғылым біл!
Ғылым бақыт, ғылым – гул!
Адам болып жетілсек,
Сонда шаттан, сонда күл!

«Би үйренбе, женілтек болма!» дегені қай заманның пікірі?
Бұл «насихатты» ауылдағы отағасылардың айтатын жөні бар. Са-
матқа ұнамайды. Өз әкесіне арнаған мына бір таңдама өлеңінен
(үзінді) алайық:

«Бақытсыз әйелдің тұні»

Кок бұлтсыз, ай да жүзер күлімдең,
Өзен-дагы жатыр ақырын гүрілдең,
Шоқша талдың колеңкесі түсіп суга,
Көрінеді су бетінде дірілдең, –

(Өзен ақырын «гүрілдей ме» екен? Ақырын болса – сыбыр-
лайды, сылдырлайды – V.)

Осы тұні жатыр ем судың басында,
Корқыныш, қайғы жолдаста жоқ қасымда.

«Природаның» қызыгына мен батып,
Тамашалап жерін, сүнін, тасын да.

(Тұн ішінде, жападан-жалғыз су басында жатып жынды ма? – V.)

Ауыл жақтан қараңдады бір адам,
Уақыт емес жүре-тұғын тірі адам.
Таянған соң оның халін байқадым,
Әйел екен соққы жеген, жылаган.

(«Тірі адам жүрмесе», Самат неғып жүр? – V.)

Жагасына келіп судың «Уң!» дейді.
Үсті-басы бишаараның қызыл қан.
Тұрып орнымнан қасына оның мен бардым,
Білеін деп халі-жайын болдым таң!
Негіп отырсың судың келіп қасына,
Сұрайын деп келдім сениң қасыңа?
Кандай тағдыр және қандай арманмен,
Тұн ішінде шықтың үйден ашина?
Ол жылады, деді: «Тағдыр рахымсыз!
Сүйимеуші едім – күйеуім озі ақылсыз.
Жазықсыз ұрады: мен сорлымын, мен күңмін.
Білгендерге еткен ісі мақылсыз,
Күйеуім де, әкесі де жуандар.
Бай болған соң, шат болған соң бола ма ар?
Мениң сорлы жас басыма қайғының,
Жауады гой бүршагы мен және қар...

Міне осылайша «ақын» әйелмен мұндасады. Еңбекшілдер-ау!
Осы өлеңі жандарыңа жаға ма? Қазақ қызы «тағдыр рахымсыз»,
«күйеуім де, әкесі де жуандар...», «жауады гой бүршагы мен және қар...» дегенін есіттіңіз бе? Жуанды «орынсыз жерде түйреймін» деудің жөні келе ме? Жуанның басқа жауыздығы аз ба? Әр нәрсенің реті, қисыны бар гой! Төңкеріске арнап жазған өлеңдері жоғарыда келтірілген «Жауынгерлерге» деген өлеңі тәрізді

Әлихан БӨКЕЙХАН

«ауызды толтыра-толтыра» сөйлеген(індей) «қара баран» маңыз жоқ. Ең «саумал ішерлігі» бар өлеңдері осы тәрізді. Бұлардың да «балтамен шабатын» міні барлығы көрініп тұр. Бірақ Самат «болмайды»: «Похоронный марш» күйіне арнап «Көму күйі» деп тағы өлең жазады:

Өлдіңдер қашпастан өлімнен,
Қырумен жауыңды корінген.
Қып тастап жарың мен балаңды,
Сендерсің, мақсатпен көмілген.
Байлаган кедейдің қолдарын,
Шешпекке еңбегі желінген.
Арамтамақ байлардың қолынан,
Алмаққа билікті семірген...

Ішкі мазмұнын, маңызын көріп отырсыздар. Мен о жағын айтпай-ақ қояйын. Әуелі осы өлеңнің буын мөлшері келмейді. Өлеңнің әнге ылайықты белгілі буын сандары болмаса, әнге салынбайды.

Орыстың «Похоронный марш» күйіне арналған өлеңінде 11 буын мен 9 буын кезектесіп отырады. Мінекей санаыз:

«Вы жертвою пали в борьбе роковой,
В любви беззаветной к народу;
Вы отдали все, что могли за него...
За жизнь его честь и свободу...»

Саматтікі ылғи 9 буын, не 8 буын, кейін 10 буын. Анадан бір сөзді, мынадан бір сөзді жырмалап ескі пікірмен және «қара бараннатқан» жел сөзді қосып, жұрттың қараңғылығы мен, білімсіздігі мен пайдаланып көзін үқалап «төңкеріс ақыны», «енбекшілдер ақыны» бола қоямын деу – тым ұятсыздық. Мұндай адамды Еуропада «шарлатан» дейді.

Біздің әдебиетке қатысы бар азматтардың бір есінде болатын нәрсесі – шарлатандықтан сақтану! Талант біткен күшті ақын өзін еріксіз-ақ танытады. Шын күшті ақын ешкімге жағынбайды,

Әлихан БӨКЕЙХАН

жарамсақтанбайды; сезімі неге айдаса, көңілі нені тілесе – соны жазады, надан, қаранды жұртқа түзу бағыт, тура жол сілтейді.

Сонымен Самат «ақынның» өлеңдерін тексеріп, бақайшығын шаққанда, не төңкеріске, не еңбекшілдерге, не әдебиетке пайдалы сөз көре алмадым. Менен қалғаны болса, қатем бөлса, сынға шебер, қаламы жүйрік жөлдастар көрсетер.

V.

«Жас қазақ» журн., №10-13, 1924 жыл.

Мәскеу

БИ ҺӘМ БИЛІК

Біздің газетаны оқушыларға мәлім, ішкі істер министрі закон жобасын жасамақ, тәмам қазактың, Түркістан, төрт Қыр облысы һәм Бекейлік билігін өзгертпек.

Би әділ болмай, жұр оңбак емес. Қайда ілгері басқан жұртқа қарасақ, би әділ, «Қазақта» жазылған еді: Берлин судиясы Германия патшасы Вилгелімді патша жерін жалдап отырған Зостқа жығып бергені, патша сенің пікірің законнан тысқары деп.

Англия биі Берлин судиясының аржагында. Англияда Зост жұмысындағы іспен дәме қызып би алдына бармайды да. Англия биі алдында жалғыз патшасының соқа басынан бөлек адам бәрі бірдей құрдас. Лондон судиясы өлген Англия патшасы Едуардты, осы күнгі патшаның әкесі, патша емес, наследник күнінде көшеде тентектік қылдың деп 14 күн абақтыға бұйырған.

Қаңғырған биді, адасқан билікті малданып отырған жұрт, Англия биі-ай дегенде, ішкен асын жерге қояды.

Англия биі, Англия билігі бірте-бірте не заманнан бері жақсылыққа жақсылық жамалып болған. Біз орсы патшалығы жұрт қатарына кіріп, Государствени Дума шақырғанымызға сегіз-ақ жыл болады. Англия жұрты таласып-тартысып пала-та обшина, Государственни Дума алғанына 7 жұз жылдан асты. Англияда жазылған законнан, закон орнына жұрт ресім басым көп.

Закон жұрт болып жасаған жұрттың бәріне бірдей ноқта. Бұл ноқта ресімге сүйенсе, ресімнен жұрт тартынбайды, закон жұртқа жайлы саулап жүріп тұрады, жұрт қашан болса да, ресімге құл.

Жас бала, жалғыз қазақ, аяқ-табақты артқан түйеге мұрындық тақпаса, молда көнбіс бола ма, орыс протокол жазады деп, жас баласын қазақ мұрындықсыз тентек түйеге арта ма? Міне, ресімнен, ғұмыр жүзіне тысқары закон мысалы қазақтын жайын, тұрмысын білсе, түйеге мұрындық тақпай ма, өзге жақсылыққа қазақты қарқ қылғандай! Англияда «мұрындық» болмайды. Би билікті көбінесе бұрынғы өткен жақсы билер айтқан, жазылып қалған билікке сүйеніп айтады.

Билік ресімге сүйенген соң, бұл билік жұрттың бәрі құл. Англияда министрлер Государственни Думаның құлы деп «Қазаққа» жазған едім. Орыста шыгарған закон арқылы емес. Ресім арқылы жол болған. Әділ би құдайдан басқа адамнан қорықпаса болады. Әділ билік ресімге сүйенсе орнына келеді. Англия биін жұрт сыйлайды, атақты билер оқу оқитын медресені бітірген, жасы болған, ғұмырында қылған ісіде кірі жоқ кісіні би сайлаудын ешкім бекітпейді һәм бұл би ешкімнен мақтау, шен алмайды, суд тергемей орнынан түспейді. Қызметтіне алатын хақысы министрлер алатын хақыдан кем емес. Би алдында патшаның соқа басынан басқа бар адам құрдас. Англияда би болмақ зор дәреже, жұрт көніліне зор құрмет. Міне, Англия билігіне қарасақ, бұлардың әділдігі жазып шыгарған закон арқылы емес, жұрт ресімі арқылы болған.

«Ат сыры иесіне мәлім». Біз Англия емеспіз-ау! Бізге Государственни Дума арқылы шыгарған закон керек. Бізде әділ би, әділ билік ресім болса, біз күн астындағы бізді білген жұртқа құлкі болар ма еkenбіз. Біздің би жолға сүйеніп билік айтады деп бір адам айттар ма еken? Билік орнына келмесе бидің де, биліктің де қадірі кетеді. Шаншар Қазбек, Айдабол Шон, Қанжығалы Бөгенбай, найман қаракерей Қабанбай, Үйсін Төле би билердің жақсы атағы бізге қалғаны, бұл билер руының күшіне сүйеніп билігін орнына келтірген. Қазақ орысқа қараған соң бәйтге аттай, жақсы жоргадай туысынан болатын шешен, озған би жоғалды. Кім орысқа жағымтал болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы жүйрік шешен билер-ден келе жатқан аз; әділ билік жорасы жаман қарапайым тұгыр би парасына аяқасты болды. Пара беріп ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Қазақ жақсысы орыс етегінен жем жегенді зор өнер көрді. Абай жазған жақсы би мынау:

*Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілден.
Ояз шықты, сиез бар,
Лау деп, үй деп дікілден.
Сасып қалдым, күн тыгыз,
Жүрек кетті дүпілден.
Тың-тұяқ күнім сүйтсе де,
Карбаңдадым үкімден.
Старышын-биді жигыздым,
Береке қыл деп, бекін деп.
Ат жарамды, үй жақсы,
Болсын бәрің күтін деп.
Мақтанамын кісімсін.
Оязга сөзім сенімді,*

Жұрт жақсысының бір мұраты үйеzte сенімді болу. Бұл жұрт-қа әділ би, әділ билік қазына болатын не жөн бар? Осы күнгі қазақтың бінне қарап отырып біз жұрт болмаймыз; бұл адасқан би, қаңғырган билікті тұра жолға бастауга жұрт азаматы болып әдіс қылу мақсұд.

Еуропада 17 октәбір манифестінен кейін, Государственни Дума шақырылғаннан бері біздің орыс патшалығында закон жобасы Государственни Думада қаралмай, депутат көбінен бата алмай, закон деп аталмайды. Ішкі істер министрі жасап жатқан біздің би һәм билік туралы закон жобасы Гос. Думаға барып, онда бірнеше уақыт сор болып жатады. Государственни Думаның бізден басқа жұмысы да аз емес. Бізге де би һәм билік туралы закон жобасын жасау керек; біздің қазақ жұртына, тұрмысына қандай би һәм билік ыңғайлы, тыныш? Біздің қазақ жасаған закон жобасы да Государственни Думада болады, біз жіберген депутаттар арқылы бұл іске асықпай, мұхиттү ерттеймін деп жар салмай, кірісу керек: «жауды аттанып інапқан түсірмейтін, үндемей шапқан түсіретін».

Пүттап сататын балды ара зіредейден гүлден жияды. Азбын, жалғызының, білмеймін демей халық азаматы болып жиылып, ауыл-ауылға қонақта жиылмайсындар ма: сөз қылып, кеңесіп, жаманын аршып тастап жақсыны алса, би һәм билік жолы өзі қасқайып шығады. Біз ақылсыз жаман жұрт емеспіз, ақ пен қараны салыстырса, қисық пен түзуді салыстырса, ақ та, қара да, түзу де, қисық та жақсы таза көрінеді. Жақсы би, жақсы билік болғанын жаздым. Жаман би, қисық билік өзінде. Жұртқа қызмет қылатын ер болсан, міне кез болдың жақсы іске.

Би һәм билік сөзі – ұзақ сөз. Тағы неше қайта айналармен, бүгін осымен сөз қысқартайық.

*Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 48, 1914 ж.
Самар қаласы*

ҰРЫ ТЫЮ

Міне, осы декабрьде тәмам қазақ жақсысын алым сала, дау бітіре уезни қалаға жиналады, бас қосады. Әдейі бас қосуға жиылу қыын. Жұрт болып сөйлесетін сөз көп, қазақ баласы біріп тізе қосып іс қылса халық мақсұты сонда орнына барады. Әдейі сөз белгідеп бас қосуға жарамасан, кез келten бас қосқан жерде мұқтаж сөзді сейлеп, іс қылуға тырбану керек. Бізден басқа езге кем жұрт, атын атап не қылайың, осындаі кезде бас қосуды олжа қылып, осыны сылтау қылып, бұғып жүріп мақсұт ісін істеп алады. Халық ісін орнына салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылға шебер істеген әдіс керек. Тіршілік – ғұмыр белгісі, алыстаартыс, арбау, әдіс. Кім шебер болса, жалықпай, талмай ізденсе, бірігіп тізе қосып, әдіс қылса, ғұмыр бәйгесі сонікі. Торғайдың ак үрпек балапанынша ауызды ашып, біреуге жалынып-жалпая берсе, мұнан түк өнбейді. «Заманың тұлқі болса, тазы болып шалып қал» деген. Балапан болмай әдіс қыл дегені гой.

Айныққа шығып, жүріске салатын заманы жоқ, бұғып жүріп жазған соң, аз сөз көпке айналып, хат кестесі бұзылып тұр. Тұзу қалам қисайған, өткір мұжілген заман.

Жақсылар, ага-інілер, мына кез келген бас қосуда кеңеске салатын халық ісі – ұрлық.

Мал – қазына, менікі-сенікі болып мықтап бекіген жұртта ұрлық – зорлық кінә. Құранда ұрының қолын кес деген. Англияда жазулы законда ұрыны өлтір дейді. Бері келгенде адам баласына жаны ашып судьялар билігі арқылы рәсім қылып, бұл жазулы законды жеңілдеткен. Финляндияда ұрлық – зор кінә. Екі миллион жарым халықта бір ұры жоқ, есігі құлышсыз. Финлян-

дияда жолаушы жүріп ақша жоғалтсан, тапқан финн әкеліп береді. Орыс мұжығы атын ұрлаган ұрыны қолға түсірсе, ұрып өлтіреді, бұл халық рәсімі, халық мінезі. Ғұмыр, жүріс-тұрыс – қай халықты болса, қанша болса, осы халық рәсіміне құл. Ұрлық дүрілдеп жүріп тұрса, халық мақтаған, жүрт сүйген рәсімге сүйенген болады.

Біздің қазақ атысып-шабысып, үркіп-қашып жүрген жылқы ер жолдасы, су аяқ, ен бері болса тап, ары болса ру малы ғой, жүрт інабыншылықта жылқыға бір адам ие бола ала ма? Жылқы бұрын бір адамдік емес, ағайындік екен, белгісі осы күнге ескі рәсім болып тозып келді. Бай атайдының айғырын, ту биесін ұстап соғымга сойып, түяққа-түяқ деп қулынтай төлейді. Ағайының құр семіз атын ұстап мінсе кінә емес. Осы рәсімдер жылқы бір рулы елге ортақ уақыттан қалған. Ағайын жылқысын ұстап мінген, ұстап соғаннан жінішкеріп жылқы ұрлығы шыгады.

Қазақ рәсіміне салса жылқы ұрлығы зор айып емес. Жылқы ұрлығы аз айып болса, мұның артынан шудай шұбалып өзге мал ұрлығы шығады.

Біздің қазақ мұсылмандың дегенмен, құранды ұстаганмен, рәсімінен шыға алмай, ұрлыққа бата беріп отыр. Бұрынғы шабыншылық жоғалды, жылқы өзге жабайы малдың бірі болды. Ғұмыр озгерілді. Ат ұрлаган адамды өлтіретін орыс мұжығымен ауылда болдық.

III Государственни Дума ұрлыққа З жылға шейін арестантная рота деген зор абақты болатын закон шығарды. Қазақ рәсімі қанша ұрлыққа жылы-кешірім болғанмен, мұжық рәсімін, үкімет законын жүргізбей қоймайды. Енді ғұмырдың өзгерлігеннің қарай ұрлыққа әдіс қылмаса болмайды. Ақмола, Семей облысының генерал-губернаторы мұжық малы жоғалса, көрші қазақ төлесін деп жарлық қылып отыр. Нақақ талай момын ұрының «отына» жылынып отыр. Бұл тәмам қазақ атына зор кемшилік, таңба, ұят. Кейде тамақ асыраймыс деп, ақылсыз жас атымды шығарамын деп, надан ақсақал кек аламын деп ұрлық қылады. Ұрлықтан атақ та, кәсіп те, кек те табылмайды. «Ұрлық түбі – қорлық» деп, ұрлыққа халық бәйге беріп отыр. Халық бата деріп отырган, рәсім қолдаған ұрлық бір күнде жоқ болып кетпейді. Сонда да

жұрт болып әу деп, бата қылып, әділ қылып, ұрлық бұрынғы отқа табынған атамыздың дінінен мықты емес, бірте-бірте жоғалады. Халық болып бата деріп отырмаса, З жыл абақты да, мужықтың таяғы да қазақ ұрлығын жоғалта алмайды. Момынға ұрышін мал тартқызыған. Ұрлықты жоғалтпайды. Қанша айтқанмен ұрыдан момын көп халық болып, бата қылып ұрыны жасырмаса, ұрыға көленкे болмаса, ұрлық кемуге, жоғалуға себеп болады. Біздің білуімізше, ұрлыққа қылатын әдіс мынау: Бір ауылнай қауым болып, законша аульное общество, бар мадды, тым болмаса жылқыны страховать ету керек. Страхование мағынасы бұрыннан келе жатқан жақын ағайын арасындағы жылу, аза, жақын ағайын арасынан ауыстырып көп жүртқа міндет қылған. Осы бір ауылнай елден жоғалған мадды, іә жылқыны мал иесіне болып бай байша, кедей кедейше төлейді. Мысалы, жоғалған ат 50 сом болса, бір ауылнай ел 100 үй болса, бар мадды жылқыға шақса, үй басына 20 жылқылан екі мың жылқы болса, осы жоғалған ат құны жылқы басына екі тыын жарым шығын болып түседі. Малы жүз жылқыға хисап үй екі сом 50 тыын, малы он жиып, біріктіріп, құштерін қосып, серіктесіп іс қылып жатыр.

Әуелгі жолмен іс жүргізуте пұл міндетін көтерерлік қазактан байлар шықпады. Үш жылдан бері «Айқап» журналы шығып тұр, бір жылға жақын «Қазақ» газетасы шығып тұр. Бұлардың екеуінің басындағы кісілер газета мен журнал ісіне оңашалап інықпай, басы басқа қызметке байлаулы күйінде іс жүргізіп отыр. Газетаға оңашаланып шығайын десе, салмақ газетаға түседі, оны көтеретін газетада салып отырған бұлардың сомалары жоқ. Байлар жомарттық қылмады деп қарап отыруға бола ма? Екінши жолмен іс жүргізуге ойлад тұрмыз.

Қазақтың кесек сома шығарар байлары аз болғанымен аз со- масымен, адамшершілігімен серіктікке жарайтын азаматтары аз емес. Сондықтан «Азамат» серіктігін ашып, «Қазақ» газетасын мұнан былай Алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлымен жүргізбекшіміз.

«Азамат» серіктігінің мақсұты жоғарыда айтылған жүртқа керек жұмыстар. Яғни, газета, журнал шығармақ, кітаптар бастырмақ. Олардың ішінде қазіргі бас мақсұт «Қазақ» газетасының

аяғын нық бастырып жүргізіп жібермек. Онан басқаларын кезінде шамамызға қарай көрмекпіз. Серіктікке кіретін азаматтарға лайықтығымыз ер басына жұз сом. Біздің қазіргі істеп тұрған істеріміздің мәнісін түсінбейтін қара шаруа байлар көп екенін, көңілі жетсе қолы жетпейтін азаматтар да көп екенін һәм бұл серіктікке олардың біреулері түсінбетендіктен, екінші біреулері қолы қысқалықтан кіре алмағандығын білеміз. Бұлардан басқа түсінікті байлар, жұз сомға қолы қысқалық қылмайтын азаматтар қазақта аз емес. «Азамат» серіктігіне жалғыз байлықпен емес, азаматтықпен көбі кіріседі деп үміт етеміз. Жұз сомын азамат жарнасына қосқанда қолы қалтылдап, «осы ақшам қайда кетпекші» жылқыға хисап үй 25 тиын жылу ат жоғалтқан көршіге төлейді.

Остіп ұрлаган атты жұрт тартқан соң, 100 үй бәрі осы жоғалған атқа ие болып қуынны болады. Ұры осы үйдің батасынан, панасынан шығады. Егерде осы әдіс пұл болып, халық іс қылса, 100 үй ауылнай болыс мың үй болады. Бір уез қазақ ұрлықты жоқ қылса, міне ұрлық жоғалды деген осы. Бұл бір ауыл болып малды ұрлықтан қорғауға ауыл, үй иесі жиылып, законша сход жасап приговор жазып, закон жолына салып бекіттіріп алады. Мұндай жұмыс жұрт өзі іс қылса, орнына барады. Бөтен кісі қазаққа ешқайдан жақсылық артып әкелмейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр. Жұзінде бәйге алмайды. Біреуге телмірген адамнан, халықтан қосақ тұрткен жетім лақ бақытты.

«Күн шыққанша қарау көзді соқыр қылар» деген, телмірген жұртқа шығарған орыстың мақалы бар.

*Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 44, 1913 жыл.
Самар қаласы*

ДУМА ҺӘМ КАЗАК

18 февральда 1905 жылы патша ішкі министр Булыгинге жарлық қылды: «Мұнан былай жұрттыңның жақсысымен ақылдасып закон шығарамын, осы жұрт жақсысын не жолмен сайлайтын жол жаса», – деп.

Осы патша хатын рескрипти дейді. Мұны орнына келтіремін деп ішкі министр Булыгин думаға депутаттар сайлайтын жол жасады. Мұны «Утверждения государственной думы» дейді. Осы Булыгин жазған жол «6 август» жолы атанды, мұны жария қылышп шығарған патша манифесті 6 августа шыққандықтан.

Жазды күні 1905 жылы Булыгин Степной Генерал губернаторға хат жазып сұрады: біз мұнда думага жұрт жақсысын сайлап жіберетін жол жасап жатырымыз. Қазақ жұртын анайы, көшпелі, тон астында мұзы ерімейтін, мұхит қабағында ит жегіп жүрген самоед, леопардпен бірдей деп, депутат сайлауынан тысқары қылайық деп тұрмыз, сіз қазақты билеп отырсыз, біздің бұл ақылды қалай көресіз дейді. Ол кезде генерал-губернатор Сухотин еді. Бұл Омбыдағы мекеме бастығы орыстарын жиып алып, осы қазақ жұртын думадан тысқары қыламын деген Булыгин сөзі алжығандық, адасқандық дейді. Қазақ жұрты іскер, шешен, өзі он облыста, саны бес миллион, қазақ өз жайын өзі думада баян қылатын жөні бар, қазақтан думада депутат болмаса, бес миллион жұрт мақсұды жетім-жесір қалады, – дейді. Қазаққа депутат бермесе, бұл әділдіктен тысқары болады, патша рескриптине қарсы болады, – дейді.

Енді Сухотин пікіріне келсек, «Рас, қазақ самоед, леопард емес, бұлардың арасы жер мен көктің арасындағы, қазақты бұ-

лармен оттас, ошақтас қыламын деген Булыгин сөзі әшейін амалсыз себеп, қазақ жұртына депутат бермейміз деген пікір дұрыс, біздің патшаның қол астындағы жұрттың екі бөлімі орыс, қалған бір бөлімі поляк, еврей, татар, қазақ һәм өзге уақ жұрттар. Біздің ең болмаса жарымы сайлаган депутаттар жұрттың бәрін құрдас қылмақ болады, бұларға тәмәм орыс емес, жұрт сайлаған депутаттар қосылды. Өстіп думада біз орыс азда қаламыз. Осыған Караганда Булыгин сөзі дұрыс, орыс пайдасы. Қазақ ақылсыз, мылқау болса, мұның депутаты жау жаққа шыққанымен зарары аз. Қазақ ақылды, шешен болса, бұл қазақты Думадан тыскары қылу керек», – деді Сухотин жандарал.

1905 жылы жаз Булыгин һәм Сухотинді айтыстырып қоюып қарап жататын уақыт емес еді. Қарқаралы, Павлодар қазағы патшага телеграмм берді. Қол астындағы жұртқа шыгарған жақсылығынан біздің қазақты тыскары тастама, біздің қазак жұртына депутат бер, Булыгин, Сухотин адасып отыр деп. Бұл қазақ телеграмм берілген уақыт жұрт сөзі пұл-құнды уақыт, қазақ жұрты есепке алынып түрған уақыт. Граф Витте Семей облысы, Павлодар уезі, қанжығалы Рахмет Әлдебек баласына патша сagan тәнірі жарылқасын айтты деген телеграмм беретін уақыт. Булыгин һәм Сухотинді аударып тастап, «б август» жолында қазақтан депутат сайлайтын болып шықты.

Бірінші һәм екінші думада Сухотин айтқаны келіп, депутаттың көбі орыс патшалығы панасындағы жұрттың бәрін құрдас қылмақ болды. Думаның бұл пікірін біздің патшалықты билеп түрган орыс дворяны ұнатпады, бүйтіп жұрт қатарға кірсе, төрт юеліп жұртты қойдай айдал жүрген байлар пайдасынан қалатын болды.

Қазаққа депутат бермейміз дегенде Сухотин бетіне орыс ұлтының пайдасын ұстаушы еді. Елді бірінші һәм екінші думаны көрген соң байлар мұжықтан да құтылmas болды.

Себебі, бұл екі думада мұжыққа орыс дворяны жерінен жер бермек болды. Үшінші дума депутаты сайланатын жол жасағанда мұжық депутатын неше қайтара бұрынғадан азайтты. Орыс патшалығының панасындағы жұрттың әрбір жүзіне сексен бес орыс мұжыққа болады, қалған он бестің ішінде поляк, еврей,

Әлихан БӨКЕЙХАН

татар, қазақ һәм уақ жүрттар. Орыстың қаласынан «13 июнь» законымен сайланған адамдардың мұжық депутаты оннан бірі-ак, думада мұжық депутаттары қырық-елу, төрт жұз қырық екі депутат ішінде. Орыстың патшалығын арқалап асырап отырған мұжыққа мұны қылғанда аз, бытыраңқы, надан қазакты не қылсын? Думадан шығарды да тастады.

17 октябрьдегі 1905 жылдағы патша манифестінің 3 бөлімінде жазылған еді, енді мұнан былай ешбір закон думада дұрыс-талмай шықпасын деп. «Қолагаш мықты болса, киіз қазақ жерге кіреді». Үкімет орыс дворяны айтқаны қыламын деп патша манифесіне қоюсмаша «3 июнь законы» деген депутат сайлайтын жол шығарды.

Осы «3 июнь законын» дума партиялары тарқы кадет, тру-довая, рабочая закон емес, некесіз тұған шала деді.

1912 жылы қысты күні Петербургта жүрген қазақ болып, кадеттен бастап дума партиясына сендер думаға закон жобасын кіргізіндер, біздін қазаққа келер төртінші думада депутат беретін деді.

«3 июнь» законын бұзбай тұрып біз қазаққа депутат бер деп жобасын кіргізсек, бұл законды мақұлдан қазаққа да мұның жоқ-жарагын шығар деген болады. Біз тура, ақ жолдан бұрыла-мыз «сіздердің тілегінізді қылсақ» деп кадет Сібір депутаттары бізге жауап қайырды. Үкімет қазақты аныы, надан деп думадан шыгарып отырғой, қазақ «3 июнь законіне» кірем деп сұрамас, тоны су болып бара ма, қазақ өзі үкіметтен сұрасын деп думадағы депутаттар бізге ақыл айтты.

Сіне, биыл үшінші дума тарқап, төртінші дума сайланады, қазақ ақсақалы, жүрт басшысы патшадан сұрандар «бізге думаға депутаттар бер» деп. Біз әр уезге қазаққа хабар қылышп едік, жүрт болып жабыла, қаптай сұрай алмады. Нысанадан шыгарып сұраған, Романов тойы деп Ақтөбе, Орал қазағының телеграмы болмаса.

Қазақ сияқты аз, кеш жүрт мақсаты біреуге ілесіп жүріп болады ғой. Өз бетімен қазақ жол аша алмайды ғой. Граф Витте Раҳмет Әлдебек баласына патшаның телеграмын бергендер, біз-

дін қазақ орыстың түзу жолда жүргендерінің отына жылынып еді ғой.

Жоғарыда жаздым ұзын сөз, мынау ақыры үшін. 24 июньде дума Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Самарқанд, Ферғана облысының үш жылға ұстайтын ақшасын қаралды. Закон қылып шығарады. Осы қазақ облысының сметасы қаралған кеңесте қазақ пайдасын жүргіземін деңен депутаттар құлағы жоқ санырау, төртінші думаны сәулелі қылды. «Біз мұнда Петербургте отырып қазақ жұртының хал-жайын білмейміз, қазақ жерінен думада депутат болмағаны думаға закон жазғанда қиын болды. Енді мұнан былай қазақ жүрген облыстардан думаға депутат болсын» деді.

Осындаған дума тілегін думаға положениесі дейді. Өкімет думаның айтқанын қылатын болса, енді қазақ облыстан қалай қылып депутат сайлайтын закон жобасы үкімет мойнына қарыз. Бірақ біздің үкімет өз мақсаты болмаса, дума тілегін қылмайтын рәсім қылған. Думаға қазақ жұрты тағы депутат сайлайтын болса, бұл жұрт сайлаған депутаттар жүйрік, жұртқа рас қызмет қылатын болса, қазақ баласы бірігіп жұмыс қылған жол ашылар еді.

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 23, 1913 жыл.
Самар қаласы

ТӨРТІНШІ ДУМА ҺӘМ ҚАЗАК

Біздің қазақ сияқты жетім жұрт сөзі осы бюджетни пре- ниеде жылда бір-ақ сөйленіп қалады. Өткен 11 июньде Думада переселен управлениесінің шығынын қарады. Қазақтың жер туралы көріп отырған емшілігін айтып Забайкал депутаты Волков һәм Баку депутаты Жағафаров сөйлемеді.

Волков сөйлемді: «Біз Сібір депутаттары үшінші думадан бері міне жеті жыл переселен мұжыққа жер алғанда қазақтың һәм сұраттың ен жақсы жерін алып, бұларға жер қалдырмай отырысын деп зарлап келеміз; жылда біздің айтқан сөзімізді тыңдаған кісі жоқ. Қазақтың қазулы арығын, салулы бақша, еккен жонышқасын кесіп алып отыр. Қазақтың жерден қысылған белгісі міне: қазақ өзі бөтен жаққа переселен болып көше бастады. Әуелі тұрғын жұрт бүрят һәм қазақты орнықтырып, қалған жерді переселенге беретін жөн еді. Тұрғын жұртты орнықтыратын закон жобасын әлі хұқімет Думаға кіргізген жоқ. (Волковтың бұл айтқаны Қекшетау үйезі Айыртау болысынан Жиделібайсын барамын деп былтыр көшкен қырық үйлі Қарауыл). Переселен мұжыққа деп бүтінге дейін қазақты қысып, жерін алушы еді. Енді бұл переселен управление тағы бұрынғысы қазаққа аз деп, бай шаруа қылатын орысқа берем деп Үстепной крайдан (Ақмола һәм Семей облысы) жұз үшәске кесіп отыр, қайсысы 5 мың десятине, ойы бұл жерді бай орысқа көп жылға аренда (жалдауға) бермек: аяғында сол жерге байды не қылмақ. Хукіметтің былай қылғаны тұрғын жұрт қазаққа шылғи залал, енді, енді қалсын, жер кесілгенде қазаққа өз шаруасын аздырмайтын жер қалдырып кессін!»

Волков осы сөзін Дума сөзі қыламын деп Думада тас салуға тартты. Думаның көбі хүкіметке не десе, сол мақұл дейді. Волков тілегін қолдаушылар аз болды. Енді қазақты тонағанда Думадан бата алдын деп тонайды.

Баку депутаты Жағафаров Думадағы мұсылман депутаттары атынан сөйлейді: «Бізге қазақтар һәр жерден корген кемшілігін айтып хат жазады. Мұжыққа жер алғанда қазақтың бар жақсы дерін алып, қазаққа үлкен зорлық қылышп отыр. Осы зорлықты законды ғаділдік жолында деуге болмайды.

1908 жылдағы граф Пален Түркістандағы істерді тексерғенде жазған еді: «қазаққа артық жер деп қалдырығаны тастақ, тақыр, аңы, сортан жер, осы зорлыққа көніп мінез шығармай тыныш отырганы қазақтың дүниеде жоқ момындығы», – деп.

Осы сөз сенатор граф Пален сөзі: «Осы зорлықты көріп отырган жұрт хүкіметті не деп білмек? Әуелі тұрғын жұртты орнықтырып қалғанын дерге переселен мұжыққы еншілес қылу керек емес пе еді? Жақсы сөзді хүкмет біліп жатыр ма, біздің мұсылман депутаттары переселен управлениеисінің ұлғұ мекемелер не ақша бермеске тас салады», – деп Жағафаров сөзін қантарды.

Переселен бастығы Глинка сөйлемді: «Біз мұжыққа жер бергенде қазақтан артық жерді ғана береміз. Қазақты көшпелі деп есеп қылышп, жаңа закон шығарып, жер берсек, мұжыққа артық жер қалмайды. Біздің тұрғын жұртқа жер белгілеп беретін закон жобасын шығара алмай құбежектеп тұрғанымыз осы еді. Көшпелі қазаққа мәңпі ғұмырлық деп жер беруге тіпті керек емес, сол үшін қазаққа мұжықпен бірдей надел жер алсан, береміз деп едік, қазақ шығаға түскен құстай сұраныш топылдап «өз еркімен» мұжық болып жер алып жатыр.

Мұнан былай ол қазақ алған наделде хүкіметтің жұмысы жоқ», – деді турашыл Глинка бай.

Сөйтіп қазақ көшпелімін, маған мал шаруасына жер бекітіп бер десе, бұл сөзге алынбайды екен.

Себебі: бұйтіп қазаққа енші берсе, қазақ ұтып кетеді екен. Қазақ жеріне өзге телмірғен ауыздарға сыйбаға – мұше аз қалады екен. Қазақ жерінен бұларға олжа аз түседі. Қазақ өзі, отқа түскен көбелекше, барып тілеп, мұжықпен құрдас болып, көшпеймін –

мал бақпаймын деп, бұзауды арқандап бағамын деп жер алса, мұжыққа һәм өзге қазаққа жеріне телміргендерге көп олжа қалады екен?

Былай болғанда, қазақтың тілегені мұжыққа һәм өзге қазақ жеріне телміргендерге көп жер сыйбага, мүше, олжа беру емес пе? Қаптап жабыла сұранып, мал бақпаймын, көшпей ақал болып отырамын, бұзауды арқандап бағамын деп қазаққа мұжыққа ер басына он бестен надел алу керек. Осылай етсөндер, мұжыққа һәм мұжық артынан қөлеңкеше ерін жүрген орыстың байларына қазақ жерінен артық көп сыйбага жер қалады. Мен бұрын жазып едім: ер басына он бестен жер алу керек қой жеп; егерде осы он бес ішінде отырып, қазақ мұжыққа қызмет қылып, егін салып күн көретін болса.

Мұндай жер – Жетісуда, Түркістанда жонышқа еккен, бақша орнатқан, арықпен суаратын жер ғой! Өзге қазақ жерінде ер басына қазақ он бестен жер алып күн көретін жер Көкшетау, Қостанай, Ақтөбе үйеziнде қарап онда да қазақ жиһатшыл мұжықтай болса. Өзге қазақтың жер алып ел боламын дегені сорылышқа арам тер ғой!

Орал үйеzi Жымпиты һәм Шідерті болысы қала боламын деп он бестен жер алып, бұл қүнге шейін қала салуга бір тас қалаган жок, бұрынғы қалпында қазақша көшіп-конып жүр.

Жұз, неше жұз мың қазақ қала боламын деп сұранып отыр деп переселен управлениеисі 1913 жылғы сметасына жазып отыр, бұл бәрі өтірік бос сөз; қала боламын деп жер алған Орал қазағы бір тас қалаган жок деп депутаттар сөйлегенде, бұған байлар былай деп жауап қайырды: «Біз берген он бесте отырып, қазақ қала боламаса, бұл он бестің қазаққа мол болып көптік қылғанын дагы» дейді.

Осымен бюджет прениесі тұра тұрсын. Тағы біраз сөз жазалық қазақ жұрты, қазақ дерті туралы.

Төртінші Думада переселен управлениеисі кіргізген закон жобасы бар. Мұнда не жазылған? Бұл закон қазақ жерін кімге бермек? Бұрын қазақтан артық деп жерді ушәске қылып кесіп мұжыққа беруші еді. Мұжық егін салатын қара, коныр топырақ жер алынып болды.

Мұжыққа кескен жердің көбін мұжық тастақ, тақыр, шөл деп мұжық алмай жатыр.

Енді осы мұжық алмай қазакқа қалдырган жерді мал бағатын, мал шаруасын ұстаған бай орысқа жаңа закон бойынша көп жылға арендаға бермек. Біраз жыл өткен соң осы аренда деп берген жерді осы бай орыстарға мүлде өзінікі қылып бермек. Осы күні мұжық алмаған учәскені оброшина статия деп қала боламын деген қазақтың жаңында болса, оны қазақ пайдасына беруші еді. Орал оязындағы Жымпіты һәм Шідерті болысының бұрынғыдай көшіп жүргені осы еді.

Енді оброшина статия жер қазақ қолынан шығып орыс байына жабылады. Қала боламын деп он бестен жер алған сорлы қазақ оброшная статия жерден айрылғанда, сорлы болғанын көрер.

Бұл болып жатқан жаңа законның тағы бір құлаққа тағатын ыстациясы бар. Орыс байлары өзінікі қылып алатын жерді қазақ сатып алып өзінікі қылуға болмайды. Осындай жер әлде қалай қазақ баласының қолына түсе қалса, бұл жерді қазақ баласы законде көрсетілген уақытта орысқа сатады. Степной положениенің 136-статиясында: «Қазақ жүрген жерден бөтен патшалық адамы һәм християн қызметінде болмаған адам жер сатып алмасын!» деген.

Осылай айтып қазақ өз жеріне өзі бөтен патшалықтың кісісімен бірдей болмақ. Қазақ жүрген жерді кім болса сол болсын, қазақтан басқа сатып алып, сұрап алып, мирастап алып өзінікі қылмақ, жалғыз-ақ бұл жол қазаққа жоқ. Бұл жасалып жатқан жаңа закон арқылы қазақ байлары: мен де оброшная статияны арендаға аламын, сонан соң сатып алып, балама мирас қыламын десе, бұл законға қарсы болады.

Закон жүрттың бәріне бірдей болмақ, ғаділ болмақ. 1905 жылғы 17 октябрде орыс патшалығының панасындағы жүрт құрдас болмақ еді. Қазаққа құрдастықтың келгені осы дағы!..

Қыр баласы,
«Қазақ» газеті, № 19, 1913 жыл.
Самар қаласы

ЖАУАП ХАТ

Өскемен оязын қайта жазған кітабы қолыма жаңада тұсті.
Бұл жауап осымен кенже болып тұр.

1900 жылы Шербина [Щербина] есеп алған соң, енші норма жазған Леф Карловиш Шермак [Лев Карлович Чермак] еді. Бұл біздің қырға Абайдың досы жаңада опат болған Михаэлис жолымен барған кісі еді. Бұл алдына Алтай тауындағы алтын қойсаң я патша Ескендір бұлай қыл десе, ғылым жолынан, өз пікірінен қия баспайтын кісі еді.

Осы Шермак Өскемен оязында бір қазақтың үйіне 18 ірі қара, есеп қағазында «единица-лошадь», енші болса қазақ аз бас деді.

Үкімет 1908 жылы Ақмола облысын қайта жазған, мұрнын тескен тайыншадай көнбіс, Кузнетсовқа Өскемен оязының қазағының еншісін қайта шығартты. Кузнетсов байдың пікірін орнына салып, қазақты пұштитып 18 ірі қараны 12 қылды. Қазаққа қалатын жерді малға шағады, малды үштен бір есе азайтқан соң, бұл азайтқан мал сыйбағасы қазақтан артық болып, есепші тілінде «излишка», қазынага ауды.

Шермак есептегенде қазақ ұтып кеткен екен деп, қазаққа көп енші жер қалған екен деп, Кузнетсов қайта есептеп, қазаққа қалатын жердің үштен бір мүшесін қазынага алатын қылды. Бұ да қазаққа көп болды, тағы осы қазақта артық жер бар деп 1911 жылы Өскемен оязын қайта жазды.

Осы қайта есепті алған А.В. Переплетников [Переплетчиков] Өскемен оязының қазағының бір үйінде 16 ірі қара, (единица-лошадь) енші кесіп отыр. Сөйтіп осы 16 дүрыс болса, Кузнетсов есебі 12 өтірік болады. Бұл өтірікке сүйеніп қазақтан алған жер

қазынаға нақаққа кеткен болады. Үкімет өз қол астындағы жұрт-қа өтірікті жүргізгені үят. Бірақ қазақ жеріне жерік болғанда, қызаратын бет бар ма, бізде «мұның қалай» дейтін тіл бар ма?

Откен 10 жыл ішінде Өскемен оязында әрбір жұз қазақ өсіп жұз он алты болған, бір жылғы адам өсімі бір жарымнан аз артық болғаны. Жылына жұз адамға бір жарым, екі жұз адамға үш адам өсім болса, мұны халықтың ілгері басқаны деп ғылым сөйлейді. Сөйтіп біздің Өскемен найманы өскен – ілгері басқан халық дәрежесінде болды.

«Қазақ надан, қазақ көшпелі, қазақ мәдениетсіз, қазақ жоғалып кетеді, бұған жер неге керек» деп оттаған дұшман да бар. Жоғалатын халық өспейді! Қысы, жазы қыстаудан көшпейтін Өскемен найманы осы соңғы есепте 1151 үй. Бұл жүзге есеп қылсақ, әрбір жүзден алты жарымнан аз артық.

Мал шаруасымен көшіп-қонып жүрген Өскемен найманы әрбір жүзден 93-тен астам. Өскемен оязында көшуден ақсаған, сөйтсе де көшүін қоймаған жатақтықты күткен 1408 үй, әрбір жүзден 8 болады. Өскемен оязында жатақ һәм шала жатақ үй 6 да 8 әрбір жүзден 14 болады. Шербина есеп алғанда бұл екеуі әрбір жүзден он еді (оннан біраз кем).

Жатақ, осы күнгі тілімізде отырықшы, он жылда әрбір жүзден 4 үй, мұны өзге сөзben айтсақ, он жылда жұз көшпелі үйден 4 үй жатаққа айналған.

Өскемен оязының қазағын гүмыр жолыменен, мұны ғылым «эволюция» дейді, қоя берсе, көшпелі халық ақырында бір отырмақшы десек, 250 жылда бәрі жатақ болмақ. Міні эволюция жолының шабыты, жер жүзінде қанша отырган мәдени халық осы гүмырдың шабатын жолымен отырықшы болған. Бұл шабан жол қағазға жазылып, 15-тен жер белгілеп алғанға бұзылмайды. Мал бағып шаруа қылып отырған халық қағазбен 15-тен жер берілгенге егінші болып кетпейді.

Үкімет біздің қазақ халқының пайдасын ойласа, сен қазақ бір күнде мал шаруасын тастап егінші бол демейді. Шаруа қындықпен, зор шабандықпен өзгеріледі. Орыс мұжығының біздің қазақтың даласына қашып жатқаны мын жылдан бері ұстап ке-

ле жатқан жерді үшке бөліп егін салатын [мұнысы «трехполье» атанағы], шаруаны өзгерте алмаганның азабы.

Мемлекет қазакты өзінің баласының бірі қылса, қазакты осы тұрған шаруасын бұзбай орналастырап еді. Сонда қазақ неше жылда эволюция жолымен бірте-бірте отырықшы болар еді. Шаруасы мал бағу болса, 15-тен жер алғанымен мәдени болмайды.

Мынау Орынбор һәм Уфа губернелерінде 15 емес, 30 десетина ер басына қара топырақ жері бар башқұрт қала болып отырғанымен, әлі осы күні көшкен болып, мал баққан болып, егін жондеп сала алмай әуре болып отыр. Өскемен оязында жүз үйден 72 үй егін салады. Үйдің егіні 1 десетина бір ширектен астам. Егін салған әрбір жүз үйдің 79-ының егіні бір мен екі десетина арасында. Бұл найманды егін шаруасы хақында бел байлаған деп айтуга тіл бармас.

38-нөмір «Қазақта» Ғабдолкәрім жазған еді: Шаңғыстай [Шыңғыс емес, шаңғыс ағашынан аталған] болысында 9 һәм 12 ауылдың жерін біріне қала саламын деп, біріне айғыр зауыты саламын деп кесті деп, егер қазақ өзі қала болса, жерді қазақ пайдасына қалдырамыз деп.

Шербина жазғанда Шаңғыстай болысы 10 ауыл еді. 12 ауыл 9 ауылдан бөлініп болса керек. Бұл екі ауыл Жәнібек екі жазуда да 214 топта жер еншісі бір бөлімде, есеп тілінде «группа». Шербина есебінде бұл «группа» 22 бөліктегі, есеп тілінде «район» еді. Шермак есебінде бір үйге бұл «районда» 115 десетина еді.

Олай қазаққа енші берсе бұл бөліктегі Шаңғыстай, Нарым болысына 73 мың 182 десетина кем еді. Қазақ жері өзіне аз еді. Бұл 214 группа найманына өзге жерден мына жоқ жерді тауып беру керек еді. Енді жаңа жазуда Переплетников нормасымен бұл 214 группа 14 районда, қыстау жерінен 16 қарата [ірі қара маңға] 10 айға 70 десетина тағы бір ширектен астам жер керек, жайлдаудан 22 десетина тағы үш ширектен азырақ жер керек;

Бір үйлі жанға 4 десетина егін жай керек, бәрін жисақ бір үй еншісі 98 десетинадан азырақ астам болады. Осы 214- группа-ның бар қыстау жері 51 мың 649 десетина жарым, шаңырақ 1147,

бір үйге 45-ақ десетина жер келеді. Әрбір үй мұнда 54 десетина кемде отыр. Жерін алғызып отырған 9 һәм 12-нші ауылда, Шаңғыстай болысы, 250 үй, қыстау жері 14 мың 211 жарым жарым десетина. Бір үйдің пайдасындағы жер 56 десетина, бұлардың өзіне 43 десетина үй басына жетпей отыр (Устькаменогорскій уездъ. Томъ II, выпускъ I, стр. 348, 1913 г. СПб.).

Осы 14-інші районда қазақ сыбағасынан кем жер 21 мың 213 десетина. Шаңғыстай болысының қалғаны 15 районда, бұлардың сыбағадан кем жері 33 мың 14 десетина. Осы райондағы қазаққа жетпей отырған жер 54 мың 227 десетина (Устькаменогорскій уездъ. Томъ II, выпускъ II, стр. 206, 1913 г. СПб.); бұл 540-тан аса үйдің енші жері, әрбір жұз үйден 21 үйдің түк жері жоқ.

Осы найманнан жер алса, артық деп алмайды, зорлығым деп алады. 9 һәм 12-ауыл 1910 жылы мұжық пен қазақ орыс жерінен пішен сатып алып шапқан, 3500 көше шөп, бұл жылы 2001 көше шөп тағы солардан сатып алған 60 үй, 775 сом 10 тиын төлеп. Осы екі ауыл үй басына екі десетинадан артық егін салады. Өскемен оязының өзге бар қазагына қарағанда екі есе егінші. Өйткенімен бір үй де жатағы жоқ, осы егін салатын жердің әрбір жүзінен 29-ын мұжық пен қазақ орыстан сатып алып жалдап салып отыр – әрбір жұз үйдің 42-сі егін жай жал-дайды. Өстіп отырған халықта артық жер бола ма?

Не заманнан бері Шаңғыстай болысының найманы Шабамбай деген жерді жайлайды. Бұл Қытаймен шекарасындағы талас жайлай еді.

Кабинет, қалам өзінікі болған соң «менікі» қылып жазып алған. Осы Шабамбайды қайта жазған есепте 799 үй жайлайды, кабинетке ақша төлеп, жері 31 мың 368 десетина. Жері артық халық мұны қыла ма?

Осы Шабамбай, Шаңғыстай болысы 19 сентәбр 1906 жылғы патша указына сүйеп қуса, қазақ пайдасына қалатын жер-аудеймін.

9 һәм 12-ауыл законғе салып жолдасса, орысқа жер тимейді. Жолдаспай жер берсе, бұл кейінгі балалардан [ұрпақтардан] ұят, осы жер үшін жолдаспаған жігіт, жаулық салып, тезек теретін қап арқалап күн болса, құдай қосқан ісін қылғаны болады.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Осы Сарымсақты, Бұқтырма өлкесі – кәдімгі Швейцария «Әлпісі» [Альпі тауы] Мұнда 250 жылда да отырықшы жүрттың қалпымен шаруа қыла алмайды. Жер – мал жері.

Қ.Б.
«Қазақ» газеті, № 51, 1914 жыл.
Самар қаласы

ЗАЙСАН

I

Зайсан шаһарында «мектеп ғазния», «мектеп қазақия», «қыз мектебі» дейтін уш төте оку мектебі бар.

«Мектеп ғазния» – тәрбие қылуышы бай ногай Бекшонтаев. Ногай балалары оқиды, саны – 65; әпгрел аяғында тыңдатылды. Халық, байлар мұғалімдерге «тәнірі жарылғасын!» айтты. Келесі жылғы мұғалімдердің жалованиесіне (жыл хақына) 40 сомнан қосты.

«Қыз мектебі» – тәрбие қылуышы тагы сол Бекшонтаев. Діні ногай қыздары – бәрі 57, майда тыңдатылды. Бұл мектепте қыздарға үйретілген қол өнері (рукоделие) артықша көрінді. Бір айдын ішінде қыздардың емтиханға даярлап тіккен нәрселері 180 шамалы: төсек, орамал, жастыққа деп жалпақ шалып тіккен шілтерлері, кішкене балалардың байпак, бас киімдері, жана өрнекпен шалып тоқыған сағыт қантары.

Қыздардың бұл өнерін біздің байларымыз қырда біреудің қолында көрсе, не Мәскеу, не Ыстамбұлдан жасалып келген дер еді. Қайдан білсін: бойы өсіп, бұғанасы қатпаған Зайсанда оқыған қыздардың жасап шыгарғанын.

Бірақ, бұл нәрселерді қыздардың өзі-өзіне таратып жібермей мектепке өрнек (образець) қылып қалдырса, бес орынды, үлгілі бола еді.

Әлихан БӨКЕЙХАН

«Мектеп қазақия» – тәрбие қылышылары қазақ байларынан: Қыстаубай Мыңхожин, Фидаахмед Бойкин, Сұлеймен Мергенбаев, Жұніс, Хасен Танановтар, Қашқарбай һәм басқалар. Оқушы қазақ балалары – саны 76. Тындалатқан сабактары, оқығандары отырған көпті риза қылып, алғыс айтқызды. Қайтсын, жас қазақ шәкірттері, тындалатқанда, кермеде түрған аттай-ақ жайтаңдады.

Бұл күнгеше «мектеп қазақияның» бас мұғалімі Тайшын мырза Қиямбеков еді, бұл зат алдағы қыс тұрмайтын болды; орнына мұғалім Біләл мырза Бисембаев белгіленді. Мұның қолқабысшы мұғалімі Зайсанда оқыған бір жігіт.

*Арыс ұлы.
«Қазақ» газеті, № 20, 1913 ж.
Самара қаласы*

БАС ҚОСУ ТУРАСЫНДА

Бұрын қазақ бөтен жүртты шабамын деп жорыққа аттанса, хан сайланса жиылатын еді. Бұл екі себеп орыс патшалығы пасына кірген соң жоққа шықты. Бөтен жүрт шабамын десе де, пәлен төрені хан қоямын десе де, бұл жиналысқа келген ақсақалдар, билер сиезде не қылатынын үйде анықтап, илеп, пісіріп келетін. Бұл жиылысқа келген ақсақалдар, билер елінің мынаны қыл деген сөзін ұстап келетін. Осы күнгі сөзбен жазсақ, бұл жиналысқа келген ақсақал, билер, ел сайлап жіберген депутатты болатын.

Солай етіп жиылысқа қазақтың әр жерінен, әр руынан келген депутаттар әрқайсысы өз жүрттының мынаны қыл деген пісірген жарлығын алып келіп, ортаға салып, жүрттың айтқанын, тапсырғанын тәмам қазақ атынан жиылған көпке мақұлдатып аламын деп дауласатын еді.

Біз, бұл күнге Еуропа жүрттының бас қосқанына – жиылысына қарасақ, бұлардың жиылысы да, бұрынғы біздің қазақ жиылысы сияқты. Жиылысқа келетін кісілер бұл жиылыста болатын сөзді анықтап, үйінде пісіріп келеді. Жиылысқа келетін адамдар – депутаттар жүрт сайлаған не оқымысты, не жүртқа істеген ісі белгілі кісілер болады, жиылысқа барып жүрт мақсатын орнына келтіремін деген жігіттер, жүрт жиып жиылыс қылып, мынаны қыламын деп сөйлеп, қара жарыс қылады. Осы ауылдағы қара жарысты үлкен бәйгеге баратын сөз әбден сөйленіп, пісіп болады, осы жүрт мақұлдаган сөз жиылыс ортасына сал деп әр жүрт қара жарыста озғанды депутат сайлап, жиылысқа жібереді.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Әр жердегі әр рудың мақсаты, әр түрлі, мұның бірін мінеп жойып, бірін түзеп, бірін өсіріп, жұрт жігіті бас қосқан жиылыс жұрт мақсаты осы деп сөз шыгармак; бұл сөзді байламақ, сөзіміз осы деген жұрт бұл сөзді айтып тастамай, орнына салмақ, мұны іс қылмақ.

Біздің осы күнгі қазақ бас қосамын дегенде, елде, жұрт арасында не піскен соз бар? Үйінде отырып қай қазақ баласы ортасына бір ауыл болып, бір болыс болып, бір ру болып салып пісіріп отыр?

Тезек тере барсан да қап керек: жұртқа пайда қылатын жиылыс болса, қазақ баласы бас қосу оңай емес. Құр қазаққа ел сайладай, жұртқа қызмет қылмай, өз-өзінен басшы болып жүрген кісілер бір қалада бас қосса, бұл бір қысыр жиылыс, өзі оп-оңай. Бірақ бұл Петерборг бас тартатұғындаи, Петерборгқа тоғызданап ишан барған сияқты болады.

Қазақ баласы бас қосқан жиылысқа әкеліп ортага салатын, жиылыста сынға түсетін сөз ел арасында сөйленіп, жазылып, сынға алынып, іі болып пісу керек той. Біздің ел мынаны мақұлдап түр деп ел сайладап жіберген депутатты қазақ бас қосқан жиылыста дауласады. Бұл жиылыста баратын сөз не сөз екені әр жерде жұрт өзі біледі той.

Біздің бишара қазақ «жер», «жер» дегенде мұжық алған жерді қолға ала жылайды. Мұжық қазақ жеріне келмей тұрып, жерді тып-тыныш әділдікпен пайдаланып жүргендей! Мұжық һәм бұдан былай мұжықтан басқа орыс байлары алатын жер дауы тұра тұрсын. Мұның жөні бір бөлек.

Қазақ жұрт болатын болса, өз ішінде екі қазақ жер дауын құрту керек қой! Бұрын аға сұлтан уақытында қазақ жерінен оброчная статья деп жер кескен, бұл жерді біреуге жалдап, хақысын аға сұлтан беретін еді. Осы оброчная статьяны бишара соқыр аға сұлтандар өздерінің партия дүшпанының жерінен кестірді. Аға сұлтандық жоғалған күні, бұл оброчная статья бәрі қазынаға кетті. Жұрт пайдасын білсе, жұртқа қамқор боламын десе, аға сұлтандар мұны қыла ма, оброчная статья хақысымен күн көремін дейтүғын аш емес қой!

Семей оязында, Аршалы елінде 7-ауыл жұз елу дауы. Жұз үймен сайлауда жықтым деп алым-шығын ақшаның бәрін елу

үйге салады. Болыс, би ауылнай өз жағымызда деп елу үйді үрлайды; пішенін тартып шабады, жерін тартып алып, мал жаяды (қырда осы сияқты елу дауы кісісі қорлықтан басқа түк көрмейді). Сорлы болған елу дауы қазағы бұктемеде қалса, ақыл сұрай қасындағы көршілес мұжыққа барады. Мұжық бұларға ақыл береді: «Сендер, қала болып біздің болысқа жазылсандар, бұл қазақ қылып отырған кемшіліктен құтыласыңдар!» – деп, елу дауы қазағы Семей жанадаралына арыз береді, мұжық болып тәмам қазаққа мұрындық болайық; бізге жер бөліп беріп, бізді қазақ аулынан шығар деп. Жер өлшеуіш барғанда, елу үй кісісі жау қолына түстің бе деп, жұз үйдің барып, пішен, егін жайын планға салдырып алады. Мұжық қазақ жерін алмай тұрып-ақ, жер үшін осындағы бітпес дау басталған. Осы жұмысты қылып отырған жұз үй де, елу үй де қалайша жұрт болмақ, осы керейдің қылып отырған ісі әр жерде, әр елде бар емес пе?

Ақтөбе оязында, Тұздытөбе болысында мұжық боламын десек, көршілес төренің жақсы жерін аламыз деп қазақ арыз беріп қала болмақты бастап еді. Былай етіп жүріп бишара қазақ не жұрт болар!

Орал оязында жерден кемшілік көрген төленгітер мұжық боламын деп сұранып жұр, қазақ бишара, мұжық қазақ жерін алмағандығы жер туралы қылған адамшылығың қайсы?

Баймын, мықтымын деп атқа мінген жақсылар пінен шабатын жерге, егін жайға, жаз қонысқа, қыс тебінге зорлық қылады. Кемшілікте жүрген бишара сорлы жұрт бұл жақсылардың тепкісінде қор болғанша, орын беретін он бес десятина болса да ие болалық деп, мұжық боламын деп сұранып отыр. Қазақ бас қосқанда жиылдысқа іі қылып, пісіріп әкелетүғын жұрт сөзі осы қазақтың өз ішіндегі жер сөзі қайтсе, қалай қылып пайдаланса, халық, жұрт пайдасы шығады? Жерден, не қылса пішенге, арыққа, егін жайға, суатқа дауласқан дау құриды? Жұрт болып осыны кеңесу керек қой. Осы үй арасындағы жер дауына жұрт не дер?

Мұжық бір қаланың жерін жақсы, жаман, тастақ, шөл деп бірнеше бөледі, осының әр бөлегін бір сыйбага жер пайдаланады. Ер басына бұл бөлек бес-он жыл ғана тұрады, бұл уағдалы күні

Әлихан БӨКЕЙХАН

біткен соң, қайта бөледі. Себебі: өткен бес-он жылда біреу бай, біреу кедей болады, осыны теңгермек. Бір қаланың мал бағатын жері бір болады. Мұнда үй басына бағатын мал саны белгілі. Мысалы: екі ат, бір бұзаулы сиыр. Мұнан артық мал бағамын деген кісі айрықша артық қара басына алым төлейді. Оны жұрт жиылдың қылышпекітеді.

Жұрт ғаділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды. Өзін-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу, шеберлік болмайды. Орыс патшалығының адам болып отырғаны мұжықтың ғаділдігі. Орыс патшалығының бар адамының күнелтіп отырғаны мұжықтың жаһитшілдігі.

Бүгін осымен сөзді қысқартайық. Жерден басқа бас қосқандығы сөйленетүғын сөзді келер хатқа жазармын.

Қыр баласы.

«Қазақ» газеті, № 21, 1913 жыл.

Самар қаласы

ЖАУАП ХАТ

(Зейнолла Бұтандайұлына)

1899 жылғы Щербина есебінде Зейнолла Бұтандайұлының қыстауы «Қайны-бұлақ» деген жер. Бұл қыстау Зайсан қаласына 50 шақырым. Тұрган жері қызыл шілік өлкесі Тарбағатай, Сауыр, Маңырақ арқасында. Бұл Қандысу Шілікті өзеніннің басы.

Карл Риттердің «Азия» деген кітабына қарағанда, бұл өлке бұрынғы уақыттағы көл асты болады. Шілікті өлкесінің аңызы жері бұл күнде жоғалған көлден қалған, көл сүй кеткен соң, мұндағы тұз қаңсып жер ағы болған. Мұнда етін шаруасы қол емес, Шілікті – мал кіндігі. Бұл жерде Еуропаның Әлпі деген тауындағы Швейцария жұрты болса, мал шаруасын іс қылып, сиыр сауып, ірімшік қайнатып, жұні жақсы шұға болатын қой бағып дүрілдетер еді.

Зейнолла Бұтандайұлының қыстауы 9 үй, руы Бөрімбет, көп жүрт жайлайында. Щербина кітабында 24 нөмір жайлай. Мұнда жылда көшіп келіп отыратын рулар: бөрімбет, төлебай, қайқы, дәулетбай, қараша, есенғұл, жұмық; Шілікті болысынан: байбол, айтқожа, алпар; Маңырақ облысынан: бәрі 1099 шаңырақ. 54 нөмірде жылда 64 күн отырады. 29 һәм 30 «Қазақта» басылған еді, қазақтан жер алғанда, не жолмен алынатыны. Қазақта мал шаруасының сыбағасы – норма деп жеп тастан, артығын қазынаға алады. Зейнолла Бұтандайұлы ауылы мен отырған жері 36 районда. Мұнда отырған қазақ мал бағып, тымақ киіп, киіз үй тігіп бұрынғы қалпында тұрса, қазақтың шаңырағы бес бас болса, бұған 15 ірі қара тамақ асырайтын мал болады

Әлихан БӨКЕЙХАН

деп есеп қылған. Бұл 15 ірі қараның 7-і жылқы, 3-і сиыр, 1-і түйе, 30-ы қой, 2-і ешкі. Бір жылға үйірге қосылатын төл 2 құлын, 2 бұзау, 10 қозы, лақ. Мұндай үй жылына 2 жылқы, 2 сиыр, 10 қой ұстаса, мал тұяғы жетпейді.

Мұндай үйге 16-20 пұт ет керек бір жылда. Бұл бір жылға бір сиырдың еті болады. Қалған бір жылқы, бір сиыр, 10 қой базарға сатылады.

Бай қазына көбейсе, бұл қазақ һәм мұжық ісі емес, бұлар норма қамытын киіп қаңтарылып тұрады, бұларды нормага байлаап өзге бай болатын, қазына көбейтетін оты терістер артық (излиинки) деп жер алады.

36 районда бір қараға бір айға 3 ширек деястина деп есеп қылған, 12 айға бір қарага 9 десятина жер келеді. Нормага нокталанған қазақтың 15 қарасына бір жылға 135 десятина жер керек. Зейнолла Бұтанбай баласының 9 үйіне 1215 десятина жер норма – сыбағасы болады. Бұл 9 үй отырган 54 жайлауы 14 мың 210 десятинв болса керек. (Зайсан уезі деғен Щербина кітабында 1 мың 421 десятина, бұл жаңылыс болуга лайық, жоғарыда көрсетілген 174 бет). Бұл есептен 54 жайлау Зейнолла Бұтанбайұлының аулының гана пайдасында болса, 995 десятина нормадан артық болады.

Жоғарыда жазып едім, 54 жайлауға әр атадан 1 мың 99 үй жаулагал келіп, 64 күн отырады деп. Мұнда бір қараға 3 ширек деястина бір айға деп есеп қылған. 1 мың 99 үйге 54 нөмірден 26 мың 376 десятина жер керек. 54 жайлаудың бар жері 14 мың 210 десятина, мұнан 9 үй Зейнолла Бұтанбайұлының қыстауынан нормалы жері 1 мың 215 десятинасын алсақ, қалғаны 12 мың 995 десятина болады. Бұл 1 мың 99 үй сыбағасы 26 мың 376 десятина ішінде кетеді. Себебі, жайлап келетін 1 мың 99 үй норма сыбағасы, бұларға тағы 13381 десятина бір жақтан кесіне берсе толады. (Баяғы көрсетілген 184-бетте бұларға жайлауға 22 мың 420 десятина жетпейді деғен, бұл жаңылыс болса керек, хатта басылған).

Закон жолына салса, 54 жайлауда артық жер жоқ. Мұнда күнелтіп жүрген қазаққа норма жолымен 13 мың 381 десятина жер сыбаға керек. 54 жайлаудан қазынаға жер алынбайды.

«Балуан алып та жығады, шалып та жығады» дегендей, күшке салса, онысын өзі біледі.

Шілікті болысындағы 4 ауыл Бөрімбеттің қалған 16 қыстау 55 жайлаумен бөлікtes. Осы қыстау жерінде 19 мың 332 десятина нормадан артық дер бар. Зейнолла Бұтанбайұлының алдырып отырган жалшы шілігі 144 номірдегі қыстау жерінде болса, 9 июнь 1909 жылға Министрлер Советінің насиҳат бүйрекінде сүйеніп қыстау тұрған жер – қой өрісі, көктеме, пішендік деп жолдасуға ғана болады. Бай өрысқа жер аренда берем деп қыстаудан көшіретін закон жоқ.

«Қызым, саған айтам, келінім, сен тында», қараша, қожан, саты, жұмық – Байжігіт емес пе? Бұл жалғыз Зейнолла ауылының жұмысы ма? «Қазақтын» алғашқы бір нөмірінде мұсылман депутаттарының хаты басылды. Бұлар қазақтан дәлелді сөз сұрады. Осы жер дауын Министрлер Советінің насиҳаты жолымен іздең көрген-білғенді төлемді қызып жазып мұсылман депутаттарына тапсырма, міне дәлелді сөз.

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 36, 1913 жыл.
Самар қаласы

АЛАШҚА!

Еуропа соғысы жер жүзіндегі адам баласын ұрандастырды. Азбын, көппін демей, бәрі де я қанына, я көрші намысына шауып жатыр.

Қаратаялық [қазіргі Черногория], Сербия, Балгария патшалы славян жұрттар, Босния, Герцоговина, Чех, Галитсия, Полæk бөтен патшага қараган славян жұрттары қандасы біздің Ресейге ағайындық түрінде, әдіс қылышп, қазына қосып, көмек беріп жатыр.

Белгия, Франция, Румыния, Италия – роман жұрттары қанына тартып я таяғын бірге соғып, я абыройына тілекtes болып тұр.

Италия қанына тартқандықтан, оғым Францияға тиеді деп Германиямен байласқан уәдесін бұзып, баспай қарап тұр: Румыния королі Карл Германия патшасы Вилгелімнің немере ағасы. Жұрты соңынан ерсе, Карл Германияға болысып, соғысқа баяғыда-ақ кірісетін еді. Жұрты роман болып қолын байладап тұр.

Балгария патшасы неміс, жұрты славян бұл да амалсыз Румыния королінің кебіне кейіп отыр. Австрия, Германия тефтон тұқымы болып, бірге өлемін деп, тізе қосып соғысып жатыр.

Румыния қоластындағы барша атасы басқа бұратана жұрттар – қорадан от шықты, бірігейік, үй арасындағы кемшіліктері мізді қоя тұралық деп, бізді өгей бала есебінде ұстасаң да, жау тигенде орыстың өз баласынан кейін емеспіз деп, әр халық оз алінше қазына, тілек, көмек көрсетіп жатыр.

Соғыс жолында осындағы көмек көрсетіп жатқан жұрттар: еврей (иуды), біздің ноғай бауырлар, армян, шеркес, грузин, қарайым, қалмақ, сарт.

Торғай, Орал, Астрахан қазагы Бөкейліктер болмаса, өзге жерде біздің қазақ, қазына қосып, көмек бергені білінбей тұр.

Ресей қол астында қазақтан үш арыс орыс: великорос, малорос, белорос, пөләк һәм еврей ғана көп. Адам санақсан жерде Ресейде біз 6 жұрттыз. Қазына жиылған қоры көп шаһарларды қойып, іргелі мұжық пен ауылдағы ноғай, башқұрттармен байлық салысқанда қазақ олардан көп есе қазыналы болады. Еврей, армян, ноғай, башқұрт сияқты біз солдат беріп, мемлекет үшін қан төтіп отырғанымыз жоқ. Біздің Алаш баласы, қазына қосып, соғыс туралы мемлекетке көмек беру міндег. Бұл туралы қазақтар сиез қылып жиыламыз десе, тоқтау болмас. Оязоязда сиез құрып, ат жиып ба, ақша жиып па жәрдем беру беру турасын сөйлесу керек.

Біздің ойлауымызша, былай ету: ақша көмегін переговормен үй басына салу, тұндік ақшамен бірге жиу, казнашействоға тапсыру, тапсырғанда қай орынға тиісті екендігін атау; қазақтың көмек ақшасы, біздің ойымызша, Думадағы қазақтар билетін мұсылман депутаттарының, я тарихи партия депутаттарының, яки кадет партиясының депутаттарының аттарына, «земский союздын» басындағы кінәз Георгий Евгенивиш Лвоф [Георгий Евгеньевич Львов] атына арнап казнашействоға салыну тиіс: мынау жаралыларға, мынау соғысқа кеткендердің катынбаласына деп. Ат берушілер өз жеріндегі әскер басы төрелерге тапсырса болады.

Араларында көрші отырған переселен мұжық жігіті соғысқа кетіп, шаруасы қараң қалды. Жерін жыртып, пішенін шауып, астығын тасып, малын бағып, оларға да қарасу жөн.

Соғыс бітер. Мен қан төтіп келдім, сен қазақ не қылдын дер. Сонда мынау қылған жақсылықтарың алдыңнан шыгар: «бір күн сыйлағанға қырық күн сәлем!» деген. Қай көмектер де болса астарсыз емес.

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 78, 1914 жыл.
Орынбор, Самар қалалары

ЕКІ ЖОЛ

Бұрынғы ескі тарихты оқығандар біледі: адам баласы біріне бірі өкімші де, біріне бірі құл да болған. Құранда бір ер құны екі әйел құны; кісі олтірген адам бір құлды азат қылсын дейді. Екінші қатын орнына қатын дәрежесінде әйел алмай, ат шалдыру үшін құн ал деген.

Бұрын адам баласы қазына, мал есебінде болған; біздің қазақ төрелері, атақты бас адамдары баласының қалың малына, қызының арнауына құл, құн тіркеп берген. Орыстың дворяндары да 1861 жылға дейін мұжықтарды мал есебінде, бұйым есебінде тұтынған.

Әр заманның өз рәсім, өз салты бар. Адам баласы құл кезінде салтында хұқы үшін талас-тартыс болмайды. Хұқы үшін таласу-тартысу орнында жылау болады. Бұл – бір жол.

Ғұмыр сафары қанша жынды келтіретін шапан болғанмен беті тарихи жолында. Жаңа тарихқа көз салғандар біледі: құлдық, жоғалды, адам құрдастығы теңелді. Тұрмыс жүзінде құлдық иесі мұнқіп тұрса да (мысалы, сары түйме көргенде қазақ пен мұжықтардың қудай шұлғып, құрдай жорғалайтыны). Жазылған закон жүзінде адам баласы құрдас.

Біздің замандағы салт: әркім хұқына таласы, хұқына тартысу болды. Жылау салты артта қалды. Ендігі рәсім хұқы үшін жылау емес, хұқын талас-тартыспен қорғау.

Міні, бұл екінші – жол.

«Заманына қарай амалы» деген. Бұл заманда жылап мұрад-қа жетемін деу аш түйенің күйсеуі бөлады. Атқышылдың асығы түгел болады деген. Талас, тартыс, ақыл мен шешен сөзбен, көлденеңнен келген көк атты құлагына тағарлық дәлелмен...

Жарыс, күрес байымы бәйге, мұның гүлі хұқ. Хұқ құрдастын алатын өзге жол жоқ. Ертіске біздің қазақ Түркістаннан қайта келген 18 ғасырдың бас жағында. Бұл «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейін болар.

Қайта келді дегенім: қазақ Шыңғыс хан жорығында Ертістің күншығыс жағынан Түркістан, Еділ, Жайық өткен. Аргын,

Қыпшақ, Уақ, Керей айтып жүрген тарих сөзіне қарасақ, Ертіске алдымен Қанжығалы, Бәсентейін, Қыпшақ келген. Бұл қазақ айтып жүрген сөз Ф.А. Щербина Экспедициясының кітаптарында табылады.

1864 жылы Г.Н. Потанин Омбы облысында отырып, Омбыдағы Западный Сібір генерал-губернаторының мекемесіндегі архивті (құжатхана) қараптырған; Потанин сонда қазақ тарихы туралы тапқанын Карл Риттердің «Азия» деген кітабына қосымша қылышпасқан.

Осы «Азияда» көрінеді: Қыпшақ Қошқарбай батыр 1755 жылы Ертістің күншығысындағы Жоңғарды Оп [Обь] өзенінен өткізе Алтай тауынан асыра қуған. Қошқарбайды мақтаған сөз осы күнге шейін Оп өзені бойында Алтай тауында орыс мұжығы ішінде орыс тілінде сөйленіп жүр.

Қошқарбай үрпағы Омбы оязы, Шарлақ қаласының аузында Қараөзек деген жерде. Ақмола округінде аға сұлтан болған Ұбырай атасы Жайықбай Қошқарбайға келіп панаған. Есілде Қараөзектен ауған башқұрд болар. Қазақтың Ұбырайды естек дегендері де сонан.

18 ғасырдан бері қазақ Ертістің күншығысына өте жайлап, мекен қылған. Барнауыл оязында Кабинеттен енші алған Қосайдар Қыпшақ, мұның көршісі Бәсентейін сол кезде Оп өзеніне барып қалған жұрт. Ертістің күнбатысы қазақ қонысы болған.

6 марта 1802 жылы біздің патша Бәсентейін төресі сұлтан Шаншар сұлтан Мәмет баласына (мұның атасын Шәкәрім шешіресінен қара) грамота қағаз берген. Осы грамотада Ертістің күнбатысынан Шаншарға өзіне қараған қазағымен мекен қыл деп, қаншама жер алған. Бұл күнде ол көп жер түгіл Шаншардың өз орны Подпускной қасына жақын казак-орыс әфитсерлерінің пайдасына участка болып кетті.

Шаншар қыстауы Керекүмен Семей арасындағы пошта жолында болады. 1908 жылы март ішінде осы жолмен өткенімде таудың бетінде Шаншар үрпағының сырлы бейіті һәм Ертіс қабагында бос тұрган, қазына ақшасына салынған Шаншар мәсжиді [мешіті] көрінді.

Шаншар төре 1819 жылы опат болған. Қазак жерінде жатам деп тілеп Ертістің күнбатысына қойылған. Бейіті жер болып кеткен. Жер «Шаншар тамы» аталады, қыстауынан көрініп тұрады. Шаншар төренің грамотасы молласының қолында кетті деген өсек бар. Шаншар әүел бастан-ақ моллаға жарыған емес.

Бұрын Шаншар қолында Тобыл ногайы Тасболат Бекболат баласы болған. Бұл Шаншарға имам болып жүріп, ақша алып, ышпион (тыңшылық) ісін қылған. Ана молла алып кеткен грамота сөзі белгісіз. Мына закон грамоталар законге бір жазылады. Құралына жазылған Шаншар грамотасында жер аты жоқ. Аталған жерде отырады деп бітеу айтылған. Бірақ мұнда тозбайтын бір сөз: патша келешек уақытта қорған болам деген.

Семей, Кереку оязын жазған Щербина кітабынан көрінеді, Ертісте бір-екі қазақ патшадан план арқылы жер алған. Осы жерлер бәрі Ертістің күншығыс жағы болады. Күнбатыс ғұмыр жүзінде қазақ жері.

Күнбатыс қазағы Ертіс бойындағы казак-орыс қаласының малын қуып алып, тынышсыз болған соң, Ертіс бойындағы қалалардан қазақтар он шақырым жырақ жүрсін деген жарлық шыққан. Бұл жарлық қазаққа онда қысым болып көрінген жоқ. Жарлық құр қағаз бетінде қалды; қазақ бұрынғы бойда – Ертісте отыра берді. Ғұмыр жүзіне жанаспаған жарлық пен закон сафары осы.

1839 жылы жер өлшеуші жүріп, Ертістің күнбатысынан қалақала тұсынан он шақырым қылып «десятиверстная полоса» деп жер кесті. Бұл да қазақты қысқан жоқ. Қазақ бұрынғы ата қонысында отыра берді. Бірақ мұнан кейін қазақтан казак-орыстар пайдасына аз алым алатын болды.

Ертіс көп, жүрт казак-орыспен жақын отырып бірге төлейтін ақша аз болған соң, шаруа мұны елеген жоқ. Осымен он шақырым Ертісті қоныс қылған қазақ 19 ғасырдың аяғына келді.

Жылдан жылға казак-орысқа беретін алым көбейіп, шаруаға зор салық болды.

Шербина кітабына қарағанда он шақырымда отырған жалғыз Керекү қазағы жылына жер үшін казак-орысқа 90 мың сом шамалы алым төлейді. Бұл шығын қазақ шаруасын қысты. Бірлік жарым қазақ арыз қылып, алым жеңілдетуді іздейді.

Военни министр Куропаткин 1900 жылы Ертіс қазағына Д.И. Левкин деген офицерді жібереді. Он шақырымнан казак-орыс қалпына түсіп, қызмет қылып қазаққа енші ал дейді. Салдат болмаймыз деп, қазақ мұнан қашты. Орынборғ казак-орысында қазақ казак-орысқа жазылып, жер алған татар бар. Бұларды ұтылды деуге болмайды. Біздің қазақ әуел бастан салдат берген болса, біздің жұрт, кім біледі, мәдениет жолында ілгерірек болар ма еді.

Мен білетінді жалғыз Кентүбек болысының қазағы Левкин сөзін жарайды десті.

Қазаққа қазақ-орыс болуды жеңілдетсем деп, Левкин: законнан кейінгі туған балаларғана казак-орыс болып, қызмет істесін деді. Мұнысы аз болса, 21 жылдық бостандық емес пе?

Ертістен жер алып қалған үрпаққа қанша пайдалы екеніне ондағы ақсақалдардың көзі жетеді.

Төрт жыл өткен соң белгілі жапон соғысы болды. Соғыстан қан төккен казак-орыстың қадірі асты. Патша 31 майда 1904 жылы жарлықпен он шақырым жерді Сібір қазак-орысына берді. Мұнан бұрын бұл жер қазақ жері сияқты қазына мүлкінде еді. Енді казак-орыс жері болып кетті.

Бірақ бұл жарлықта айтылған он шақырымда отырған қазақ өзге түрмен орналасқанша, бұрынғы құйде төлеп отырған алымын ұзбей отыра береді деп. Ғұмыр ісі закон қынына қашан сыйған?

Казак-орысқа төлейтін алым күн сайын өсті. Көнбіс мойын мұны көтеріп еді, бұл араға баяғы саясат тілегі келіп қармақтай жабыса кетті.

Болғанда, қазақты қала қылып жерге орналастыру[fa] тиіс деп ішкі іс министріне тапсырылған еді. Бұл туралы Семей обласной правлениесінде, Омбыда генерал-губернатор алдында мәжіліс жасалып еді.

Әлихан БӨКЕЙХАН

1909 жылы июл басында Степной край бастығы генерал-губернатор алдында, переселен мекемесінің бастығы Глинка бар, тағы да он шақырым қазагы туралы сөз болды. Енді анықталды: он шақырымда қазақтарды орналастыратын жер жоқ, Сібір казак-орыстарының өзіне де 300 мыңнан астам десятина жер кем болып тұр. Семей болған соң қазақтарды он шақырымда қалдырамын деген сөз емес, он шақырым қазагын орналастыратын жол бар. Ол бұларға қыр қазағынан жерінен енші алып беру деген. Генерал-губернатор алдында Семейде соңы болған мәжілісте осыны ұнатқан. Он шақырым қазағын орналастыру үшін мынаны істемек болған:

Бұл қазақтар өз еркімен қала болуды қаласа, мұжықпен қатар қырдан 15 десетинеден надел алып, отырықшы болады.

Бұл бірінші бап ақылын ұнатпаған қазақтар өз болысынан, оязынан қыстаулық алады; осы кезде артық жер Кереку оязында Ақкөл, Шақшан, Ақкелін, Алексей һәм Баянауыл болы старында бар.

1, 2 баптағы ақылды алмаған қазақтар 31 май 1904 жылғы заңон жоқ болған соң, тиісті ұқімет жарлығы арқылы өз болысына көшуге міндетті. Он шақырымдағы қазақтар осы айтылған көп ақылдың қайсысын ұнатқанын, осы жарнаманы алып, қазақты аралаған казак-орыс мекемесінің төресіне білдірсін. Мұның басында Семей облысының әкімдері тарапынан өкіл төресі болсын. Эйтпесе, қырдағы переселен төрелеріне білдірсін.

Сібір казак-орысының войсковой хозяйственни правление-сінің председателі генерал-майор Вологодски.

Міне, осы жарнама да 1909 жыл июл басында шыққан. Мұнда 9 июн 1909 жылғы насиҳат бүйрықтың иісі аңқып тұрғанын оқушылар аңғарды-ау деймін.

Ертісте қазақ отырған жердің малға жайлышы Кереку оязында. Кереку қазағы бұл жарнамада айтылған көп ақылға қанагат қылмады. Ертістен көшпеді. Ұқіметке жайын айтып, Ертіске ғұмыр жүзіндегі дәлелге сүйеніп, жер алмақ болады. Патшаға, министр советінің басына, военни министрғе ауылнай-ауылнай

жұрт болып, закон жолына тиісті жолмен приговор жасап, 4 мың үй мақсұтын айтты.

Бұл Кереку қазақтарының дәлелі мынау: Біз Ертісте жұз елу жыл отырмыз. Ертіс тоғайының аты қоныс алған кілең ба-бамыздың аты. Ертісті өрлей, қуалай жүрген адамдар біледі: он шақырым жерінде қазақ бейіті қала сияқты. Ертіс бізге атақоныс болған жер. Біз Ертісті жонгарды күшпен қуып қоныс қылғанбыз.

Алғашқы жетпіс жылда ешкімге алым төлемей пайдаланғанымыздың жөні осы еді.

1839 жылы бөліктен кейін кейін де жарытып ақша төлеген жоқ едік. Әр руымен қазақ атақонысында отыра беріп еді. Қазақ-орыс пайдасына аздаپ ақша төлеп, Ертістің бар пішенін біз шауып алушы едік. Малды Ертіске бағушы едік. Ата мұрасы болған жеріміз еді.

31 майда 1904 жылғы патшамыз жарлығымен он шақырым Сібір қазак-орысына берілді. Мұнда отырған қазақ өзге түрмен орналасқанша, төлеп отырған ақша өзгермесін деген закон болмады. Осы кейінгі он жылдың ішінде қазақтың жерге төлейтін ақшасы төрт есе көбейді.

1897 жылы Шербина жазғанда, қазақ үй басына казак-орысқа 10 сом жылына төлеуші еді. Енді осы 10 сом - 20-40 сом болды. Пайдаланған жер баяғы он шақырым, біз осыған қарамай Ертіс бойында отырмыз.

40 сом үй басына төлеу оңай емес. Баар жер жоқ. Қан төгіп, кір жуып, кіндік кескен атақонысымыз – Ертіс. Мұнан кетсек, мұнан неше есе бақытсыздыққа кез болуымыз анық.

Был бізге Вологодски жарлық қылышп отыр: – Ертістен 250-400 шақырым қырдағы ащы, тастақтан 15 десетинеден жер алмасаң, күшпен Ертістен қуыласың, – деп.

Біздің төреміз – сұлтан Шаншарға берген грамотада патшамыз айтқан жоқ па еді: «Мына берген жерімде өз қазағымен отыр», – деп.

Бізге ақыр заман құні туды білемін. Жұз елу жыл бұрын түрған жерден бізді «кет» дейді. Осы жер үшін біз қанша жыл қазынаға, казак-орысқа салық төлеген жоқпыз ба?! Бұл жерге

Әлихан БӨКЕЙХАН

неше атадан бері қарай бабаларымыздың, өзіміздің еңбегіміз, теріміз, кіріміз сіңген жоқ па?!

Біз жайымызды патшамызға, Государственни Думага, Советке һәм үкіметке білдіргенімізді мақұл көрдік.

150 жыл бұрын біздің аталарымыз Ертіске келгенде, ғұмыр салты қөшпелі еді. Баққаны, айдағаны мал еді. Пішен шықпайтын жерде жүрген соң, асыраган малы жылқы, қой еді. Бұл екі түлік мал шөпті қар астынан қазып, тебінмен шығушы еді.

Қазақтың қөшуге құдай қосқан киіз үй панаы еді. Арба, шана жоқ, жолаушы сияқты арқаны түйе, мінғені ат еді. Бұл салт қыр қазағында әлі де бар.

Ертіс бойына келген соң, 150 жыл ішінде шаруа салтымыз өзгерілді. Ертіс пішенге бай. Осы кезде үй басы орта есепте үш мың пүт пішен шабады.

Қырдағы қазақ баққаны жылқы мен қой болған соң, тышқан қорығын қанағат қылады. Біз пішен арқасында күн көре-тін сиырға құл болдық. Қыстың 8 айын кірпіш үйде өткіземіз. Көшүіміз шала. Біздің шаруамыз, салтымыз жарты отырықшы [болып] мал бағу. Мінғеніміз арба мен шана. Үйіміз толған ышқаф. Шаңыракта алмалы лампа.

Жазды күні мал оттатпайтын Ертіс шыбыны болмаса, біз көшуге құмар емесіміз. Біздің шаруамыз Ертіс пішенінің арқасында сиырға сүйенеді. Шыбын кезінде қырға шығып, шыбыннан қашып, жұрт аударып, пішен кезінде тағы Ертіске құлаймыз. Малымыздың 70%-ы (жүзден 70-і) сиыр, жылқыдан мінерлік ат, сауарлық бас [бие] қана ұстаймыз.

Сиыр базарда пұл. Ертіс бойында білген адам сиыр шаруасын ұстамай болмайды.

Біз Ертістен көшсек, осы 150 жылдан бері шынығып, қалап алған шаруа һәи ғұмыр салтымыз бүлінеді. Шаруаны аз күнде аман қүйінде өзгертуге бола ма?! Мұны ғылым иесі адамдар біледі. Шаруа қалпын, ғұмыр салтын өзгерту неше ата, неше баланың ғұмырындағы жиһадымен болады. Біз шаруамызды бір күнде өзертек болсақ, қатын-бала бейшара болып қаңғырады. Отырықшы болып, мал бағып, шаруа қылып тұрган бізді «қырға шығып көш» деген біздің көзімізге 9 июнь 1909 жылғы

Министр Советінің насыхат бүйрығына қарсы көрінеді. Қазақтың біріне «отыр» деп, біріне «көш» деп айтылған бұл қай ақыл екенін біз, надан қазақ, үға алмадық.

Бізге надел бермек болған болыстардың жақсы жері 150-200 жылдан бері қоныс қылған қазақтардың қыстауы. Онан басқа іске татар жер мұжық пайдасына алынды. Вологодскидің мұнысына рахмет! 1904 жылғы 31 майдағы патшамыз айтқаны бойынша орналастыру [қажет] деп білеміз. Біз қырда ашы тастақта үш мын пүт орнына үш пүт шөп таптаймыз. 150 жыл Ертісте отырған ескі жұрт – бізді ашты тастаққа көш дегені бізге мазақ көрінеді.

Ертістің екі қабагында 15 мың үй төрт ояз болса керек. Мын шақырым Ертіс бойының пішенин қазақ шабады. Жұзден астам жыл қазак-орысқа ақша төлеген – біз. Ертісте шаруа ісін жүргізетін қазақ. Ертісте төрт ояз қазағы жылына қазак-орысқа ең кем болса жарты миллион сом алым төлейді. Мұның 40%-ын (жұзден 40-ын) біздің Кереку қазағы төлейді.

Осыған әділ көзбен қарағанда, шөлге, тастаққа күү бізді сорлы, бейшаралық жолына орынсыз айдау болады. Біз Ертістен қыылсақ, салулы үй, қора-қопсаларымызды тастап, қайтадан салу шығыны, аз болса, үй басына 300 сомға түспек. Бұл қазақ шаруасының 25%-ы (жұзден 25-і) болады. Мұнан артық бізге не жұт болмақ?

Біз Ертістен көшпейтін болдық!

Үкімет һәм басқа жұрт қамын ойлайтын, жұрт иесі мекемелер біздің мына тілегімізді мәжіліске алса дейміз:

Біз казак-орысқа жылына алым төлеп Ертісте қаламыз.

Бірақ бұл алым закон арқылы кесілсін. Анау 1904 жыл 31 майдағы законның аяғын құшпасын.

Ақшасын көп жылға бөліп төлейтін қылып, он шақырымды біз сатып аламыз.

Сібір казак-орысқа жазылып, осылармен қатар жер аламыз.

Ертіс қазағының бұл дәлелді таласына үкімет не айтқаны маган мәлім емес. Бірақ осы қүнге шейін Ертістен қазақ көшкен жоқ.

1910 жылы министр советінің басы жер министрімен Сібір

Әлихан БӨКЕЙХАН

барып, қайтып патшага құлдық ұрган кітабында он шақырым қазағы туралы мынаны жазған:

«4 мың үй қазақ он шақырымнан сатып жер аламыз дейді. Бұл туралы біз не айтарымызды білмей тұрмыз. Казак-орыстың ақысы кетпесе болады гой! Үкімет әлі бұл туралы закон жобасын Государственни Думаға кіргізген жоқ. Жақын күнде кіргізуі мүмкін».

Хақына таласу жолы осы да. Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас. Енді оқушы, еңбек өз мойныңда. «Еңбек етсөң ерінбей, тояр қарның тіленбей» деп Абай айтқан сөз гой!

Гали хан.

«Қазақ» газеті, № 101, 1915 жыл.

Самар қаласы

Оқшаш соз

МОНГОЛ ХАЛІ

Балқаннан соң газеталар Монголстанды қолға ала бастады. Газеталар бос сөз жаза ма, үй артынан жау келсе, есік алдынан жел болса, газеталардың сөзіне сорлы жұрт сонда ілінеді.

1911 жылы Қытай өзін билеп отырган патшасын тағынан түсіріп тастады. «Сендер мәнжурсіндер» деп, Қытай патшасымен нәсілдес бастықтардың да бәрін қуды. Қанша айтқанмен әркімнің өз көйлегі етіне жақын гой, мәнжүрлер патшаны құғызбаймыз деп зор жанжал шығарды. Манжур мен Қытай өзді-өзі соғысқанда Қытай қоластындағы монгол шешіліп шығып, өз алдына патшалық құрмақшы болды.

Қытай патшасын қуганмен, жанжалдан күні бүгін құтылған жоқ. Патша орнына Қытай Франция, Америка сияқты президент сайлады. Қытайдың манжурды қуганын өзге патшалар қисық көрді. Патшасын жұрт сайлап уақытша қойған елді «республика» дейді, өзге патшалар: «біз республиканы білмейміз» деп санырау болды. Бәрінің құзеткені – бытыраған Қытай; біріне мұның шет жатқан жері, біріне мұның қаңғырған елі, біріне мұның саудасы керек.

Монголдың патшасы Хұтухта өткен қыс Ресей патшасына құрдас болам деп елші жіберді; ішінде монголдың неше кінәздері бар. Бұлар Петерборғда айлат жатып, шапанын киіп, медәлдерін тағып, көпіріп, ісіп, адамсып үйлеріне қайтты.

Орыс: «сен монголым, жарайсын, бөлек патша бол!» – деді. Монгол салдаттарын үйретуге орыс әфитсер бермек болды.

Әлихан БӨКЕЙХАН

«Сен, монголым, патша болдың ғой!» деп, монгол жерінде орыс байлары сауда қылатын уәде қағаз жасады. Мұны орысша «торговый договор» дейді.

Қытай: «қой, монголым, өзіме қайт, өз тізгінінді өзіңе берейін», – деп шақырып еді, Құтухта жалы қарыс көтерем Қытай сөзін естімеді. Бұл екі арада Қытайдың тонын біріне бірі қимай, бірінен бірі қызғанып, дүниедегі патшалар бөлінді. Япония мен Қытай соисып қалды. Америка: «мен сенің республикаңды қостамаймын», – деді. Орыс елу шақырымға таможня деп алым салды. Қытай: «біз енді, монгол, сізben мылтықтың тұтінінде кездесеміз», – деп, жау болып, монголға пұл жібермеді. Монгол жұртына бұл үлкен жұт болды. Бір жағынан түк пұл жок, сауда жок, бір жағынан отынга шейін таможня, алым төлеу. Монголдың қара бұқарасы: – Басшылар-ау, мынау қалай? – деді. Бөлек патша болғанда жұртты жұтатуға болып па едік, бұл не? – деді.

Енді газеталар жазып тұр: Құтухта орыстан алған медәл, тоңды кебежеге салып, қайтадан Қытаймен жақсы сөзге кірді, – деп.

Монгол өз алдына бөлек патша болам дегені бос, болымсыз сөз. Көшпелі жұрт өз алдына патша болу бұғінде болмайтын жұмыс. Бұғінде өз алдына патша болған жұрт жер бұл сенің кешегі солдатпен, күшпен күзетіп отыр. Бұғінгі жер дауы қандай екенін мына Балкан тобелесінен көріп тұрмыз ғой.

Солдатқа қанша ақша шығатыны мынадан көрінеді: Орыс патшасының бір жылда солдатына шығарған ақшасы адам басына 5 сом 50 тиын. Бір үйдің адамын алтаудан есеп етсек, солдатқа бір жылда үй басына 33 сом ақша шығару керек. Көшпелі шаруасы бар, қөшқардың, айғырдың қуатына сыйынған монгол бұл ақшаны қайдан табады? Монголдың болек патша болам дегені, қолтығына су бүркіп отырған көршісінің пайдасы, монгол жұртына арам тер.

Монголдың жері 333 миллион десятинадан артық, қазақ жүрген тогыз облыс жеріне 93 миллионы артық. Монгол жері Ертіс басы Алтайдан Манжурияға шейін орыспен жердес. Күн шығысында, онтүстігінде Қытаймен болыстас. Монгол жерінің дәл жарымы 150 миллион десятинасы жолсыз, сусыз, қиыршық, тастақ. Мұны «Монголски Гоби» дейді. Дәл біздің

Бетпақала сықылды. Жол Монғол жерінің ортасында. Монгол жері Қытаймен, Манжурмен бөлістес. Қарлы Алатаудай таудан шыққан өзен өлкесі қара топырақ. Суы түні, бұз жерге көршілердің бәрі де әуес. Үрга – Петерборғ сияқты монголдың Хұтухтасы тұратын қаласы. Өткен кеңесте сөз болған: орыс мұжықтары сұрайды: – Халқаға барып жер алуға бола ма? – деп.

Халқасы Үрганың айналасы, монголдың адамының анық саны белгісіз. Шамасы екі миллионнан артық болмас. Анық малдарының есебі де белгісіз. Қытай 22 қойдан бір қой алым алады. Қойы 20 емес үй алым төлемейді. Алымды қазынаға аймақ-губерне басы кінәз салып, бұз өзі алымды елден жиып алады. Осы кейіпте жүрген монгол сорлының малының саны бола ма. Монголда болған жазушылар жазады: бір үйде 95 жылқы, 15 ірі қара мал, 10 түйе, 50 қойы болады, – деп.

Қытай шежіресінен көрінеді: Гайсадан 2 мын 500 жыл бұрын бұз құнгі монгол жерінде көшпелі, мал баққан жұрт болған, Қытай шежіресі бұл елді «бейді», яғни «темірқазықтағылар» деген. Осы бейдіден шыққан «Шы-Вой Монқо руынан Темушын шықты. 48-інде дүниені алып, Шыңғыс хан атанған. Дүниеге монгол аты осы Шыңғыстан кейін жайылды. Бұз құнгі монгол Шыңғыс ханның атажұрты болды. Патшалығын төрт бөліп, өз орны үлкен хандықты Өгедей деген баласына беріп 122 жылы Шыңғыс оғат болды.

Шыңғыс ханның немересі Сайан хан, дүниеге жайылған аты Бату, Еуропаша Баты, Ризан [Рязань], Владимир, Мәскеуді 1237 жыл, Киевті 1240 жыл алып, Венгрияға жүррейін деп тұрганда үлкен хан Өгедей оғат болып, Бату жолдан қайтты.

Өгедей тұқымы жанжал шығарып, таласып, үлкен хандық Шыңғыстың төртінші баласы Толы немересі Мангуге қалды. Папа Иннокенти жіберген софы Плано Карпини, Франсия королі Людовик святый жіберген Роброқ осы Мангуге барған еді.

1253-інші жыл Бату бұз уақытта орысты билейтін Еділ бойында еді. Баласы Сырдақ осы құнгі Саратов губернесінде Ангар оязында еді.

Мангудің інісі Ғулагу Бағдад, Сирияны алды. Мангуден кейінгі зор Хұбылай Қытайды анық алып, бұз құнде Қытай патшасы

Әлихан БӨКЕЙХАН

мекен қылған Пекин қаласын салды. Қытайға патша болып, тұқымына, қытай рәсімі бойынша, «Юоан» деп ат қойды. Осы Хұбылай қолында тұрды. Монгол-қытайды әдемілеп жазған Венетсия көпесі Марко Поло (1271-1292).

Хұбылай хан оқымысты, ғылымды, жүйрік еді. Пекинде осы күнде Хұбылай хан жиган жүлдyz көретін аспаптар бар. Хұбылай хан монголға әліппе шығарыпты. Хұбылай хан оғат болды 1294 жыл. Хұбылайдан кейін монгол ханы азды. Хұбылай тұқымы Тогон Темірді Қытай «сасықсын» деп көтеріп таstadtы (1368). Сонан жүре-жүре Қытай монголды өзіне қаратып алды. (1719) 1727 жылы монголдан хандық жоғалып, жері Қытай губернесі болды. Бұ қүнде губернаторы қытай. Жұртты кінәз жиылды билейді. Кінәздері азған Шыңғыс нәсілі. Мұның бәрінің бастығын Хұтухта дейді. Бұл мұсылманша имам. Хұтухта жарықтық қылып жүрген жұмысына қарағанда, құдай қарғағанның өзі көрінеді.

Кінәздері қытайшы «шау-уан-тысызы» от басында өсек құған, жүнжіп, жабагыд...ардың өзі болса керек.

*Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 13, 1913 жыл. Самар*

ГРИГОРИЙ НИКОЛАЕВИШ ПОТАНИН

Осы келер жаз Потанин Семей облысы, Қарқаралы оязы, Тоқырауын өзені бойына барады. Июн басында «Қоянды» жәрменекесінде болады. Тоқырауында жаздай жатып, қазақты аралап көрмекші, қазақтың ертегі, жұмбақ, мақал, ескі жақсыларының сөзін жимақшы.

Потанин дүниедегі тілдердің бәрінде айтылған неше жұрттың іргелі мақал, өзге сөздерін қарастырып, соナン қай жұрт қай жұрттан өнеге-ұлті алғанын шығарып отыр.

Неше жұз пұт құмды жуса бірақ мысқал алтын шығады. Потанин көп ертегіні ақылдың елегіне салып елеп, ішіндегі аз алтынын тауып береді. Мысалы, қазақтың «тәнірі» деген сөзі монгол тілінде аспан көк, құдай мағынасында. Қазаққа бұл «тәнір» деген сөз монголдан қалған бұрынғы уақытта, қазақ мұсылман болмай тұрып монголмен «дін» дос еді.

Тағы Потанин жазады, Қытай мен Монгол шекарасында «ордост» деген орын бар, бұл губерне аты, «Хуанхе» деген өзен бойында монгол монастыры (соғылар тұратын мекен) бар.

Осы монгол соғылары тұратын жерде үш ақ киіз үй бар. Бұл үйлердің бірінде Шыңғыс, қалған екеуінде Шыңғыстың екі қатынының сүйегі бар дейді. Соғылар бұл үйлерге адамды кіргізбейді. Потанин өзі де кіре алмаған. Осы үш үйдің айналасында бір ақбоз ат арқандаулы тұрады.

Бұл ақбоз ат не ат? Жоғарыда айтылған Шыңғыс монголдың зор «тәнірісі» еді. Осы Шыңғыстың жұмыртқаның ағындағы боз аты бар еді, алтын қазыққа арқандаулы тұрушу еді. Осы алтын қазықты бір монгол ұрлады. «Тәнірі» – Шыңғыс ұрыны тауып алып, өзің ұрлаган алтын қазық орнына қазық бол деп жерге қағып, ақбоз атын ұрының мойнына арқандаған дейді. Жылда

9 июнде монастырға жұрт жиылып, «тәнірі» – Шыңғыстың сүйегіне намаз оқып, осы ақ боз атты құрбан шалады.

Шаларда бір монголлы тұрғызып, аяғын топырақпен көміп, ақбоз атты осының мойнына арқандаған болып, ырым қылады. Осы монгол баяғы алтын қазық үрлаған тұқымы-мыс.

Ақ боз аттың етін, терісін жапырақтап жұрт бөлісіп алады. Осы бір жапырақ ет, теріні «Шыңғыс бағын» дейді. Шыңғыс бағын алған адам бақытты болады-мыс. Осы құрбан шалу 9 июнде болатыны 9 июн жыл ішінде ен ұзақ күн.

Қазақ сөйлем жүрген бір сөз бар: «Аспанда екі ақбоз ат ерттеулі, Темірқазық жұлдызына арқандаулы» деген.

Темірқазықты күнде бір айналатын шөміш сиякты жеті жұлдызды қазақ: «екі ақбоз атты аңдыған жеті ұры» дейді.

Егер осылар атты үрласа қиямет қайым болады-мыс. Осы «Ақ бозат», «Жеті қарақшы» туралы айтылған сөздерді күншығыста неше жұрт неше тұрғе салып сөйлем жұр. Бұрынғы уақытта адам баласы аспандагы жұлдызға, күнге, айға табынған. Тегі қазақтың «Жеті қарақшы», «Ақбоз ат» деген сөздері бұрынғыдан қалған ертегі сөз фой.

Жылда құрбанға шалып тауыспайтын, «тәнірі» – Шыңғыстың «ақбоз» атының ертегісі мен қазақ ертегісі бір тұқымдас.

Дүниені алып дүрілдепткен соң «Темушин хан» Шыңғыс атанған. Темушинге – «тәнірі» Шыңғыстың атын қойған.

Хан Шыңғыс аты осыдан келеді.

Потаниннің бар жазғанын алақандай «Қазаққа» сыйғызып болмайды.

Потанин 1835 жылы 21 январда Тұзқалада (Ямышевски) Ертіс бойында туған.

Оқулы Омбы корпусында Шоқан Уәлиханмен бірге оқыған.

Сібірді бөлем деген жастардың ішінде болдын деп 1865 жылы сот Потанинді 10 жыл каторжная работада бұйырды.

Үркіп жүріп жазған кітaby атын дүнияға жайып, академия, жерді оқитын общества арқылы правосын қайтарып алды.

Қазақты туғанында жылы көреді, бишарасың деп қазаққа қорған болады. Өз ғұмырында қылған жұмысы, жүріп-тұрған мінезі анық әулиенің ісіндей.

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 15, 1913 жыл. Самар қаласы

КИТАПХАНА

Ниу-Йорк – Америкада біздің орыстың Москвасы сияқты қала. Осы қалада Астур һәм Карнеги деген байлар салғызған кітапхана бар; бір қалада кітап қырық жерде оқуға беріледі. Бір адам болса я алты сом аманат берсе, сұраган кітабы екі-төрт жұмаға беріледі. Бұл кітапханада табылмайтын кітап болмайды.

1912 жылы екі жүз он жеті мың тоғыз жүз жетпіс сегіз кісі - жеті миллион тоғыз жүз алпыс тоғыз мың алты жүз алпыс төрт кітап алып оқыған.

Кітап алатын балаларды бұл кітапханада артық құрметтейді. Откен жылы балалар алып оқыған кітап екі миллион тоғыз жүз елу тоғыз мың қырық төрт.

Соқырларға беретін кітартар өз алдына. Соқыр кітаптарын қолмен сипап оқитын әріппен бадырайтып басқан. Бұл кітапханада соқырды оқытатын медресе тағы бар.

Кітапхананың отыз миллион сом ақшасы болып, бір жылғы шығыны екі миллион екі жүз сексен сом; мұнда бір миллион екі жүз отыз екі сомын Ниу-Йорк қаласы береді.

Бір жылғы сатып алған кітапқа ұстаган ақша бір жүз қырық мың төрт жүз жеті сом. Қызмет қылатын тоғыз жүз жиырма жеті кісісі бар.

Қ.Б.
«Қазақ» газеті, № 16, 1913 жыл.
Самар

МОНГОЛ

Монгол жұртының азы Хұтұхта, неше құбылып, арам терлеңіп бөлек патшалық болмақ болып еді. Россия үкіметі бөлінуін ұнатқан еді.

Қытай үкіметі Қытай думасына Россиямен жарасқан Монгол туралы уағдақағаз деп мынадай закон жобасын кіргізіп отыр:

1. Россия үкіметі Монголдың Қытай Республикасына қосылғанын мақұлдайды;
2. Қытай осы күнгі Монгол үкіметіне тимейді. Монгол патшалығы деген жерде Монголдан басқа адам тұрмайды;
3. Монгол жерінде Россия үкіметі әскер ұстамайды;
4. Қытай Монголды өзімдікі қыламын, Қытайға аударамын деп жиһат қылмайды;
5. Монгол жерінде орыс байларына сауда қылуға, зауыт ашуға бостандық;
6. Осы Қытай мен орыс жарасқан хатты орыс түзетпек болса, Қытаймен сөйлеседі, бұған Монгол кіріспейді;
7. Монгол өзге бір патшалықпен араласам десе, Қытай үкіметінен рұқсат алу керек.

Осы закон жобасын Пекиндегі орыс елшісі жаратқан. Құр ізденіп жүрген бейшара абыз Хұтұхта қутиды.

Монгол жұрты Хұтұхтага һәм жұртты бастап жүрген Шыңғыс хан нәсілі кінәздерге разы емес деп мен бұрын «Қазаққа» жазған едім. Бұл кінәздердің кейбірі Құтұхтадан бұрын бөлініп: «Бізге орыстың жақсылығы керек емес» деп тұр. Кінәз сөзін көп жұрт тындаитын, Монголдың әскер бастығымен қосылып алып, Монгол әскерін үйретуге жіберген орыс офицерлері үйіне қайтсын деп жатыр.

Откен әпрел ішінде Ұргада болған жиылышқа қатынасқан монғолдың көбі орысқа бой салмай, Қытаймен аразбыз, сонда да өзді-өзіміз Қытаймен бетпе-бет сөйлесіп жарасармыз, бөгде жүрттың арашалағанының керегі жоқ дескен. Өздерінің сапарының бағыты орыс емес екенін білдірген.

Бұл – Монғол сөзі, Монғол жұмысы. Енді орыс жағының сөзі мынау. Біздің орыс Думасында бюджетни прениеде Октабрист партиясының адамы Протопопов (мұның сөзі үкімет сөзі) сейледі: – Монғол жақ шекарада әскерді қөбейту керек, Монғол бөлек патшалық болуы бізге пайдалы. Оның біздің панамызда тұруы өзіне пайда. Мұны үкімет жиһатланып істей керек, – деп.

Енисей депутаты кадет Востротин бюджетни прениеде Монғол туралы мынаны сейледі: – Монғол бөлек патшалық боламын деп орыс патшалығына сиынғанда орыстан жақсылық күтіп еді, мұнысы болмады. Монғолдың біз жақтағы саудасы тоқтап қалды. Біздің шекарадағы сорлы таможня (баж) төрелері монғолдың пұлына басқаprotoқол сзызып шошытып алды. Монғол жүрті көрген бейнеттерін төрелерінен көріп: «орыста біздің неміз бар еді?! Орыс-орыс деп жүріп жүртты жүттаттындар», – деп отыр.

Монғолмен жасасқан уағда қағаздың сиясы кеппей Росиядан Монғолға кен қазамыз, зауыд саламыз, подрэт [подряд] аламыз деп кулар барды; бұл кулардың бастығы «Тибет» дәрігерлігі басшысымен деп өзін-өзі көтерген, бақсы мен сұрқия арасындағы Бадмаев.

Бұлардың ізденегі – қарақұсша монгол жемтігі. Жапон согызынан бұрын Кореяға да осылардай жемтік ізденеген қарақұстар барып, ағашпен сауда қыламыз деп жүріп, ақырында бүлік салған еді. Аяғы көп шығын, біздің орыс жүртіна ғұмырда кетпес масқаралық болып еді.

Монғолға қарақұстар ұшты. Мұның аяғы не болар? Осыларды көріп тұрып Монғол сорлы бізге қарай ма? Жүрт жақсысы өз бауыры Қытайға ауған сияқты көрінеді дейді.

Қ. Б.
«Қазақ» газеті, № 20, 1913 жыл.
Самар қаласы

КЕРЕК СӨЗ

Болгар, Серб, Қаратай һәм Грек 1912 жылдың басында уағда қылып ахыреттік дос болған еді. Иә, сендер осылай бірігіп, қол үстап, тізе қосып жүріп іс қылыңдар деп ұлық патшалардың қайсысы бұл төртеуіне бата берген еді. Жаңа болған төрт дос соғыс жабдығын әбден сайлап алып, көрші түрік патшалығына жабылады. Еуропа патшалары жұмысты закон бойынша қыламыз деп мақтанады. Законнан тысқары іс қылмайды-мыс. Көршінің жеріне әуес болса, бұл жерді тартып алмақ болса, өзі Еуропа патшаларының санатында болса, бетке бір жақсы перде үстаяу керек емес пе?

Жаңа болған төртеуі түрікке жабысты, Македонияға автономия бер, Албанияға автономия бер деп. Бұл төртеуі де түрік патшалығына қол астынан отыз жыл ішінде босанған жүргіттар еді. Түрік сонда «бұлардан қорқып қайтеміз» деп, жаңа болған төртеудің сөзін құлаққа тақпады. Сондықтан бұл ынтымақты төрт дос талтүсте түрік жерін олжы қылу үшін соғыс бастады.

Бұл төрт патшалықтың шекарасы түріктің астанасы Стамбулға сеғіз жүз шақырым, осындей ұзын бөлекті күзетіп отыруға өзі алапартия болып атысып-шабысып жүрген түрік патшалығының шамасы келmedі. Түріктің Еуропадағы бар жері төрт достың пайdasына қалды. Түрік жері лақтырған сүйектей ортаға түскен соң төртеуінің арасынан ит достығы шықты:

«Көрген соң майлы сүйек им тұрар ма,
Құшагын жазып ала жүгірісті.
Достықты, айтқан сертті билай қойып,

*Екеуі бір-біріне салды тісті.
Досты дос мұнан артық қалай сыйлар,
Жүздері бұрқыраган аспанга ұшты.
Су құйып үстеріне жиылған жұрт,
Екеуін зордан гана айырысты».*

Сербия, Грек һәм Қаратай Болгарға жабылып, Болгардың жығып, Болгардың өз жеріне бұлар қол салып тұр. Болгардың сасқаны сол емес пе, патшасы ханшасымен Румыния патшасына жалынып телеграмм беріп отыр. Әуелі Балқан соғысы басталғанда төрт достың бетіне ұстағаны сынау еді: «Түрік надан, тағы, қолына түскен адамды қорлайды, ұрады, соғады, әйелді, солдатты басады, шіркеуді ат кора қылады, бұл түрікті Еуропадан шығару керек», – деуши өді. Пікірлес патшалар да «иә, осы төртеуінің сөзі мақұл» дескен еді.

Болгардың министрі Петку Тодоров коз жасын судай ағызып, туысқан бауырым деп орыс жұртына хат жазып отыр.

Бұл хаттағы «Керек сөз» мынау: «Кешегі болгардың дос жұрты (Сербия һәм Грек) Македондағы болгар нәсілін ұрып, соғып, адамдық қасиетін алғып, әйелдерді басып отыр, молда болсын, архирей болсын, құр «мен болгармын» десе малша бауыздап өлтіріп отыр, болгар школалары жабылған, Сербия солдаттарының бастықтары әкесіне аяғын ұстасып қойып қызына... Әкелері енді қызыымды Сербия солдаттарының қолына түсіре көрме деп жылаған», – дейді Петку Тодоров. Тағы сол Петку мырзаның өзі ұялмай-қызармай бұлардың болгарға көрсеткен кейісбейнетін түрік қылған жоқ еді дейді.

Болгардың қолына түскен Сербия жұртына һәм Грекке қылғаны телеграмм сөзіне қарағанда, Сербияның офицер һәм солдаттарының қылығынан бір елі кейін емес. Құшақтасып дос болған, аяғында итше ырылдақсан төрт патшалық мұлтіксіз түрікке жапқан жаланы өздері қылып отыр. Достықтары бұлардың ит достығы болды. Еуропамын деп құр мақтанғаны болмаса, Болгар, Серб, Грек һәм қаратаяулықтардың иттігі түріктің ар жағында болып отыр.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Бас салып, әлі келгенді талтүсте талап алатын болса, ұят-
абыройдан тыскары болса, жығылған жаққа қылғаны иттік бол-
са, мұның жетілген Еуропалығы, христиандығы қайсы?

Өзі туралық жолдан шығып, адам бола тұрып, ит боламын
деген бұл төрт досқа сапарың қайырлы болсын демес пе?

Қыр баласы.

«Қазақ» газеті, № 23, 1913 жыл.

Самар қаласы

ТӨРТІНШІ ДУМА ҺӘМ ҚАЗАҚ

19-нөмір «Қазақта» «Төртінші Дума һәм қазақ» деген статия басылды: «Степной положениенің 136-статиясында қазақ жүрген жерде бөтен патшаның адамы һәм християн қызметінде болмаған адам жер сатып алмасын!» деген.

Былай болғанда степное положение арқылы да қазақ баласы жер сатып ала алмайтын болады гой. 19-нөмірдегі басылған 136-статияның переводы жаңылыс. Бұл 136-статияның дүрыс переводы мынау: «Қазақ жүрген жерде бөтен патшаның адамы һәм християн мәзібінде болмаған қазақтан басқа, адам жер сатып алмасын» – деген, сөйтіп күні бүгінге шейін қазақ баласының өзі жүрген жерде өзінікі қылып жер сатып алатын бар еді, 136-статияда жазылған. Жаңа шығатын закон осы қазақ баласының жолын-рауасын жоқ қылмақ.

18 июнде төртінші Думадан закон болып шықты: Самарқанда облысында қазна су шығарып, азық таратқан, бұрын шөл, енді егін, мақта салатын жақсы жер християн діндеғі ғана адамға ғана берілсін деп. Күні бүгінге шейін қазақтан артық, қазна жері деп мұжыққа һәм шаруасы сияқты мещанға жер бөлуші еді. Және переселен жер алғанда кедей, бейшара, сорлы мұжық қайда барып күн көрер деп алушы еді. Енді бұл бейшара мұжық табагына орыс патшалығы панасындағы християн ортас болды. Өтірік-шынды араластырып бетке перне ұстап жүрген бейшара мұжыққа мұнша кісіні ортақ қылғаны қалай?

Думага кіргізген закон жобасында жерді бермек еді орыс баласына, мұның ішінде православни ғана діндеғіге. Қазына же рі бейшара мұжыққа берілуші еді бұрынғы закон арқылы; «Ен-

Әлихан БӨКЕЙХАН

ді бейшара мұжықтан алған жерді православни ғана адамға беремін деген ғаділдікке дұрыс емес, дін белгісімен жер аларын кісі болінбесін», – деп Волков, Виноградов Думада сөйлеп қарады. Бұл екі депутат сөзін демеген болып октябрьст граф Капнест закон жобасын түзеткен болып «православни орыс баласын» «хрестиян дініне» айырбастанды. Осыны Дума көбі мақұллады. Осылайша бейшара мұжыққа құндес молайып қалды. Бірақ бұл жер алатын права бүтінгі жер иесі – қазақта болмайды, бұрынғы законде қазақ жерін бейшара мұжыққа деген еді; енді неге православни орыс баласы деп закон жобасына жазылған?

Түркістанда көп қызметтеп қалған шиновниктер бар екен; бұлар қазақ жеріне ғашық екен. Закон жобасы осы бейшараларды жұмбактап «православни баласы» қылып жерге бейшара мұжықпен ортақ қылмақ екен. Сөйтіп қазақ жері сияқты май көрінгенде Түркістан төрелері тонды айналдырып киіп, бейшара мұжық болған екен. Хохол жұртының жақсы мақалы бар: «Қай діндесің деп хохолдан сұраса, «май берген діндеңін» деп жауап берген. Закон жер хрестиянға ғана беріледі деп шыққан соң, Түркістаннан басқа жерден де май жейтін хохол табылады ғой!

Откен жылы үшінші Дума тарқарда Дума өз үйін түзетуге ақша бермек болып закон жобасы қаралған еді; сонда Қазан депутаты Максұдов сөйлемді. «Сіздер Думаның үйінің тәбесін түзетеміз деп отырсыздар, әуелі Думаның өз тәбесін түзетіндер: Түркістаннан, қазақ жерінен Думада бір депутат жок. Осы облыстарға депутат беріндер деп. Биыл Мәскеу депутаты Шепкин осы жоғарыда закон қаралғанда сөз сөйлемді. «Бұ қалай Түркістанның, қазақ жерінің сөзіне Забайкал, Харков депутаты тұрып сөйлемді, бұлардың өз депутаты қайда? «Үшінші июнь» ақсақ законын түзету керек» дейді.

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 25, 1913 жыл.
Самар қаласы

ЖҰРТ СЫНЫ – ЕР ЖІГІТ

Ыстамбұлда көп жыл тұрған, түрік жұрты көріп синаған Пиерлути деген француздың қітап шыгаратын жазушысы бар. Балқан соғысында Еуропа жұрты екі бөлінді: бір жағы Бұлғар, Сербия, Қаратай һәм Гректі қолдады, бір жағы Түрікті қолдады. Көбі Түрікке жау болды. Пиерлути Түрікті қолдаған аз жақта болды.

Екінші Балқан соғысы болып, Румын Бұлғарды састырганда, Әнуар бек бен Талғат бек Адрианпулды қайта алмақ болды. Пруссияның ұлы патшалықтары Бұлғар жағына шығып, Түрікті жалғызыратып, қорқытты. «Адрианупулға аттанып шықсан, бізден саған енді көмек жоқ, – деді.

Сөйтіп Түрік жалғыз қалғанда, Пиерлути Ыстамбұлға келіп, жұрт жиып сөз сөйлеп, Түріктің көнілін көтеріп, достық қылды. Парижде Түрік жайын газетага жазып, Түріктің Әнуар бек, Талғат бекдей ер жігіттерін тартты.

Осы өктәбр аяғында Булгарияның Турнов деген бір жас әфитсері Парижге барды, «Пиерлути біздің Бұлғар әскерін жамандады, Пиерлутиді дуэлге шақырамын», – деп.

Дуэл – Еуропа ресми, жекпе-жек соғысып дүшманын өлтіріп кек алатын [?]. Дуэл – бұрынғы жұрт надан уақыттан қалған бір қисынсыз [?] ресми дуэлде неше данышман ажал тапты. Орыстың жұрт асқан ақыны, жалғызы Пушкин, бұған тете Лермонтов, [?] жұрттан озған шешен дуэлде өлді.

«Пиерлутиді жекпе-жекке шығармаймын, Пиерлути орнына Турновпен мен дуэлге шығамын», – деп, Адрианопулден Париже түрік әфитсері Тоғиқ Әділ барды. Пиерлутидің сөзіне қарсы

Әлихан БӨКЕЙХАН

сөз, жазғанына қарсы дәлелді жазу тауып, писателді өз қаруымен шыгару керек еді.

Мұны Бұлғар әфитсері білмей қол күшіне салады, қауырсын қаламға [қарсы] қылыш-мылтық жұмсады. Мұнысы ақылдан, әділдік жолынан тысқары. Турнов бүйтіп [?] мыңға қылыш көрсеткенде, араға түсіп [жан-?] пида қалған Тоғиқ Әділ, тусаң осындай [болып] ту деген жігіттің өзі болар.

Тоғиқ Әділдей баласы бар жұрт, келешек уақытта сынға түсуге ұялмас.

Қыр баласы.

«Қазақ» газеті, № 37, 10 июл, 1913 жыл.

Самар

СУСАҒАННЫН ТҮСІНЕ СУ КІРЕДІ

Орал қазагы 300 бабаларың патшалық қылды деп патшаны құттықтап телеграмм беріп, депутат, мұфти һәм қазақ жерін сұраган екен. Осы телеграмма ішкі істер министрі жерге мұжық жіберме дегенін дәлелсіз болғандықтан аяқсыз қалды деп мағлұм қылып, мұфти һәм депутат деген телеграмды, тілекті жымжырт қойған.

«Неше кісі оқып бір кітаптан һәркім өз фікірін табады» деген франсуз жұртының жақсы мақалы бар. Орал қазагы хұқіметтің жым-жыртынан өз фікірін жорып, депутат һә мұфти алмақ болып отыр. Шөлдегеннің түсіне су кіреді деген осы. Бұл түстің қанша растығы бар?

17 октәбір манифестінің 3-бабында айтылған еді, һәшбір закон Государственни Дума дұрыстамай закон қуатына кірмейді деп. Осы 3-баб 86-статия болып закон құрамасы кітапқа басылып еді.

17 октәбір манифесті шықпай тұрып, Гос. Думаны ақлы серікке алмай тұрып, біздің патшалы, орыс тілінде неограниценная монархия еді, мұның мағынасы қазақша қағусыз, хұқімет падшаның аты мен қошқар мүйіз салса дегені болушы еді. Закон арқылы іс қылатын, законнен өтпейтін патшасы бар мемлекетті конституционная монархия дейді. Біздің патшалығымыз Гос. Дума шығарып, Думасыз закон жоқ дегеннен бері, осы законнен аттап өтпейтін патшалық болды.

3 июнде 1907 жылы 2 Думаны тарқатып, қайта Дума депутат сайланатын закон шығарды. Сол жолы біздің қазақты Гос. Думадан шығарып тастанады. Баяғы қағусыз-қайырусыз, үйреністі

Әлихан БӨКЕЙХАН

ескі жолмен 3 июн Гос. Думасыз шықты. Әй, законнен аспаганың қалай, мұның қалай дейсің бе, окушылар?

Германия жұрттының шешені, марқұм Ләссал айтқан: Бір тайпа жұртқа ескі ғұмыр, ескі жол жақсы, бір тайпа жұртқа жаңа ғұмыр, жаңа жол жақсы. Осы екеуі таласар, тартысар, дауласар, жұлысар, осы екеуінін күресінің шарты – ғұмыр законы. Қағазға жазған закон, мына талас-тартыс, құш-қуат мінген закон келсе, сипырылып, шыға беретін. «3 июн» келгенде «17 октабір» мойнына су құйылып шыға берген.

«3 июннен» бері 6 жыл өтті. Осы 6 жыл ішінде ғұмыр законы қалай қарап саулап жүріп тұрғаны біздің қазққа да мағлұм. Біздің қазақ осы 6 жылда ұтылды ма? Орыс ішінде «3 июн» жақ «17 октабір» жақты шалқасынан салып, тырп еткізбей басып отыр. Біздің қазақ сияқты жетім-жесір нашар жұртқа құрдас-тық-тендік, «17 октабір» «3 июнді» жықса келеді. Жақын арада біздің ат бәйгеден келеді деуге болмайды.

Қазаққа депутат беретін екі жол бар: бірі – Гос. Дума шығарған закон арқылы, бірі – хұкімет баяғы қағусызыға салса, осы екі жол осы күнде қандай? Гос. Дума депутатын Орал қазақының түсі туралы үшке бөлуге болады: он жақ, сол жақ, орта. Сол жақтың фікірі орыс патшалығының панасындағы жұрттың бәрін теп-теріс құрдас қылмақ. Он жақ «3 июн» анасы, орта – «3 июн» кіндігін кескен шешесі. Сол жақ 130, қалғаны 312 депутат. Мұның да ортадағы 100-ден астамы хұкімет жер бөл десе – жер, көр бол десе – кор болады. Бұларды октабрист партиясы дейді; бұлар «3 июнді» жарайды деп қол қойып отыр. Осы октабристің сол жағында көршісі – нарқы партиясы 40-тан аса, мұсылман депутаттары мен осы нарқы партиясы қазаққа депутат бер деп Гос. Думаға закон жобасын кіргізбесе, өзге қалған сол жақтың депутаты «3 июнді» аман қойып, Гос. Думадан осы «3 июн» көленексіне қазақты кіргіз деп өздігінен сұрамайды. «3 июн» өзі законнан тыскары, некесіз туган, қазақты кір десек, «3 июнді» мақұлдағанымыз болып көрінеді деп. Қазаққа депутат бер деп закон жобасын Гос. Думаға мұсылман депутаттары яки нарқы партиясы кіргізсін, Гос. Думаны бар сол жағы бұларды тартсын, сонда бұл 130 депутат 312-ге күл шаша ма?

Кол ағашы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді. «17 октәбір» манифестін баса көктеп «3 июн» шыққан. Мұны қолдаған орыстың дворян қауымы. Орал қазағы осы орыстың дворянының күшіне сала ма, жок аш қасқырдың қошқардан дәме етуі сияқты. Орал қазағының түсі бос пе? «3 июн» қазак жұртын надан деп депутат жолынан тыскары қалдырган. 1907 жылы біз надан болсақ, 6 жылда хұкімет көзіне біз сондай жетілдік пе?

Kісі өз басына тіленіп, кішірейсе, кемісе өз олжасы. 5 миллион қазақ тілдегі кемшілік жолына сыймайды. Жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздену мақсұд.

Қыр баласы.

«Қазақ» газеті, № 40, 1913 жыл.

Самар қаласы

ОФАТ

19 декабрде Семейде Евгений Петрович Михаэлис олді. 1880 жылдарда көп орыс жұртын ғолденең інгері бастыру, озге сүйреу жолында қызмет еткен жастан шет жерге жер аударылғанда, Михаэлис біздің Семейге айдалып келіп, сонан бері біздің қазақ жерінде қалған еді. Қазақтың жалғыз ақыны Абайды тұра жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле-өлгенше менің көзімді ашқан, маган жаны ашарлық қылған Михаэлис еді деп айтып отыруши еді.

Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат газаутпен майдандасқан
Кайран менің жүргегім мұз болма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып артыққа сөз болмай ма?

деген Абай өлеңі Михаэлиске дәл-ая!

К.Б.
«Қазақ» газеті, № 44, 1913 жыл.
Самар қаласы

ТОЗҒАН РЕСІМ АЗАП

(Басы 44-санда)

Біздің қазақ кісісі өлімі туралы орыс законында мұжықпен қатар закон жолына құл. Бұл туралы закон жолы екі айрық. Халық мемлекет болған соң, мемлекет өз панасындағы адамды неше амалмен қорғамақ. Қорғаудың бір сипаты тентекті қорқытпақ. Кісі өлтірген құнсыз жамандық деп, кісі өлтіру жолына келешек уақытта әуес болмасын деп өлерменге жаза кеседі. Осы жаза кесетін жолды сот аз деп, сот қуады бұл закон арқылы тергеуші, прокурор ісі.

Бұл жол біздің қазақтың опырып алатын қатынын күндікке, баласын құлдыққа деген көтінен жөнделіп шыққан ғой!

Ер өлсе, шаруа жесір қалады, қатын-бала, ата-ана жетім қалады. Закон осыларды риза қыламын деп осыларға қуып өлерменнен мал өндіретін жол ашады. Осы екінші жол ері өлген жақынына қазына даулап алуға бүйіраратын біздің қазақтың құқынан жіңішкеріп шыққан ғой. Осы екінші жол бойынша хақыны закон жолында қуса, кумаса кісісі өлген жақтың өз еркі. Өлерменнен қазына даулаганы не сұраса, сол қабыл болмайды. Даулаған қазына мөлшерін сот тексеріп, сот кеседі, мынадай өлген жігіттің қылып тұрған жақынына пайдасы бар еді, өлермен мынадай қазына тартса, осы жоғалған пайдаға қарсы құда болады деп. Біз «тозған ресім азапты» артынып, акты-қараны бірдей талап алып отырмыз. Міні кісінің таяқтан өлімі туралы біздің қазақтың жүріп тұрған «тозған ресім», жүрт надан болған соң, жүрт басшысы адам несіпсіз болған соң бос жатқан түзу закон.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Міні жұрт момын болды, мұжықпен законға мойын бүрмайтын құл, ауыл-үйі қонды. Енді «тозған ресімді» догаратын уақыт болды. Бірақ ресім ескі ауру, көп жыл, көп әдіспен амал қылса, сонда жоғалады. Жұрттың бәрі бір күнде сұлу болып кетпейді. Ғұмыр өзгерілгенде, ресім өзінен-өзі қарша еріп жоғалады, бұрынғы төреге беретін «Аллажардай». Бірақ бұл жол іш пыстыратын ұзак, қыын жол. Жұрттан жақсы басшы шықса, қасына өз пікіріндегі жастарды қосып алып әділдік жолына жұрт үшін іс қылса, күннен күнге жақсылыққа от жаққан жолдас көбейеді. Өсітіп жұрт жақсысы табылып, бірігіп іс қылса, «тозған ресімдер» жоғалар еді.

Кісі өлген, кісі өлтірген бауырлар жемтікке ұшқан сақалы аппақ, сәлдесі қазандай, жұзі қап-қара дозақыдан, қазақ халқының орыс бетіне басатын таңба ұяттан тысқары болар еді. Жалғызбын, азбын демей, бізден бұрында өтіп кеткен, біз не қылмамыз демей, аспай-саспай, тасымай іс қылса, адам баласының қолынан келмейтін іс болмайды.

«Тамшы тас теседі».

Қыр баласы.
«Қазақ», газеті, № 45, 1914 жыл.
Самар қаласы

ХАСЕЙН ХАЛАМИ ПАША

(Сыртқы хабарлар)

Петерборга елші қылып Түркия Хасейн Халамиді жіберді. Ескі, жаңа түріктің Еуропамен арбасқанда жол бермейтін жүйрігі осы Халами. Еуропа елшілерінің арасында Халамиді жалғызға балайды.

Жасында оқуды Ыстамбулда кадетски корпусында оқып, есken соң Франция һәм Германия университетінде бітірген. Өткен 1890 жылдарда Арабстан бөлінемін деп жанжал жасағанда, үкімет Арабстанға Халамиді жіберді. Арабстанда істі орнына келтірген соң Халами Македонияға генерал-губернатор болды. Осы Македонияда тәмәм Еуропа дипломатын 5 жыл арбап, Халамидің Еуропаға аты шықты.

Македонияда жас түрік партиясына кірмей, панасын беріп отыра берді.

1908 жылы Ниязы бек жұртқа құрдастық бер деп Ғабдалхамидке телеграм бергенде сұлтан Халамиден сұрады: «әскер қай жақта» деп. Халами сұлтанға жауап қайырады: – Менің тілімді алсаң, жас түрік пікіріне қарсы болма! – деп. Сұлтан бас билігі болған соң, Халами інкі істер министрі болды.

1908 жылы осы күнгі сұлтан ұлық уәзір қойды.

1911 жылы орыс патшалығын аралады, біздің патша «Царское селода» Халамиді қабыл етті. Петербордан қазандатып Халами үйіне қайтты.

Халами пікірі орыс патшалығымен дос, жақын болу дейді.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Балқан соғысы басында Халамиді Камал [Кемәл] Венага елши қылып жіберді.

Түркияға бүлік те, жақсылық та осы Вена арқылы болушы еді, осы Халамиді Венага жібергені бір нысанана келгенде атқан ескі түрік осы болды.

«Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген, Балқан ұйымы, Балқан бірлігі іріп-шірігенде Халамисіз болған жоқ еді-ау!

Кафказдың оңтүстігін жайлаган армян жұрты орыс пен Түркия қол астында. Өзіміз жұртқа құрдастықты таза беріп отырган немене, түрікке «сен өз армяныңа құрдастық бер» десіп, Түркияны жағадан алып отырмыз. Енді Балқан шатағынан соң Түркияның зор ісі осы армян болып тұр. Жас түрік партиясының Халамиді Петерборга жіберуі бүл күнде тапқан іс.

Жұрт үшін қиядағы қыынды алған, жұртқа қызметі май болған Халамидің ғұмыры бақытты жігіт ғұмыры ғой!

Жүйрік, қыран қүшін қиянға салса, жұрт мақсатын орнына апарса, мұнан артық не бақыт бар, бауырлар!

К.Б.
«Қазақ» газеті, № 46, 1914 жыл.
Самар қаласы

БАШҚҮРТ ЖЕРИНІН ШЕЖІРЕСІНЕҢ

1863 жылы шыққан закон арқылы Уфа губернесіндегі башқұрт жерін өлшеп, ер басына жеті десетина беріп, қалған артық жерді уақыттаңа қазына пайдасына алған еді. Осы қазына уақытта алған башқұрт жерін келешек уақытта өсіп-өнгөн башқұрт тұқымына надел қылып бермек еді, туатын башқұрт балаларына енші деген еді.

1876 жылы, он үш қана жыл өткен соң, осы башқұрт баласының еншісін оңайладап, жеңілдеп әр мекеме төрелеріне сатты һәм патша төрелеріне сыйлады.

«Жидебай батыр барса, мүшіреп күң ... қысар» дегендей, төрелер нәфсіңі жерге шапқанда, жазулы закон мүшіреп апасының артынан кеткен.

Телмірген төрелерге сатылған башқұрт жері 354 мың 899 десетина, патина төрелеріне сыйлаған башқұрт жері 34 мың 594 десетина.

Төрелер сатып алды Уфа оязында 44 мың 905 десетина 2 мың сом 52 тиыннан, Бирски оязында 42 мың 800 десетина 2 мың сом 17 тиыннан, Белебей оязында 188 мың 779 десетина 1 мың сом 73 тиыннан, Минзелі оязында 18 мың 194 десетина 2 мың сом 91 тиыннан, Істерлі-Тамақ оязында 54 мың 42 десетина 1 мың сом 72 тиыннан, Залатауст [Златауст] оязында 6 мың 779 десетина, десетина басы 1 сомнан.

Башқұрд жерін телміргендер өздеріне жеңілдеткенде башқұрт жерінен басқа жердің десетинасының сатылатын бағасы 10 сомнан 25 сомға шейін еді. Осылай башқұрт жерін жеті-сепіз қайтара арзандатып, сатып алды қылып, арам қылып еді. Осы башқұрт жерін аударып алған жалмауыздар битинемнаны [?]

Әлихан БӨКЕЙХАН

ұстаған еді: башқұрт өнерсіз, шаруасы кейін қалған. Башқұрт жерін алып Еуропаша шаруа жасап, тарихи жолын жүргізіп, башқұрт жеріне, башқұрт жұртына зор пайда бермек еді.

Осы башқұрт жеріне, башқұрт жұртына бермек жақсылық бәрі қып-қызыл өтірікке айналды. Әуеллі жер сатып алған 293 кісі, патша сыйласп жер берген 11 кісі еді. Міне 37 жыл болады, осы кісілер жерін сатып пайданы қалтасына салып, өздері башқұрт жерінен кетіп қалды. 293 жер сатып алған кісіден осы күні 22-ақ кісі алған жеріне 11-ақ кісі алған жерінің жүрнағына ие болып отыр. Қалғанының бәрі базарда ат айырбастаған сығандай [цигандаі], башқұрт жерін айырбастап, пайданы қалтага салып, тағы бір келер базарға көшіп кетті.

Жоғарыда жазылған 386 мың 493 десетина башқұрт жерінің «сығандары» 1910 жылға шейін 349 мың 152 десетинасын сатты, бұл 90 процент, яғни әрбір жүзден тоқсаны болады, бұл жердің айналасын 28 сомнан десетинасын сатты. Өздері башқұртқа төлеген бағаны 14 қайтара ұлғайтып, мұндай пайданы сығанның да сығаны қылар.

Осы «сығандардан» кеткен жер кімде?

Жер қызметші сүйеді. Осы жердің бәрін бейшара хохол, сорлы мұжық сатып алып отыр. Башқұртты тарихи жолына бастаймын деген кім еді?

Башқұрт жерін арзанға, тек алғанның 19-ы тайный советник, 16-сы – д.с. [действительный статский] советник, 25-і – жандарал, 29-ы – полковник, 30-ы – с. [стаский] советник, қалған 102-сі – мемлекетке өткізген қызметі бар-мыс. Бұлардың ішінде поптар, пасторлар да бар, жанаralдың жесір қатыны да бар, кіндік кесетін суаяқ қатын да бар, көбі әр мекеменің шенеунегі – төрелері.

Башқұрт жерін башқұрт халқын тарихи жолына «тойғызып» болып, енді бұл аш қүшегендер қазақ жеріне көзіп отыр. Г. [Государственная] Думаға үкімет закон жобасын кіргізді – «сығандарға» жер беретін Сібірде, қазақ жерінде бұрын артық деп мұжыққа алатын қазақ жері енді мұжық алмаса, қазынанікі болып, қазынадан мына «сығандар» алады айырбасқа.

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 47, 1914 жыл.
Самар қаласы

МИНИСТР ӨЗГЕРІЛУІ

Министрлер Кеңесінің председателі Коковцевтің қолында екі іс бар еді: бірі ақша министрлігі, екіншісі - Министрлер Кеңесінде председателдік. 30 януарда осы екі орынның екеуінен де тұсті. Председателдігі Горемыкинге, ақша министрлігі Баркке берілді.

Жүрт пен үкімет арасындағы ісін Еуропа тілінде «политика» дейді. «Политика» грек сөзі, мағынасы бұл сөздің «соғыс», «ұрыс», «талас» деген болады. Каковцов түсіп, үкімет басындағы адамар өзге болып тұр. Адамдар өзгерілгені политиканы өзгерте ме, жоқ па? Өзгертсе, қай жағына өзгертер?

Біз 17 өктібрден бұрын қағусыз патшалық едік. Өктібр манифесін шығарып, Государственная Дума ашып, закон жолымен іс қылатын Еуропа патшалығы болдық. Бұрын министрлер әрқайсысы өз бетімен іс қылып, «акку, шортан һәм шаян» сықылды әр жаққа тартатын еді.

Государственная Думаны ашып, закон жолымен іс қылуға айналған соң, Еуропаның министрлер тұрасындағы үлтісін алғанбыз: Еуропада министрлер бәрі бір ақыл, бір жол, бір пікірде болады. Ондай министрлердің ұйымшылық кеңесін Еуропада «Министрлер Кабинеті» дейді, Ресейде «Министрлер Советі» дейді; Министрлер Кеңесінің басын Еуропада «Премьер» дейді, Ресейде «Председател» дейді.

Еуропада патша я патша орнына қойылатын республиканың президенті Государственная Думаның көп жағының көсемін шақырып алып, «өз партияның кісілерінен Министрлер Кеңесін сайлап ал» дейді. Солайша депутатты көп жағынан сайланған, көпке сүйенген министрлер Дума алдында тексерулі

министрство деп атадады. Ондай министерствосы бар жүрттар: Англия, Франция, Италия, Швеция, Түркия һәм ғайрилары. Бұл жүрттарды «парламентаризм», яғни министрлері Дума алдында тексерулі қалпы бар жүрттар деп атайды. Онда Министрлер Кеңесі яки бір министр яки Министрлер Кеңесінің председателі Государственная Думада тас салғанда азда қалса, барша министрлер қазір орнынан түседі.

Мысалы, откен күз Францияда министрлер парламентте (Государственная Думада) кемде қалып, барша министрлері орнынан түсті (бұл бұрын бір ретте «Қазаққа» жазылған еді).

Осы жақында Швеция королі өз Гос. Думасында сөз сөйлегендеге депутат көп жағының сөзінен бұрыс кетіп қалды. Парламентаризмі бар жүрттарда король я патша сөзі Министр Кеңесінде қаралып, басқарылып шығады.

Патша сөзі деген құр аты болмаса, асылында ондай сөздер Министр Кеңесінің созі болады. Швед королі өз министрлерінің пікірінен бөлек кетіп, парламентаризмі бар жүрттардың ресімінен шығып кетті.

Министрлері депутат көп жағынан сайланып, депутат көбіне сүйенген министрлер, бұларға түсерлік екі-ақ жол қалды: өз пікірлерінен өздері безіп, король сөзін мақұлдап, королмен болмақ, я депутат көп жағының сөзін мақұлдап, корольмен хош айтыспақ.

Швед министрлері өз Гос. Думасының көп жағына шығып, короліне «сен бұлай болсан, жаңадан министрлер сайладап ал» деп, бәрі орнынан шықты. Парламентаризмі бар жүртта Гос. Думаның аз жағынан король я патша министрлерді сайладап ала алмайды. Енді швед королі я сөзінен қайтып баяғы көпке министрлікті береді я бұл Думасын тарқатып, қайтадан Дума шақырады.

Біз де Еуропа болдық деген құр лақап болмаса, «Құдайға шүкір! Бізде парламентаризм жоқ» деп Коковцев айтқандай, министрлер Дума алдында тексерулі емес. Бізде министрлер орнынан түссе, зор себебі жүртқа жария қылынбай, аз себептерден жаралы болып, орнынан таяды. Бізде айтуға Министр Кеңе-

сі бар болғанымен, істерде әр министр өз бетімен жайылып іс қылады.

Еуропа Министрлер Кеңесі мынаны істеймін, мынаны істемейтін деп жүртқа жарияладап, білдіріп отырады; олардың пікірі Думада сүйенген көп жағының пікірі болады. Бізде Министр Кеңесінің пікірі не еkenін әр министр өзі де білмейді. Еуропада Министр Кеңесінің басы пәленше десе, Клемансо (Францияда), Аскуит (Англияда) десе, оқушылар политика беті қай жаққа ауып, сапарланғанын анық біледі.

Бізде Министрлер Кеңесінің председателі Столыпин бе, граф Витте ме, Коковцев пе, Горемыкин бе, бәрібір политика қандай боларын еш болжауга болмайды.

Бірақ, ұзын сөздің қысқасы, біздің Ресей патшалығының политикасы өзгерілетін мезгіл әлі жеткен жок.

17 өктібр манифесінен берлі 8 жыл өтті. Осы 8 жыл ішінде Министрлер Кеңесінің 5 рет председателі өзгерілді, политика өзгерілген жок. Бәрінің политикасы 17 өктібр манифесіндегі бостандық, жұрт құрдастығын қайта алғып, қайтадан баяғы таз кейпіне түспекте болды.

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 49, 1914 жыл.
Самар қаласы

ТАҒЫЛА БИ ҺӘМ БИЛІК

Қазақтың би һәм билігін өзгертіп не керек, шірік жіп қанша жалғанғанмен не іске жарайды? Бұл биді, билікті жоғалтып, қазақты орыс судьясына қарату керек деп орыс айтады. Шаригатқа қарату керек деп біздің моллалар айтады. Біз мұның екеуіне де қол қоймаймыз. Себебі мынау: осы күнде қазақта ауыл басына жүз үй. Жүз үй басына бір би. Биді құдай қанғыртқаны болмаса, би түзу болса, билік әділ болса, би үй қасында, желіп барып биге түсіп, дау біте қалатын жерде.

Биге закон жол жасап беріп, осы соқпақпен жүр деп, жүргізсек, биді кім болса сонан қорықпайтын қылсақ, біреудің бетіне, біреудің жақсы жағасына қарамайтын қылсақ, ауыл басына бір би жүртқа жақындығынан, жүрт ортасында болғандықтан, жүртқа пайдалы, жүртқа ыңғайлы. Қазак дауы орыс судьясына қараса қол жетпесте болады. Ауыл басына бір судья қоярға зор қазына керек. Қазақтың закон бойынша бір болысы мың үйден, бір ауыл жүз үйден кем емес.

Қазақ биін орыс судьясына аударсақ, бір болысқа 10 судья керек, әрбір судья мекемесінің шығынмен бірге, аз болса, үш мың сом жылына тұрады. Бұл бір болысқа 30 мың сом шығын болады. Мың үйге үй басына 30 сом. Бұл шығын мал бағып отырған біздің қазақтың қолынан келмейді. Болыс басына бір судья қылыш, он есе биді халықтан ұзатсақ, онда да шығын үй басына үш сом, қазаққа о да қиын. Судья қол жетпеске кетіп, он есе осы күнгіден даугерге алыс жүртқа ыңғайсыз болады.

Бұл судьяларға мекеме керек. Тұратын қысы-жазы үй керек. Бұлар өз алдына шығын. Бұл шығындарға қазына, мемлекет

кіріседі деп адасуға болмайды. Біздің орта санды болыс 10-15 ауыл, 10-16 ауыл, 10-15 судья болса, мұндай біздің қазақ жеріне судья болатын керек оқуды бітірген көп адам табылмайды. Еуропада жүріп тамақ асырайтын өнерлі кісі біздің қазақ жеріне келмейді.

Біздің қазақ уезний қаласында дәрігер, судья орындары бос болатын осы себептен осы күні қала басына 2-3 судьяның орны бос тұратын болса, сонда бұл орындарға әзірше келе қоймас. Демек қазақ дауын орыс сот жүйесіне аударар болса, онда баяғы қаңғырган жаман биіне зар болар. Біз орыстың судьясына қарасақ, бұл рәсіммен билік айттар. Мұның бұл законы қандай? Қазаққа әкеlei мұжық қамытын кигізе салса, бұл бір тұске кірмеген қыншылық. Мұнан қазақ безу керек. Не бұл судьяга қазақ рәсімін араластырып қазаққа ыңгайлы закон жасап берсе, сонда орыс судьясын мойындау керек.

Біз бұл орыс судьясына құл болсақ, судья біздің жүрттың тілін білмейді. Біздің өзімізден судья болатын қазақ жоқ есебінде. Переводчик пен биге түскен соң бұл дауда не қасиет қалады. Бірі бас десе бірі құлақ деп қарап тұрмай ма? Судья даугтер мен жауапкердің сөзін өз құлагымен естімесе тәмам ортасынан не жақсы билік инықпақ?!

Қазақ биін орыс судьясына аударамын дегеннің түк дәлелі жоқ. Орыс судья қазақ биінің ісін орнына келтіріп, жүртқа пайдалы қылып атқармас деп жоғарыда жазылған дәлелдер қазақ биін һәм билігін шаригатқа аударамын дегендердің пікіріне қарсы қайта айтылады.

Біздің қазақ – мұнда бөтен кісі жоқ – мұсылманмын дегені болмаса шаригатқа малданып жүргені жоқ қой. Қазаққа шығарған законда ауылнай, старшин адам есебін алады деген. Осыны сылтау қылып қырда ауылнайлар неке қияды. Осыған жүрт мойын ұсынып құл. Жүрт шаригатты малданып отырса әліпті таяқ деп білмейтін ауылнай зорлығына құл бола ма?

Жүрт шын мұсылманшылық жолына таза кірсе, өтірік құран алып жан бере ме? «Соқырмен жолдас болсан, көзінді қысып жүр» деген магынасы жақсы-жаман болсын кісі мінезі жүрт пікіріне сүйеніп атқарылады емес пе? Халық шаригат жолынан

Әлихан БӨКЕЙХАН

қисық жатса, шаригатпен айтамын деген билік құры бос қалмай ма?

Жоғарыда жазып едім, керек орыс судьясы табылmas деп. Шаригат жолын білетін біздің молла да жоқ қой. Ғұмыр күннен-күнгө өзгеріледі. Жұрт рәсімі бірте-бірте өзгерілген ғұмыр жүзіне-өтіп жүріп өзге болады.

Қыр баласы.

«Қазақ» газетi, № 50, 1914 жыл.

Самар қаласы

ЖАНА ЖЫЛ

Фрат һәм Джала [Ефрат және Тигр] өзенінің өлкесі Месопотамияда, Гайса [Иса] пайғамбар тумастан 4 мың жыл бұрын Вавилония һәм Ассирия атты екі мемлекет болған еді. Осы екі халық осы қүнгі Қытай һәм фин халқымен қандас монғол еді. Вавилония халқын тарих халдей деп те кетеді. Осы халдей жылы аймен есепке алынушы еді: бір жыл 12 ай, бір ай 28, 29 һәм 30 күн деп. Бір жылдың қалған күнін 13 ай қылыш қосуши еді.

Халдей жерін фарсы алған соң, фарсы календары [рим-латын тілінде айдың алдыңғы қуні «календа» - осыдан уақыт есебі Еуропаша календар] халдейден ауысқан. Фарсы жұрты мұсылман болған соң мұсылман календарына құл болды.

Халдей жаңа жылы жазғы тұрғы қун мен түн теңелетінінен бастаушы еді. Бұл күнді фарсы тілінде «наурыз» дейді, жаңа жылдың басы дейді. Жаңа жылда халық қуаныш бір-біріне гүл, жұмыртқа сыйлаушы еді. Фарсы ақыны Хафиз жаңа жыл мейрамын неше буын қылыш мақтайды.

Біздің тұрік жұрты сол халдей заманынан бері монғолмен бірге жасап, аралас тіршілік етіп келеді. Біздің жаңа жылдың да шықкан жері осы айтылған екі өзен өлкесіне барады-ау деймін.

Бір жылда жер күннен бір айналып, баяғы орнына қайта келеді. Бір күнде жер өзінен-өзі арбаның донғелегінше айналып орнына келеді. Бір жылға түгел күн келмейді.

Біздің орыс патшалығы ұстап отырған календары – Рим патшасы Юлий осы уақыт есебіне халқын аударғаны үшін «юлиан календары» дейді. Бұл календарда януар 31, феврал 28, март 31, апрел 30, май 31, июн 30, июл 31, ауіуст 31, сентember 30, өктөбр

Әлихан БӨКЕЙХАН

31, ноябр 30, декәбр 31 күн болады. Бұлай болған соң жыл 365 күн болып шыгады. 365 күнде жер күннен айналып бола алмайды.

Жер күннен айналып болуына 365 толық тәулік, тағы бір ширек тәуліктен азырақ уақыт керек. Юлиан календары өзге сөзбен ескі стиль бір жылда 365 бүтін тәулік һәм бір ширек тәулік қылышып есептейді. Бұл екі жылдың арасы мынау: 128 жылда календар жылы күн жылынан бір тәулік кейін қалады.

Ескі стиль жылы 365 тәулік бір ширек дедік. Үш жыл өткізіп төртінші жылы феврал айын 29 қылышп санайтыны осы төрт ширекті қосып алғаны; феврал айы 29 күн болатын жылды орысша «высокосный» дейді. Жыл цифрының кейінгі еісі цифры түрікте дәл бөлінсе жыл «высокосный» болды. Мысалы, 1912, 1916, 1920, 1924..., 12, 16, 20, 24 түрінде дәл бөлінеді.

Еуропада «григориански» календары, өзге сөзбен «жаңа стиль». Жаңа стиль жолын жасатқан Григори деген Рим патшасының атынан шыққан. Бұл жаңа стиль жылы да күн жылынан шапан.

Бірақ бұл шапандық тым аз: 4241 жылда есеп жылы күн жылынан бір тәулік кейін қалады. Күн жылынан қалмаймын десе ескі стильді алышп отырган халық 128 жылда, жаңа стильді алышп отырган халық 4240 жылда бір тәулік қосып алады.

XIX ғасырда осы екі стиль арасы 12 тәулік еді. Бізде 7 март болса, жаңа стиль Еуропада 19 март еді. XX ғасырда жаңа стиль кемде келе жатқан бір тәулігін қосып алды. Енді екі стиль арасы 13 күн болды.

Мұсылман болмас бұрын ғұрып жылы 12 ай, бір ай 29-30 тәулік еді. Күн жылына жанасамын деп әр үш жылында бір ай қосып алатын болды. Халифа Рашидин заманында мұсылмандар бұл есепті өшіртіп, хұжырраттың басталуынан есеп қылуды ұнатты. Бұл ай жылы күн жылына жанаспайды.

Жапония 1872 жылдан, Корея 1892 жылдан бері жаңа стильге кірді. Түбінде осы ескі һәм жаңа стиль барша мәдени халық кіретін жол болар.

Енді бір-екі ауыз сөз жаңа жыл туралы.

Мұсадан бері еврей жаңа жылы марттан басталады, Римде жаңа жыл март еді.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Біздің қазақтың жаңа жылы мартта болғаны адасқан емес.
Жаңа жыл мартта болса, күн мен түн тең болғанынан бастау ке-
рек. Ескі стильде бұл күн 9 март болады.

*Қырбаласы.
«Қазақ» газеті, № 53, 1914 жыл.
Самарқаласы*

ТРАХОМА

Трахома – жүқпалы көз ауруы. Ғылым һәм байлық қалың жүртқа таза жайылған Англия, Франция, Швейцария патшалығында ауру трахома да һәм соқыр да жоқ есебінде. Надан, кедей біздің орыс патшалығында ауру трахома да һәм соқыр да көп.

Еуропа мен Азия бетіне қарасақ, ғылым Күншығыстан Күнбатысқа қарай өседі, трахома Күнбатыстан Күншығысқа қарай өседі. Міні бұған дәлел біраз есеп:

Әр бір мың көз аурудың трахома болады жеті жүзі Қытайда, бес жүзі Жапонияда, екі жүз сексен тоғызы Самарауда, жүзі Мәскеуде, сексені Петерборда, жүзі Варшавада, он төрті Берлинде, бесеуі Лондонда, біреуі Цурихта [Цюрих]. Цурих – Швейцария қаласы. Мұнда трахома жоқ десе болады. Жапон, Қытайдың күншығысында болып, трахомамен аз ауырганы халқының ғылымы арқасында.

Әрбір жүзден трахома болған орыс 4, еврей 4, пөләк 5, хахол 8, татар-ногай 10, белорус 10, литовец 13, неміс 8. Осы жоғарыдағы есеп трахома болып салдатқа кірген жас жігіттерден шығарып алынған. Біздің қазақта қанша адам трахома болатыны белгісіз. Башқұрт жүрті татарменен бірге жазылған шығар деймін.

Трахома – егін салатын жүрттың ауруы, осы себептен трахома Еуропада Австрия-Венгрияда, орыста қара топырақта, Еділ бойындағы губернелерде көп. Трахоманы жүртқа жаятын настық, тар, кір, жаман үй (жер күркө), астүтінде шошала, неміс халқының бір шылапшыннан тәмәм бір үй адамы бет жуған ресімі, кедей үй ішінің бір орамалға бет сұрткені.

Трахомаға қарсы қылар амал халықты ғылымды, бай қылмақ.
Бұл мақсат оңай да, жақын да емес, Еуропаны көріп отырмыз
ғой: адам баласының қолынан келмейтін де іс емес.

Трахомадан сақтанамын десе, таза болу керек. Бұл, ерінбесе,
әркімнің оз қолынан келеді.

Жоғарыда жаздым, трахома егіншінің ауруы деп. Егінге, мал
боқтығына араласқан кісі қолын әрқашан сабындалп таза жуу тіпті
керек. Осы қолды сабындалп жуу намаздай болса, сонда трахома
жоқ болады. Үй іші неше кісі болса, сонша бет сұртетін орамал
керек. Трахома емге көнеді. Трахома бар жерге ауру қарайтын
аурухана салу керек.

Біздің қазақта шаруа мал болған соң, соқыр да, трахома да
аз еді. Енді Торғай, Орал, Ақмола, Жетісу егін шаруасына бел-
демшеден кірді, трахомасыз болмас. Бұлай болған соң мұны
азайтатын амалын қылу керек.

*Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, №56, 1914 жыл.*

ХҮТУХТА ХАТЫ

Монголдардың бастығы Хүтүхтаның жапон патшасына жазған бір хатын «Речь» газетасы басып шыгарды. Монголия өз алдына жұрт болуына Ресейден көмек күте күдерін ұзіп, енді Жапонияны паналамақшы екен. Бұл туралы Хүтүхтаның патша Микадога жазған хаты мынау:

«Денімізді һәм әдет-ғұрпымызды сақтау үшін біз алдыңғы жылдан бері Қытайдан бөлініп өз алдымызға жұрт болып отырмыз. Біз жынабынызға сол уақытта жазып едік, Сіздің күшті мемлекетімізben арамызда сауда шарттары жасалуын тілеп. Бірақ Сізден жауап болмады. Былтыр қыс тағы да сыртқы істер министрін біздің хатымызды қолма-қол тапсыруға жіберіп едік, елшіміз ол жолы да мақсатына ересе алмай қайтып келді.

Енді бұл хатты Сізге жолдап өзіміздің тілегімізді білдіреміз: сіздің халық пен біздің халықтың арасы дос болып жақындаста екен; Монголияда жатқан халықтың жолы нашар. Қытайлар жерімізге басып кіріп, гибадатханамызды өртеп, адамдарымызды қырып, малдарымызды айдалап, мұліктерімізді жауып әлек қылды. Сондықтан Ішкі Монголия амалсыздан Қытайға бағынған көрініп, астыртын бізден жәрдем сұрайды. Жаңада Сіздің бір атақты төрөніз Ұргага [Ургага] келгенде бізді қуантты, Сіздің үкімет бізді шет көрмейді екен, бізben жақындасу ойында болып, Ішкі Монголияға теміржолдар салып, біздің жерімізге қытайларды кіргізбеске жәрдем беру ниетінде екенсіз. Ол төре біздің тілегімізді Сізге жеткізуғе уәде беріп кетіп еді.

Хал-жайымызды білдіргеннен кейін, Сізден өтінеміз: бізге жәрдем қылсаныз екен. Егер теріс көрмесеніз, қытайларды біздің

Ішкі Монголиядан қусаңыз екен. Монголдардың өздері дін һәм туысқандық жағынан бірігуіне де көмектес болсаңыз екен. Не істелсе де, ен қолайлы кезі осы. Бізге елші жіберуінізді өтінеміз.

Егер біздің тілегімізді қабыл қылсаныз, монгол халқы патшасынан бастап, есіктегі малайына шейін Сіздің мархаматыңызды ұмытпас! Біздің тілегімізді жауапсыз қалдырмауыңызды қайта-қайта өтінеміз!»

Еуропа «мәденимін-мәденимін» деп мақтанғанымен, мәденилігі ұсталықтағана, мінезі хайуандық сипатынан қайтқан жоқ. «Адам баласын өзіндей сүй» деген Ғайса [Иса – Іисус Христос] пайғамбардың пікірін ауыз айтқанымен, Еуропа мәдени халқы қасқырлыққа құл.

Ғұмыр тартыс-талас, ғұмыр жүзінде орын аламын десен ұсталық, жиһатнылық зор мақсат. Таласып талпынбаган кісіге де, халыққа да тәмәм қасқыр арасында бәйге жоқ.

*Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 59, 1914 жыл.
Самар*

ТАҒЫ СОҒЫС

Бір-екі ауыз сөз оқушыларға! «Қазақ» газетасы біреу-ак, саясат ісі не керек, тіршілікке пайдалы үлгілі сөз жазу керек емес пе дейтін оқушылар бар. Бұл шала-жансар рас та. Газета алдыңғы көсем жүрген оқушылар үшін шықпақшы, бұлар саясат ісінен хабарлы болмақшы, бұлай болған соң Еуропа саясат ісіне «Қазақта» орын бермей болмайды. Біздің қазақ құлагы Еуропа саясат ісіне тесік болмаса, біздің үйдегі іске жұрт сараңдық қылмақшы.

Еуропа ұлық патшалықтары екі одақ: бір жағы біздің Ресей, Англия һәм Франция; бұларға ыңғайлас Румыния. Екінші жағы Германия, Италия һәм Австрия; бұларға ыңғайлас Болгария.

Австрия Сербияға қысымшылық шарт қылғып, мұны орнына салмасаң, соғысамын деген еді. Сербия Австрияның шарттарын қабылдамай, екі патшалық арасында соғыс басталып қалды.

Австрияның мұнысы құр сұлтау. Мұндай сұлтауды күшті мемлекет әрқашан қылатын. Мұраты – соғыс. 1911 жылы Италия Триполи туралы түрікке осыны қылған. Ондағы Италияның тапқан себебі түріктердің флоты нашар еді.

1913 жылы Румыния мұны болгарға қылған. Ондағы Румыния тапқан себебі – болгардың қолы түрікпен байлаулы еді. Биыл Америка Мексикаға тағы осыны қылды: «Сен нашарсың, сенің жұртың өз ішінде бөліншек» деп.

Еуропа патшалықтары, христианбыз, тұзуміз деген құр аты болмаса, ғұмыр жүзінде бір-біріне қасқыр. Тарих жүзінде Еуропа Азия жұртының бетіне Шыңғыс хан һәм Ақсақ Темір ісін басады, осы екі патша қанша жәбір іс қылды десіп. Бұлар өз уақытын-

да заманына қарай іс қылғаны рас. Міні осы жиырмасыншығасырда Еуропа патшалықтарының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ?! Бұлардың қайсысы қолынан келсе Шыңгыс хан һәм Ақсақ Темірің болмайын дейді...

Сербияға біздің патшалық болыспас амалы жоқ. Сербия өзі бауыр, өзі біз қырық жылдан бері сабак беріп оқытқан шәкірт. Біздің патшалық пен Франция һәм Англия қол ұстасқан дос. Аустрия – Германиямен, Италиямен соғыс жолында байлаулы. Еуропа соғысы деген жүрт қорқатын соғыс басталды, білем. Мұның аяғы не болар?

Италия құзеткені Албания, Аустрия құзеткені Сербия, Болгария құзеткені Македония, Түркия құзеткені аралдар, Солоник, біздің құзеткеніміз Ыстамбұл, Анатолия. Англия һәм Германияға саудага, ақша өсімге беретін жалаңаш кедей керек. Мұның мақсатына мына үшеуі жетер. Италия алар Албанияны, Аустрия – Сербияны, Германия ақшасына базар. Өзгесі «иттің табаны қышыса, керуенге ерер» болар.

Бұл соғыстан жалпы жүртқа ешбір пайда жоқ. Нарлар алысса, шаруа бұзып қан тәккен сорлы халық болар.

Соғыс уақытында ең көп болса Сербия салдаты 450 мың болады, Аустрия салдаты 1 миллион жарым. Еуропа соғысы болса, бөлек болады, Еуропа соғысы болмайтын жаққа тырысының дейтін Еуропа соғысы міні басталды. Еуропада соғысты шын сүймейтін қызметші кедейі, бұларды саясат тілінде «социалист» я «социал-демократ» дейді. Социалистер Франция, Германия, Аустрияда зор партия болады. Осы июл басында Франция социалистерінің мәжілісі болып тарқады. Осы мәжілісте Франция социалисті бата қылышты: «Еуропа соғысы бола қалса, бұған тоқтату үшін соғысқа кіріскең екі патшалық социалистері уақытша қызмет тоқтатсын» деп, мұны саясат тілінде «забастовка» дейді.

Германия социал-демократының «Фюрвертс» [?] атты газетасы бар. Мұның алдырушысы миллион кісі. Германия социал-демократы, осы газета не десе, соны қылады.

«Фюрвертс» – біздің қазақша «көсем» болады.

Осы «көсем» Аустрия ісі қисық, Аустрия Сербияға зорлық қылышп отыр, бұл туралы біздің неміс жүртінің бір қасық қаны

Әлихан БӨКЕЙХАН

төгілмесін деп жазып тұр. Франция социалистерінің пікірі де осы. Кітап жазатын, газетаға жазушы Германия социал-демократы Шнейт Германия патшасы Вилгелімге [Вильгельм] анық хат жазып отыр: «Ер, әділ едік, мынау Аустрия ісі жолсыз, бұл туралы біздің неміс салдатының қанын төкпесін» деп.

Бұл соғысқа біз кірісетін болсақ, біз кіріскең сон, Германия да амалсыз кіріскелі тұр. Аустриямен әуелде жасасқан шарттары солай – «егер бірімізге екі патшалық жабылса, болысамыз» деген.

Біз бен Германия кіріспін іс қылса, нашар-жаман Сербия тезірек теріп артта қалар, дүние жүмбағы байлар не боларымен болар.

Кім жықса да Еуропа, Азия жері қайта пішіліп, қошқар мүйіз салынар. Осындай зор саясат ісінен хабарсыз жату біздің оқушыларға жол ма?

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 71, 1914 жыл.
Самар қаласы

ЖАН ЖОРЕС

19 июлде кеш Париже кафеханада дос-жолдастарымен та- маққа отырғанда, терезеден атып Жан Жоресті өлтірді.

Уақыт өтсе де, оқушылар сөкпес, осы Жорес туралы бір-екі ауыз сөз жазсақ. Жорестей ерді жоқтап қалу біздің «Қазаққа» міндет.

Өткен жылы «Қазақта» Бебель туралы жазылған еді. Германияда Бебель кім болса, Францияда Жорес сол еді. Жорестен шешен адам баласы жер үстінде жоқ еді. Жасында оқуды көп оқығі, оқудың ең қыны философия профессоры болған еді. Өзі бай, өзі білгіш кісіден кемде-кем-ақ қызметкер партиясына ауды-ай. Жорес осы жалғыз жарымның өзі еді. Франция Жорес сөзіне сүттей үюшы еді. Жорес не дейді деп бөтен жұрт та Жорес сөзіне құлағын тігетін еді. Осынша зор аруақ Жореске адам баласына жырақ бітептін жақсы мінез арқылы пайда болған.

XIX ғасырдың токсаныншы жылдарында Франция Государственная Дума, мұны «палата депутатов» дейді, шлендері «Панама» атты зор ақшалы қауымға сатылғаны белгілі болды. Франция палата депутатын осы алым алатын нас аурудан та- зартқан Жан Жорес болатын.

Тағы XIX ғасыр аяғында Франция әскер адамдары өтірік жала жауып бір еврей Дрейфус атты жігітті ғұмырынша «каторжная работаға» айдатты. Осыған тағы Жорес кірісіп Дрейфусты босатып алды.

Өткен июнде Франция Социалист партиясы сиез қылып жиылған еді. «Қызметкерге һәм бұқара жұртқа соғыстан пайда жоқ. Адам баласының қаны төгілмесін, Францияны ешкіммен

Әлихан БӨКЕЙХАН

соғыстырмаймыз, соғыс бола қалса, екі соғысқан жұрт социалисі бір мезгілде қылып отырган істі тоқтатып («забастовка жасап»), соғысқа қарсы болсын» деді. Осы бата Жорес бастаған соң болған еді.

Қырық жылдан асады, Германия соғысып жығып Франциядан Эльзас-Лотарингия атты екі облысын тартып алған. Соңан бері Францияда кек алам алам деген бір сипыра кісі бар. Бұлардың тілегі қашан да болса, Германиямен бір соғыспақ.

Есіл ер Жорес осы кекшілдік оғына үшты-ау деймін.

Жорестің өлімін Франция үкіметі Министрлер Кеңесі құрып отырган мажілісте естіген. Министрлер жиылдысы сол сағатында Париж халқына мынадай сөз таратты:

«Элеумет! Жанға батарлық ауыр қазага үшүрадық. Парламент көркі атақты шешеніміз жау-дүшманның оғына үшты. Ғұмырынша кірсіз таза пікірімен жүртты ақ жолға бастаған, мемлекет басынан кешіп тұрган қазіргі қын күндерде өзінің әділдік-туралығымен татулық-тыныштық жағын қуаттып, үкіметке сөзін құрметтеп көмегі тиғен марқұм республиканец һәм социалист қыранының алдында бәріміз бас иіп халықтан өтінеміз: осындай ауыр минуттарда қызметкерлер һәм бұқара халық мемлекет намысына ніауып басталған тынышсыздықты тагы да зор етпей, жүрттың береке-бірлігін ойлауды.

Жоресті өлтіруші ұсталды, жазасын тартады. Законғе нанып бой сұннызыздар. Бас министр...»

*Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 74, 1914 жыл.
Самар қаласы*

ИСМАЙЫЛ БЕК ҒАСПРИНСКИ

(Оғатынан соң)

Исмайыл мырза Ғаспринскийдің опаты бүтін Ресей мұсылмандарына жаман әсер етті. Бөтен жүрттың көктегі айы мен күні жоғалғаннан кем болған жоқ. Естіген жанның бәрі қайғырды. Оның руҳына һәр жерде дүгелар оқылды. Дүнианың төрт бүрышынан Бақшасарайға көніл айту телеграмдары жауды. Мұсылмандар қаламының ұшын көз жасына малып, газета басқармаларына хат жазып, телеграм беріп «қайырлы болсын!» айтысты.

Ресейде шығатын түрікше газеталардың бәрі де бірнеше күн Ғаспринскиге толы болды. Оның кім екендігі, түрік жүрттына қандай іс істеп кеткендігі жазылды. Оның негізгі пікірі, етken қызметі, қалдырған үлгісі туралы ұзын-ұзын мақалалар басылды һәм қысқаша тәржіме халі жазылды.

«Һәр кім өзі шыққан төбесі биік болғанын тілейді» дегендей, мәдени жүрттар өздерінің бас адамын көркейтіп, басқа халықтарға таныту үшін һәм өздері мәңгіге шейін ұмытпас үшін дәрежесін көтереді.

Ғаспрински өзінің заманында жалғыз Ресей мұсылмандарының ғана емес, бүтін мұсылман дүниасының ұлық адамы еді. Сөйтсе де опат күніне шейін оның түгел тәржіме халі, түрік руһына етken қызметтері жазылған кітап жоқ еді. Бұл кемшілік, әрине, мұсылмандардың ғафілдігінен, мәдениетсіздігінен еді.

«Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген. Енді жүрт қадірін білер, толық тәржіме халі кітап болып шығар деп үміт етеміз.

Қысқаша тәржіме халі

I

Исмайыл мырза Мұстафа оғлы Қырымда 1851 жылы «Гаспра» деген ауылда туған. «Гаспрински» деген фамилия сонан қалған. Ата-анасы бұрынғы Қырым хандары нәсілінен келген ханзада балалары болған.

Исмайыл мырза алғашқы оқуын ауыл мектебінде оқып, онан кейін Мәскеу гимназиясына барып түскен.

Надан жұрт «баламыз орысша оқыса, орыс дәмін татса, ойбай, орыс болды, енді айрылдық, елден, жұрттан безеді» деп түсінеді. «Орысша оқыған «овтар» шаш өсіреді, мұрт баспайды» деп надан қажылар орысша оқығандарды кемсіткісі келеді.

Мінеки, түрік ұлтының шын баласы ғана түгел, мынауы атасы дәрежесінде жеткен Исмайыл мырза кішкентай кезінде Мәскеуде Катков деген орыстың үйінде пәтер[де] тұрган, неше жыл олармен дәмдес болып жүрген. Исмайыл мырза ұлтына басшы болу пікірін сол үйде тұрып тапқан.

Іван Катков «М. ведомости» [«Московские ведомости». С.А.] атты газетаның аса ұлтшыл жазушыларынан болып, алғы түріктерге тиіп, түрікті қорлап жазады екен. «Атаңа кім тисе, дұшпаның сол» дегендей, әркім өзі ұлтын сую, өз ұлтына қызмет ету керек екендігін Исмайыл мырза сол Катковтың үйінде жүргенде үққан.

1870 жылдарда Түркия қолындағы Крит аралындағы пректер Түркия үкіметіне қарсы соғыс шығарғанда, Исмайыл мырза Түркия әскеріне қосылып дұшпанына қарсы тұруға гимназияны тастап сонда кеткен. Ол кезде жасы 19-да екен.

Терең ойлы, кең пікірлі Исмайыл мырза түбінде жұртқа басшы болғандай, үлгі бергендей кісі болу үшін, гимназияда алған біліміне қанагаттанбай, ой-пікірін толықтыру, мағлұматын молықтыру үшін Еуропаға сапар шеккен.

Бірнеше жыл Францияның астанасы Париж шаһарында жа-тып оқыған. Онан шығып Африкада Әл-Жазирада [Алжирде], Тунисте, Мысырда, Иранда һәм Түркияда кезіп жүрген. һәр

жерде мұсылмандардың нашарлығын, надандық себепті кемдікте қалғанын, бүтін мұсылман дүниасы тарихтан маҳрүм жатқанын өз көзімен көрген. 1874 жылы Қырымға қайтып, Бақша сарай шаһарында мұғалім-ушител болып балалар оқыта бастаған.

II

Исмайыл мырза Ресейге қайтқан соң, мұсылмандардың өзге жүрттап кейін, мәдениеттен төмен қалғанын көріп, сол ізben барғанда тез заманында әлек болып, дүния жүзінен жоғалатынын біліп, мұның себебін іздеген. Оның пікірінен хабарсыздық һәм табиғат канондарымен пайданала білмеуі болып шыққан. Мұсылмандарды қорқынышты халакеттен, дүния жүзінен жоғалудан құтқару үшін, оларды оқыту, халық арасына Еуропа ғылымын, пікірін, назарын кіргізу тиіс екендігіне Исмайыл мырза иман келтірғен. Халықты қалайша тарихи һәм мәдениет жолына салуға керек деген сұрауға Исмайыл мырзаның тапқан шарасы мынау үш нәрсе болған:

1) Балаларды бастауыш мектепте оқыту, мектептерді заманға муафақ тәртібіне салу, сол тәртіпті Ресейде жалпы мұсылман мектептеріне жүргізу;

2) Ресейдегі түрік қауымдарының ортасында бәріне ортақ түсінікті әдеби тіл тудыру, Еуропа өнер-білімін медреселерде сол ортақ тілмен оқыту;

3) Пақырлық себебінен оқусыз, білімсіз, өнерсіз қалуы мүмкін болған нашарларға қарасып, оларды да оқудан, өнер-білімнен мақрүм етпес үшін «Жамиғат хабариелар», «Жәрдем жамиаттарын» аштыру.

Исмайыл мырза бірнеше қызметі бала оқыпумен басталған. Бірнеше жыл оқытқаннан кейін, өзіне оңаша мектеп ашып, Еуропада қабыл етілген тәртіппен сабак оқыта бастаған. Алғашқы кезде халқы шошынып: «мына мырза баламызды орыс қылайын деп жүр-ау» деп, балаларын бермеген. Бірақ оған қарап Исмайыл мырза бастаған ісінен шегінбеген: 4-5 пақыр адамның бала-сын жалдап алғандай алып, 3-4 ай оқытқан соң, шаһар-

Әлихан БӨКЕЙХАН

дың бас адамдарын шақырып емтихан жасаған. Емтиханда жапжас балалар тәп-тәуір қағаз танып-жазып, иман-ыждиңад мәселелерін біліп қалғанын көріп, жұрт істің хакиқатына түсініп Исмайыл мырзаның тәртібін ұнатқан. Сонан кейін һәр кім баласын жаңа тәртіппен оқытуға бере бастаған.

Ал енді Исмайыл мырза өзінің ойындағы мақсатын қалың мұсылманға қалай түсіндірмек, көніліндеңі мүддесін қалай естіртпек? Оларды қалай жөнге көндірмек? Алғашқы кезде мұсылмандарды жөнге өңдеп кітаптар шығармақ болған. 1881 жылы 8 майда «Тұнғыш» атты кітабы басылып шыққан. Исмайыл мырзаның түрік тілінде басылып шыққан алғашқы кітабы осы «Тұнғыш» болған. «Тұнғыштан» соң тағы бірнеше кітап шығарғаннан кейін «Тәржімән» газетасын шыгаруға рұқсат алған. 1883 жылы 10 әпредде «Тәржімәннің» бірінші нөмірі шыққан.

III

Жапон соғысынан соң Ресей үкіметі, біз Еуропа боламыз деп, Еуропа рәсімінше жұртқа бірқатар теңдік, есіне еркіндік берді. Сол ретпен, олқы да болса, жаңа закон шығарды. Жаңа закон бойынша, Ресейде кітап бастыруға, газета, журнал шыгаруға жол ашылды.

Осы күнде газета я журнал шығарамын деген адамға хүкімет тарарапынан онша қыыншылық жоқ. Бірақ мұнан 33 жыл бұрын мұндай емес еді.

Ол күнде сайрағыш бұлбұлдар қамауда, қырағы сұнқарлар торда, жүйрік тұлпарлар матауда еді. Ол күнде һәр кімнің қолы байлаулы, аузына құлып салулы еді. Ол күнде аяғын бір қарыс дұрыс басқан адам жазықты, бір ауыз дұрыс сөз айтқан адам жазалы еді. Ол күнде кітап жазған адам, кітабын баспас бұрын, Петерборға цензурға жіберіп қарату міндет еді.

Әзиз ерлердің қаламынан аққан есіл сөздер цензурда айлар, жылдар жатып, қайта қайтып, қайтпаса сол бойымен жоғалып кете беруші еді. Ол күнде хүкімет адамдары Ресейдегі

мұсылмандарды шапшаң орыс қылудың қамын ойлап жүруші еді. «Московские ведомости» секілді қара жұз газеталар мұсылмандарды орыс қылудың пландарын жазып тұруши еді.

Әне сондай кезде Исмайыл мырза қайрат қылып, жолып, ебін тауып «Тәржімән» газетасын шығарған. «Тәржімәнға» рұқсат шыққанға шейін екі губернатор, үш министр төңірегінде Исмайыл мырза үш жыл әуре болып жүрген, 4-5 рет Петерборға барған.

Исмайыл мырза бай баласы емес, өзінде де байлышқа жоқ, жарлы бір мұғалім еді, сол қалпымен газетаға рұқсат алу үстіне, оған баспахана ашу, харіп сатып алу да оңай болмаған шығар!?

Ол кезде бұл күндеңідей тұс-тұсынан сөз, хабар жазып тұратын тілшілер, жазушылар жоқ, Исмайыл мырза «Тәржімәнды» өзі жазған, баспаханада харіпті өзі тізген, мәшинәда өзі басқан, газетаны өзі бүктеген, шаһардағы алушыларға өзі үлестірген. Сөйтіп бейнеттеніп жүріп «Тәржімәнның» бір жағын орысша, бір жағын түрікше толтырып, жеті сайын шығарып, таратып тұрган.

«Тәржімән» газетасы шыға салысымен жүрт «Барак Алла» деп көмегін беріп, газетаны алып Исмайыл мырзаны мәз қылды дейсіз бе? Жоқ... Исмайыл мырза «Тәржімәнды» шығарып, онда тәртіпті оқуды жүртқа көрсете бастаған соң, алдымен молдалар қарсы түсіп, өзі алмаганымен қоймай, «газета оқуы харам», «тәртіппен оқу харам» деп жүртты азғырган. Онымен қоймай неше түрлі шанышпа тілмен мырзаны сөккен.

Жігерлі Исмайыл мырза оның бәріне де шыдаған, күліп қараган. Исмайыл мырза өзінің керуен жұлдызы екенін білген, жуырда таң атып, күн шығуына көзі жеткен. Сондықтан өзіне қарсы тұрушыларға үндемей жүре берген.

Қай жерде «Тәржімәнды» сүйметен, ұнатпаған адам болса, оған жібере берген. «Тәржімән» 10 жыл шықкан – сонда да алушсы бір мың-ақ болған екен. Эрине, табысы шығынына жетпеген. Отбасында құл сабап отырып жүрт: газета шығарған кісі ақша жиу үшін шығарады-ау дейді. Кітап бастырудың, журнал-газета шығарудың талай бейнеті барын қайдан білсін!

Әлихан БӨКЕЙХАН

Исмайыл мырза қайрат етіп отыр. Үш жыл «Тәржімән» басынан жылжымай жұртқа көсемдік етті. Мұсылмандарды оқуға, жазуға үйретті. Мектеп анып берді. Мақалалар шығарды, һәр түрлі жамиғат хайриелер аштырды һәм әдебиет туғызды, мәңгі бітпес пікір, идея берді. Россия мұсылмандарын тірі бір ұлт халіне қойды, кейінгісін ойлағандай, інгерісін болжағандай ой берді.

Сондықтан Исмайыл мырза түрік ұлтының зор тәрбиешісі, ұлық ұстазы, ардақты атасы болып дүниадан қайтты.

*Түрік баласы.
«Қазақ» газеті, № 80, 81, 82, 1914 жыл.
Самар қаласы*

БАРЛЫБЕКТІ ҰМЫТПАСКА

Бауырым Міржақып! Бүгін Барлыбек опат деген хатынды алдым.

1890 жылы мен Петроград барғанымда Барлыбек Петроград университетін бітірген еді. Барлыбек сол жылы жолдасы Ғабидолла Теміровпен (осы күні Тобол окружной судында член) Петроградта тұрып қалды. Онда мен оку қуалап анда-санда болмаса, жақындасқан жоқ едім. Жігіт сыны одақтасып іс қылғанда белгілі болады. Ол кезде оқып жүрген қазақ баласына жүртynа қызмет қылу парыз болып көрінбеген шақ.

*Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы,
Жаңа өспірім, кек өрім
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанады ата-анасы.*

(Абай)

Осы күнгідей бірігіп істейтін іс – өнер болмаған соң, онда мен Барлыбекпен сырлас бола алмадым.

Барлыбек жеріне қайтып, Жетісу обласной мекемесінде қызмет қылды.

Кешегі бұлт айығып, күн шыққан заманда ұялшақ, қыз мінезді Барлыбек жүртym деп іске кірісіп орнынан шықты:

*Алдың жалын, артың мұз,
Барар едің қай жаққа.*

Әлихан БӨКЕЙХАН

1910-1911 жылдары Жетісу қазағының жеріне қам қыламын деп Барлыбек Петроградта бірнеше ай жатты. Мінезі:

*Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кептес далага, –*

еді.

Бұл жолы көп сөйлесіп Барлыбек мінезімен жақсы ашына болып едім. Ақ көніл қыз мінезді көріп едім.

Жетісу жері екі түрлі: Бірі Алайтаудың малға қүйлі белдеуінде, бірі егінге жай өзеннің өлкесінде. Мұның екеуіне екі түрлі әдіс мақсұт екен дескен едік. Мал баққан жұрт мал бағып тұра берсін, егінші жалайыр мұжықша жер алсын, түптен келе жатқан егінші ғөй, егін салып таласса, мұжыққа өз еншісін бермес дедік.

1911 жылы жазғытұры Петроградта тағы да үстіп іс қылмақ болып, құшақтасып сүйісіп айырылып едік, үш жылда мұндан болмақ ойда жоқ еді.

*Өлімнің үйқысы емес, іздегенім,
Үйқы тыныштық, ұмыту бер дегенім,
Көкіректе ғұмырдың күші тұрып,
Іздеймін демалысты үзбегенмін.*

(Абай)

*Су сұлдырлан, жел кеулен, күн шуақтап,
Жылдықты, достықты тұрсын мақтап,
Өнген-өскен жақсы деп емен агаи,
Теңселіп айтып тұрса, ол шайқақтап.
Кош, қарагым. Бөке, қабірің осындаи болсын!*

*Ғали хан.
«Қазақ» газеті, № 90, 1914 жыл.
Самар қаласы*

ОН ТӨРТ ТӨГҮЗ БОЛА МА?

*Он торт тогыз бола ма?
Бұл отірік пе, жала ма?
Жабыла қол қойғанмен,
Ақ іс қара бола ма?*

1909 жылы Сералы, Елжан екеуі мұсылман депутаттары арқылы Гос. Думаға қазақ жері туралы закон жобасын кіргізген еken. Осы жоба законге айналса, жүртқа белгілі: 9 июн 1909 жылғы «Министр Советі насихаты» тоқталып, мұжық алып жатқан қазақ жері біздің жүрт пайдасына қалмақ еken. Мен болмасам, Сералы мен Елжан закон шыгарып алып, қазақ жерін қорғамақ еken.

Бұларың жөн-ау, бірақ Сералы мен Елжан закон жобасы Гос. Думага 1909 жылды 14 июнде кірген еdi.

*Он төрт төгүз бола ма?
Бұл отірік пе, жала ма?*

Соңғы 5 жылда біздің қазақ жерінен 8 миллион десетине жер алынды. Осы 8 миллион десетине жер, мен болмасам, Сералы мен Елжан тапқан олжа болып, қазақ пайдасына қалмақ еken.

Тұсындан айналайын, тусаң осы екеуіндей болып ту!

«Осы Жамантай ханды жаратқан құдайдың көзі шаңырактай шыгар-ау!» – деп, Жамантай төренің ісіне риза болған бір надан шал айтқандай, Сералы мен Елжанды жаратқан құдыреттен айналса болмас па!

9 облыс, бір губерне қазагы мекендереген жер 240 миллион десетине. 1914 жылға дейін қазақтан мұжыққа алынған жер 12

Әлихан БӨКЕЙХАН

миллион десетине. Бұл әрбір жүзден 5 десетине ғана болады. Әлі де болса, құдайға шүкір, қазақ қолында ер қызметіне тұратын жер бар. Жаза менен болса, мен жаңылдым, жаздым, Сералы, Елжан екеуің өнерлерінді бүтіп жатпай, бастаңдар, етектерінен үстайын. Жүзден 95 аз олжа бомас!

1909 жылы саясат жолы закон шығарып алуға оңай болса, 1914 жылы онан қындаған жоқ. Бұл күнде саясат жолы ондағыдан тар да, кең де емес.

Откен жылғы «Қазаққа» басылған А.Б., Қыр баласы мақалаларын оқушылар Гос. Думадағы партиялар пікірін, закон жобасы законге не шартпен айналатынын, Үшінші Гос. Дума қандай законды «қош келдің» деп, күтіп алатынын біледі. Бұл туралы теренге кетуге уақыт ынғайсыз, сөз қысқартайық. Үшінші Гос. Дума өзі 3 июн сейсембі сәтсіз күні туған жоқ па?! Біз сонда депутаттан айрылған жоқ па па едік?! 120-статияның қосымшасын Түркістанға шығарған Үшінші Гос. Дума емес пе еді?! Үшінші Гос. Дума арқылы қазаққа пайдалы закон шығарып алам деген соқырлық, саясат жолынан адасқандық деп жазуға қалам, шіркін, мұжіліп тұрган жоқ па?

*Сен, қозы, текке қарап жүре алмайсың,
Соқтықпа маган десем, тіл алмайсың.
Моиңыңды қазір жұлып алайын ба –
Суымды неге былғап лайлайсың!*

Бола ма деп саясат жолына еркін кіре алмай, қор болып тұрғанымыз жоқ па? Бұлт айығып, күн шығар, сонда тірі болсам, Сералы, Елжан екеуіңнің закон жобасы законге айналмаған себебі менен бе, жоқ сол уақыттағы саясат ауасынан ба – көрсетермін.

1909 жылы Үшінші Гос.Думаға қазаққа пайдалы закон жобасын кіргізіп, мұнан қылған үміт «осынікі қалайша үзіліп тұспес екен» деп, қошқарды құзеткен тұлкі үміті емес пе еді!

Адам баласы істеп жүрген ұсталықтың ең оңайы етік тіккен, міні бұл да кім болса соның, кез келгеннің қолынан келмейді, бұда етікшіні қүтеді. Саясат ісі адам баласы істеп жүрген ұсталықтың ең қыны, етікке қылатын амал тарамыспен біtedі, саясат

жолында тарамыс орнында адам баласы. Тарамыс та шеберді күтеді.

Барып келсе Ертістің сұын татып, Беріп келсе бір арыз бұтыпшатып, Елді алып, Еділді алып есіреді, болып біз қаңғып жүрміз.

1909 жылы Петерборда Сералы мен Елжан маған келіп жолықкан еді, біз мынадай закон жобасын Гос.Думага кіргіземіз, сен де бізге қосыл деген еді. Мен бұларға қазақ жері туралы өз пікірімді баян қылған едім.

Осы закон жобасы туралы 1919 жылғы мұсылман депутаттарының секретары Әли Мардан бек Топышбашев квартиринде Сералы, Елжанмен екінші қайта айттысқан едім. Бұл закон жобасы уақытсыз, саясат жолында болмайтын іс деген едім. Сералы мен Елжан құр үміттен басқа ешбір дәлел айттып, мені жыққан жоқ сияқты көрініп еді.

Мен Самарға кеттім. Сералы мен Елжан елде ишан шұбалаудың жиган Бақытжанды күтіп Петерборда қалды. Бақытжан бұл закон жобасына қол қоймағаны қалай? Осы жолы Бақытжан 15-тің етегіне намаз оқып келген жоқ па еді! Жолдасы Сералы, Елжан «9 іюнді» жоқ қыламын деп әдіс қылғанда, Бақытжан бұған намаз оқып еді. Енді жаланың бәрін менің мойныма аудармақ. Бақытжан аға-ау, балаларың ер жетпей ме? Бұл мінезінді көре тұра, бұл балаларың қайда жасырынып күн көреді? Ұят қайда?!

Бір жылдан кейін, 1910 жылы жазғытуры депутат Құтлұ-Мұхаммед Тефкелев мені шақырып, бізде қазақ закон жобасы бар, бұл туралы Сіз не айтасыз деген соң, мен мұсылман депутаттары алдында қазақ жері туралы доклад қылдым. Бір жылдың ішінде бұл турада менің саясат жолындағы пікірім бұзылатын не болды? Мен мұсылман депутаттарына былтырғы Әли Мардан бек алдында айтқанды айттым. Мәжілісте Қабын, Сағадат болған. Саясат мынау, осы закон жобасын законге айналдыратын не үміттерің бар деп мұсылман депутаттарынан сұрап едім, Кавказ депутаты Хидров бұл саясат жолындағы бір әдіс-тағы дегенді айтты.

Гос. Дума қарайтын закон жобасы екі жерден шықпақ: бір закон жобасын үкімет жазып кіргізеді; бір закон жобасын депутаттар жазып кіргізеді. Депутаттар жазған зокан шарты – 30

Әлихан БӨКЕЙХАН

депутат қол қойғаны. Бірнеше депутат жиылып закон жобасын кіргіземін десе, қолды 30-ға толтыру қын емес. Есікте отырып, төрдегі тұмашқа таңбаңды сала сал деген қазақша, депутаттар жолдастық құқы үшін закон жобасына қолды қоя салады. Мына мұсылман депутаттары кіргізген закон жобасына 60 депутат қол қойған. Мұның ішінде Милкжов, Гучков бар. Дума комиссиясында, жиылысында закон жобасын қорғау міндеті – алдымен қол қойған депутаттың міндеті. Сералы, Ел- жан закон жобасына алдымен қол қойған Құтлұ-Мұхаммед Тефкелев. Гос.Думада һәм мұның комиссиясында закон жобасын қорғау оңай жұмыс емес. Қ. Тефкелев қазақ жерін, қазақ ғұмырын ізденіп, оқып, тоқып білген жүйрік емес. Закон жобасын Гос. Думаға кіргізгенде, қазақ жабысқан соң, «біз қол беріп, бұларды тартпасақ, кім тартадынны» ойлаған. Закон жобасын тілеген қазақ өзі дәлел тауып берер деп Сералы мен Елжанға сенген. Бұлар жүкті мұсылман депутаттарына аударып тастап, «Елді алып, Еділді алып, есіріп», үйге қайтып, үш жыл тыңқылып жатып, «он төртті тоғыз қылып отыр». Комиссияда осы қазақ жобасы қаралатын кезек үш жылда неше рет келгенде, Құтлұ-Мұхаммед Тефкелев бармай, амалсyz бағып қалатын. Үшінші Гос. Дума тарқағанда, Дума қарайтын закон рәсімімен біздің закон жобасы шіріген. Мұндай закон жобасы көп болады. Еврей депутаты Неселевич 166 депутатка қол қойдырып, Үшінші Думаға закон жобасын кіргізді, еврей жұртын қамаудан (орысша – черта оседлости) шығарамын деп. Бұда Гос. Дума тарқағанда шірилді. Бұл законды саясат жолындағы әдіс қана деп Гос. Думаға кіргізген. Мұны бір еврей закон болады деп ойлаған емес. Олар біздей қап-қараңғы соқыр емес. Сералы, Елжан закон жобасы мен себеп болып законге айналмаған екен. Гос. Думаның закон шығаратын кілті менде екен. Үш жылдың ішінде, шырактарым-ау, өздерің қайда едіндер!? Жеті тиындық ҳатпен неге сұрамадындар: біздің закон жобасы қайда жатыр деп? Сералы Петерборда тұрады, телефонмен Құл-Мұхаммед Тефкелевтен біздің закон жобамыз қайда деп сұраса, қын ба?!

1911 жылы қыскы құні Бақытжан Петерборда Фонтанка мен Морская орамдағы үйге хақы кесе бармады ма еді? Петербор мешітіне негіз салғалы барған мұсылман депутаттарын сонда

көрмеп пе еді? Осыны білуге мұсылман сиезіне бару керек пе?
Өсітіп те дені сау кісі қылжырай ма екен!?

Адасқанда менің етегімнен ұстамадың деп мені кінәлайсындар! Мен қазаққа қызмет қылғанда, соқырга еремін деп уәде беріп пе едім!? Кісі өз басына істеген іске шеберлік шарт, жұрт үшін істеген іске ақ көніл, кір жүқпайтын мінез шарт.

1908 жылы мен абақтыдан шығып, үйге қайтқанымда, маған марқұм Ерахмет Алдабек баласы бір қағаз көрсетті. Бақытжан Қаратасев, Сералы Лапин «Алаш» атты қауым жасап, қазакты біріктірмек болыпты, мұның ішінде сен де бар деп жазып отыры, бұл рас па деді. Мен мұны білмеймін. Мен мұнда жоқпын дедім. «Алаш» деген баспа жұз сомның қағазы Ерахмет қолында көрінді.

1910 жылы «жалғыз сен жұрт үшін қызмет қылдың» деп маған хат жазады.

1913 жылы «бір көргенде, сөзіне риза болып, үміт етіп едім» деп Жиһанша маған хат жазады.

Мұсылман сиезінде Бақытжан мені мұқатамын деп, ыстықта жүк артып қуған сиырдай былғанды. Бұл Әлиханға аз болды деп, енді он тәртті тоғыз қылмақ болдындар.

«Борыш көркі – төлеу» деген орыс мақалы бар.

Қоянды базарында бір топ кісі саулағ келе жатыр едік. Танжап атты бүтқа салып жіберіп, үн сатқан хохол арбасын шыр айналды. Мұның қалай дегенде: «мынаның қарамай шалбарынан үркіп жүрмін» деді. Мен сендердің қарамай шалбар сияқты мінездеріннен үркіп жүргем жоқ па!

Қашқаныма шимайлұ гүмымыр жолы қоймай, түзде сендерге жолым кез болып, «қаймал» інген құғандай болғаным жоқ па!

Ғали хан

Ж.А. Бақытжан, Сералы «Алаш» деп бұлдыратып жүргенде, мен абақтыда жатып қазақ жері туралы жазған мақалаларым «Сибирская вопросы» деген орыс журналының мына нөмірлерінде: 16-17, 18, 21-22, 27-28, 33-34, 35-36, 37-38, 45-46, 47-48, 1908-ініні жылғы, «V» деп қол қойған. Орысша білетінің оқып қара.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Ж.А. «Айқап» басқармасына: «Айқаптың» 14-нөміріне Сералы, Бақытжан һәм жолдастарының хаты басылды. «Астары мен үсті бірдей болсын» деген франсұз жұртының жақсы мақалы бар. Мынау мақаланы «Айқап» көшіріп басар деген үмітім бар.

Жүртқа белгілі «9 июн 1909 жылғы Совет Министрдің на-
сихаты 9 июнде шықты; Сералы, Елжан екеуінің закон жобасы
Гос. Думага 14 июнде кірді.

*Fали хан.
«Қазақ» газеті, № 91, 1914 жыл.
Самар қаласы*

2 ФЕВРАЛЬ

2 февральда «Қазақ» екіден үшке шықты. Жаңа газета жас бала сияқты. Бала бастапқы кезінде анау-мынауды елегіш келеді. Бір-екі жылды артқа салып алған соң, буның бекіп, бұғанасы қата бастайды. Ата-анасы мінезін біліп, сынын танып, сырын түйе бастайды. Газета туралы да нақ солай.

Анау-мынауды елегіш нәзік күйін өткізіп, газетіміз үшке қарады. Айырықша бір апатқа ұшырамаса, аз-мәз нәрсені елемей өтер деген үміт зор.

Газета бетін шұбарлаған құр қағаз емес, жұртына қызмет етуші ұлтының ұлы екендігін саңылаусыздар болмаса, саналы қазақ таныды. Ол танығандығын осы өткен жыл көрсетті. «Тәнірі асыраған тоқтыны бәрі жемес» деген. Тәнірден соңғы күшті халық қой. Халық қолындағы іс анау-мынаудың қастығымен өшпейтінін көзben көріп, қолмен ұстагандай болдық. Жұрт жұмысының тегермеші ілгері айналса, оны шыбық салып тоқтатамын дегендер құр арам тер болуы қашаннан-ақ бар нәрсе.

Арам тер бөлғандар бола берсін. Ахмет болмаса, Міржақып шығарар. Ол болмаса, онан басқа шығарар. Бірақ қазақ газетасыз тұрғысы келмейтінін білдік. Соган көзі жетіп, «күштіге сыйынсан құдайға сыйын» деген әуелі құдайға сеніп, екінші, құдайдан соңғы күшті халыққа сүйеніп, «Қазақ» алдағы жасы на аяқ басты. Қайырлы болсын!

Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 93, 1915 жыл.
Самар қаласы

АШЫҚ ХАТ

Міне, «Қазақ» жеті сайын екі рет шықты. Газеті тілегі орнына баруына екі түрлі шарт керек. Мұның бірі қазына, бірі мақала жазатын қалам.

Газетаны оқушы көп болса, қазына болғаны. Бұл әліппе сияқты, балага таныс сөз, мұны қысқартайық. Мұның тетігі газетаның өз мойнында: мақаласы көр-жер болса, бұл газетаны жұрт оқымайды. Манызды, ғұмыр тілегіне тұратын, кестелі сөзді газета баспаса, бұл газетаны ақша шығарып алмаңдар, жоқты оқып арамтер болмаңдар, бұл түрлі газета болса, адам мұны алмаса, өз обалы өзінде.

Еуропа газеталарының тарихына көз салсақ, көрінеді: жұрт надан, газета оқушы жоқ болса, бұған Шекспир, Толстой да түк амал қыла алмайды. Бірақ газета шығарудың шарты – оқушының барлығы. Осы күні біздің қазақта оқушы бар десек, газетаның бай-кедейлігі, қазынасы бар-жогы өз мойнына ауады.

Біз газетаға кіріскеnde осыны мойынға ала кірістік. Жалынганды, қазақ аяп алған газета ғұмыры – жазғытұрым алашамен жауып қорғаған қар ғұмыры. Бұл қар өзінен өзі астынан еріп құрымай қоя ма?!

Газетаның бір түрлі қазына жолы осымен тұра тұрсын, енді қаламға келейік.

Қазына газетаның сырты, жаюы; қалам мақала – жаны. Адам шеберлігі араласып іс қымаса, таудай алтын бір өлі қазына. Миллион иесі надан, қаламға шорқақ болса, мұның өзі миллионына газета жүрмейді.

Газетаны күйелеп, жаратып бәйтеге қосуға өз алдына шебер, білгіш, жүйрік керек. Бұл ғұмыр тойына шақырылған көп, өз

өнеріне тиісті орын алған жоқ. Газетаға басшы болу кім болса, соның қолынан келмейді.

Газета ісі үй ағаш болса, басқармасы мұның тез болады. Басқармаға басылам деп тілетіп келген мақала тез басына әке-ліп тастаған ағаш. Ағаш бұтақсыз сомдай, бесбелдем болса, тezші рахаттанып басады; бұтақты қисық ағашты тезге салса, шытырлап, жарылып ұзынынан сынатын, тezші сол енінен асырып лақтыратын. Орынсыз, кестесіз жазылған мақала басқармада тезде сынган ағаштай, жыртылып кәрзенкеден орын алады.

Тezші ісі жақсы болсын десек, сұлу ағаш әкел, басқарма ісі көркейсін десек көп қылып, басқармаға жақсы жазылған мақала жібер. Біз басқармамыз айтулы жақсы деп мақтанбалық; сойтсе де сабасына қарай піспегі, мінсіз жалғыз құдай, секпілсіз жалғыз күн.

Басқарма жайын оқушылар сынар, үйші қанша шебер болса да, үй ағаш тез басында болмаса, ісі бар қадар таппас. Басқарма өз әлінше қанша жақсы қызмет қылса да, мақала келуі сараң болса, басқарманың діңкесі құрыр.

Газета жазушыға құмар. Тілші, хабаршы – газета отыны. Мақала жазу кез келгеннің қолынан келмейді, бұған үйренген, көнбіс шеберлік керек. Мұны газета оқушылардың бәрінен тілемейді. Мақаланы қалам өзі тілегенде жазса, сөз кестелі болады. Бұл басқарма һәм басқармада жапсарлас газета кісілерінің міндеті. «Керуенге ермек едің көшіп бақ» деген; газета шыгаратын болған сон, мақаланы жазып бақ.

Басқарма, мақала жазушы осымен жата тұрсын. Газетаға хабаршы, тілші қайдан болмақ?

Газетаны шыгаратын Еуропа, газетаны ғүлдендірген Еуропа. Еуропада кестелі сөз арасында газета құші ұлық патшалықтың бірі деп сейленеді. Бұл сипат газетаға қалай біткен?

Еуропада газета ғұмыр айнасы. Ғұмырда не болса, бәрі газетада көрініп тұрады; газетаны оқып жұрт өзін өзі көреді, өзін өзі біледі. Білім артығы орын тапқан әдіс-тәсіл, бұлар ғұмыр жүзінде талас-тартыс сипатты. Газетаға Еуропада ғұмырда болғанды жазады; не болғанды әр адам, әр саясат партиясы газетадан көріп, қарсы жақтың амалына қарай әдіс қылады.

Әлихан БӨКЕЙХАН

Біз Еуропаның газетасын алып, бұған қазақ ғұмырынан не түк жазбадық, не Қарымбайдай тілге, хабарға сараң болдық. Мұнымыз балықты қайранға шығарып, енді жүз деу емес пе?

Қырда ел ішінде жүрген хат білетін қазақ біздің газетаға тілші-хабаршы болмаса, кім болады? «Қазақ» газетасы қазақ ғұмырына айна болмаса, қазақ өзін өзі қалайша таниды? Ғұмыр жүзінде газетаны қалайша пайдаланады?

«Қуандым тұнде жүріп күн шығар деп, болса да бұлт бүркеу жел қуар деп», деп Нарманбет айтқаны қайда? «Қазаққа» тілші хабаршы болатын азаматтар бармысын, жоқпышын?

Газетаның қашса құтылмайтын бір ісі – саясат жолы. Мұнымыз үкімет пен жүрт арасы. Жүрт үкіметпен қасыныспай, арбаспай ғұмыр сұрмес. Бізде жүрт жоқ па, үкімет жоқ па? Қырда болған саясат ісіне біздің «Қазақ» тіпті сараң. Бізде хабаршы жоқ! Бұ қалай, біздің қырда хат білетін кісі жоқ па?

Тоғыз облыс, бір ғуберне қазақ жайлау қылған жерде неше облосной мекеме, неше мировой судья, неше крестьянский, оязный нашалник мекемесі бар, осының әрқайсысында тым болмаса бір қазақ переводчик бар, окружной суд переводшиктері ғұмыр бойы қазақты аралайды.

Газетаға – ғұмыр айнасына, әсіресе, керек сот отшеті. Сотта ғұмыр ісі бояусыз жүреді Толстойдың сот отшетін алып отырып роман жазатыны осы. Қырда қазақ ішінде қанша ушител, мұғалім, болыс тілмәші бар. Тағы адам-мал дәрігері, фелдшер бар. Хат білетін қазақ қанша! Осылар хабаршы-тілші болса, мен мұны жазам ба?

*Сипалап айналама қол сермедім,
Жастардан еріншекті мен көрmedім.*

«Қазаққа» бар білгенін жазып тұрса, еріншек біздің жастар дер ме едім?

*Қыр баласы.
«Қазақ» газеті, № 94, 8 қаңтар, 1915 жыл.
Самар қаласы*

ПАЙФАМБАРҒА ХАТ

(Ескi Қырым сөзінен таржіме)

Қара бұқара жалпы жүрт: «дөңгелек қайрак, кім айналдыра білсе, соган қол», – дейді Қырым татарлары.

Абылғалидің келіншегі Фәтима мейіздің тәтті сүйн қайна-тып жаңғақ ағашының көленкесінде отырды да ішін күйдірғен ойға қалды.

Фәтима байға тиіп, той қылғанға анық үш жылға толған жоқ. Бірақ өмірі шыр айналып, бақыт сырт беріп кетті.

Үлдіреп піскен өріктей Фәтима ауылдағы ең бай жігітке бай-ға тиген еді. Алтын-жібектен жапқан арбасын аса атты боз бала қоралап жүрген еді. Үкілеген Қырымның желжетпелі бірінен-бірі озып тойда ойынды салған еді. Бір жұма өлең айтып, ән салып ақындар құмардан шыққан еді.

Фәтиманың аулында жүрттың бәрі көзді, әсіресе бір қара көз... Осы қара көздің Фәтимаға тиген соң, кешікпей ауру пайда болды. Әкімге де қаратты, моллаға да оқытты – түк пайда болмады. Әулие Қаратаяға да барды, әулиенің басынан топырақ алып, суға езіп те ішті – түк пайда болмады: бұрынғыдан ауру күшейіп кетті.

Фәтима қуарып, кеүіп сөлді: жалғыз тал шидей болды.

Абылғали сырт берді: қатыным ауру деп ашуланып, жауа-тын бұлттай, қабағын бір ашпайды, мейізді алып болған соң, то-қал алмақ болды.

– Бұл қалай? Орыста, гректе, қараимда тірі қатын үстіне тоқал алған жоқ, татар тоқал алады. Біреуі қатын үстіне қатын алады,

Әлихан БӨКЕЙХАН

біреуі алмайды. Бәрі бір адам баласы. Бұл не? – деп Фәтима күнітүні ойға қалды.

Фәтима зарлап-еніреп жылайды: мейізді алып болып келеді, аз күнде төрдің алдын Қаракөз алады; Абылғали Қаракөзді сүйеді; Қаракөз үйді билейді; ауру Фәтиманы құлкі қылып Қаракөз есік алдына айдал тастайды.

– Жоқ! Бұл болмайды: бүйтіп тірі жүргеннен, өлген артық. Құдыққа құлап өлем, – деді де, түнде Фәтима жүгіріп құдық кетті.

Үніліп құдыққа қарап еді. Көзіне періште Әзірейіл түсті. Суық қолын көтеріп Фәтиманы жасқап қорқытып, қанатын қағып еді: Фәтиманың ішін нәзік жылы әндей қапты... көкке ұшып шығып түстікке қарай кетті.

Кемпірлер Фәтиманы жоқтап, шабуылдастып қарап жүріп, құдық басында талып жатқан Фәтиманы тауып алады. Фәтиманың қолында акқудын қауырсынынан ақ қауырсын. Өліп бара жатып Фәтима көрген-білгенін айтып кетті.

Қозының бар әйелі жыйылып тон жасап, түнімен дауласты, ұрысты, қарғасты Фәтиманы да аяған шығар... Бірақ, әркім өз басына туатын күнді сыйалады білем: әйел тобын әсерлеғен аяқта шоқ басқандай қызу, көйлекті жан садақа қылып, тәнге таласқанда болатын қызу көрінді.

Топта бір әфендінің хат білетін қызы тап болды.

– Айтыш: қатын ауырса, қатын картайса, ері тоқал алсын детен жазулы? – деп қыздан әйел тобын сұрады.

– Керек қылған, жазған. Нені жазуга болмайды, – деп қыз жауап береді.

– Жарайды. Сен хат жаза білесің, жаз!

– Кімге жазам? Патшага ма? Өзінің мыннан артық қатыны бар: құлкі қылат та қояды, – деді Зейнеп. Көп тасырқап қалды... Ойланса, адам таппай ма? Бір қатын тапты:

– Фәтимага қауырсынды кім беріп кетті? Періште ме? Олай болса, жаз пайғамбарға! Бірақ, жақсылап жаз, түсті тастамай, бір дәлел қалдырмай жаз! Біз бәріміз – түгел қол қоямыз: өзі қартайғанда байы жүзі қара жас тоқал алсын деп қай қатын тілер екен, жазшы! Бәріміз қол қоямыз, – деді тапқыш қатын.

– Қалай жібереміз?

– Құс ше? Құспен жібереміз. Құс күнде көкке үшады: хатты апарып береді.

– Әкеме айталық, – деді Зейнеп.

– Ақымақ! Әкеңе айтсан, былгайсың: бізге қарсы екінші хат жазады.

Қатындар алдап-сулап, тәтті бермек болып Зейнепті хат жаздыруға көндірді.

Жүре отырып, тізесіне қағазды жайып салып, қолына періште берген қауырсынды алып Мұхамедке хат жазуға кірісті: көп жазды, жақсы жазды, бәрін жазды. Ептей, анда-санда үйлене қойып, тым-тырыс қатын тобы отырды.

Жазып болған соң, қауырсын періштені қызып көкке кетті.

Алтын жіппен хатты бекітіп, балалардан алған ала сауысқаның құйрығына тағып байлад Зейнеп, сауысқанды ұшырып қоя берді.

Құс үшып кетті. Қатындар: – Не болар екен? – деп күтті. Құлкі болармыз деп, не қылғандарын ерлеріне айтпасқа уәделесті.

Құпияны әйел негып сақтасын: біреуі әңгімені байына айтып қойды. Байы құлкі қылды, өзгелер білді: – Әйелдің ақымағы-ай, – деп еркектер құліп рахаттанды, сауысқаның құйрығымен ма-зак қылды. Қозының шал, молласы сонан бері қатындарды көрсе, қарап түкіретін болды.

Ерлері ұмытатын емес. Қатынына ашуланса: сауысқаның құйрығына байлад хат жаз! – дейтін болды.

Жас ержетті, әкелеріндей бұлар да әйелді құлкі қылды: немере де құлді... бірақ, құліп жүріп білмей қалды: не Қозы да, не Шарапта, не Отыз да екі қатыны бар біреу жоқ.

Ет қымбаттады ма, ер үяды ма, пайғамбарға хат барып, жауап келді ме? Білмедім.

Қыр баласы.

«Қазақ» газеті, № 97, 1915 жыл. Самар қаласы

Әлихан Бекейханның осы жинаққа кірген туындылары («Абай Құнанбайұлы» мақаласынан басқасы) Сұлтан Хан Аққұлы құрастырып шығарған «Әлихан Бекейхан. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы – Полное собрание сочинений в 9 томах» (Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2009, 2010, 2013 жж.) жинағынан алынды.

ЖАҚЫП АКБАЕВ

(1876-1934)

Жақып Ақбаев – Алаш зиялдысы, күрескер, қайраткер, Алашорда үкіметінің мүшесі, зангер. Құқықтану магистрі.

Өмірбаяны

1876 жылы 25 қазанда Семей облысы, Қарқаралы уезі, Берікқара болысы, №3 ауылының Төніректас деген жерінде дәүлетті отбасында туған. 1886 жылы Қарқаралы қаласындағы қазақ интернатында оқып, 1889 жылы Омбы гимназиясына түсіп, онда 7 жыл, онан кейін Томск гимназиясына ауысып онда бір жыл оқып, 1898 жылы бітіріп шығады да, Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түседі. 1903 жылы 1-дәрежелі дипломмен бітіріп шығады. ЖОО-да оқып жүргендеге ілім-білімнің әр саласын менгеруге талаптанады. Адамның есте ұсташа қабілеті мен фактілерді екшелеудің әдіс-тәсілдерін жете менгеру үшін Одесса қаласындағы мнемоника профессоры С. Файнштейннен дәріс тындауга және Санкт-Петербургтегі Археология институтына окуга түсуге университет басшыларына өтініш те жазады. Мемлекеттік сынақ комиссиясында «Қазақтардың некелиң құқығы» атты тақырыпты қорғауға бекітіп алады. Кейін осы тақырыпты түрмеде отырғанда ары қарай жалғастырып, кеңейтіп, 1907 жылы Орыс географиялық қоғамының Семей

бөлімшесінің жазбаларында жариялайды. ЖОО бітірісімен Омбы сот палатасына қызметкө тұрады. 1905 жылғы тамызда Омбы қаласындағы 2-учаскениң бітімші соты болады.

Патша манифесі

1905 жылғы шілде айында Омбы қаласында патша әкімшілік орындарының мәжілісі өтіп, онда Дала өлкесінің генерал-губернаторы Сухотин бас болып қазақ өкілдерін Дума сайлауына қатыстырмау туралы мәселе қозғайды. Міне, осы шешімге қарсылық ретінде Ә. Бекейхановтың үйимдастыруымен Қарқаралы уезінің 42 қазақ өкілдегі адамдары атынан патшага 1905 жылы 22 шілдеде Ақбаевтың құрастыруымен жеделхат жіберіледі. 1905 жылы 17 қазандағы патша манифесінен кейін жер-жерде бостандық, теңдік, сөз еркіндігі жөнінде қызу талас, митингілер өтіп жатты. Іле-шала осындағы митингі, шерулер 19 қазанда Омбы қаласында өтіп, оған Ақбаев қызу кірісп кетеді. «Үкіметке тіл тигізгені» үшін ол қызметінен қуылады. Артынан ол Кереку қаласы, Баянауыл станицасында жиындар өткізіп, патша режимін шенеген сөздер сөйлейді. 1905 жылғы 15-16 қарашада Қарқаралы қаласында өткен үлкен жиында ол тағы да жалынды сөз сөйлейді. Патшаның жергілікті әкімшілігі «мемлекеттік қылмыс істеп, опасызыңың жасады» деп 1906 жылғы 11 қантарда тұтқындалап, Семей түрмесіне жөнелтеді. Міне, осы кезден бастап Ақбаев патша және Кеңес өкіметі кездерінде үнемі қуын-сүргінді, тепкіні көп коріп, абақты-айдаудан көз ашпады деуте болады. Жетісу облысының Қапал уезінде 2 жылға жер аударылады. Қайда жүрсө де ол патша шенеуніктерінің паралығын, халыққа жасаған озбырлығын үнемі әшкерелеп отырады. Қарқаралы уезіндегі шаруалар участкесінің бастығы Цыловтың және де басқалардың паралығын әшкерелейді. Қапалда жүргенде де келімsectерден қиянат көрген қазактардың мұлделерін қорғап, осында айдауда жүрген К. Төгісовпен бірлесіп, сот процесінде әділ шешім шығаруға ықпал жасайды.

Кеңес үкіметі

Ақбаевтың патша әкімшілігінің жоғары орындарына өзінің жазықсыз жапа шегіп, айдауда жүрген мерзімін қысқартып, не сот үкімін бұзу жөніндегі арыз-шағымдарында (мысалы, сенатор граф Паленге жазылған осы құжатты және Ақбаевқа қатысты басқа да материалдарды алғаш тауып, жариялаған – белгілі ақбаевтанушы-ғалым М. Құл-Мұхаммед) өзінің жеке басының мәселелері көрініс тапқандай болып көрінгенімен, шын мәнісінде, ол құжаттарда патша әкімшілігінің озбырлық, зорлық-зомбылық, зымияндық саясаты, шенеуніктердің паракорлығы, жер мәселесінің ушыгуы сияқты мәселелер көтерілген. Ақпан төңкерісінен соң 1917 жылғы 27 сәуір мен 7 мамыр аралығында отken Семей облыстық қазақ съезін өткізуге белсене араласып, оның облыстық комитетінің мүшелігіне де сайланады, сол жылғы 24 қыркүйекте отken кеңесіне де қатысады. 1917 жылғы шілде айында болған Жалпы қазақтық съезде Құрылтай жиналысқа депутаттыққа ұсынылып, ал желтоқсандағы съезде Алашорда үкіметінің мүшелігіне өтеді. Азамат соғысы жылдары Колчак және тағы басқа уақытша өкіметтер оны бірнеше рет абақтыға жауып, ату жазасына да кесіп, артынан ол үкімді бұзып, Ақбаевтың басы шыр айналып, Алашорда үкіметінің мүшесі ретінде елдік, алаш ісіне толыққанды бел шеше араласу мүмкіншілігінен айырылады.

Қайтыс болуы

Кеңес өкіметі орнаған соң ол Семей губревкомының заң бөлімінде жұмыс істеп, оның «етене араласуымен губерния бойынша сот-тергеу участекелері құрылады». Біраз уақыт Семей кеңестік халық сотының мүшесі болады, Қарқаралы уездік халыққа білім беру бөлімінде және Семейде әр түрлі қызметтер атқарады. Ақбаев басқа да Алаш қайраткерлері сияқты сталиндік

зобалаңға түсіп, Воронежге жер аударылып, ол жақтан ауруына байланысты елге қайтарылып, 1934 жылы 4 шілдеде Алматыда қайтыс болады.

Зерттеулері

Ақбаевтың өмірі мен қызметі, саяси серіктері А. Байтұрсынов және Ж. Досмухамедов тағы басқа Алаш ардагерлерімен үндес келеді. Ақбаев қазактың әдет-ғұрып заңдарын, сонын ішінде отбасы-неке құқығын зерттеп, баспасөз бетінде публицистикалық материалдар жариялады. Қазактың әдет-ғұрып, неке-отбасы мәселелері туралы көптеген еңбектер жазды. Абай аулымен қоңсы қонып, жастайынан ұлы ақынның өлеңдерін жаттап өсті. 1909 жылы Абай жырларының Петербургте кітап болып шыгуына қолғабыс жасады. «Қазақстандағы семья-неке қатынастары» (1907), «Қазактың шығу тегі туралы» (1927) тағы басқа ғылыми зерттеулері Абайдың қарасөздері мен «Бірер сөз қазактың түбі қайдан шыққаны туралы» шығармаларымен үндеседі. Алашорда қозғалысына белсене қатынасып, Семейде қызметте жүрген кезде Әуезовпен таныс-біліс, пікірлес, аралас-құралас болған.

КАРКАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫ

*Көшірменің көшірмесі
Ұлы мәртебелі Императорга, мемлекет басшысына!*

Омбыда әртүрлі мекемелердің шенеуніктері өткізген жиналистар генерал Сухотиннің өзі бастап министр Булыгиннің жобасының рухы негізінде қырғыздардың өкілін Земский собор өткізуе керектігін қолдады. Келешекті болжай білмейтін шешім қабылдаудың, себебі Дала өлкесіндегі халықтың мінезін, олардың қоздел отырған басты мақсаттарымен таныс емес тігінен туып отыр. Оларды Земской собордан шеттеткені өте жантұршігерлік ойға әкеліп соқты.

Қырғыздар, өте көлемді жерді алып отырғандықтан, Қытаймен және Аугандармен шекаралас отырған халық өздерінің тағдырын және мұддесін бүкіл мемлекеттің мұддесімен байланыстырып отыр. Олар өздерін басқа халықтармен тең құқықтағы халықпаз деп есептейді. Сіздің халықтың сеніміне кірген, халық сайлаған адамдарды қолдау қажеттігі туралы шешіміңізді біледі.

Шындығына келгенде, қандай ерекше себептер бар. Қарапайым әділеттілік және шындыққа қарсы шығу ұят емес пе?! 6 (алты) миллион халқы бар қырғыздарды құқығы жоқ, заңсыздардың қатарына бөліп тастауды қалай түсінесіз? Шындығында – біз мал шаруашылығымен шұғылданамыз. Ал малды аман алып қалу үшін көшпенділікке жол береміз. Бірақ ол қаңғып жүру емес, кейбіреулері солай ойлайды. Жазда 3-4 ай жүреміз. Осыған байланысты ең қымбат, өте бағалы құқықтан айырып,

Земский соборда өкіл болудан айыруға болмайды. Неге мал өсіру мәдениеті қырғыздардың сайлау құқықтарынан айырады. Дәл осы кезде саудамен шұғылданғандардың, жер мәселесімен айналысатындардың, балық аулаушылардың, басқа да өндіріспен шұғылданатындардың құқықтарын айырмайды.

Ресей империясы халықтарының, шындығында, білім, мәдениеті жағынан, әртүрлі дәрежеде. Соған байланысты мемлекеттік міндетті түсінуде көп халықтардың ішінде алдыңғы қатарда, соңғы қатарда да емеспіз. Қырғыз шаруалары қоғамдық және мемлекеттік тапсырмаларды түсінуде орыс шаруаларынан кем деген пікір дәлелденген жоқ. Тіпті басқа да отырықшылықпен шұғылданған халықтардан да артық түсінеді. Мемлекеттің алға қойған талабына бейімделу қабілетінің жоғары екендігіне зерттеушілерде келіседі.

Кім қырғыздарды қорғайды? Біз өзімізді басқалардан кем санамаймыз. Біз өзімізді ұлы істі орындауға дайынбыз деп есептейміз. Бізді мойындағысы келмейді. Өздерінен төмен деп есептейді, бюрократтар бізге көзінің астымен жоғарыдан немесе құрайды қарайды.

Осындай қарым-қатынастың кеселінен біз қымбат құнмен есеп айырысамыз. Негізінде, біз кінәлі емеспіз, олар бізді білулері қажет. Айтылған жағдайларға байланысты қоластыңыздайтындар сіздің императорлық ұлылығынызға сәйкес жоғарыда пе-тицияда айтқанымыздай қырғыз халқының оқілдерін Земский соборға шакыруға бүйрек беруінізді сұраймыз. Біздің әбден шегі жеткен шешілмеген мәселелерімізде дұрыс шешімді қабылдау, оны қалай қанағаттандырып және басқа халықтармен қарым-қатынасымызды дұрыс шешудің жолын табу қажеттігін қараша тек қана қырғыз халқының өкілдерін қатысуымен ғана шешіледі.

*Кол қойғандар: Карқаралы уезінің 42 сенімді өкілі
Дұрыс: Ерекше тапсырма бойынша ага шенеунік*

Аударманың көшірмесі Ішкі істер министріне (мырзаға)! Семей облысының Қарқаралы, Семей, Павлодар уездерінің қырғыздары атынан. Сіздің жоғары аса дәрежедегі Жарлығыныздан соң,

Жақып АҚБАЕВ

төмендегі біздің петициямызды заңды тәртіппен бекітуінізді сұраймыз.

- 1) Қырғыз халқының аты мұсылман қырғыз деп аталып әскери міндеттен босатылсын.
- 2) Қырғыздарды Орынбордың рухани жинаалысына бағындырып, 1868 жылға дейінгі ережелерді қолданып, қазан мұсылмандарының тәртібіне сәйкестендіру керек.
- 3) Қырғыздарға мешіт, медресе салуға рұқсат керек. Құдайға құлшылық етуге еркіндік болсын. Ол жерлерде арабша, парсы және түрік тілінде сабак беруге, газет және кітаптар шыгаруға баспахана салуға рұқсат берілсін.
- 4) Қырғыз халқын басқаратын адам қырғыз тілін білулері міндетті. Оларды тағайындау немесе орнынан алу мәселесі қырғыз қоғамының өкілінің таңдауымен болуы шарт. Бүтінгі шаруа бастықтарының орнына халықтың арасын бітістірушілерді зандаңдыру керек. Бұл қызмет қырғыздардың ішінен жеткілікті білімді қырғызды тағайындау қажет.
- 5) Барлық қырғыз істері қырғыз диалектінде жүргізілуі міндетті. Хат жазушы, күзетші, хаттарды таратушылары тегіс тек қырғыз тілін білетін адамдардан тағайындалсын.
- 6) Болыс басқарушысы, халық соты, ауыл старшындары және сайлауға қатысушылар бүтінгі ережеге сай жүргізілсін. Бұл қызметтегі адамдар өздері сауатты адамдар болуы, олар ол қызметке кірісер алдында оз қызметінде заңсыздыққа жол бермеу үшін ант берулері керек. Олардың бұл қызметтен кетуіне тек халықтың көшілігі дауыс бергенде ғана рұқсат етілсін.
- 7) Бөлімшелік ара бітістірушісі қырғыз тілін білсін, сонда аудармашиның қажеті болмайды.
- 8) Тергеу жұмысы жүріп жатқан кезде айыналушы жағынан қорғауышы қатыссын.
- 9) Округтік соттың жанында сот ісіне қатысып отыратын қазы болуы шарт.
- 10) Тергеусіз және соттың шешімінсіз әкімшілік жолымен жер аудару тыйылсын.

- 11) Қырғыздың халық соты – Заң министрлігіне ғана бағынсын.
- 12) Халық сотынан, бидің билігінен алып, мұрагерлікті то-
лығымен молда мен шаригатқа бағындырысын.
- 13) Сайлаудан өткен қызмет орнын бекітерде әскери губер-
наторға ұсынбас бұрын сайлауға қатынасқан бастықты бекітуге
жіберілгелі отырған адамды Ахунмен ақылдасуы тиіс.
- 14) Қырғыз халқынан өз ерліктерімен беретін садақа мен
айыпталғаны үшін түсетін қаржы әкімшіліктің нұсқауымен емес,
халықтың өзі бөлгендері дұрыс болар еді.
- 15) Ертіс бойындағы жерлер ерте заманнан қырғыздардың ата
қоныстары болып есептелген, кейіннен әскерлердің пайдасына
берілді. Сондай-ақ, басқа мәртебелінің кеңесесіне қарасты қыр-
ғыздардың пайдалануына берілген жерлер сол қырғыздарға ата
қонысы ретінде мәнгілікке берілсін.
- 16) Қырғыздардың қыстаулары және жаз жайлauлары бұ-
рынғы салт бойынша олардың меншігінде қалуы тиісті.
- 17) Қырғыздың таулы даласында ашылған қазба байлықтары
олардың өз меншігі болуы, ол жerde салынатын заводтар қыр-
ғыздардың өзінікі болып есептеледі. Егер де олар өздері оны
өндіруден бас тартса, сонда ғана басқа адамдарға жалға беруге
болады. Бірақ олар әр десятинасына жалдау ақысын толеулері
тиіс.
- 18) Қырғыздар ағаштарды қажетке жарату, балық аулау тағы
басқада құқықтарға рұқсат етуді талап етеді.
- 19) Қырғыздар тұрган жерлерге таяу орналасқан тұзды жә-
не балығы бар көлде солардың меншігіне қалдырылсын. Ол
көлдерді жалға беру уездің өкілдерінің сенімділерінің біріне
тапсырылсын.
- 20) Тұзды және балық аулайтын колдердегі жалға беруден
түсетін қаржыны бүкіл уездің қажетіне жұмсау үшін арнаулы
салым-қаржы депозит есепшотын ашу керек. Қоғамның келісі-
міне сәйкес, бұл қаржы астық қорын дайындауға жұмсалады.
- 21) Қырғыз халқының діни адамдарын қамтамасыз ету қазан
мұсылмандарымен теңелуі тиіс.
- 22) Қажылыққа баруға шек қойылмасын, еркіндік берілсін.

23) Қажылыққа барған кезде билет-паспортпен пайдалану тәртібі православдықтармен бірдей дәрежеде болсын. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек.

24) Қыргыз халқының ішіне миссионерлердің баруына тыйым салынысын.

25) Қыргыздардың, әсіресе, кәмелетке толмаған жастардың басқа дінге өтуіне тыйым салу керек. Ал басқа діннен мұсылман дініне өтемін деушілерге егер олар сауатты болса рұқсат ету керек. Христиан дініне өткендер болса ескі салтты орындауга мәжбүр етілмесін.

26) Некеғе отыру немесе айырылысу мәселесін губернатор мен уez бастықтарының қарамағынан шығару керек.

27) Әкімшілік мұнданай іске кіріспесін, ешқандай мәлімет сұрамасын.

28) Мешіт пен медресенің пайдасына «Вакуф»қа рұқсат етілсін.

29) -

30) Қыргыздар православніктер сияқты империяның қай уезінен, облысынан, губерниясынан болмасын жер алуға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерде істеуге құқығы болсын.

31) Діни адамдар православяндар сияқты құрметті болсын.

32) Мектептерде міндетті түрде мынадай шарт орындалуы керек: Алдымен, қыргыз оқушыларына мұсылманның діни сабактары оқытылады, кәмелетке жеткендерге діннің бес негізгі шартынан сабак беріледі, ал одан кейін ғана орыс тілінен сауатын ашу сабагы жүреді. Мектепті бітірғенге дейін мұсылман діні сабагы негізгі болып есептеледі.

33) Мектептерде христиан діні туралы сабак оқытылmasын.

34) Таяудағы бастықтардың қоластындағы қыргыздар туралы жоғарғы бастықтарына өсек, мәлімет жеткізу олардың ісіне қарсылық көрсете алатын қыргыздарға хабарлау міндеттелсін. Өйткені осыған дейін қыргыздар туралы мәліметтерде: қыргыз – ұры, қыргыз – пәлеқор, қыргыз – өтірікші, қыргыз – жалқау тағы басқада теріс ой тудыратын өсектер арқылы қазақтың байла-ры мен кедейлерінің арасына от жақты. Шындығында, патша-ның қоластындағы – халықтың ішінде қыргыз халқы көнбіс-күй талғамайтын, шыдамды, бәрін кешіре білетін, кек сақтамайтын,

өте жоғары дәрежеде қарапайым шын ықыласымен патшага бағынған, әркезде оның діни әрекеттеріне ғана қарсы шығатын халық.

35) Жаңа ереженің жобасын жасап жатқан жиынға қырғыздардың өкілетті депутаты қатынасуы керек.

36) Қырғыздар туралы мәселе мемлекеттік кеңесте қаралғанда қырғыздың депутаты қатынасуы шарт.

37) Жоспарланған жоба 100 жылға бекітілсін.

38) Соңғы 20 жылда қырғыздардан тартып алынып, жер аударылғандарға берілген жерлер қырғыздардың басшыларына қайтарылсын.

39) Ал олар салған құрылыштардың құны Земствоның қаржысынан қайтарылсын.

40) Өткен патшалар сыйлаған, кейіннен тартып алынған жерлер ата қоныстардың иесіне қайтарылсын. Бұл жерлер қазынанықі немесе жекеменшіктікі болады.

41) Ұлы тақсир император салғызған бұрынғы мешіттер мен медреселер ескірді. Оларды жөндеуден өткізу керек немесе жаңадан салу қажет. Сол арқылы біздің ұлы монархқа деген құрметті қүштейтеміз.

42) Тұземдік әкімшіліктерде өзара қырғыздардың арасында жауласу болмас үшін төмендегілер орындалсын: «Егер бір болыстың партиясына қарсы жағы ашууланса, онда сайлауға түсетін жаңа қызметкерді басқа көршілес болыстың адамымен ауыстыруы қажет. Сайлану құқығынан айырылғандармен сайланушының саны теңелсін. Сайлауға түсетіндер жеребеге сәйкес тең мөлшерде әрбір болыстан шақырылсын. Бұл съезде партияға бөлінген болыстан ешкімді кіргізбеу қажет.

Сайлауға шақырылғандарға жұмсалған шығынды партияға бөлінген жақтарына төлетуді бастығы шешсін.

Сайлауға түсетіндердің ісімен бастығы ол сайлауға түспей тұрып, танысуы керек. Съезге ол партияның жақтаушылары да қатыстырылмасын. Мұндай бөлінгендерді болдырмау бөлімшениң бастықтарының және Ахунның міндеті. Сайлау кезінде Ахундарда қатынаслары қажет.

43) Ұрлық және тагы басқа да лайықсыз істерді халық сотының төтенше съезінде қараяға жүктеген дұрыс. Оны түрмеге жабу құқығын азайтып, жер аудару құқығын көбірек қолданатын құқық берілсін.

44) Төтенше съезді жылына бір рет шақыру құқығы берілсін. Съезді өткізетін жері, уақыты және қанша қуні бөлімшелердің бастықтарының жиналышында белгіленсін. Бұл съезде бастықтары және Ахуны қатынассын.

45) Бидің, болыстың съезді 100 рубльге дейінгі істі шешсін, үш айға дейін тұтқындау құқығы болсын. Өйткені келіспейтін жағы істі төтенше съезге беруіне уақыт керек.

46) Әр болыста алымды жинайтын адамдар сайлануы тиіс, шаригатқа сәйкес, қозгалыстағы дүние мүлкінен алынатын процентті белгілі (зекет, готур, бітір) басқада міндettі алымдар, кедей отбасының оқушыларына төленеді.

47) Кісі өлтіргені үшін занды соттаудан басқа олардан салт бойынша құн өндіру (төлету) қажет. Егерде өлген адамның (каторға жіберген) туыстарының тұрмыстары нашар тұрса, онда оған көмек қазына есебінен беріледі.

Кол қойғандар: Семей облысының Павлодар uezінің Атагозы болысының қыргызы Омархан молда Мұсағыров, Семей uezінің Сейтенев болысының қыргызы Теміргали Нороконов, Карқаралы uezінің қыргызы Едрей болысы Анық Жолшарин.

Қыргыз тілінен орыс тіліне аударған Теміргали Нороконов.

КАЗАКТАРДЫҢ Дағдылы, ОНЫН ШІНДЕ НЕКЕЛІК ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР

Қазақтардың әдет құқықтарын зерттегендеге, түсіндіру немесе дұрыс түсінуі тек заңдық қана емес, социологиялық та маңызы бар сөздер мен ұғымдарға көзігесін. Қазақтардың әдет құқықтарын түсіндірушілер сол ұғымдарды талдағанда, бұл ұғымдар әркез әдептік-құқықтық принциптермен (нормалармен) қатысты болған, әдетте сол ұғымдардағы алтын дінгекті ашып көрсетуге талпынбайды, үндемей өтеді. Олардың көпнілігі бұл ұғымдарды түсініп, үққаны да күмәнсіз, бірақ қазақ тілін білмейтіндіктері нәтижеберекоймайтынбос әурешіліктен бастартуға мәжбүретті, әдет құқықтары туралы маглұматтар берген қазақтар тарапынан қарсылық та болмаған. Бірнеше ұрпақ бойы ұзақ та тыңғылықты жұмыстың нәтижесінде әбден ірітеліп, ақылга салынып барып қалыптасқан әдептік-құқықтық нормаларды түсіндірушілерге бере отырып, дала перзенттері сол ұғымдардың мәнін өздері ұға қоймады. Олар бұл ұғымдармен жұмыс та істейді. Сондықтан да, «қарғы бау», «құйрық-бауыр», «талақ» деген, басқа да сөздер осы күнге дейін жұмбақ болып отыр және шешімі жок.

Ендігі біздің міндеттіміз гылымның қызметшілеріне, оның ең-бекқорларына қазақтардың дағдылы, оның ішінде некелік құқықтарын зерттегендеге кездесетін ұғымдарды айқындауда көмек қолын ұсыну. Алдын-ала қазақтардың құқық деген ұғымды қалай беретінін азын-аулақ сөз етіп, сонан соң, некелік құқыққа байланысты сөздер мен ұғымдарды шешуге көшеміз.

1. а) Қазақтар құқық деген үғымды әртүрлі айтады. Бір кезде олар құқық деген үғымды «қарыз» деген сөзben берген және осы сөзben парыз, міндет, уәде деген үғымдарды да білдірген, демек, «парыз» деген сөз құқықты да, оған қатысты міндеттерді білдірген. Тіпті қазіргі уақытта да құқық үғымын міндет үғымынан бөліп алу бола қойған жоқ. Егер жайғана: «менің қарызым бар» десен, қазақтар қандай қарыз туралы айтып отырсың деп сұрайды: құқық мағынасындағы қарыз жайында ма, жоқ міндет немесе борыштық қарыз ба дейді. Осындай түсініспестік болмас үшін: «менің алмақ қарызым бар» деп сөйлейді.

Міндет және уәде мағынасындағы «қарыз» «мойнындағы қарызыды» білдіреді.

б) Құқық пен міндет үғымдарын білдіруде «мойын» сөзі де қолданылады. Ол жеке өзі немесе «бермек» және»алмақ» сөзімен қосарлана қолданылады. «Менің мойнымда сенің малың» деген сөз бер саган мал қарызыбын дегенді білдіреді.

в) Құқық үғымы баяндау арқылы да беріледі. «Ел үстінде салып қойған малы бар» деген болыстың халықтан алатын малы бар дегенді білдіреді немесе болысқа халық мал берешек дегенді аңғартады.

Құқық деген үғымды осылайша ұш жолмен білдіруге қоса, оның тағы да төртінші жолы бар: ол – «жол» деген сөзben білдіріледі. Біріншіден, «жол» сөзінің тұра мағынасы кәдімгі жол, сондай-ақ ол «құқық» мағынасын білдіреді. Құқықтың тұра психикалық үғымын қазақтар, басқа халықтар сияқты материалдық дүниеден алған. Орыстардың «право» деген сөзі сияқты француздардың осы үғымды білдіретін сөзі он жақ дегенді білдіреді.

Кейір талдаушылар қазақтың «құқық» деген сөзін «хадат» деген сөз береді дейді. Менің өз басым «хадат» сөзі өзінің алғашқы мағынасын білдіреді – дағды мағынасын, сондай-ақ «рәсім», «үлпі», «өрнек» – «ғұрып» мағынасын да береді. Мен уақыт өте «хадат» сөзінің «құқық» мағынасында қолданылуын жоққа шығармаймын, бұл жерде «hadat» (әділетшілік) сөзінің «hadet» сөзінен шыққанын еске алған жон. Реті келгенде айта кетейік, «hadat» және «hadet» сөздері қазаққа жат болмаса да, ол арабтардан келген.

Дәл аудармасын айтсақ «ұлгі» деген сөз өлшем мағынасын, ал «өрнек» сөзі тоқу үшін пайдаланылатын линияларды, әйтпесе тоқығаннан кейінгі суреттерді білдіреді. Бұл екі сөз де ғұрып ұғымын білдіреді. Сондықтан да қазақтар «арғы атамыздың өрнегі» немесе «ұлгісі» дейді.

2. Алғашқы неке келісімі қазақтарда «қарғы бау» сыйлығымен жасалады. Әдетте бұл сыйлық бір түйе мен бір жылқыдан тұрады, оны жігіттің ата-анасы береді. «Қарғы баудың» мәні иттің қарғысынан, сондай-ақ жіптен тұрады. «Қарғы бау» ұғымы бір кезде қалындық пен күйеу бала ата-аналарының зандық қатынасын білдірген болса керек.

«Қарғы бау» берілген соң, екі жақ байланған иттей бір-біріне байланған болып есептелсе керек. Қазіргі уақытта «қарғы бау» бұрынғы құдіретті мәнін жоғалтса керек, әдетте бұл шартты бұзғандар «қарғы бауға» берілген мүліктің үш есе құнын төлеумен құтыла салады.

3. Қыз алатын жігітті қазақтар «күйеу» дейді. Бұл сөз «күй-мек» деген сөзден шыққан. Оның етістігіне жүгінсек, «күй», «жан» дегенді білдіреді. Тіпті «күйеу» деген сөзден «у» қарпін алып тастаса, «күйе» болып та шығады.

Қалындықтың ата-анасымен бірге тұрып, олардың қара жұмыстарын атқаруға араласатын «күйеу-еркекті» қазақтар «күшік күйеу» деп те атайды. Қазақта: «қайындағы күйеуден қарғылаған тазы артық» деген мақал бар.

4. «Құда түсердегі» келісім «құйрық-бауыр» жесумен бекітіледі.

Қазіргі уақытта бұл келісім актінің айрықша маңызы бар, ол неке-шарт қарым-қатынастың пайда болуын білдіріп, қалындық пен күйеудің ата-аналарының көптеген құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

«Құйрық-бауыр» қазаққа белгілі сөздер. Некелік келісімнің осындағы символдық ас жеу арқылы бекітілуінің психологиялық мәні бар. Адам ағзасында бауыр бір-бірімен ажырамас екі бөліктен тұрады. Осынау материалдық «бауыр» деген ұғым таза психологиялық ұғымды жасауға негіз болған, қазақтар туысқандарын «бауырим» дейді.

«Бауыр» жесісу қалыңдық пен күйеудің ата-аналары ағалы-інілі, апалы-сінлілі туыстардай туысып, жақындақтың білдіреді, олар рухани тұрғыда да бауырдай біртұтас болмақ.

Бір жағынан «құйрық» діни бірігу идеясын білдірсе, қазақтар үшін «құйрық» барышылықтың белгісі.

«Құйрық-бауыр» жесісүмен тиянақталған келісімнің түпкілікті қорытындысы мынадай. Қалыңдық пен күйеудің ата-аналарының арасында толық түрде діни де ғұрыптық-құқықтық бірігу орнығады және осынау бірігу арқасында олар бір-біріне өзінде бардың бәрімен бөлісуге міндепті, ешнәрсесін аямауга тиіс. Қазақта «Құда мың жылдық, күйеу жұз жылдық» деген мақал тегін шықпаган.

Ет тамақты бергенде, «бауыр» мен «құйрыққа» айрықша мән беріледі. Оны да ең құрметті адамдар, жасы үлкен ақсақалдар туралуға тиіс.

5. Неке келісімі мен құдаласудан кейін күйеудің ата-аналары бас болып, күйеудің қалыңдық аулына алғаш «қол ұстарға» барғанындей, құдаларға ергендердің барлығына сыйлық беріледі, оны «кийт» дейді. Бұл «ки» және «ит» сөздерінен шыққан. «Ки, ит!» дегенді білдіреді.

Күйеудің қалыңдықтың аулына ресми келуі кезінде оның астындағы аты барлық әбзелімен тартып алынады, киімдерін де інешіп алып, ескі-құскы киім береді. Ер-тоқым орнына ашамай беріледі. Қалыңдықтың аулына келген құдалар да қара жұмысқа салынып, олардың аттары да мініске пайдаланылады. Сол құдаларға түрлі мазақ, қорлық көрсетіледі. Бұған мұндай кемсітушілікке ренжімей, келген жердің талаптарын қалтқысыз орынданап отырады.

6. Күйеу баланың қызы аулына алғашқы келуінде (қол ұстар) ол қалыңдықтың туыстарына, жақындарына сансыз көп сыйлықтар ұсынады. Бұл сыйлықтар оны алушыларды риза ету арқасында қалыңдықпен оңаша кездесуге мүмкіндік алудың жолы деп есептеледі, сондай-ақ қыздың ата-анасы аулына келуімен жасаған «тәртіпсіздігінің» өтеуі саналады.

Қазақтардың әдет құқықтарын талдаушылар істің бұл жағын жақсы-ақ көрсеткен, сондықтан мен кейбір сыйлықтардың мәнін түсіндірумен шектелем.

а) Қыздың ата-анасының үйінде күйеу мен қалыңдықтың алғаш кездесуіне дейін,

қалыңдық өзінің женге-құрбыларымен бірғе кешкісін өз ауылынан шығып, басқа ауылға барып, арнайы үйымдастырылған ойын-сауыққа қатысады. Онда қос-қостан жігіттер мен қыздар айтысады. Мұндай ойын-сауықты үйымдастырган ауыл иесі «Қыз қашар» деп аталатын сыйлық алады.

в) Ойын-сауықтан кейін, қыздың өз ата-анасының үйіне кетер алдында «тартыс» өткізіледі. Жиналған адамдар екі жаққа бөлінеді. Негізіне қыз жағына барлық әйелдер шығып, ер адамдар екіге бөлінеді. Күйеу жағындағылар қызды «тартып» алғысы келеді.

Мұнда кәдімгідей алыс-жұлыс болады. Күш те қолданылады. Киім жыртылып, таяқ жегендер де кездеседі. Бәрінен бұрын қалыңдыққа қиын тиеді.

с) Тартыс күйеу баланың қыз женгелеріне сыйлық беруімен тоқтайды. Мұндағы ең ұлken сыйлық «бақан тастар» деп аталады. Бұл сыйлық «Қыз қашар» және «тартыс» сыйлығынан кейін, қыздың ауылына келген кезде беріледі. Бақанның функциясы қазақтарға белгілі.

Онымен шаңырақ көтереді, қажет болған кезде оны қару retinde де пайдаланады.

7. «Бақан тастардан» кейін «ит ырылдар» сыйлығы болады. Ит рөлін жасамыс әйелдер орындалап, күйеуді үйге кіргізбей кедерпі жасайды. Күйеу одан «ит ырылдар» сыйлығын беріп құтылады.

Бұл сыйлықтың психологиялық мәні мынадай. Эр үйде бір-неше ит болады. Олар күтпеген адамды, оның ішінде қызға келген жігіттерді ауылға кіргізбейді. Ауыл, одан кейін үйге кіру үшін жігіт қалыңдықтың жақындарын «сатып алуы» керек.

8. «Бақан тастар» және «ит ырылдар» сыйлықтарынан кейін «көрпе қымылдар» сыйлығы келеді. Күйеудің үйықтап жатқан қалыңдық жамылған көрпеге қол тигізуі ұлken «шаруа». Бұған жағдай жасаған женгелер сыйлық алуға лайық.

Бұрындары бұл сыйлықтың мәні бөлегірек болса керек.

9. Шешенің туысқандары «нагашы» болады. Бұл «нақағаш» сөздерінен құралған болса керек. Шеше жағынан туысқандар жиендер үшін ең жақын адамдар болып саналады.

в) Бір әкеден тарағандардың кішісі өзінен үлкендерді «ага» дейді, үлкендері кішісін «інім» дейді. Тұған әкені қазақтар «ага» дейді, «әке» дейді, «ата» да дейді. Қыздар аз шешесін, өзінен үлкен қыздарды, әкесінің әйел жынысты туыстарын (үлкендерін) «апа» дейді. Ал жасы үлкен қыздар өзінен кіші қыздарды «сіңлі» дейді.

ТЕРГЕУДЕГІ ЖАУАПТАРЫ

Мен – қазақпын, 1876 жылғы 7 қарашада, бұрынғы жыл санау бөйінша 25 қазанда Төңіректас маңында, Қарқаралы округінің Берікқара ауданындағы З ауылға қарасты жерде туғанмын. 1883-84 жылдары мен жазда ата-анамның қозысын, қыста қойын бақтым. 1886 жылы мен Қарқаралы қаласындағы Қазақ интернатына, ал 1889 жылы Омбы гимназиясына түсіп, 1898 жылы Томскі гимназиясын бітірдім, нақ сол жылы Петербург Университетіне Заң факультеті бойынша оқуға түсіп, оны 1903 жылғы 9 маусымда (ескіше 27 мамырда) бітірдім.

1903 жылдың күзінде мен Омбы сот палатасына қызметке тұрып, 1904 жылдан бастап палата хатшысының көмекшісі болдым. 1905 жылғы тамыздан бастап Омбы қаласындағы 2 участкениң бітістіруші судьясы міндетін атқардым. 1905 жылғы қазан-қараша айларында Омбы қаласында үкіметке қарсы митингілер мен демонстрацияларға қатысып, самодержавиені құлату қажеттігі туралы үкіметке қарсы саяси сөз сойлеуіме байланысты мен сот мекемесінен кеттім. Бірақ сезім серпінімен, қызу шабыт пен сол кездегі, қоғамдық-саяси ағым туғызған ынта-жігер әсерімен мен жаршы-уағызшы қатарына шықтым.

1905 жылғы 7-8 қарашада (ескіше) Павлодар (Кереку) қаласында қаланың ортасындағы көп адам қатысқан митингіні ашып, мәдениет пен өркениет игіліктеріне қосылу тілегі жағдайында аса ұлы тұтқалардың – саяси бостандықтардың, оқуағарту мен мәдениеттің самодержавиенен сәйкесіздігін дәлелдейп, самодержавиені құлатуға үгіттедім. Сол күндері өкімет мекемелері жұмыс істеуден қалды. 1905 жылғы 11-12 қарашада

Баянауыл казак станицасында түнде таныстарымның арасында самодержавиені құлату қажеттің туралы шұғыл түрде жиын өткіздім.

1905 жылғы 13-14 қарашада-ақ мен Қарқаралы қаласында болдым, онда қазақ, сарт және ішінара татар халқының толық қөлдауымен екі айдың ішінде самодержавие бүлігі іс жүзінде жойылды; самодержавиеге қарсы насиҳат пен үгіттің шебер жүргізуіне байланысты қазақ халқының жалпыға бірдей ынта-жігерінің рухани орлеуі керемет болды: жалпыға бірдей туысқандық, теңдік пен бостандықтың ұлы идеясы шын мәнінде жүзеге асырылды. Қарқаралы уезі ұзаққа созылмағанымен де, республикалық режим орнатылған бірден-бір жер болды.

1907 жылы маусым айында, Қоянды жәрменекесінде қоныс аударушылар мекемесінің бастығы отырған киіз үйге басып кіріп, бастыққа: «Мемлекеттік Думаның пәрменінсіз қазақтар бір сүйем де жер бермейді, қарсылық көрсетуге дайын. Күш жұмысайтын болсаңдар, мен осы жер үшін өлуге бармын.

1908 жылы мен үкіметке қарсы насиҳат жүргізгенім үшін Қарқаралыдан қарулы айдауылмен одан әрі бес жылға Якутскі облысына айдауға жіберу үшін Омбы қаласына жөнелтілдім, бірақ орталық мені дала өлкесіне жер аударуға рұқсат берді де, мен полицияның қадағалауымен Жетісу облысындағы Қапал қаласынан бір-ақ шықтым; ол жерден мен үкіметке қарсы қылмыстық насиҳат жүргізгенім үшін 1910 жылы Тобыл губерниясына жер аударылдым.

Ал 17 қазан манифесін бейбіт жолмен жүзеге асыруға, жалпыға ортақ әділетті зандастық орнатуға талпынған іс-әрекеттерімізге ешкім дау айтуга тиіс емес, өйткені біздікі занда іс, әркімге-ақ түсінікті. Егер манифиست жүзеге асырылmasa, «адамның дene мүшелерінің асқазанмен» астырып немесе жария күресі тоқталмай, ақыры адамның бой қуаты әлсіреп, бүкіл дene тіршілік қабілетінен айрылатыны сияқты күй кешуі мүмкін.

Мемлекет идеясын ту етіп көтерғен және зандаарды қүніпен орындату мүмкіндігіне ие болып отырған үкімет пулеметтердің зенбіректердің, фугастар мен шрампельдердің және басқа да соғыс қарулаresының көмегімен өз адамдарын басып-жаншуға

қабілеті бар екені рас. Бірақ мұндай үкімет қаратүнек пен парықсыздық жайлған елге қаулап өсіп келе жатқан, жай көзге көрінбейтін жүқпалы әрі тез таралатын бактериялармен, ба-циллалармен күресуге дәрменсіз.

Осынау дәрменсіз бациклалардың (тырысқақ, сүзек, оба) қатері құшті екендігі сонша, олармен санаспауға болмайды. Мұндай қауіпті жауға ашық соғыс жариялауға бола ма? Әрине жоқ! Жан-жануарлардың аяушылық білдірмейтін мұндай жауларына қарсы кім күресте алады? Ол – езгіден азат елдің, қандай да саяси партиялардың ықпалына түспеген, кісен мен бұғаудан азат елдің білімі ғана. Міне, біз сондықтан да саяси бостандық пен зандаудың үшін күрестік және күресіп келеміз.

1915 жылдың күздінде жандармдар маған Қылмыстық Заңдар Жинағының атақты 103, 108, 129-баптары бойынша (ұлы мәртебеліге тіл титізу, сатқындық және өмір сүріп отырган құрылышты құлату мақсатымен үгіт, насхат жүргізу) мемлекеттік қылмыс жасады деп айып тақты. Әдеттегісіндей, мен тұтқынға алынып, отбасыммен бірге қарулы айдауылмен Қарқаралы түрмесінен Павлодар (Кереку) қаласы арқылы Семей түрмесінің абақтысына жөнелтілдім, Павлодарда қараңғы, ылғал, сасық орында қос құлыппен құлыпталып жападан-жалғыз отырдым. Павлодарда мені пароходтағы иттің үйшігіне отыргызды, онда Семейге жеткенге дейін мен үнемі жатып баруға мәжбур болдым, өйткені оның тарлығы сонша, отыру да, тұру да мүмкін емес еді. Бұл үйшікке мен енбектеп кіруге мәжбур болдым, бұл үйшік жалпы жүрт баратын әжетхананың қасына орналасқан болатын.

1917 жылғы қантар-ақпан айларында мені бес жылға Якутсік облысына жер аудару туралы іс қозғалды. Мен бұл сапарға шындалп әзірлене бастадым, мені Якутия түрмелеріне этап-пен ұзақ уақыт айдаудан ақпан революциясы құтқарды. Бірақ оның есесіне комиссар (уақытша үкіметтікі) Вейсер 1917 жылғы наурызында аяғында мені қазақтар арасында бірінші болып саяси ұрандар: халық басқаруы, автономия, республика ұрандарын ұсынғаным үшін қамауға алып, орыс казактарының айдауымен Семейге жөнелтті, ал 1918 жылдың наурызында орыстың сословиелік казактары менің нақ сол мұрат-мақсат, армандарым

Жақып АҚБАЕВ

үшін мені екінші рет қамауға алып, әскери-казак айдауылымен Семейге жөнелтті.

1919 жылғы қантарда Колчак пен Анненковтың барлау агенттері мені Қарқаралы қаласында тұтқынға алып, Қарқаралы түрмесіне қамады. Айыптаудың мәні – Колчактың әскери-казак диктатурасының және Атамандықтың жауы, Атамандар диктатурасын құлату және Кеңес өкіметін қалпына келтіру үшін халықты қарулы қөтеріліске дайындауга ұмтылған. 1919 жылғы 7 шілдеде (ескі стиль бойынша 2 маусымда) Колчак пен Атамандардың Әскери-дала соты Қарқаралы қаласында мені атуға үкім шығарды. Мен кассациялық шағым беруден бас тартып, өлім жазасына өзім қол қойып бекітуге келісептінді мәлімдедім және шынында да, үкімге 1919 жылғы 7 шілде күні, кешкі сағат бестің шамасында өзім қол қойып бекіттім.

Осы кезде Қызыл Армия колчакшыларды (Колчак әскерін) Ресейден Азияга қуып шықты, Колчак атамандары қазақ зиялышарынан көмек күтіп, оған жағынып бақты. Сондықтан Сібір үкіметінің тәрағасы Вологодскийдің ұсынысы бойынша корпус командирі Березовский өлім жазасының күшін жойды.

1903 жылдың тамызынан 1905 жылғы 3 қарашаға дейін мен сот ведомствосында қызмет еттім, 1907 жылғы 7 сәуірден 1918 жылға дейін Семей округтік соты жанындағы Сенім білдірілген адвокаттың көмекшісі болдым. 1918 жылдың аяғынан бастап мен Семей губревкомының заң бөлімі жанындағы сот-тергеу учаскелерін басқару жөніндегі комиссияның мүшесі болдым. 1920 жылдың қаңтарынан Семей губревкомы басқару бөлімі заң бөлімшесінің менгерушісі болып істедім. Мениң етене арасыннан губерния бойынша сот-тергеу учаскелері енгізілді (құрылды). 1920 жылдың сәуірінен бастап мен Семей кеңестік халық сотының мүшесі болдым. 1921 жылдың қарашасынан бастап 1922 жылдың ақпанына дейін мен Қарқаралы уездік халыққа білім беру бөлімі жанында жұмыс істедім. Айтпақшы, Қазақ фольклорын жинау жөніндегі комиссияның тәрағасы болдым.

1922 жылдың наурызында өкпе қабынуымен ауырып, науқастығым себепті үйге қайттым.

1925 жылдың наурызында Губком мен Губатком Губерниялық соттың конструкторлық-тексеру бөлімінің менгерушісі болу және запастағы судья міндетін атқару үшін Губерниялық ішкі істер органына жіберді. 1926 жылдың шілдесінен 1927 жылғы 13 желтоқсанға дейін Семей губерниялық соты жанындағы қорғаушылар алқасының мүшесі болды; сол жерден мен 1927 жылғы қазан айында қазақ халқының тарихын зерттеу және ауа райы жұмысақ оңтүстікте тұру үшін Қызылорда қаласына кеттім. 1928 жылғы 4 қазаннан бастап Сырдария округтік қорғаушылар алқасының мүшесімін. Сырдария округі Мойынқұм ауданының Ново-Троицкі селосында тұрамын.

1907 жылдан осы уақытқа дейін Семей географиялық қоғамының мүшесімін, оған мен қазақ халқының шығу тегі туралы тақырыпта баяндама табыс еттім.

Айтылғандардың дұрыстығы үшін моральдық жағынан жауап беремін. Сырдария қорғаушылар алқасының мүшесі Жақып Ақбаев.

Қорғаушылар алқасының мүшесі Жақып Ақбаевтың қоятын қолын өзі қойғанын қуәландырамын.

...Таяу арада, 1930-1931 жылдары кеңес өкіметі қазақтың байларына қарсы көзқарасын өзгертерді, оларды тап ретінде жояды. Қазақ елі осы саясаттың құрбаны болады. Өйткені біздің халқымыз малмен күн көріп келеді. Соған әбден бейімделген. Егерде олардың тұрмысына бейімделсе, онда созсіз құриды. Жыл сайын мал тәргіленіп, саны азая береді, сөйтіп малсыз қалған қазақ аштан қырылады. Қазақ шаруашылығына алғашқы соққы 1930-1931 жылдары жасалады. Кеш қалмай тұрғанда мал мен басты аман сақтаудың қамына кірісу қажет. Қазіргі сәтті пайдаланып дайындыққа кіріскен жөн. Қазақтың мал мен басын сақтаудың жалғыз-ақ жолы бар, ол – Қытайға қоныс аудару. Эрине, Қытайда да қазақтарға еркіндік тимейді, Қытай өкіметі өзінің жерінде шет мемлекеттен келген адамдарды тегін асырамайды. Дегенмен де, қазақтың мал мен басын жоюға бағытталған саясатты ұстап отырған Қазақстаннан гөрі Қытайда өмір сұруға мүмкіндік беріледі. Осы ой кеше де, бүгін де мазам-

Жақып АҚБАЕВ

ды алды. Менің ұсынысым – түрғындарды Қытайға, Шәуешек қаласына қарай қоныс аударту.

Мен таяудаға Берікқара болысынан келдім, түрғындардың арасынан: қоныс аудару мен көтеріліс үйімдастыра алатын адам ізdedім. Ондай адам өз ауылымнан табылмады. Тағы да соған қам-қарает жасау үшін келдім. Бұл жолы ондай адамды таптым, ол – Еркебек Дүйсенов, батыл да шешімді адам. Мен оған Шет ауданының және басқа да жерлердің қазақтарымен байланыс жасауға тапсырма бердім...

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ

(1891-1970)

Әлімхан Әбеуұлы ЕРМЕКОВ – мемлекет және қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, математикадан тұнғыш қазақ профессоры.

Балалық шағы

Әлімхан Ермеков 1891 жылы осы күнгі Қарағанды облысы, Ақтөгай ауданы, Бөріктас деген жерде дүниеге келеді. Әкесі Әбеу халыққа қадірлі, озық ойлы, орысша сауаты бар, өз дәүіріндегі зиялыштардың бірі болған. 1899 жылы Қарқаралыдағы қалалық училищеге окуға түседі. Мектеп қабыргасында зейінді, алғыр болған Әлімхан мектепті үздік бітіріп, 1905 жылы Семейдегі ерлер гимназиясына түседі. Осы оку орнын 1912 жылы алтын медальмен бітіріп, Томск технология институтының тау-кен факультетіне қабылданады.

Томскідегі оқуы

Томскте оқып жүріп орыстың озық ойлы ойшылдарымен, галымдарымен танысады. Шоқан Үәлихановтың досы Григорий Николаевич Потанин Әлімханның бойындағы білімге деген талпынысты көріп, тәнті болады. Қарт Потанин Әлімханға

Әлімхан ЕРМЕКОВ

ағалық ақыл беріп, оған: «Әлімхан сенің білімің – ол қазақтың білімі. Сол себепті жақсы оқы және өзгелерді оқыт» – деп, үлкен үміт артқан. Осы сөздерді Әлімхан аға өмірлік ұстанымына айналдырып, ақтық демі қалғанша ұлттымызға еңбек етті. Григорий Потанин Ермековке бекер назар аудармағанын уақыт дәлелдеді. Әлімхан Ермеков өз қолымен толтырған анкетарларда ағылшын, неміс, француз, италиян тілдерін білетінін көрсеткен. Қызметтес болған, шәкірт болған және Әлімхан Ермековпен өмір жолы тоғысқан тұлғалардың барлығы дерлік Әлімхан жайында жылы лепес білдірген. Терен білімді, көркем-мінезді Әлімхан Ермековтың замандасы Сұлтанмахмұт мынадай өлең жолдарын арнаған:

Әлімхан Ермекұлы жас жігіттен,
Келеді екінші болып бұл ретпенен.
– Қазақта мұндай жігіт көрмедім, – деп,
Ардақты қарт Потанин лепес еткен.

Томдагы инженерлік сабагында,
Жетеді біл жылдан соң тамамына.
Өткізбекші өмірін ілім ұстінде,
Бір түрлі биіктік бар талабында.

Сойлен кетсе, қозгалар бойда жаның,
Тас болса да ерітер жүрек қанын.
Шындығы, тереңдігі, әділдігі,
Тусаң ту осылай дегізер жанның бәрін.
Адалдық, ақжүректік, ақтығына,
Бір ауыз қарсы айта алмай құрыды әлің.

Мениңше Ермеков деген бала,
Ұқсайды үшқыр қыран қаршыгага.
Сөз, білімін сынайтын жер ілгері,
Әзір адап кісі гоū, жеке дара.

Алаш қозғалысы

Патша өкіметі құлатылғаннан кейін елдегі қалыптасқан жағдайды айқындаپ, алда не істеу керектігін шешіп алу үшін жержерде қазақ съездері анылып жатты. Ә. Ермеков, алғаш рет саяси іске алаш қозғалысына, 1917 жылы 27 сәуір, 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезіне қатысады. Онда ол басқа да адамдармен бірге съезд президиумының хатшылығына, одан кейін съезд шешімімен Семей облыстық қазақ комитетінің мүшелігіне сайланады.

Әмбे ол, қазақтар жағынан Халел Габбасов екеуі Семей облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болады.

Шілде айындағы жалпықазақтық съезде Семей облысынан Бұкілресейлік құрылтай жиналышына депутаттық ұсынылады.

1917 жылы 8-17 қазанды 1-Сібір облыстық съезіне, делегаттар жиналышы атынан қатысады да, оның президиумына Семей облысынан кіреді. Съезде Сібір автономиясының негізгі заңын жазатын комитет құрылып, оған қазақ делегаттары Ә. Ермековті кіргізеді.

Міне, алаш жолындағы көптеген саяси істерге қатысып, ішінде Әлімханды «Қазақ» газеті «Технологический институтка асқан зеректер ғана туседі. Әлімхан білімді, шешен, өткір, халыққа қызмет етуді өзіне парыз санаған жігерлі жас азамат», — деп сипаттайды. Осындай жан-жақты дарын иесі жас сұнқардың желтоқсанда өткен жалпы қазақ съезінде Алашорда үкіметінің мүшелігіне өтуі таңғажайып емес еді. Әмбे ол, «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің мүшесі де болатын.

Әлихан Ермековтің тарихи зор енбегінің бірі — Қазақ автономиясы шекарасының біртұтастығын жанқиярлықпен қорғауы. Осы орайда ол 1920 жылы 17 тамызда Лениннің төрағалығымен өткен қазақ өкілдері қатысқан Халық комиссарлары кеңесінің мәжілісінде Қазақ автономиясы туралы мәселе қаралғанда, Қазақстанның жағдайы туралы Ә. Ермеков баяндама жасайды. Онда ол жер, Қазақстанның шегарасы туралы мәселелерді қамтып, өктемшіл, озбыр, отаршилдық пифылдағы өкілдермен қызу айтысқа түсіп, өз пікірін тиянақты, жан-жақты,

бұлтартпас дәлелдермен қорғап шығады. Оккупанттар өз кінәсін мойындағап, нәтижесінде, кезінде қазақтардан тартып алынған Каспийдің теріскей жагалауындағы ені бір шақырымдық және Ертістің сол жагалауындағы он шақырымдық ұлан-ғайыр жер Лениннің тікелей қолдауымен Қазақ еліне қайтарылады.

Кеңес үкіметі

Қазақ автономиясын құруда Ә. Ермековтің өлшеусіз еңбегін зерделей отырып, онан кейінгі жасампаздық жолдары Қазақ елінің шаруашылық жайын қалыптастырып, нығайтуға халықты ағарту сияқты нақты істерге бағытталғандығына көз жеткіземіз. Қарқаралыда мектеп ашады, Ташкент пен Алматыдағы жоғары оқу орындарында математикадан дәріс оқиды. «Ұлы математика курсы» 1-бөлім (1935), «қазақ тілінің математика терминдері» (1936) атты окулық, кітаптарды жарыққа шығарады. Қазақ арасынан тұңғыш математика ғылымының профессоры атағын алады. Сонымен бірге нағыз білім мен біліктілікті қажет ететін сала — Халық шаруашылығын жоспарлау комитетінде және басқа да жауапты қызметтерде болады. 1929-1930 жылдары бір топ қазақ зиялышлары абақтыға алынып, төрлеуге түскенде, Ә. Ермековті де түрмеге қоса қамайды. Алаш ісінің мұлдем құртылып, үрпақтық сабактастық үзіліп қалмау және ұлт зиялышлары болашақты ойлап, Алаштың жас түлек дарындары М. Әуезов пен Ә. Ермековті сақтап қалу мақсатында олар, «кінәларын мойындағап» сол жолы бостандыққа шығады.

Алайда 1937 жылғы қара бұлт Ә. Ермековтің басына тағы да үйіріліп, 1939 жылы сотталып, 1947 жылға дейін түрмеде отырып шығады. Түрмeden шыққаннан кейін жаламен қайта үсталып, 1958 жылы босайды. 1957 жылы 26 қарашада толық ақталып, Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетінде математикадан дәріс оқиды.

1970 жылы қайтыс болады.

ТЕРГЕУДЕГІ ЖАУАПТАРЫ

15/XI-1930 жыл. Мен өзімнің көрсетінділерімде ертеректе өтіп кеткен оқигаларды қамтитын болғандықтан да, жылдардың реті мен кейбір көріністердің орны ауысып кетуі мүмкіп екенін ескертемін.

Жер мәселесін зерттейтін институт ВКПБ(П) орталық комитетіне қарайтын, ал олар Бекейхановты Қазақстандағы жер мәселесінің білгірі ретінде қызметке шакырды, сонымен қатар 1921-1923 жылдары қазақ үкіметінің тапсырмасымен Қазақстандағы жерге қоныстырыу мәселесін зерттейтін арнайы экспедицияларға қатысты.

Жер мен қоныстырыу бағытындағы менің көзқарасым Бекейхановтың көзқарасынан алшақ емес. Мен ол кісіні өзімнің ұстазым деп шын көніліммен айта аламын. Бұл тұрғыдан алғанда біз бұрынғы отарланған жерге қазақ тұрғындары жаппай қоныстырып болғанша жаңадан қоныстырыу науқанына қарсы болдық. 27 жылғы конференцияда Өлкелік комитеттің хатшысы Голощекин жер және ұлт мәселесінде көптеген тосқауылдардың (мағынасы бойынша аударылды, орысшасында – грех – Т.Ж.) бар екендігін, оған жаңаша қарау қажеттігін айтты. Оған көп адамдардың кінәлі екені рас. Мен де бұған қалыптасқан жаңа жағдайға таптық тұрғыдан қарамай, бұрынғы ұстанымында қалып қойдым. Революция әкелген әлеуметтік құрылым қажеттігін ескермедім. Семейде жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары көрсеткенідей, мені шаруашылық мәдениеті жоғары жүрттың ықпалымен қарабайыр шаруашылық деңгейіндегі

халықтың жойылып кететіндігі сөзсіз екендігі анықталғанда, сондай даму сатысында тұрган қазақтардың қамы мені қатты қынжылтты. Мен: көшпелілердің қарапайым тұрмысы жеңіл болғанымен, күйрекен мал шаруашылығын қалпына келтіру өте қын – деп есептедім. Еліміздің алдыңғы қатарлы жұмысшы табының материалдық-техникалық көмегі – өнеркәсіптің араласуы, машина-трактордың бөлінуі, колхоз беренсовхоздардың үйымдастырылуы шаруашылықтың әлеуметтік саласына үлкен өзгерістер әкелетінін ескермеппін. Мұның барлығы өл кезде анық емес болатын. Ал өз басым тікелей жер мәселесімен айналысқамын жоқ.

Ал өкімет кеңестерге кошкенде Жер жөніндегі комиссар боп тагайындалған кездегі менің әрекеттерім бір бағытта – бұрын патша өкіметі тартып алған жерлерге қазақ халқының қайтадан ие болу құқын қалпына келтіру бағытында жүргізілді. 21-жылы В.И. Ленин төрағалық еткен кеңесте Қазақстандағы жер мәселе-сі туралы баяндамама Қазақстандағы ең қын шешілметен мәселе – жерге орналастыру екендігін баса айттым. Мен Сапаровтың Түркістан туралы баяндамасынан кейін сөз алдым. Сапаров өзінің баяндамасында Уралдың шаруа мұжықтарын он-түстік Қазақстанға әкеп қоныстандыру керек, бұл қазақ халқының революциялық рухын өсіреді деп өзеурей сөйлемді. В.И. Ленин жолдас менің бұл мәселеге қалай қарайтынымды сұрағанда мен: Қазақстанда жерге байланысты ұлтаралық қатынастың шиеленісіп тұрган қазіргі жағдайда, қазақтардың өздерін жерге орналастырып алмай шаруаларды қоныстандыруға мұлдем қарсымын және қоныстандыру әрекеті шұғыл тоқтатылуы керек – деп жауап бердім. Семей губкомы мен жерге орналастыру жөніндегі Мемлекеттік жоспарлау комитетінде істеген 1921-1926 жылдар арасындағы менің пікірім осындай...

...Қазақстанда жерге байланысты ұлтаралық қатынастың шиеленісіп тұрган қазіргі жағдайында қазақтардың өздерін жерге орналастырып алмай, шаруаларды қоныстандыруға мұлдем қарсымын және қоныстандыру әрекеті шұғыл тоқтатылуы керек...

...Сол кездегі жер мәселесі турасындағы менің көзқарасымды осыдан бұрынғы жауаптарымда көрсеткен болатынмын, бірақта мен жерге қатысты мекемелерде қызмет істегенім жоқ. Бұл жөніндегі Әлихан Бекейхановтың ұстаган бағыты мен оның тұжырымдары Қазақстанның жерге қатысты мекемелерінің жұмысына шешуші түрде ықпал жасады, сөзді ұзартпас үшін айта кетейін, аты шулы кезеңге (шамамен 5 партконференцияға) дейінгі Жер жөніндегі халық комиссариатының жұмыс бағдарламасы тек соған ғана негізделді. Оны дәлелдеу үшін мына дәректерге жүгінсек те жеткілікті, мәселен: КССР Орталық атқару комитетінің 1921 жылғы «Он шақырымдық жайылымдық жерді, қоныстандырушыларға бөлінген жер мен орманды аймақтарды еңбекші қазақ еліне қайтарып беру туралы» декретін; ВЦИК бекіткен 1923 жылғы «Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ елін жерге қоныстандыру туралы» декретті, Федеральдық комитетте ресми өкілдіктің болғандығын; оның жұмысына Швецовтың қатысуын еске алсақ та жеткілікті. Мен Швецовтің экспедицияның жұмысымен етene таныс емес (Осы кезде мен Ташкенттің педагогикалық жоғары оку орынында қызмет істейтінмін) едім, бірақта, бұл жұмыстың бағыты мен нәтижесі туралы кездейсоқ, алайда күнделікті тіршіліктің қамхарапетімен жүрген кезімде мына жайды естіп, көңіліме түйіп қалдым. Швецов экспедицияның қортындысын жазып бітіргеннен кейін: «Енді ғана менің жаным тыныш тапты, өйткені менің жұмысымның нәтижесін Бекейханов макұллады, ал мен оның пікірін бәрінен де жоғары қоямын», – депті. Демек, Швецовтің экспедициясы да сол бағытты сөзсіз қолдап шыққаны анық.

Мен Заки Валидовтің контрреволюциялық көніл-күйде жүргенін және оның мақсатын білдім (1920 ж.). Россияның Шығыстың езілген халқына қолданған саясаты оны қанағаттандырмайтын, олардың бірігіп, тәуелсіздік алуын көздейтін. Заки Валидов пен Байтұрсынов және басқалар қатысқан жиналысқа мен де қатыстым. Кеңес құпия дейтіндей жағдайда өтті, мен Қазақстанның тағы да бір сойқанға қатысқанын қаламасам да, Валидовтен және басқалардан іргемді бөле алмадым, ол кеңеске өзімнің және Байтұрсыновтың қатысқанын жасырып келдім.

...Ол менің көп замандар бойында ұлтшыл – алашордашы негізінде төңкерістің жауы болған таптың салт-саналық бағытымен байланысты болып еді. Осы халмен тарихи нық байланысқан нәрсе – менің саясат пен әдебиеттегі ісімнің мазмұны мен қалпы – соңғылардың саяси бағытына бастады. Бастағанда, анықтағанда пролетар төңкерісінің тірегіне жау болған барынша қарсы бетке бастады...

...Семей губерниясындағы қазақ қызметкерлерінің арасындағы топшылдық маған бұрыннан белгілі болатын. Әлихановтың көрсетіндісіндегі түсініспеушілікті ОГПУ-дің коллегиясына 1930 жылдың 3 қазан күні жолдаған мәлімдемемде көрсетіп, Әлихановты беттесуге шақырғанмын. Өкінішке орай ол өтінішім қанағаттандырылмады. Әлихановтың куәлігі осынша сенімге ие болғандықтан да, Шомбалов пен Барлыбаевты қуәлікке тартуды сұраймын.

Осы бір кездейсоқ тіршіліктің соңы осыншама ушығып кеткенінің өзі Әлихановтың көрсетіндісінің абсурд екендігіне дәлел. Әлиханов – «Ет өткізу одагының» инструкторы, жоспарлау және үкімет мекемелеріне сөзі өтетіндей оның аппаратта беделі жоқ. Әлиханов жеңілtek адам. Санасыздың сандырағын осы күнге дейін түсінбеймін. Таныстардың барлығы маған оның: тақыс, өзінше кулығы бар, өз кінәсін өзгеге көтертіп құн көретін адам – екенін айтқан. Егерде менің көрсетіндім күдік тудырса, онда ОГПУ тергеушілері бұл инцидентті анықтап тергесін. Мен Барлыбаев пен өған қай уақытта, қандай нұсқау бердім, оны қалай жүзеге асырды, соны дәлелдесін.

УОО ПП ОГПУ-дің өкілі Поповтың түсіндіруіне қарағанда, маған айып ретінде тағылған 57-бап пен 58-баптың 7-тармагы бойынша мен кеңес өкіметіне қарсы әрекетім үшін емес, Фазыл Әлихановтың көрсетуімен кеңес саясатын теріс түсіндіруге тырыскандығым үшін жауапқа тартылған екенмін. Мен бұл жөнінде ОГПУ-дің өкіліне берген бірінші жауабымда айтқанмын. Енді келіп соның көрсетіндісінің үзіндісін алға тарта отырып, айыптау баптарын өзгертуек.

Онда: Халық комиссарлар комиссариатының әлеуметтік мәдениет бөлімінің кеңесшісі Барлыбаевқа – ет дайындау жос-

парын кеміту туралы кеңес беріппін. Барлыбаевпен мен Шомбалов Мәжиттің үйінде кездейсоқ кездестім. Өкінішке орай Әлиханов пен Барлыбаевтің үй-ішімен дастархандас болдым. Мен оларды сал бол ауырып жатқан Шомбаловтың семьясымен бірге қонаққа шақырды. Адамға тән осалдық жасап біраз ішімдік іштік. Тек Шомбалов қана сырқатын сылтауратып бас тартты. Көтерінкі көңіл-күй үстінде қонақтарымның көңілін табу үшін қоғамдық сипаттағы сөздерді де айтсам керек. Әлихановтың мал шаруашылығына сінірғен ерен еңбегін асыра мақтап, ет жоспарын орындаپ қана қоймай, мал басын сақтау да керек дегенді айттым. Сол бір мылжың сөздердің саяси астар алғанына таңмын.

Барлыбаевтің бұл сөзінде не мән-магына бар? Бұл жөнінде мынаны айтқым келеді. Әлиханов түрмеден шыққанша менімен бір камерада отырды. Сонда: «Барлыбаев неге ұсталмады? Оның «Алашордадағы» қызметі бәріне белгілі емес пе? Мен кез-келген адамды, Барлыбаевты да аунатып түсіре аламын, бізбен байланысы бар десем жетіп жатыр», – деп соңын қалжынға айналдырды. Оның Барлыбаевқа қарсы айтылған бұл әзілінің астарына мән бермеппін...

...Мен – қазір революцияның ұлы авторымен жұздескен тірі күәнің бірімін. Сондықтан да революцияның асқақ атын жамылған осындай адамдарды жек көремін. Мені: теоретик ретінде Ленинді оппортунист деп айтты – деген әлдекімнің көрсетуі жалпы қисынға келетінін мойындаимын. Әлемдік пролетариат пен езілген халықтардың ұлы қосемін көріп, тілдесу бақытына ие болған адаммын. Ол өзінің: патриархарлық, рулық даму сатысында кенжелеп қалған ұлттардың капитализмге соқпай социализмге бірден өту мүмкіндігі туралы формуласын жариялаған 20-жылғы Коминтернің екінші құрылтайының салтанатты ашылуына мейман ретінде мен де қатыстым. Оның делегаттарға солшылдық дерпті туралы айтқан атақты сөзін ерекше құрметпен еске аламын. 20-жылы оның өзі төрағалық еткен мәжілісте жасаған баяндамасында: казак тұрғындары арасындағы жалдамалы батырақтардан ауыл шаруашылық

коммунасын құрып, жерінен айырмалған шаруаларды ауыл шаруашылық машиналарымен қамтамасыз ету туралы айтып тұрып, маган көзі түсіп кеткенде қолын мен жаққа сермен тұрып: қазақтарға ауыл шаруашылық коммунасын құруға әлі ерте – дегенінде қатты шамырқанып кеттім, алдыңғы ұсынысымын җайшылық екенін түсіндім. Артта қалған халықтардың өкіліне қалай көніл бөліп, қандай жауапкершілікпен қарайтынына сонда көзім жетті.

Әлі есімде, Астрахань облысындағы қазақтар көп тұратын жағалауды Қазақстанның құрамына беру туралы үлкен даулы мәселе қызу талқыланды. Патша үкіметі қазақтарды теңізге жібермеу үшін олардан бұл жерді тартып алып, он верстка сияқты түрлі экономикалық шектеу қойып, казактарды қоныстандыран болатын. Міне, осыған байланысты Астрахань губерниясының НКВД өкілі, Азық-тұлік халық комиссариатының қамтамасыз ету орталығы, Владимирліктер мені жан-жақтан қыспақса алып, бүкілодақтық манызы бар деп әр нәрсені сылтауратып, сансаққа жүгіртіп, табандап тұрып алды. В.И. Ленин ықыласпен тыңдалған отырды да маган: Астрахань губерниясы сияқты Қазақстан да одақтың бір бөлігі. Қазақтар басым тұратын жердегі шаруашылыққа көмектесуді де, азық-тұлікпен қамдауды да одак мойнына алады – деді. Реплика жасаған кезімде Закурский мені жағамнан алып, қабырғаға тірел итергенде Владимир Ильич маган араша тұсті. Астрахань губерниялық атқару комитетінің төрағасы мен НКВД өкілі губерниядағы тұрғындардың арақатынасын көрсететін нақты статистикалық есептің жоқтығын айтты. Бұған: халықтың арақатынасын білу үшін онда барудың да, статистикалық есептің де керегі жок. Москванды мысалға алыныз. Мұнда қай халықтың қанша өкілі бар екенін ешкімде білмейді. Бірақ бәрі де қамтамасыз етіледі, – деді.

Маган жұдырығын ала жүгіргендердің әрекетін бүгін еске алу құлқілі, болмашы бұзақылықты сөз еткендей көрінгенімен де, В.И. Лениннің бейнесі мен өзім көрген осы бір өмірлік шындық маган ұмытпас әсер қалдырды. Ленин туралы жоғарыда мен айтты деген адамның қияли сөзіне әсерленгенсіп, солай дедім бе, жок па деп еске түсіруге тырысадын, жауап берудің

өзі күлкі тудырады. Тек айтарым, бұғынгі оппозициядағылардың көзқарасын ешқашанда боліскең емеспін.

1919 жылы ақпан тоңкерісінен кейін мен Семей губерниясының земство басқармасының мүшесі болып қызмет істедім. Тікелей жер бөлімін басқардым, бұдан басқа маған оқу-ағарту саласына жетекшілік ету жүктелді.

**КССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі
Ермеков Әлімханнан
өтініш**

ПП ОГПУ-дің Қазақстандағы өкілінің 1930 жылы 22 қыркүйек күнгі өкімі бойынша мен түрмеге қамалдым. Тек 7-желтоқсан күні ғана нақты айғақтар келтірілместен маған ҚҚ-нің 57 – 7, 58 – 11, 59 – 3 баптарына сәйкестендірілген, шамамен: а) кеңес өкіметінің шараларын кеңес және партия жұмыстарында бұрмалап қолданғаны үшін; в) басмашылармен байланысы үшін; с) контрреволюциялық ұйым құруға талпынғаны үшін – деген мағынадағы айып тағылғаны хабарланды.

Бұл айтылған «нақты деректер» мені қызықтырмайды, өйткені ондай оқиға өмірде болған емес. Бастапқыда мен тұтқындалуымның себебін түсініспестік болған шығар, әлдебір саяси науқанға қатысты шығар деп ойлағанмын. Міне, тұтқындалғаннан бері төрт айдан асып барады, әлті «түсініспестігім» мені денсаулық тұрғысынан да, адамгершілік тұрғысынан да кеміріп жеп барады. Сондықтан да мен: маған тағылған ешқандай нақты дерексіз айыптауларға түсінік беретін өміrbаяндық сипаттағы кейбір мәліметтерді, саяси және тәжірибелік істерімді Казаткомның Президиумына баяндап беруге мәжбүр болып отырмын...

...Революцияға дейін оқу оқыдым, оқығанда да орта және жоғары оқу орнына төленетін қаржыны өзімнің мандай теріммен таптым. Тоңкерістен бергі менің қызмет баспалдағым мынадай: Облыстық қоғамдық мекемелердің атқару комитетінің

президиум мүшесі, Қазақ облыстық комитетінің мүшесі, жұмысшы, солдат және шаруа кеңесі облыстық атқару комитетінің мүшесі, Бұқілқазактық «Алашорда» халық кеңесінің орталық кеңесінің мүшесі, губерниялық земство басқармасының менгерушісі, Корниловтың тұсында губерниялық революциялық комитеттің мүшесі, Колчак талқандалғаннан соң губерниялық революциялық комитеттің мүшесі және ВЦИК-тің жанындағы Қазақ революциялық әскери комитетінің өкілдігінің төрағасының міндетін атқарушы, губкомның және мемлекеттік жоспарлау мекемесінің төрағасының орынбасары міндеттерін педагогикалық жұмыспен ұштастырып келдім. Ауыл шаруашылығы банкісінің басқарма мүшесі болым, соңғы төрт жылда тек қана жоғары оқу орындарында істеп келемін. Тұтқындалған кезде Қазақ мемлекеттік университетінің математика кафедрасының доценті бол істедім. ҚССР кеңесінің соңғы екі құрылтайында ҚССР Аткомының мүшесі болып сайландым...

...«Алашорданың» жүргізген ісіне тоқталып жатпай-ақ, оның бір мүшесі ретінде менің кейінгі іс-әрекетімнің бағытын өзгерткен тарихи тәжірибеме тоқталсам да жеткілікті...

...Сібір халықтарының арасында өзара ынтымақтастық болған жок, әр ұлт өзінше өмір сүрді, ортақ мұddeлері анықталмады. Енді біз өз өмірімізді өзіміз игеруге мүмкіндік туғанда, бұқіл Сібір жұрты өзінің мұқтаждықтары туралы бар дауыспен арындаі айтуы үшін барлық ұлттардың тұтастығы аса қажет...

...1917-1919. Бұл әскерилердің – колчаковшылар мен атамановшылардың билеп тұрган кезі болатын. Жазалау отрядтары, зорлық-зомбылық, дала-әскери соты жаппай орын алған еді. Жұмысшылармен, шаруалармен бірге сорлы қазақ елі де майдан даласына тән террорды, езгіні, басынуды бастарынан кешті. Губерниялық, уездік жер басқармаларының мүшелерін, «Алаштың» орталық кеңесін тұтқындау күн өткен сайын жиілей берді. Олардың кейбіреулері әскери-дала сотына беріліп, дарға асылуға дейінгі жаза қолданылды. «Алашорданың» мүшесі

Ақбаев (Ж. Ақбаев – Т.Ж.) «большевиктердің төңкерісіне көмектесу үшін қару жасырғаны үшін» ату жазасына кесілді...

...Омбыда келісім жүргізіп жатқан кезінде «Алашорданың» төрағасы Бекейхановтың өзі де тұтқынға алынды. Жергілікті газеттерде губерниялых жер басқармасының мүшелерін большевиктерге бүйректері бұрады деп әшкерелеп жатты...

...Ақырында он алтыншы жылғы көтеріліс кезінде Жизақ қаласы тұрғындарының бірін қалдырмай қырып-жойғаны үшін «Жизақтық» деп атанып кеткен Колчак диктатурасының әскери министрі Иванов-Ринов тек «Алаш» автономиясы мәселе-сін көтерғені үшін ғана қазақ (сол кездегіше айтсақ қырғыз) зияллыларының бірін қалдырмай қырып тастау туралы жобасын ұсынды, ол: ақсақалдарды медальмен, шен-шекпенмен жарылқай отырып та қыр елін билеуге болады – деп ойлады. «Алашорданың» қызметінде де қыыспайтын қайшылықтар толып жатты. Мысалы, сол кезде Колчакқа «Батыс Алашорданың ақсақалы» атағын беру туралы ұсыныс та жасалды. Бұл жөнінде: «Алашорданы» – «Ералашорда» деп атаған Сібір үкіметінің пікірі шындыққа келетін...

...Колчактың жанталасы, өлім алдындағы ант мезгілі басталды. Біз, земство қызметкерлері, ұлттық кадрлар осындаі от пен судың сынағынан тәжірибе ала отырып, қазақ төңкерісі тұсындағы ұстанымдарымызға, Сібірде төңкеріс жасаған эсершіл чех-словак әскеріне іш тартқан әрекеттерімізге сын көзben қарауымыз керектігін түсіндік. Террор барған сайын күшіне тұсті, бұдан әрі қалада қалу өмірімізге қауіп төндірді. Семейдегі төңкерістен бірнеше күн бұрын далалық әскерлер шегіне қалған жағдайда көзі құртылуға тиісті адамдардың тізімі тұрғындарға таратылды. Тізімнің ішінде біздің де атымыз бар екен-мыс. Сондықтан да мәжілісте: қызыл армия келгенше қырға шығып кету керек, ал Семейдегі төңкеріс басылғаннан кейін қалаға қайтып оралу керек – деп шештік. Бірақ Семейге қайтып келу де қын болатын. Өйткені: қазан төңкерісіне деген теріс ұстаным, чех-словак

әсәрлерінің әскеріне көрсетілген көмек, құрылтай Мәжілісін қолдау (Ресей ұлтшылдарының үкіметі – Т.Ж.) «Алашорданың» бетіне шіркеу түсірген болатын. Соған қарамастан: ешкім де Қазақстанның тыс жерге кетпесін, ешкімде шекара асып шет елге өтпесін, Бөкейхановтан басқаларының барлығы Семейге қайтып келсін, – деп үйғарым жасадык...

...Бұл шешімге тоқтам жасатқан: төңкеріс тұсында жинақталған ауыр тәжірибелер мен Колчак пен қаптаған атамандардың кезіндегі террорлық зорлық-зомбылық еді. Сонымен қатар, кеңес өкіметінің халықтардың ерікті құқығы туралы декларациясы, «Алашорданың» кейбір мүшелерінің Москвадағы тікелей келісімдері, «Алашорданың» Семейдегі бөлімі мен Москвандың арасындағы тікелей байланыстың нәтижелері де ықпал жасады. Дутовтың бандыларының арасынан екі-үш адамдық шағын топпен қалаға кірдік. Қалаға кірісімен Сібір ревкомының мүшесі жолд. Косаревтің (қазір ОК-тің мүшесі) губерниялық үкіметті құрып, жетекшілік ету үшін Семейге келгенін естідім. «Алашорда» мүшелерінің ішінде жалғыз мен гана қалада екенмін, сондықтан да жалғыз өзім шұғыл түрде Косарев жолдасқа бардым. Мен оны «Алашорданың» іс-әрекетімен қысқаша таныстырып өттім. Қазіргі жағдайда қабылданған шешім мен өзімнің келу мақсатымды баян еттім. Косарев жұмысшы қазақтармен бірнеше рет бас қосу өткізді де, солардың келісімімен мені губревкомың құрамына енгізді.

Төңкеріс тұсындағы өткен баспаңдақтар ұлттық қозғалыстың мүшелеріне өте маңызды әрі құнды тәжірибелер үйретті...

...Осылан байланысты мен өзімнің партияга мүше бол өту туралы көзқарасымды да білдіре кетейін. Жолдастарымыз қырдан қалаға қайтып келген соң мен ВКП-ның қатарына өтуді мәселе етіп койдым. Қарсы шығып сөйлеген Габбасовтың басты дәлелі: қазақ арасында пролетариат жоқ – дегенге сайды. Пікір таласымыз белгілі бір шешімге келуге мүмкіндік бермеді. Мен шұғыл түрде: Семей облысын Қазақ революциялық әскери комитетінің қарамагына беру мәселесін шешу үшін Орынборға іссапарға жүріп кеттім. Орынборда бірден мені: Семей және

Ақмола облыстарын Қазақ революциялық әскери комитеті басқармасының құрамына кірізу туралы мәселені құн тәртібіне енгізу үшін және республиканың құрылғанын жариялайтын декретті дайындау үшін Москваға жіберді.

Москваға барғаннан кейін ревком мүшелері маған республиканың шекарасын анықтау үшін тиісті құжаттарды жинастыруды және ұлттар жөніндегі халық комиссарымен (ол кезде Сталин болатын – Т.Ж.) декреттің жобасын жасауды тапсырды. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін мені ВЦИК-тің жаңындағы Қазақ революциялық әскери комитетінің өкілдігіне уақытша уәкіл етіп қалдырыды. Мен Москвада Халел және Жаһанша Досмұхамедовтермен кездестім. Олар менің жаңа саяси бағытыма таңдана қарады, менің солшыл пікірлерімді біраз тыңдаپ түрді да, сынауга көшті, біздің пікір алысұымыз ерегеске ұласып кете жаздады...

**Менің Владимир Ильич Ленинмен
1920 жылғы кездесуім**

Кеңес әскері Колчакті құлатып, талқандаған соң, 1919 жылдың соңында губерниялық кеңес өкіметін үйымдастыру үшін Сібір ревкомының мүшесі Косарев (Ленин комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, белгілі Косаревтің әкесі) – Омбы қаласынан Семейге келді. Ол Семей қаласының жұмысшы аудандарында қазақ жұмысшылары мен жатақтары қатысқан бірнеше жиын өткізіп, олардың ішінен сайланған өкіл ретінде губерниялық революциялық комитетке мүшелікке ұсынылып отырған кандидаттар туралы олардың пікірін білді. Оның өзінің ұсынысы бойынша Завадский – тәраға, Большаков – хатшы және мүше ретінде Құрамшин, Төленов және мен губерниялық революциялық комитеттің құрамына кірдік.

1919 жылдың күзінде-ақ РКП(б) ОК мен Кеңес үкіметі Қазақ өлкесін басқаратын Қазақ революциялық әскери комитетін құрған болатын. Оның құрамына: Пестковский – тәраға және Әліби Жангелдин, Менделев Сейтқали, Әйтіев Әбдірахман,

Арғыншиев Сағынгерей, Ғұбайдолла және Әлиасқар Әлібековтер, Қаратаев Бақытжан, Тұнғашин, Бегімбетов Нысанғали және басқалар оның құрамына мүше боп кірді.

Семей губревкомы басында Сібірревкомына қарады, кейіннен Орталықтың қазақ даласын басқаратын қазақ әскери ревкомын құру туралы қаулысы шыққаннан кейін бұл губернияны басқару және оны соңғысына қосу туралы мәселе қойылды.

Кезек күттірмейтін бұл мәселені шешу үшін 1920 жылы ма-мыр айының басында мен Орынборға іссапарға жіберілдім, қазақ әскери ревкомы және біздің республикамыздың ұйымдастырылуы мен қалыптасуы кезіндегі уақытша орталығы осы Орынбор болатын.

Екі облыстың – Семей және Ақмола облыстарының қазақ әскери ревкомына қосылуы және оның қарамағына берілуі мәселесі Орынбор қаласындағы мәжілісте барлық мүшелердің қатысуымен талқыланды. Талқылауда: болашақтағы автономиялық республиканың құрамына кіретін Қазақ өлкесіндегі барлық облыстарды белгілеу және олардың шекарасын анықтау мәселесі көтерілді...

...Мұндай үлкен жұмысты жүргізу үшін Қазақ әскери ревкомының қаулысы бойынша 1920 жылғы 18 майдағы № 2043 мандатпен «Жалпы Қазақ өлкесі, оның ішінде шекара мәселесі» туралы баяндама жасауга Мәскеуге аттандым. Қазақ революциялық әскери комитетінің шешімімен ВЦИК-тің жаңындағы Қазақ әскери ревкомының өкілетті коллегиясының төрағасы болып тағайындалдым, әрі ВЦИК-тің президиумының қаулысы бойынша Қазақ революциялық әскери комитетінің мүшесі болып бекітілдім. Қазақ революциялық әскери комитетінің мүшелерінің қатарына, сондай-ақ Ақмола облысынан Сәкен Сейфуллин кірді. Мәскеуде жүрген 4 ай уақыттың ішінде мен Қазақ әскери ревкомы мүшелерімен тығыз байланыста болдым. Олардан автономиялық республиканың құрылуы мен оның шекарасын анықтау мәселелері жөнінде тиісті нұсқаулар алып тұрдым.

Ара-арасында жауапты қызметкерлер, әр республикадағы ревкомның мүшелері, солардың ішінде менің тергеуіме тікелей қатысы бар Байтұрсынов, Рысқұлов, Валидов Москваға келіп-кетіп жүрді. Байтұрсынов Кирвоенкомның мүшесі ретінде келген сайын өкілдікке жиі келіп тұрды. Сирек те болса Валидов те келетін. Бірде маған Байтұрсынов: кеңес өкіметінің саясатына Валидовтің риза емес екенін, мүмкіндігі болса Индиямен байланыс жасағысы келетінін, сол жақта жүріп революциялық қозғалыс үйымдастырығысы келетінін, тәуелсіздікті қарумен орнатқысы келетінін, мұны кеңес өкіметінің ішінде жүзеге асыруды ойластырып жүргенін айтты. Бұған Рысқұлов та мақұл сияқты көрінеді деді.

Т.Рысқұлов араға жылдар салып барып : «Петерс: 1920 жылы партия үйымында дайындалды деғен желеумен, нағында партия үйымы емес контрреволюциялық «Иттиһад уә таракки» үйымы дайындаған бағдарламамен делегация болып Лениннің қабылдауына кірді. Делегация Москваға барған соң белгілі башқұрт буржуазияшыл-авантюристі Валидовпен және татар ұлтшылы Сұлтанғалиевпен кеңесіп, «Иттиһад уә таракки» үйымы арқылы бағдарламаны талқылады, сөйтіп өздерінің кім екенін ашып алды. Делегация Ташкентке оралған соң «Иттиһад уә таракки» үйымының ташкенттік белсендерлерінің алдында есеп берді, делегация ұсынған платформа белсендерлердің қолдауын тауып, таяу уақытта жүзеге асыруға тиісті бағдарлама ретінде қабылданды» – деп жазады. «Правда Востока» газетінің биылға жылғы 14-желтоқсандағы санында жолд. Петерстің сол сөзі сәл қырналып, нақтылана түсіпті. Онда: «Бұл арыздың мәтіні «Иттиһад уә тараккидің» ішінде дайындалған. Москваға Рысқұлов, Низамидин Қожаев және патша шенеунің Көшербаев барды. Москваға барысымен комиссия белгілі башқұрт ұлтшылы Валидовпен (Башкирия), Сұлтанғалиевпен (Татария), Байтұрсыновпен (Қазақстан) кездесті. Кеңесте кеңес өкіметімен күресудің жалпы платформасы талқыланды. Делегация Ташкентке оралған соң «Иттиһад уә тараккидің» кеңесінде тобымен отставкаға кету туралы шешім қабылдады» – дедініпті.

...Мен бұған (Коминтернің пайдалана отырып дербес Түркістан коммунистік партиясын құруға ұмтылған ішкі қозгалысқа) үзілді-кесліді қарсы шықтым: Колчактың терроры мен зорлық пен қорлығынан жаңа ғана құтылдық, кеңес өкіметінің арқасында ғана мұнда республиканы ресми түрде жариялауга мүмкіндік алғып отырымыз, сөйте жүріп мұндай екі жақты келісім жүргізу дін арандату екендігін айттым... Байтұрсынов менің пікіріммен келісті. Мен ол кезде мұны: жеке бастың әлдеқандай бір себептеріне байланысты туған көніл-күйдің уақытша құбылуы шығар – деп бұған мән бермедім. Валидов өте іскер адам еді... Сол кезде белгілі бір дәрежеде жасынқырап жүрген Рысқұловты Валидов өзінің қиялымен баурап алғысы келген болуы керек. Онымен (Валидовпен) бірінші және соңғы рет кездескенімде мен оған Қазақстанның өкілі ретіндегі өз көзқарасымды ашық білдірдім және екеуміз де пікір таласына барғамыз жоқ. Қайтып кездескен емеспіз...

...Тек 1917 жылы шілде айында өткен бұқілқазақтық құрылтайда ғана құрылтайдаң шешімімен «Алаш» өлкелік-ұлттық автономиясы жарияланды. Осы құрылтайда Түркістанмен қосылу мәселесі де шет жағалап жалпылама қозгалды. Құрылтай көсемдері, соның ішінде шығыс облыстарының өкілдері: онда үлемдердің ықпалы құшті, діни фанатизм бар, деспоттық билік жойылмаған, осы бағыттағы шет ел мемлекеттерінің әсері құшті – деген уәж айттып, Түркістанмен қосылуға түбегейлі қарсы шықты. Маған келетін болсақ, мен сол көзқарасты 1925 жылға дейін де ұстандым...

...1920 жылы 23-маусымнан 7-тамызға дейін Коминтернің II конгресінің мәжілістері өткен еді. РКП (б) делегациясының құрамына Владимир Ильич Лениннің басқаруымен партия мен үкімет басшылары кірді. Сондай-ақ бұған автономиялық республикалардан да делегаттар келді. II Конгреске РСФСР Компартиясының делегациясының құрамында Тұрар Рысқұловтың т.б. қатысқаны есімде. Қазақ автономиясын Ахмет Байтұрсынов бастап барды.

Конгрессте Владимир Ильичтің: «Егер де алдыңғы қатарлы елдердің пролетариаты көмек берсе, әлеуметтік-экономиялық жағынан артта қалған елдер капитализмді орагытып социализмге өте алады», – деген сөзі маңызды теориялық мәнге ие болды. Ең алдымен В.И. Лениннің осы конгресте неміс тілінде сөйлегені мені таң қалдыры. Мұнда Үндістан Коммунистік партиясының лидері Ройдың өз Отанында үлттық буржуазиялық-демократтық қозғалысты қолдауға қарсы сөйлегені көп пікіргалас туғызғаны есімде қалды. Владимир Ильич Ройдың бұл пікіріне түбекейлі қарсы шығып, империализммен құреске бағытталған үлт-азаттық қозғалысқа пролетариаттың шұғыл түрде көмек көрсетуі қажеттігін батыра айтты. Ағылшын коммунистік партиясының делегаты Квеч те осындай көңіл-күйде сөйледі. Иә, осы бір қысқа естелігімді аяқтай келе, мен жас, албырт шағымда Владимир Ильич Ленинмен кездескеніме өзімді бақытты санаймын. Оның шабытты да дана, аса адамғершілікті кейпі жүргегімде мәңгі сақталады.

Ә. Ермековтің Ленин туралы пікірлері

В.И. Лениннің білгілігі, кіслігі, жүртпен тіл табысып, пікірлесудегі кішпейілдігі мені ерекше таң қалдыры.

Революцияның алғашқы алапатынан көп жүрт әлі советтік жаңа мемлекеттің тұтқа- кіндігін, тізгін-шылбырын қалай устауды жете біле қоймаған кезде осындай тарихи істің басы-қасында Лениндей дана қайраткердің болуы, нелер бір қыын, шиепеніс-кен, әсіресе, талай заман тепкіде, қорлықта, теңсіз болып, аяқ астында келген қазақ елінің тағдырын дұрыс, әділ шешуде істі Лениндей қолма-кол, саусақтарын сикыр дерлік шебер музыканттардай онды-солындан бірдей, жаңсақжібермей, саусақ басына ілген нәзік жібек жіпті ешбір түйіншектің тарқатып алатын мініскерлердей тез де дұрыс кесіп-пішіп беретін жолбасшыны тарих тағдырының көктен Өзі (Алла) тұсіргендей, еңбекші бү-қараға басшы, жетекші етуі неткен бақыт деп ойлайсыз! Біздерді сол тұста әсіресе кейін буржуазияшыл үлтшыл деп

солақайлар, қараңғы асыра сілтеушілер қанша қудаласа да, қуаласа да, заңсызжазалап, ұзақөмірізді босқаёткіздіртіп, халық-қа тигізетін пайдамызды, білімімізді аяққа басса да, біз сол кезде де, еміріміздің сонына дейін ұлы қосем Лениннің алдында болған құндерімізді әлі онын-солын білемейтін, әліпті таяқ деп танымайтын жас шәкірттің аяулы ұстаз алдында, қамқоршы әкешешенің, атаның мұбәрак қолының мандайымыздан мейірлене сыйпаганында өмірбақи естен кетпес ізгі әсерде қалдық. Біз сол тұста В.И. Лениннің білгірлігін, әділдігін, адамгершілігін көріп сезгенде бізді ұлтшыл дейтін шанышқы сөздің езі де есімізден шығып кеткен-ді. Бәрі біздің оқыған зиялыштардың сол кездегі кепшілігінің ұлтшылдығы қасақана бүрмалап, өз ұлтына, өз нәсіліне тарту емес. Біз бұрынғы езілген халықты алдыңғы елдің қатарына қалай жеткізуіді, қалай жетілдіруді, енреген, кеуреген жұртқа қалай білім беруді ойладық, соның мақсатын түсінске, данғыл жолын білмей, біраз адасынқырадық. Әйтпесе біздер білімнің, мәдениеттің не екенін орыс мектебінен, орыс әдебиетін үйренген, орыстың ұлы жазушыларынан, демократтарынан тәрбие алған, солардың ұлгі-өнегесін пір тұтқан, еңбектерін білуғе құштар болған жандар едік. Біздің осы шөлдеген, сусаған құштарлығымыздың, құмарлығымыздың шөлін Лениннің алдында тұнық бұлақ сүйн ішкендей бірден қандырып, бойымызға дарытып, қанаттанып едік.

Айта берсеңіз, қазақтың оқыған жігіттері орыс, татар қызыдағына үйленген болатын. Мұның өзі біздің халықтарымыздың тек рухани ғана емес, жалпы адамгершілік жақындасуының белгісі еді. Біздің осы ниетімізді, мақсатымызды жете түсінген, біздің өз халқымызға керектігімізді, әлі де қараңғы елімізге өз тілімізде революция мақсат- міндеттін жеткізуін қажеттілігін білген ұлы Ленин 1919 жылы кешегі «Алаш» адамдарына заңды кешірім жасап, біздің бірсыпypyрамызды қазақстанда Совет өкіметін орнатысуга, нығайтуға жұмсап еді. Біз ұлы адамның бұл сенімін ақтауға бар қүшімізді салдық. Мен өзім онша-мұнша жүріп, жасым тоқғасып қалғанда Коммунистік партия қатарына кіруді жөн көрмедім. Бұған женіл-желпі қарайтындар менің партияга кіруімді мансапқорлық деп ойлар деп те шұбәланым. Бірақ

өзімізден кіші, жолы жеңіл жігіттерді партия қатарына кіруге үгіттедік. Тек не керек, В.И. Ленин ұзак өмір сүре алмай, оның ісін Сталин бірден бұрмалап, талайдың ізгі-арман тілегін, қабілетін аяқта, топыраққа көміп жіберді.

Біз осал болдық. Аз болдық. Саясатқа жетік болмадық.

Біздің бұл осалдығымызға уақыт кінәлі, халқымыздың қарандылығы кінәлі еді. Революция орнады. Жалпы дүниежүзілік бірінші империалистік соғыстан кейін, Россиядағы пролетариат революциясынан кейін жұрт бірін-бірі біліп болмайтындағы аумалы- төкпелі, әлем-тәпәрік тұсқа кез келдік. Мұның әсері әсіресе шет аймақтагы біздерге көбіректиді. Бірі қызыл, бірі ақ, бірі бай, бірі кедей болып, астан-кестен болдық. Жалпы халық қаранды, оқыған кезі ашық азамат аз. Білек күшін, сапалы тілек білдіретін жұмысшы табы жоққа тән. Жұртқа бірдене десен, маныраган қойдай, жамыраган қозыдай тек ауыздарын ашады., сөзіне түсінбейді, жөнге көнбейді. Эркім өзі илеген терісінін пүшпағын уқалайды. Ол кезде жалпы білікті-білімді адамдар көзге тұрткі болатын, тіпті үстіндегі орысша киімдері де жұртқа құбыжық көрінетін еді.

Қазақстанның шекарасын анықтау барысында мұқым өлкенің этникалық, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін ерекше ескеру керек. Егерде қазақтардың дені осы уақытқа дейін көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығын басты кәсіп ретінде сақтап қалғанын назарға ілсек, ... онда бұл облыстардың өзара тығыз экономикалық байланыста екені көзге анық көрініп тұр. Сондықтан да Қазақ автономиялы республикасын құру тек солтүстік және оңтүстік облыстардың арасындағы шекаралық тұтастықты сақтаған жағдайда, ғана мүмкін әрі нақты өмірлік сипат алады, бұл мәселе керісінше шешілген жағдайда, Автономия тіршілік көзінен айырылады. Сонымен қатар, мәдени және экономикалық оргалықтар да аралас облыстық құрылымдар (Сібір ревкомы және т.б.) талап етіп отырган территориялардың құрамында қалып қояды. Бұл орталықтарсыз оңтүстік облыстар экономикалық, шаруашылық және экономикалық-мәдени ашаршылыққа ұшырап, тірі өлікке айналады. Осы пайымдауларды ескере отырып Қазақ

автономиясының құрамын көрсетілген шекара бойынша бекіту қажет. Орынбор қаласы уақытша орталық ретінде қаралып отыр.

Автономия беру мәселесін принципті түрде бір ауыздан қолдай отырып, автономияны құруға келгенде сөз бен істің арасынан алауыздықтың туып отырғаны түсініксіз. Анығында, мәселе: республиканы құрудың қажеті бар ма, жоқ па?, – дегенге тіреліп тұр. Егер мен дұрыс түсінсем: тек насихат үшін ғана емес, нақты іс жүзіндегі жұмыс істейтін автономия туралы сөз болып отыр, ендеше, соған сай басқару аппараты құрылуы тиіс, онсыз: қазақтар өзін-өзі басқара ала ма?, – дегенді былай қойғанда, республика жөнінде сөз қозғаудың өзі магынасыз бос мылжың ғана. Ал Қазақ ревкомын қызметкерлермен қамтамасыз етуді орталық мойнына алсын.

Москваға келгеннен кейін В.И. Ленин тәрағалық еткен комиссияның отырысында мен Қазақстандағы жағдай туралы баяндама жасадым. Маган дейін Түркістан республикасындағы жағдай туралы «Түрккомиссиясының» мүшесі жолд. Сафаров сейледі. Аса қуатты жігерге ие бұл адам отарланған аудандардағы бұратана халықтың аса ауыр жағдайы мен Столыпин реформасынан кейін қоныс аударушылардың кесірінен туындаған қыыншылықтарды сондай бір сенімді де нақты дәлелдермен жеткізе білген тиянақты баяндама жасады. Ол: өзінің ата қонысынан айырылған және келімсек-кулактардың аяусыз тәркісіне ұшыраған қазақ батырақтарының бишаралығы мен көрген қорлығын ашына айтты. Ол: «Шұғыл түрде жер реформасын жүргізіп, барлық кулактардың жерін тартып алып, олардан алынған жерді бұрынғы иесіне қайтарып беруді талап етті. «Сонда ғана бұратана халық бостандықты сезіне алады, ұлы қазан төңкерісінің жемісін көре алады», – деді. Владимир Ильич оның көзқарасын қолдады және содан біраз уақыт өткен соң Ораз Жандосовтың т.б. қатысуымен Түркістанда жер реформасы жүргізілді.

...Мен өзімнің баяндамама кіріспей тұрып, Ұлы Октябрь революциясы көсемінің алдында қатты толқыдым. Бірақ оның қарапайымдылығы, мейірімділігі, кіші халықтарға деген ерекше

қамқорлығы маган жаймашуақ әсер етті. Баяндама кезінде мені оның ширактығы, ойының өткірлігі, аз халықтың баяндама жаған өкілін әділ де батыл қолдауы бей-жай қалдырмады.

Көтерілген барлық мәселелерді талдауы мен ондағы қойылған мәселелердің барлығынан хабардар болуы және оған бойлай енуі танқаларлық еді. Ол менің баяндамама да катысты қызығушылық пигыл көрсетті: мүқият тыңдады, мүмкін болатын қателіктерден сақтандырды, ал әділ шешімді талап ететін қажетті шараларды батыл қолдады. Владимир Ильич тек тыңдал, талдал қана қоймай, әрі қызына пікір айттып, бүкіл баяндаманың басынан бастап аяғына дейін белсене қатысып отырды. Сөйтіп, адамзаттың ұлы данышпаны маган ұмытылмас әсер қалдырды. Осынау ұлы ойшыл-революционердің рухы алдында басымды ііп тағым етемін.

Енді Владимир Ильичтің баяндамадагы шиеленіскен мәселелерді дұрыс шешуге қатысып, берген комегі туралы, елу жылдан кейін де есімде қалған жеке-жеке эпизодтарға тоқталайын.

Мен өзімнің баяндамамда, негізінен, Қазақстанның инекарасын анықтауда ұлken маңызы бар құрделі де шиеленіскен жер мәселесіне тоқталдым (Бұл мәселелер Лениннің көзі тірісінде шешілген болатұғын, сондықтан да қазір тарихи-анықтамалық қана сипат алады).

Патшалық Россия кезінде сол кездегі қолданыстағы заң ережелерін бұза отырып, қазақ жүртүшіндең иелігіндегі өзен, көл жағалауын, орман алқабын, саяжай орналасқан тогайларды, қара топырақты жерлерді, жасыл алқаптарды тартып алған болатын. Ал бұл «белдеулердің» Ертіс бойындағы көлемі әуеліде ені 10 десятинадан бастап ұзындығы 70 десятинаға дейін жетті, ал Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы әйгілі «миллиондық қор» деп аталатын аса ірі атырау мал өндірісімен айналысушылардан тартып алынып, шіркеуге, қазыналық қарашығын деп аталатын салғырттың есебіне және қазынаның жеке билігіне берілді.

Қазақтардың пайдалануындағы жерлерді тартып алатын мұндаидай әпербақандық – Ресейдің ішіндегі аса ірі жер иелері мен помециктердің: құлқын жоқтайтын столыпиндік реформадан кейін тіпті өрістеп кетті. Ол Мемлекеттік Дума мінбесінен: «Қа-

зак даласы мен Түркістандағы ұйымдастын кулактардың қожалығы жергілікті тұрғындардың мұддесін секермеуі тиіс, керісінше ол – патша режимнің тірегі болуы тиіс», деп ұран тастап, патшалық саясаттың тірепіне айналды. Сөйтіп жергілікті тұрғындарды ойламай, Қазақстан мен Түркстанда қулактардың иелігіндегі шаруашылықтың қанат жаюына бар құшін салған еді. Онда (мәжілісте – Т.Ж.) Каспий жағалауы туралы мәселелер өткір пікірталас тудырды. Ал жергілікті тұрғындардың жер туралы мәселесі, тіпті, қаралған да жоқ болатын. Ертістің он інақырым сол жақ беті 1904 жылғы орыс-жапон соғысы алдында сенат үкіметінің қаулысымен Сібір казактарының иелігіне берілген. Ал қазақ елі өзінің ата-бабасының жерінен айрылып қана қоймай, оның үстіне осы жайылымдыққа малын бағу үшін орыс кулактарына орасан зор қаржы төлең, тез арада кедейлікке ұшырады. Сөйтіп олар әрбір казак семьясына қызмет ететін үй шаруасындағы жұмысшы ретінде батырақтарға айналды. Қазақ өлген кісісін жерлеу үшін зират орынына алтын ақшада есебімен 18-20 сом төлегені туралы деректер архив құжаттарынан белгілі.

Мен баяндамамның сонында: осы он шақырымдық жерді қазақ халқы ежелден иеленіп келгендіктен де, өздеріне қайтарып беру – туралы ұсыныс жасадым.

Ал Каспий теңізінің солтүстік жағалауы – салық жинайтын жер болып жарияланғанымен, патша үкіметі қазақ тұрғындарын иеленген жерлерінен көшіре алмады. Себебі, Каспийдің солтүстік жағына карай «Рын құмдары» деп аталатын құм бүйрараттары созылып жатыр. Экономиканың қатал заңы тұрғындарды Каспий теңізі жағалауына қуды. Онда олар балық аулаумен шұғылданып, кемеде жұмысшы болып істеп, күн көріс мүмкіндігіне ие болды.

Баяндамамның сонында: қазақтардың бұрын иеленіп келген жерлері өздеріне қайтарылсын және жергілікті қазақ пен отырықшылданған орыс тұрғындары қашан орнығып біткенше Россиядан қоныс аударуды тоқтатқан жөн, – деген ұсыныс жасадым. Осы жерде Владимир Ильич менің сөзімді бөліп: «Қызық екен, орталықтағы жолдас, біздің ЦК-ның мүшесі Сафаров: Түркістаннан барлық кулак шаруашылығын көшіріп жіберу керек, – десе, сіз: тек жергілікті қазақтар мен отырықшылданған

орыстар орын тепкенше қоныс аударуды тоқтату керек, – дейсіз. Бұл қалай? Мен мұндай іікірді құтпеп едім?», – деп бір сәт күмілжи қарады. Мен: «Сафаровтың Түркістанның жағдайын жақсы білетішін, ол сол жерде ұзақ уақыт қызмет істегенін айта келіп, ал Қазақстанның жағдайында ондай ұсыныстан бас тарту керек», – дедім. Және де өз ұсынысмын негіз ретінде солтүстік аймактардағы қазақ пен орыс тұргындарының сан жағынан арақатынасы жайлы статистикалық мәліметтерді келтірдім. «Орыс тұргындарын көшіріп жібереміз деген шешімнің орындалу мүмкіндігіне сенбеймін, себебі, ұлттар арасында алауыздық туу қаупі бар» – дедім. Сонда Владимир Ильич: «Ендеше ойлану керек», – деді.

Бұдан кейін: «он шақырымдық кесімді жер» мен жерге орналастыру мен ауыл шаруашылығын үйімдастыру туралы ба-рынша қамти айтқаным қарамастан, Владимир Ильич: «Тағы да қосымша айтартыңыз бар ма?», – деп сұрады. Сонда мен жастардың атынан (ол кезде 29 жаста едім): жерді өңдеуге және шөп шабуга арналған ауыл шаруашылығы машиналарымен қамтамасыз етсе, сөйтіп ауыл шаруашылығы коммуналарын үйімдастырсақ, – деген тілек айттым. Владимир Ильич қолын сермелеп: «Керегі жоқ, керегі жоқ. Біз ауыл шаруашылығы коммуналары жайлы, тіпті, Орталық Россияда да әлі ойластыргамыз жоқ», – деді. Владимир Ильичтің тарапынан айтылған мұндай сілтеме ұсыныска мен қатты абыржып қалдым.

Комиссияның мәжілісінде, жасаган баяндамамның біздің республикамыздың территориясын анықтау туралы тұсында: Каспий теңізінің солтүстік жағалауының – Астрахань губерниясынан Қазақстанга қайтарылғаны тиімді екендігі жөніндегі жоғарыдағы ұсынысымды қайталап айттым. Менің бұл ұсынысмын көптеген адамдар мүлдем қарсы болды. Iрі басшылар, әсіреке Астрахань губерниялық атқару комитетінің председателі (фамилиясы есімде жоқ), Лежава, Брюханов секілді басшылар: Каспийдің балығымен Москва жұртшылығын асырап отырмыз, еліміз азық-түлік қындығын бастан кешіп отыр, – деген сұлтауды алдыға тартты. Сөйлеушілердің бұл мәселеге теріс көзқарасын байқаған Владимир Ильич маған бұрылып:

«Біздің экономистер жан-жақты талдап, батыл айтқан секілді, үялмаңыз, өзініздің ойыңызды еркін айта беріңіз, енді сөз сізге беріледі», – деді.

Мен: «Кеше ғана институтты бітіргенмін, жақсы тәжірибелі үйренуге дайынмын. Бірақ кейбір жолдастардың менің ойыма қарсы болғанына таңым бар. Өйткені, Қазақстанның өзінің ұлттық-тұрмыстық ерекшеліктеріне байланысты алатын автономиялық басқару құрылымы – РСФСР-дің қарамағына кіреді. Соған қарамастан, біздің, Каспий жағалауының республика шекарасына кіргізілуін мақұлдағанымыз дұрыс сияқты. Себебі, ол жерде негізінен балық шаруашылығымен айналысадын қазақтар мекендейді және де бұл жағалау Қазақстан территориясының ішіне кіріп тұр. Ал егер осы жағалауды тұрғындарымен бірге біздің республиканың шекарасына кіргізсе, біз оларды ұйымдастырып, Астрахань губерниясына қараганда Орталыққа әлдеқайда көп балық жіберетінімізге сенімдімін», – дедім.

Владимир Ильич Астрахань губерниялық атқару комитетінің председателіне бұрылып, одан: Жағалаудагы қазақ пен орыс тұрғындарының сан жағынан ара қатынасы қандай? – деген сұрақ қойды. Председатель статистикалық мәліметтер жок дегенді сұлтау етіп, сұрақтан бұлтарғысы келіп еді, Владимир Ильич: «Жағалауда қанша қазақ, қанша орыс бар – деп отырғаным жок, осы өнірдегі тұрғындардың қайсысы басым?», – деді. Сонда председатель амалсыздан: «Қазақтар басым секілді», – дегенге сайды. Владимир Ильич: «Мәселе түсінікті болды», – деп дауысқа салмақ еді, сол арада хатшы Крестинский: «Ермеков жолдас «Данциг дәлізін» ұйымдастырмақ болып отыр», – деп қыстырылып еді, Владимир Ильич: «Крестинский жолдас мәселенің маңызын түсінген жок. «Данциг дәлізін» Астрахань губаткомы мен біздің шаруашылық басшылары жасап отыр», – деді. Теніз жағалауын біздің республикамыздың шекарасына қосуды жақтап Владимир Ильичтің өзі дауыс берді және оның ұсынысы көпшілік дауыспен қабылданды.

1920 жылдың 24-тамызда Халық Қомиссарлар Кеңесі Қыргыз (қазак) Автономиялық республикасы туралы декрет жобасы-

ның мәселесі жөніндегі мәжіліске баяндамашының бірі ретінде мен де қатыстым. Мәжілістегі атмосфера аса іскерлік жағдайда болды, әрқайсысы өздерінің жауапкершілігін сезініп, қатал тәртіп сақтап, байсалдылық танытты. Бұл мәжіліске Владимир Ильичтің өзі және біздің таранымыздан төраға Пестковский қатысып отырды. Мәселе туралы Үлттар жөніндегі халық комиссарының төрағасының орынбасары Каменский баяндама жасады. Ол өзінің жауапкершілігін қатты сезініп, баяндама барысында көп қиналды.

Владимир Ильич, декретті қарап отырып: «Байланыс турабы мұнда ЦСНХ-ның қарамағына беріліпті, неге НКПС-тің (Байланыс жоніндегі халық комиссариатының – Т.Ж.) қараудың берілмесін? – деген сұрақ қойды. Каменский жолдас: «Татар республикасы туралы декретте осындағы ереже қабылданған болатын», – деп жауап берді. Владимир Ильич таңданыс білдіріп: «Ендеши ол ережеде мұндағы шешім неге қабылданған?», – деп сұрақ қойды да: мәселенің барлығы нақты қамтылмағаны туралы баяндамашыға қатты ескерту берді. Мен бұл мәселенің мәнжайын Пестковский жолдасқа: «Біздің республикамыздың темір жолы торабының көлемі шамалы, оның есесіне салынып жатқан темір жолы құрылышы ЦСНХ-ның басшылығына қарайды», – деп түсіндірдім. Пестковский жолдас сөз алғып, жоғарыдағы шешімнің мән-жайын түсіндіріп берді. Владимир Ильич бұған: «Мұндағы түсініктемемен келісуге де болады, келіспеуге де болады, бірақ баяндамашы болса: Татар республикасы жөніндегі осыған сәйкес ережеге сілтеме жасағысы келеді», – деп ескерту жасады. Каменский жолдас өзіне түскен барлық жауапкершілік пен ауырлықты қатты сезініп, қиналды, сөйтіп, осында отыргандарға алдағы уақытта ескеріп жүретіндей үлкен сабак болды.

«Сөйтіп Декреттің жобасы тездете тұтас оқылып, қабылданды. Тиісті қосымшалар мен өзгерістерімен қоса РСФСР Халқомсовының Декреті 1920 жылғы 26-тамызда бүкіл елге жарияланды.

В.И. Ленин өзі төрағалық еткен алғашқы мәжілістің аяғында: «Автономияны құру жөнінде қазір Сталинге барып пікірлесіндер, оның дайындаған жобасы бар, сонымен танысып, бар ойларының түйістіріліздер», – деп кеңес берді.

Мәжіліске қатысушылар үзілісте түгелдей дәлізге шықтық. Қазақстандық делегацияның құрамы 15-тей адам болатын. Бәріміз Әлихан Бекейхановты тостық, Әлекен Ленинмен оңаша пікірлесіп, әңгімелесіп қалған болатын. 15-20 минуттен кейін ол кісі де шықты. Біз: «Сізді Сталинге бірге кіру үшін тосып тұрмыз», – дедік. Әлихан бәрімізге салқындау қарап:

«Сталин не шешер дейсің, оның не ойы, не білімі көлемді емес, қанша бір жетіскен жоба бар дейсің. Онаң да өзіміз жеке шешкен дұрыс», – деп жүріп кетті.

Біз бәріміз де аңтарылып қалдық та Әлекене ілесіп Кремльден шығып кеттік. Осы күні: «Бәлкім кіріп пікірлескеніміз дұрыс болар ма еді? Кейбір мәселелер мүмкін басқаша шешілер ме еді?», – деген ой келеді.

Осы мәжілістен кейін бір жеті өткен соң В.И. Ленин Қазақ АССР-ін құру жөніндегі декретке қол қойды.

* * *

Ал 20 жылы мен Мәскеу қаласындағы Байтұрсынов пен Валидовтің арасындағы келіссөзге кездейсоқ қатыстым. Ол маған Байтұрсынов арқылы белгілі болды. Байтұрсынов ол кезде Қазақстан үкіметінің екілі болғандықтан да кездесуден бас тарта алмайтынын. Ешқандай үйим туралы сөз қозғалған емес. Оның мән-жайы алдыңғы жауаптарда айтылды. 20-жылы қазан айында оқуымды тәмамдау үшін Томскіге бардым. 21-жылы педагогикалық тәжірибеден өттім. Сол жылдың күзінен бастап мектеп менгерушісі болдым.

...1926 немесе 1927 кешті Халел Досмұхамедовтің үйінде қонақта отырғанымызда ол маған және Елдес Омаровқа ертеғіге айналып кеткен ежелгі әңгіме ретінде: Түркістандағы қозғалыс туралы, оған өзінің қатысқанын, мұның өзі Валидовпен жолығы тиіс болғанын, бірақ та Валидовтің әйелі қайтып келген соң (Уфадан Ташкентке – Т.Ж.) мұның бармай қалғанын айтып берді. Кетіп бара жатқанда өзара: оның қай-қайдагыны бекер еске алғанына өкініспін тарастық. Ашығын айта кетейін: тарих-

тың еншісіне айналып кеткен мұндай тылсым, жартылай құңгірт жайлар туралы шолақ сөздерді жиі тындауға болады және ол туралы жалпы қауесетті (нақтылы емес) партияда барлар да, жоқтар да билетін.

Ол кезде жауапты қызметкерлердің арасында, партия мекемелерінде: Қазақстанның Орталық Азия федерациясының құрамына қосады екен-мыс. Сөйтіп Қазақстан одактас республиканың дәрежесіне көшеді екен-мыс – деген қауесеттер шығып жүрді. Бұл үшін Қазақстанның солтүстігіндегі орыстар қоныстанған аудандарда межелеу жұмыстары жүргізілуі тиіс екен. Осы мәселе жөнінде құрамында: Москвадан келген Ежов, Өлкелік Комитеттен Сәдуақасов, Мемлекеттік жоспарлау мекемесінен мен бар – арнайы комиссия құрылды. Мен өз пікірімді Ежов жолдасқа ашық түрде: Орта Азия федерациясына Қазақстанның қосып, солтүстік аймақтың шекараны межелеу шаруашылық мұддесі тұрғысынан да, мәдени байланыс тұрғысынан да пайда әкелмейтінін – айттым...

...20 жылдан 24 жылға дейінгі Семей губерниясындағы шағын қаладағы – Қарқаралыдағы II басқыштағы мектептің менгерушісі болған кездегі қызметім – басмашылар көтерілісіне қатысқандығымның айғағы ретінде танылып, маған 59 баптың 3-тармағы бойынша айып тағылыпты. Контрреволюциялық ұйымға қатысқандығыма қандай әрекетім айғақ болғанын білмеймін. Ал партия мен кеңес қызметінің шараларын бүрмалап пайдалануга тырысты делініп, 58-баптың 7-тармағы бойынша тағылған айыпқа келетін болсам, онда мен нақты адамдарды қуәға тартамын және олардың біразы Москвадағы орталық мекемелерде істейді, мысалы, Семей мен Қызылордада – Доссовпен, Ежовпен, банкте – Балпаевпен, Халық комиссарлары кеңесінде (жоспарлау комитетінде) – Нұрмақовпен, қазақ университетінде қазір МГУ-де деканның орынбасары бол жүрген – Мансұровпен бірге істедім...

...Мен өзім тұтқынға алынғаннан бері Попов жолдасқа: революцияның саяси жағдайы мен логикасы туралы пікірімді

бірнеше рет қайталап айттым. Менің ойымша: Қазан төңкерісі Қазақстанда 28 жылдан бастап нақты қүшіне кірді. Далалық жартылай феодализм мен капитализмнің тамыры енді ғана жұлына бастады. Бұрын саясатпен айналысқан адамдар осында қысылтаян сәттерде сынақтан өтуі тиіс» деп ойлаймын.

1926 жылдан бастап Ташкенттегі Қазақ педагогикалық жоғары оқу орнына ауысуыма байланысты онымен тікелей айналыспағандықтан да, менің жер мәселесі туралы қазіргі пікірім жалпылама және ертеректе мен Орынбор мен Қызылордада қызмет істеген кездерімдегі мәселелер туралы ғана болмақ. Революцияның алғашқы кезеңінде патшалық отарлау бағытындағы жерге қоныстандыру саясаты тудырған бұл мәселе өте шиеленісті дәрежеде еді. 21-22 жылдардағы кеңес өкіметінің еңбекші қазактардың талабын ескеріп қоныстандыру туралы мәселе күн тәртібіне қойылғанда, менің де араласуыма тұра келді. 24 жылы министрліктің коллегиясы өтті, соган қатыстым. 25-жылы Орынборга Мемлекеттік жоспарлау мекемесіне жұмысқа шақырылды. Онда жерге орналастыру саясаты жөнінде арнайы комиссия құрылды. Комиссия үш рет отырыс жасады. Оған республика басшылары да қатысты. Онда қазіргі шаруашылық жүйесін, бұрынғы жер иелену құқын сақтап қалуга ұйғарым жасалды. Комиссия мүшелері де, оның ішінде мен де Қазақстанға жаңа қоныстанушыларды әкелуге үзілді-кесілді қарсы болдық. Ең алдымен патиналық жер қоныстандыру саясаты тұсында жері тартып алынған жергілікті ұлтты, содан кейін қазіргі орыс тұрғындарын толықтай жермен қамтамасыз ету керек, содан асқанына ғана қоныстанушыларды орналастыруға болады деген шарт қойдық. Осыдан барып жерге қоныстандыру мәселесі жөнінде талас туды. Өлкелік партия комитетінде бұл мәселе арнайы қаралып, алдыңғы көзқарас қолдау тапты. Онда:

- 1) Қазіргі қалыптасқан шаруашылық жүйесіне тұбірімен өзгеріс жасау мүмкін емес.
- 2) Жер бөлісі таптық тұрғыдан жүргізіліп, оған еңбекші бұқара кеңінен тартылуы тиіс – деген жалпы ереже қабылданды.

Мен бұған сене қойғаным жоқ және шешім табатын жаңа жол да жоқ болатын. Қызығы сол, дәл сол кездегі қалыптасқан жерге қоныстандыру жүйесі тұсында осынау шетсіз де шексіз кеңдалада жергілікті ұлт жерден қысымшылық коретін. Енді оны таптық тұрғыдан бөліске салса, онда қазақ елі жерсіз қалатыны анық еді. Өлкө бойынша жерді мәдени игерудің бағдарламасы жасалуы тиіс еді. Бұл бағдарламаны жасау қолдарынан келмеді ме, жоқ, жасагысы келмеді ме, білмеймін, әйтеуір, жүзеге аспай қалды. 23-26 жылдары мемлекеттік жоспарлау мекемесінде істеген тұстарымда аталған мәжілістерге қатысып жүрдім. Жетекшілері Әлібеков пен Қаратілеуов болатын. Одан кейін Әлихан Бекейханов айналысты. Қорсетілген мәселелердің ішіндегі жер бөлісі туралы пікірлерді олар толық түсінді. Сәдуақасов пен Сұлтанбеков те сол ұстанымда болды. 22-23 жылдары Жер жөніндегі халық комиссары Кадылов (Қадыров, Қаратілеуов – ?) болды. Барлық мәселелерді Бекейхановпен кеңесе отырып шешті. Тек соның макұлдауымен ғана істі жалғастырып, бағыт-бағдар алып отырды. Бұл пікір алысуларда біз (ұйымдастырып): қалайда асыра сілтеушіліктер болады – деп есептедік. Ондай асыра сілтеушілік, мысалы, Семей облысында орын алды. Нәтижесінде саяси тұрғыдан да, атқарылған шараны жүзеге асыру барысына да кері әсерін берді. Тыңды игерудің шаруашылыққа әкелетін зияны өсіріп қорсетілді. Соған қарамастан кеңес өкіметінің шараларына қарсы құресетін ешқандай да ұйым болған емес, ондай айыпты жокқа шығарамын.

Шалғынды жерлер мен байларды тәркілеуге қарсы ешқандай іс-әрекет жасағамын жоқ, мен ол кезде Ташкентте қазақ педагогитутында қызмет істеп жүргемін. Соңықтан да саналы немесе санасыз түрде, немесе заңдық тұрғыдан алғанда да ондай әрекетке барған емеспін және бара да алмайтынын. Бұл мәселе жөніндегі қоғамдық пікір қатты шиеленісіп тұрғандықтан да, мұндай әлеуметтік мәселеге көніл бөлмей, саңырау болып қалу мүмкін емес еді. Құлак түре жүріп жеке әңгімелер мен пікір алысуларда жогарыдағы пікірімді білдірдім. Менің тікелей қызметім мұлдем басқа мәселелермен айналысуға бағыттал-

ған еді. 26-27 жылдары өзімнің бұл мәселелер жөніндегі қарсы пікірлерімді белгілі бір топқа ғана айттым. Оны бұрынғы жауаптарымның бірінде көрсеткенмін. Партия мен үкіметтің шешімдеріне қарсы өз көзқарасымды жеке адамдармен бөлісуге қақым бар деп есептедім. Біз ол шешімге мұлдем қарсы едік. Қоршаған орта, қалыптасқан дәстүр бәрін қабылдауга мүмкіндік бермейтін.

...Маган қойылған: Швецов жетекшілік еткен, Бекейханов құрамында болған Ғылым академиясының экспедициясы туралы сұраққа келетін болсам, ол жоғарыдан шешілген ғылыми мәселе. Экспедиция жоғарыда көрсетілген ескі көзқарас тұрғысынан зерттеу жүргізді. Олар қалыптасқан шаруашылық жүйесін сақтаудың жолдарын зерттеді. Статистикалық есептердің барлығы да ғасырлар бойы дала төсінде қалыптасқан шаруашылық жүйесін (бірнеше мың жылдан бері сақталып келе жатқан өмір сұру тәсілін) сақтаудың амалтәсілдерін ақтап қалудың жолдарын іздестірді. Экспедицияның жұмыстарымен таныс емеспін. Мен жоспарлау мекемесінде істеп жүргенде оның негізгі бағыттары ғана анықталған болатын. Жерді қалай пайдалану жөніндегі ғылыми баяндамамен таныс емеспін, көрген де жоқтын. Мен шаруашылықты жүргізу жүйесі тұрғысынан ғана ол пікірге қосылдым. Жер өндайтін немесе мал шаруашылығымен айналысатын ауданда тұратын қазактардың шаруашылығы көшпелі өмірге бейімделген. Негізінен мал шаруашылығына сүйенген кәсіпшілікке барынша жақын. Бір аймақта әрі етіншілікпен, әрі мал шаруашылығымен айналысада табиғи дамыған. Дегенмен де олардың арасындағы қайшылық ушығып келе жатқан.

Біздің бес жылдық жоспарымызда көрсетілген жерге жаңадан қоныстанушылар туралы көп талқыланды. Осы мерзім ішінде қоныс аударушылардың саны бес миллионнан асады десті. Бұндай жоспарға қарсылық білдіре отырып, орталық және өлкелік мекемелерге арнайы мәлімет дайыннадым. Онда: «Мұны қозғап отырған бұрынғы отарлаушы жүйенің жұрнағы – қоныс аударушылар мекемесі. Егерде мұндай жоспардың болғаны рас

болса, оны орталық және өлкелік мекемелер қолдамауы тиіс. Дәл солай бола қалған жағдайда өз көзқарасымды қоргаудың жалғыз-ақ жолы бар еді. Ол – кеңестік басшылардың пиғылын әшкерелеу немесе кеңес мекемелері туралы пікірлерімді ашық билдіру», – деген мағынадағы пікірлер айтылған...

...Колхоздар бен совхоздар туралы көзқарасыма келсем, өкінішке орай, өзімнің ескі идеологиялық бағытымды қатаң ұстап отырып, оның тәжірибе жүзінде жүзеге асу мүмкіндігіне мән берместен, осы мәселе жөніндегі сол кездегі жиналыстарда мен үнемі қарсы сөйлемдім. Шаруашылықтардың өндірістік негізге көшуі бұрынғы патшалық отарлау саясаты түте-түтесін шығарған қуаң, жартылай қуаң шөлейтте, табиғи жұтқа жиі-жіе ұшырайтын аймақтың жерін патшалық жыртқыштар талан-таражға салып біткен еді. Жартылай рулық құрылымдағы феодалдық қоғамды соншама қысқа мерзім ішінде социалистік құрылымға ауыстыру мүмкін емес деп есептедім. Қазақстанда социалистік құрылыштың нығаюына жол ашатынын болжай алмадым...

...Бұдан кейін: импералистік отарлау мен жартылай отарлық жүйе артта қалған халықтарға үстемдік жасап тұрған жағдайда олар бірте-бірте құрып кетеді, соның ішінде шаруашылық мәдениеті төмен қазақ ұлтын да сондай тағдыр күтіп тұр деген іштегі күмән сонау 20-жылдардан бастап өзгеріске түсті. Артта қалған халықтар социалистік даму жолына сөзсіз тұсу керек еken деген ой келді. Бірақ ол жолдың сорабы белгісіз еді және толық құрылымы мен жүрер жолы әлі нақты табылмаған болатын. Ендеше бізді аса қауіпті әлеуметтік сілкіністердің күтіп тұрғаны анық еді. Шаруашылықты жүргізу тұрғысынан түсінікті болғанымен де, адамдардың тағдыры тұманды болатын. Оның үстінен Қазақстанның аса қatal табиғаты да қалыптасқан жүйеден ауытқыса апатқа алып келетін еді. Ал капиталистің жеke басы ешқашанда тәуекелге бармайтын. Ол көбігін ғана қалқып алатын. Жергілікті тұрғындардың өзі мұндай сынаққа төтеп бере алмайтын. Ал біз қatal табиғаттың талабына бейімделіп өмір сүрдік. Ал қазір біз өзге көріністің қуәсі болып отырмыз...

...Бұл мәселелер жөнінде екеуінің де ықпалы күніті. Жандосов та олардың алдынан өтпейді. Қазір екеуі де қартайды. Енді олар өздерінің көзқарасын өзгертуі қиын. Мен латын һарпін жақтадым.

ОГПУ-дің коллегиясына маган 58 баптың 7, 11; 59-баптың 3-тармақтары бойынша тағылған айыптарды 58 баптың 7, 8-тармақтарына аудистару туралы мәлімдеме

ОГПУ-дің өкілі Поповтың түсіндіруі бойынша маган 58 баптың 10-тармагы бойынша тағылған айыпқа – менің Мұхтар Әуезовке жазған хатындағы жер мәселесі жөніндегі пікірім неғіз болыпты. Қолтаңбасына қарағанда шындығында да хатты жазған меммін. Бірақ ондай магынадағы хатты Мұхтар Әуезовке емес, Әлихан Бекейхановқа жазғанмын. Ол кезде мен Ғылым академиясының Қазақстанды зерттеу бөлімінде істейтінмін және Қазақ халық комиссариятының тапсырмасы бойынша қазақтарды жерге орналастыру мәселелесін негіздеумен айналыстым, сонымен қатар ол (Бекейханов – Т.Ж.) федеральдық комитеттің мүшесі болатын (егерде сол кезде таратылып кетпесе). Осы комиссияның құрамында жүргіп Қазақстан үшін зерттеу жұмыстарын жүргізді. Өзі Мәскеуде тұратын, қызмет бабымен ара-арасында Ленинградқа баратын. Лиза Бекейханова мен Шоқаневанын (?) айтудың, онда Әуезовтің үйіне тоқтайтын. Бұл хаттың жазылу мәнісі төмендегідей.

«Қадірлі Әлеке!

Менің бүрынғы қызметімнің бір үлкен артықшылығы – достарыммен кездесіп тұруға аса қолайлы еді: қазір мен олардан коз жазып қалдым, тіпті хат-хабар алышатындарым да азайып кетті. Әлеке, әсіресе сіздің алдыңызда өзімді өте кінәлі санаймын. Сізді көптен бері сағынып жүрмін, бірақта Сізбен жүздесуге еш мүмкіндігім болмады, ал хаттың сөзі мені қанағаттандырмайды, сондықтанда жазудан бойымды аулақ ұстаймын.

Мен Лизамен сөйлесіп, сізді Қызылордаға аудистырган жөн гой деп едім, ол әр түрлі сылтау айтып, қарсы болды және

егерде қызметке ілінбесе, емханадағы дәрігер – ординаторлық жұмыска алынбаса, онда алдағы қыста Мәскеуге аудысатын ойы бар екендігін айтты.

Біздің оқу орынының жұмысы жөнінде мен бірде Сізге жазған едім той, істің алдағы барысы әлі толық анықталған жоқ. Жоғары оқу орындары туралы мәселе, сөзсіз тарихи мәселе. Бұл мекемелерді ашуға деген Қазақстанның дайындығы Петрдің түсындағы Ресейдің дайындығынан күшті. Германиядан студент шакыртудың ешқандай қажеттіл жоқ. Петр бекіткен академияның жаңындағы университет тек 30 жылдан соң ғана шәкірт тәрбиелеп шығарса, Қазақстанның қазіргі жағдайының өзінде мұндай сылбырлыққа жол берілмейді. Соған қарамастан, ғылыми орталық үйімдастыру мәселесі немғұрлым ерте қолға алынса, бұл өте жақсы. Үйімдастыру кезеңіндегі барлық отпелі шараларға қарамастан, жаңа құрылған университет өзінің балаңдық дәүірін басынан өткізуі заңды. Бұл мәселе сәл де болса ілгері жылжыды. Тоқтабаев халық ағарту комиссарлығынан кеткеннен кейін Қазақстан үкіметі университетті құру туралы шешім қабылдады.

Бұл мәселені РСФСР-дің, орталық алдына асқан табандылықпен қойып, тиісті ұсыныс жасап отырған Авксеньев одағына Қазақстан қатты қарыздар, бұл мәселе қазір Мәскеудің шешімін күтіп отыр, орталық мекемелердің бұл мәселені шешуіне қатты кіріспін жатыр.

Әрине, қазақтың тұнғыш университетінің құрылуына Сіздің де үлес қосуынызды қамтамасыз етсе, бұл өте орынды іс болар еді. Сіздің өзіңіз қалай қарайсыз. Сіздің рұхсатынызыз мұндай мәселені көтеру мүмкін емес, толық шешілді деуге келмейді, тіпті ол дәл қазіргі жағдайда өте қыншылықпен алға жылжуда, сондықтанда мұның сәтті шешілуіне толық сенуге болмайды.

Әлеке, мен біздің орталықтың үлкен және кіші саясатынан бойымды аулақ ұстап жүрмін. Қазақстанда қызмет істеп жүргенімде күнделікті мәселелердің барлығын назарымда ұстап, бірде ананың, бірде мынаның жобасын жасап, оны шешуге белсене араласып жүруші едім. Бізге қазір құлаққа өте жағымсыз сыйбыстар жетіп жатыр.

Жер мәселесінің төніретіндегі әңгімелердің барлығы түйік-қа тіреліп, барып тұрган бейбастақ байбаламға айналды. Егерде партия мүшелері мен жер жөніндегі саясатты жүргізушілер өздерінің көзқарастарына негізгі дәйектеме етіп Палена мырза жүргізген ревизияның «Губерниялық есептеріне» жүтінсе, солай болмағанда несі қалды. Қоныс аударушылардың жаңадан құрылған басқармасы қандай да бір асқақ идеяға құрылған саясатты бүркеншік етсе де, дәл осы арада қазылған апанның, ашылған аранның, қатерлі ісіктің орыны жатыр. Сүйегі қурап қалған патша губернаторларының әруағынан қорғаныш іздеулері де бейбастақтықта жатпай ма. Шындығына көшсек, жерге қоныстандырушы жаңа басқарманың азулы қатырандарының (акуланың – Т.Ж.) ашылған аранына қараганда соңғы аталғандар (патша губернатөрлары – Т.Ж.) «Өзіне сеніп тапсырылған өлкенің тыныштығын сақтау үшін бұратаналардың» қол астындағы жерді алу үшін ептең, сақтықпен кірісті. Шынымен, бұдан өзге жасалған жобалардың жолы кесіліп, жоралғыдан қалғаны ма сонда? (Профессор Швецов пен Бекейхановтың жер кесу мөлшері туралы жобасын мензеп отыр – Т.Ж.). Мұның астарын түсінуге ақылым жеттейді. Мекемелердің басқарушы құрылымын байқатпай уландырып отырған «мамандардың» ерекше сендеріүнің өзіне сенімсіздікпен қараймын. Бұған бізге мәлім «шіркіндердің» де қатысы бар, олар да ықпал етіп отыр, бірақта бұл жөнінде олардың жауапкершілігі шектеулі ғой. Әлеке, Орталық Комитетке хат жазуды қажет деп санамайсыз ба? Әлде, біздің жазғандарымыз, өзінің орталықтарының алдына осы мәселені шешуге талап етіп қойып жүрген партия мүшелеріне зиянын тигізе ме?

Жерді тағы да бөліске салу, жерге орналастырудың тенгермелі мөлшерді сақтау – өз жерінен өзі қарақшылықпен қуылған (экспроприация) бұрынғы тәжірибелі еске салады, бақытсыз халықтың тағдыры үшін жүрегін қансырайды. Мұндай тәжірибеге даламыз енді көне алмайды. Өйткені көшпелілердің шаруашылығы – әбден орнықкан, табиғи шаруашылық. Шабындықты бөліске салған ежелгі тәжірибеге сүйенсек, биылғы қыстың қыспағының өзі неге тұрады?

Сотайға сәлем.

Әлеке, өзіңіздің денсаулығыңыз туралы жазыңыз. Қалайда
Сталинмен кездесініз, жазда қырда демалып қайтуға пұрсат
алыңыз. Сергей Порфириевичке сәлем айтыңыз.

Әлімхан.
25/II – 28 жыл.
Көшірмесі дұрыс: Агабеков».

Мен ол кезде Ташкентте түратынмын, сонда педагогикалық жоғары оқу орынында дәріс беретінмін. Жер және орман шаرعاшылығы басқармасының бастығы Сәлімгерей Қаратілеуов Қазақстандағы Ғылым академиясының зерттеулерінің нәтижесін тиянақтау мақсатында Орта Азия мемлекеттік университетінен деректер алу үшін Ташкентке келді. Ол менің үйімде болды. Әңгіме отарлау институты мен Қазақстанға қоныс аударушылар мәселесі төнірегінде өрбіді: бұл өте құрделі іс, қоныстандыру революциядан бұрынғы межеден де асып кеткендігі, граф Паленниң тексеру материалдарының Ташкентте екендігі, оған қатысқан қоныстанушылар басқармасының бастығы Чиркиннің осында екендігі, Қазақстанның 5 жылдығына арналған өлкелік ғазетте Жер комиссариатының басшысы жерді бөлшектеу жөніндегі губернатордың есебіне сүйеніп мақала жариялаганы айтылды. Бір қызығы, сол кезде ескі мәліметтерге көп сүйенетін. Тәркілеу мен Қазақстанға қоныстанушыларды орналастыру аса кең ауқымда жүргізілетінін жеткізді.

Жерге орналастыру мен байларды тәркілеу барысында теріс идеологиялық пікірлерім бұрынғы көрсетінділерімде жазылған. Мен бұл пікірді Ташкенттің педагогикалық институтында сабак беріп жүргенде білдіргенім түсінікті. Бұл мәселе тек қана партия мүшелері мен партияда жоқтарды ғана емес, зиялды қауымның да назарын аударғаны белгілі. Қаратілеуов жолдаспен кездейсок кездесіп қалғанда осы мәселе жөнінде сөз қозғалды. Мен: өзінің өткендеғі саяси қайраткерлігінің нәтижесінде патшалық отар-

лау саясаты тұсындағы шаруашылық саясатын, әсіресе, қоныс аударудың жай-жапсарын терең зерттеген, Қазақстандағы жерге орналастыру мәселесіне барынша қанық Әлихан Бекейханов қана бұл жағдайды анықтап беретінін айттым. Қоныстандыру жөнінде түрлі қауесеттер айтылып жүрді. Бекейхановтың іске тартылуын мен де қостадым. Өйткені жер мәселесін зерттейтін институт БК(Б)П Орталық Комитетіне қарайтын, ал олар Бекейхановты Қазақстандағы жер мәселесінің білгірі ретінде қызметке шақырды, сонымен қатар 1921-1923 жылдары қазақ үкіметінің тапсырмасымен Қазақстандағы жерге қоныстандыру мәселесін зерттейтін арнайы экспедицияларға қатысты. Жер мен қоныстандыру бағытындағы менің көзқарасым Бекейхановтың көзқарасынан алшақ емес. Мен ол кісіні өзімнің ұстазым деп шын көnlіммен айта аламын. Бұл тұргыдан алғанда біз бұрынғы отарланған жерге қазақ тұрғындары жаппай қоныстанып болғанша жаңадан қоныстандыру науқанына қарсы болдық.

...Жер мәселесі туралы қысқаша шолудан кейінгі айтарым, бұл мәселені шешу жөніндегі бастапқы ұстанымында тұрақтап тұрып қалуым – менің идеологиялық қатеме жатады. Таптық байланысты, ұлтаралық қатынастың маңызын дер кезінде кең мағыналы деңгейде қабылдамаппын. Мен оған ұлтшылдық тұрғысынан қараппын. Ал үгіт-насихат жүргізді дегенге келсем, ондаймен айналысқамын жоқ, осы мәселемен айналысатын адамдар, әсіресе, Бекейханов, менің үгітіме мұқтаж емес. Олармен кездескен кезде өз пікірімді білдірдім. Осындаі адасуда жүргенімде және дағдарыстың алдында (отарлаудың бес жылдық жоспары бойынша Қазақстанға жаппай қоныстандырушыларды әкелу, оларға жағдай жасау туралы жүзеге аспай қалған науқан қарсанында) мен мұны қазақ халқының қасіреті ретінде қабылладым. Бекейхановтың көтерген мәселелерінің негізінде өзімді толғандырған жайлар жөнінде Орталық Комитетткे мәлімдеме жаздым.

Қазір революциялық күресте шындалған таптық ұстаным – тарихи шындыққа айналғанын көргенде, мен нақты саясаттан көрі романтикаға берілгенімді түсіндім. Революция ақ қолғап-

пен орнамайды, құрбандықсыз келмейді. Қазақтар үшін де бұдан өзге жол жоқ. Аса шиеленісті мәселелерді шешуде басқарушы үйым мен үкімет орындарының дұрыс бағыт ұстанғандарын мынадай дерек растайды. Тәркілеу туралы шешім шығар алдында Семейден Қызылордаға келгенімде Габбасовтың теңсептіп жүргенін көрдім (Оның қырда меншік малы бар болатын). Осыған байланысты ол ерекше белсененділік танытты. Мен оған: егерде сен бұл науқанда асыра сілтеушілікке жол беріледі деп есептесең, онда теңселе бермей, сен жоспарлау мекемесінің жауапты адамы ретінде үкіметке мәлімдеме тапсыр,- деп өзімнің көзқарасымды білдірдім. Бұл пікірді сондай күйде жүрген Қадырбаев Сейдазымға да айттым. Тәркілеу жөніндегі қаулы шыққаннан кейін мен даулы жағдайларға жаңа түсінігім түрғысынан пікір білдірдім, аз уақытқа ауылға барғанымда да бұл мәселені түсінуге ықылас білдіргендерге (тәркілеуге ілікken туған ағайындарына – Т.Ж.) жоғарыдағыдан түсінік бердім...

...Айыптау ісінде Сәдуақасовтан Байділдинге хат әкелгенім туралы көрсетіліпті. 25-жылы Өлкелік Комитет пен Халық комиссариаты мемлекеттік жоспарлау комитетінің өкілдеріне қосып Сәдуақасовты және мені Мәскеуге іссапарға жіберді. Менің Өлкелік Комитеттің мүшесі Ежов пен Сәдуақасовтан білгенім – негізгі мақсатымыз шекараны анықтап, бекіту екен. Оңтүстікегі облыстарды Орта Азия федерациясына, солтүстік облыстарды РСФСР-дің көрші облыстарына қосу туралы мәселе қойылмақ екен. Оңтүстік Қазақстанның төрағасы бұған ерекше ынта қойып, қызу қолдайтынын білдірді. Солтүстік облыстардағы қазақтарды оңтүстікке, Жетісуға көшіру жөнінде нақты ұсыныс жасалыпты. Бұған мен: ұлттық белгісіне қарап қазақ, орыс түрғындарының арасына шекара қою қын, олар аралас тұрады. Оңтүстік және солтүстік облыстардың экономикасы өзара тығыз байланысты. Жазда солтүстікке қарай көшіп, мал өрістететін Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қазалы, Бәкей аймагындағы жер пайдаланушылар үшін де тиімсіз. Қостанай уезінің қазақтарын Оңтүстікке көшіру де мүмкін емес. Егерде солтүстік облыстар РСФСР-ға қосылатын болса, онда қазақ

тұрғындары да Ресейдің көрші губернияларының қарамағына өтуі тиіс, – деп қарсы пікір білдірдім. Мәскеуге келгеннен кейін Ежов пен Сәдуақасов жолдастар: біздің мәселеміз қаралмайтын болды, Қызылордага қайта беруіне болады, – деді. Орталықта қандай мәселе қаралатынын ол кезде де, қазір де білген емеспін. Мен Қызылордага қайттым, Смағұл Сәдуақасов берген хатты Байділдинге әкеп бердім. Хаттың мазмұнын бұрын да, қазір де білмеймін. Ал Сәдуақасовтың үйінде ме, жоқ басқа жерде ме, өткен жиналыстарға мен қатысқан жоқтын және ондай мәжілісті естігемін де жоқ. Партиядагылар мен партияда жоқтардың бас қосуына қатысқан жиналысым – 1920 жылы өткен Кеңестердің құрылтай съезі. Ол туралы алғашқы көрсетінділерімнің бірінде жазғанмын.

59-бап бойынша, 58-баптың 11 тармағы бойынша өзгертіліп тағылған айыптар тергеу барысындағы анықталған шындықтың негізінде кеңес өкіметіне қарсы ешқандай әрекет етпегендігіме байланысты алынып тасталуын өтінемін. Ғаббасовтың Семейдегі тәркілеуге қарсы жүргізген әрекетіне менің қатысым бар екендігі туралы Попов жолдастың бопсасы шындыққа сәйкеспейді. Попов жолдас мені айыптаудың формулировкасымен таныстырған жоқ. Бар білгенімді жоғарыдағы көрсетінділерімде айтқамын.

Ғаббасов үнемі Семей қаласында тұрды. Ғаббасовпен ешқандай байланысым болған емес. 20-жылы Мәскеуде Байтұрсыновпен бірге болғанымды Ғаббасовқа 25-жылы, Валидов қатысқан басмашылар қозғалысы талқандалған соң айтқаным есімде. Валидовтің 20-жылғы көніл-күйін Смағұл Сәдуақасов пен Ғаббас Тоғжанов бөлісітін еді – дегенді де сол айтты. Алайда ол да, мен де бұған қарсы едік. Ғаббасовтың қандай да бір үйимга мүше болғанынан хабарсызыбын. Та什кентте үйымның бар екендігін болжап қана білдім. Ғаббасовпен екеуміздің еш байланысымыз жоқ, 25-жылға дейін әр қалада тұрдық, саяси оқигаларға көзқарасымыз да әр қылыш. 20-жылы Колчактың тұсында ол жазғандай мен қырға кеткемін жоқ, Семей қаласында болғамын. Содан кейін партияға өту мәселесі көтерілгенде біздің пікіріміз екіге бөлінді, 20-жылы ол мұлдем қарсы болатын. Содан ке-

йін маған оның қазақ байларының арасындағы рулық тартысқа қатысқаны ұнамады. Біздің іштей араздығымызды білмейтіндер бізді әріптестер деп ойлад қателесіп, оның қасына менің фамилиямды қоса беретін. Мәселенің басын ашу үшін бұған ерекше тоқталдым. Мұның барлығы маған тағылған айыптың жоқтығын дәлелдейді. Нақты бір дерек болса оны жоққа шығару мүмкін емес қой. Пролетариат диктатурасының орнауы, буржуазиялық ұлтшылдық, Қазақстанның өзін-өзі анықтауы, пантүркизм туралы пікірлерімді алдыңғы көрсетінділерде баяндап өттім. Қайталап айтамын идеологиялық қайшылықтарымның, кейбір тактикалық ауытқулардың болғанына қарамастан кеңес өкіметіне қарсы ешқандай ұйымға қатысқан емеспін.

Әлімхан Ермеков.
28 қазан, 1931 жыл.

**19 қараша, 1931 жыл. ОО ПП-нің бөлім бастығы
Молохов жолдасқа. Ерекше оқілі Попов жолдасқа**

Мен өзімнің ешқандайда контреволюциялық әрекетке қатыспағанымды тағы да мәлімдеймін. Өзгелердің көрсетіндісіндегі жалған айғақтардың негізінде өзімнің айыпкер екенімді мойындасан, ерекше оқіл Поповтың тілеудің қанағаттандыратын сияқтымын. Өзімді айыпкер санаудан басқа жол қалмаған сияқты. Бұл маған берілген сыбага іспетті. Мен шындығында да астыртын ұйымға қатыссам, тергеушінің жүгі женілдейтіндей көрінеді. Айбымды мойындау арқылы гана өзімнің кінәмді женілдететін көрінемін. Бірақ та мен, шамамен, мүмкіндігім жеткенше өзгелердің айыптауларын жоққа шығара отырып, тергеу орындарының алдында өзімді ақтап алуға тырысамын. Сондықтан да сіздерден маған тағылған айыппен таныстыруды және мені астыртын ұйымға қатысты деп айғақ берген адамдармен бетпе-бет кездестіруді талап етемін. Идеологиялық қателіктерім мен кейбір шараларға көзқарасымның тұрақсыз болғанына қарамастан, кейінгі он жылдың ішінде Қазақстан ең-

бекшілерінің ынтымағы мен мұддесі үшін саналы түрде адал қызмет еттім. Алда қанша өмір бар және қанша жұмыс істеймін, оны білмеймін, бірақ жалған айғақтарды мойындаپ, өзімді сатқын ретінде көрсете алмаймын. Менің ойымша бұл мәселе тергеу барысында толық анықталады және әшкереленеді деп ойлаймын. Контрреволюциялық ұйымға қатысымның жоқтығын және маған қысым жасау арқылы мойыннатамыз деген емеуірінің нәтижесіздігін дәлелдейді. Алдыңғы корсетінділерімде: менің өткен жылдардағы идеологиялық ауытқуларым – қазіргі социалистік құрылыш жүйесіне ешқандай зиян әкелмегендігін арым мен ожданыма сүйене отырып мәлімдегенмін. Менің өткенде «Алашорданың контрреволюциялық әрекеттері тұсындағы идеологиялық ұстанымдары социалистік құрылыш қоғамына қарсылық емес, керінше, консервативтік көзқарас болып табылады...

...Артынша қатты окіндім. Неге дейсіз ғой? Түрмеден дәл шығар алдында ОГПУ бастығы мені кабинетіне шақырып алып: «Ал енді сіздерді босатамыз, тек ел ішінде әлі де қыншылық бар, ашаршылық әлі тоқтай қойған жоқ, абақтыдан шыға салып үркін, шошып жүрменіздер», – деп ескертті. Мен бұл сөзді естіп, оған ойынды-шынды: «Онда біз әуелден-ақ, сірә, қателеспеген еkenбіз ғой», – дедім. Сонда ОГПУ бастығы қанын ішіне тартып, сұрланып: «Біз де қателеспеппіз ғой, қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды деуші еді, сол рас екен», – демесі бар ма. Мен жарылып кете жаздадым. Не керек, болар іс болып, хатқа қол қойылып койды.

Ахмет Байтұрсынов Архангельскіде айдауда жүреді, ешкім ешқандай жұмыска алмайды. Өмір сұруі қын согады. Жас кезінде училищеде оқығанда әр түрлі қол өнерін үйренген екен, содан қасық, ожау, ойыншық жасап, базар маңында басына күрке тігіп жатып, өлер-өлмес күн көреді. Ахан осы бір ауыр жағдайын айтып, Мәскеуде тұратын Ә. Бәкейхановқа хат жазады. Аяулы Әлихан Нұрмұхамедұлы қызыл крест қоғамы-

на барады. М. Горькийдің жұбайы М.Ф.Андреевага (дұрысы – Е.П. Пешкова – Т.Ж.) арыз айтады. Сөйтіп, Архангельскіге жетпіс доллар жіберіп, Ахаң көмектеседі. Ақыры оны айдаудан босаттырып алады. Ахаң әуелде атылуға кесілсе де, он жылға айыпталып, мерзімінен бұрын елге қайтады. Қайтып келгенде ол Ә. Бекейхановқа бір қолжазбасын береді. ,«Бұл менің айдауда жүргенде жазған құнделіктерім. Сірә, бұрынғы еңбектерімнен құнды болуы керек, осының бір данасын сіз бірдене етіп бір жерге сактаңыз. Бір данасын әйелімнің көрпесінің астарына тіктіріп қойдым», – депті. (Ә. Ермеков көрпені «Стеганные одеяла» деп орысша айтты. Мен мұны өзімше «қабымалы көрпе» деп қазақшаладым – Ж. Бектұров).

«Көрпенің астарына тіккен қолжазба жоғалды ғой, ол көрпе түгілі, Аханың қазақ болып кеткен орыс әйелінің де қайда үшты-күйлі болғаны белгісіз. Ал ана Әлихан ағасына табыс еткен қолжазбасын мұқият іздесеңіздер табасыздар. Ол Аханың аманатын белгілі шығыстанушы ғалым, академик Сергей Федорович Ольденбургке (1863-1934) табыс етті. Ольденбург ірі ғалым. Ол түркі тілдес елдердің тарихын, әдебиетін, фольклорын, мифологиясын жетік білген адам. Көп уақыт Ресей және Кеңес Одағы Ғылым академиясын басқарған ірі оқымысты. Ондай кісінің архиві жоғалмайды, мұқият сақталады.

ЕРМЕК ҰЛЫ ӘЛІМХАННЫҢ ХАТЫ

Біздің уақытымыз тарихи ұлы өткел дәуірі. Бұл өткелдің бір жағы – адам баласын соншалық, көп азап, қорлық, әдепсіздік қинауына салған капиталдық құрылыштың дүниесі. Ол құлап шіріп, тозып келе жатқан дүние. Өткелдің екінші жағы – социализм мен ортақшылдықтың іргесіне құрылған жаңа, жаңық омір. Сол өмірдің жарқын дүниесі. Бұның адам баласына әкеle жатқан иғлігі – шын тенденция, ұлы мақсат: тап, ұlt, езуші-еziлүші дегендерді жоқ қылып, бар адам баласын тенденция пен білім, мәдениет табысының барлық жемістерінен толық пайдаланатын(дығы).

Осындай болумен қатар қазіргі дәуір – тап тартысының ерекше қүшейген дәуірі болып отыр. Бұрын қарсылық жүргізген, бүгінде өлеріне, өшеріне жеткен тап қазір бар қүшін, бар айласын жұмсап, не қылса да өзінің бұрынғы үстемдік халін сақтап қалуға тырысады.

Сол себепті, осындай тәрізді ұлы өткел дәуірінде тап тартысының жалыны өрлең тұрған кезде – әрбір қогам қызметшілерінің саяси қателері өте жауапты, өте ауыр қателер болып шығуга керек.

Ол қателердің залалын, салмағын өте ауырлататын, сол тап тартысының қызып тұрғандығы. Және мұндай уақытта ол қатені, сенің өзіннің ойында болмаған бағыт пен жолға пайдаланып, керегіне жаратып кететіні де бар. Олар, төңкерісшіл пролетариаттың асқындан өрлең келе жатқан құштеріне жаулық ниет ойлады, алдысып келе жатқан заттар болады.

Міне, осы себепті, әрбір адамын деген қогам қызметшілөрі, қогам тартысының әр дәуірінде, өзінің қызметі қандайлық болғанын толық тексеріп, сынап отыру қажет. Егер ол еңбекші табымен төңкерістің жауы боламын десе, өзі басып өткен жолдың мазмұны мен тәжірбиесін тесіле қарап, қатты сынауга тиіс.

Мен Қазақстандағы өзім істеген саяси істің түсінда бірқатар ірі кателіктер істеген едім. Қазір де өзімнің сол бұрынғы қызметтің шынымен нық тексеріп келіп айтпақ болған сөзім бар. Бұл сөзді айтуға хақым ғана бар демеймін. Айтуға өзімді міндеттімін деп санаймын.

Менің саяси бағытым, бұрын патша заманында езілген елдің баласы болған соң, әрқашан өзге мәселенің бәрінен бұрын ұлт жайын ерекше қып жоғары ұстап, соны қалыпташ асыра, көтере бағалау да болған. Оны туғызған патшаның отаршылдық саясаты. Қазақ жерін Ресей алпауыттарына жағынамын деп отаршылдыққа аяусыз тартып әпере беруі болған. Ұлт мектептерін тыйып, шаруа күшін де жауша қанауы болған.

Кеңес өкіметіне деген көзқарасым негізгі түрінде 1920 жылы шешілген еді. Сонда мен екі жолдың торабына келіп тіреліп ем: біреуі капиталшылдық жолы. Оны қостасам – жиянгершіліктің қожалығын сүймекпін, олай болса отар, жарым отарды сол күйлерінде қалдырып, артта қалған елдердің бұдан әрі де құл бола беруін қоштамақпын. Немесе социализмді қостап, артта қалған отар елдерін құлдықтан, қорлықтан арылтатын досы – осы екенін тануыма керек болғанды, оның үстіне Колчак қожалығын көріп шыққан соң анық қөзім жеткені – тартыстың түбін шешетін төңкеріс кезіндегі екі күштің біреуі болатын болды. Мұның бірі – пролетариат, екіншісі – байлар табы, сондықтан не пролетариат қожалығын, не байлар қожалығын таңдау керек болды.

Сонда Кеңес үкіметінің бетін қостап, соның жағына шығымның алды осымен шешілген-ді.

Бірақ, мен қалыптанған марксшіл болмағандықтан, ұлттықтың тап көлемі деген дерттен арыла алмадым. Сол себепті қоғамдық қалыптардың өсуіндегі негізгі-негізгі бағыт тап тартысының бағыты болса, соны көрудің орнына, менің жолымда көбінесе ұлттық жайлар көлденендең, анаған сол бөгөу болып

отырды. Артта қалған елдердің алдағы елдер пролетариатымен одактасуын негізгі бағыт есебінде қабылдап отырсам да – сол артта қалған елдердің өзарасында тап тартысының қоса болуы да шарт, қажет екенін ойламадым.

Менің салт-сана жолындағы қателесуімінің тамырлары осы жерде болды. Осыдан барып құдікшілдік, ырғалғыштық туды. Партия мен үкіметтің Қазақстанда жүргізген бірқатар ірі істеріне теріс қарағандықтан болды. Мысалы, ірі байларды кәмпескелеу, пішендік пен егістікті қайта үлестіру, жер мәселесін түгелімен интернационалдық, таптық жолмен шешу сияқты ірі мәселенің көбіне көзқарасым дұрыс болмады. Ал партия мен үкіметтің бұл істері ерекше артта қалған жарым алпауыттың қолындағы қазақ ауылын социалды реконістірексеге (реконструкция – Т.Ж.) дайындау алдында қажет болған шаралар, шарттар еді.

Жасырып қажет емес, саяси қызметшілердің салт-сана жолындағы қатесі сіңісті дерт сияқты қүйге айналса – оның арты саяси қылмыстарға әкелмей қоймайды. Қожалық тартыста олар шығатын арналар табылмай тұрмайды. Мысалы, Қазақстандағы үлкен түйіннің бірі – жер мәселесін шешу болса, ол және айқын үлттық мәселе болса, сонда менің үлтінілдігым осы мәселені шешу түсындағы менің бағытима айқын әсер етті.

1925 жылы Қазақстанның Госпланының комиссияларының істеріне қатынасып жүріп, Қазақстанда жерге орналастырудың мөлшерлі жоспарын жасағанда мен тап жағына қарамай, үлттық белгісіне ғана қарап, ең алдымен қазақ халқын жерге орналастыру керек деген пікірді жүргіздім. Және қазақ халқы түгел орналасып болғанша Қазақстанда басқа қоныстандырылуышылар келмесін деген бетте болдым. Мәселені бұлай қою, жерге орналастыру ісін(ің) таптық мазмұнын жайдақтатумен бірге, бұрыннан келе жатқан үлттар арасын(ың) қажасуын да ықтиярсыз тереңдеткен болар еді.

Қазақстанда партия мен үкіметтің жүргізген қоғамдық-шарашылық шарасының бір жолы – ірі байларды кәмпескелеу болса, оған менің көзқарасым Әлихан Бекейханұлына жазғандарымнан көрінеді. Ол хатта мен бұл істің артын өте көтеріп,

теріс бағаладым. Бұндай іс шаруаға үлкен зәбір келтіреді, ел шаруасының іргесі шайқалып, шөгіп қалады дегем. Бұл ұлтшылдық, байшылдық салт-санасының даусыз айқын белгісі еді.

Мен Бекейханұлын осы мәселеде ұлтшылдық бағыты үшін алысуға (күресуге – Т.Ж.) үндел, одақтың орталық ордасының алдына апарып осы мәселені қою керек деп үндердім. Мұның – өзімнің ұлтшылдық бағытының (ұстанып), аймақтық басқарушы орындардың жолына қарсы тұру ісі еді.

Осы жөніндегі тағы бір ерекше ескерерлік нәрсе, менің 1927-1928 жылдарда Семейде болған асыра сілтеуешілерді бір жақты қарап, ұлғайта сілтеуім де болды. Солай сөйлеу өзге ұлтшылдардың арасындағы өзара сөздерімде де және қазақтан шыққан ұйымсыз, сауатты қызметшілермен сөйлесулерімде де болды.

Ұлтшылдық қозғалысының мазмұны пролетариат қожалығы жүріп тұрған мемлекетте, тап тартысы күшейіп тұрған уақытта – төңкеріс жауының жолы болмай тұра алмады. Өткен уақыттағы біздің «Алашорда» жолындағы ұлтшылдық қозғалысымыз сол жаңағы айтқан төңкеріс жауының жолы болған. Мен сол «Алашорданың» ісіне толық араласқан кісімін. Кейіннен Кеңес үкіметіне қарсы арналған төңкеріс жаулығы сияқты саяси қимылдардың барлығына қашалық сақ болып, қарсы болмақ болсам да, сонымды нық ұстамадым. Ұлтшылдық дерпті болып, тапшылдық көзқарастың қырагылығы болмағандықтан, шынында оны болмады дегенім жаңылыс, себебі менің ұлтшылдығым да барлық өзгелердікіндей, негізінде айқын, тапшыл, ұлтшылдық болған. Ол ауылдағы жарым алпауыт пен байлардың тілеуіне бейім ұлтшылдық болғанымен, Кеңес үкіметіне қарсы болған таптардан өз бойымды аулақтап алмадым. Төңкеріске жаулық ойлап шыққан Заки Валидов тобының ісіне қарсы мен ашық күреске шығуым керек еді. Оның орнына мен солардың төңкеріске жаулық қылған ісіне өзім де жанасқан кісі болып шықтыйм. 1920-жыл Мәскеуде сонымен кездескен жайымды түгел баянда-май-ақ, сондагы бір ерекше жайды айтайын. Ол Валидовтың ниетімен қарсы екендітімді айқын қып сол жерде айтып берсем де, сөйлесуімінің өзін құпия әңгіме түрінде жасадым.

1920 жылда Заки Валидовтың төңкеріске жаулық ойы мен мақсұттарының бар екенін мен біліп едім. Кеңестік Ресейдің саясатына ырза болмай, «Шығыстың езілген елдеріне» шығамын, сонымен оларды біріктіріп, жекелік аламыз деген ниеті бар (болды).

Мен құпиялық түрі бар жиналыста болдым. Бірақ Қазақстанды тағы бір жаңа ауыртпалыққа салуға ырза емес екендігімді айтсам да, сол жерде Валидовтен асып айқын бой тартып кетпедім.

Сонымен өзімнің басымнан өткен тәжірбиеге қарап толық дәлелмен айтатыным, 1920 жылдың өзінде-ақ артта қалған елдерге ең дұрыс жол – социалистік жол мен кеңес жолы екенін негізінде қабылдап алсам да, мен қателестім. Оның себебі кімдекім ұлт мәселесін таптық, интернационалдық қозғалыспен қоспай және ұлт мәселесіне бағындырмай ұстаймын десе – ол адам еріксіз ұлтшылдықтың құрбаны болады.

Тағы бір үлкен адасым – артта қалған елдердің арасындағы төңкеріс – «шаруа қорын жалдамай болатын» төңкеріс болуы керек», – деп түсінуім де болған.

Мен студенттік жылдарымда Ядринцевтің, Потаниннің, Шаповтардың (Сібір – отарланған ел ретінде) пікірлері бойынша тәрбиеленген едім. Бұлар сияқты басқа да Сібірдің төңкерішіл жазушылары артта қалған елдердің тағдырына жаңы ашып, көніл бөліп, мұндай елдің барлығы капиталдық құрылыш бағытында болатын шаруа тұрмысындағы, салтындағы тығыз өзгеріске шыдамайды, көтере алмайды деуши еді. Сол бетпен мен социалды реконстірексие дәуіріндегі шаруашылық өзгерістеріне үлкен қобалжумен, аса қорқумен қарап келдім. Анында бұның мағынасызшылдың баққаны сияқты еді. Мұнының негізгі себебі, інында менің таптық, ұлтшылдық салт-санамда болуға тиіс. Егер төңкеріс жайынан шын сөйлейтін болсам, езілгендердің бостандығын шын тілесек, капиталдық құрылыштың қалдығын інын жоямыз десек, онда қатты қимылдағанда, құрбандықтан да қорықпайтын болуымызға керек. Және бұл құрбандық негізінде жарым алпауыттар мен байлардың көретін құрбандығы екенін еске алсақ, онда ондай құрбандықтарды жолды (занды – Т.Ж.) деуғана керек емес, тіпті қажет деп білу керек.

Бұл күнде мен бұрынғы қауіп, құдігімнің бәрінің орынсыз болғанын көріп отырмын. Қазір біздің көз алдымызға одақтың пролетариатының ұйымдастықан күші бірігіп келіп, сол женгізбей келген сақарада өндірістің ұлы дүкендерін орнатып отыр. Ол дүкендер техниканың ең жана табысы бойынша құрылған, сол далаларда шойын жол құрылышы, машина-трактор, машина-пішендік стансалары, совхоз, колхоз құрылып отыр. Бұлардың бәрінде үлкен мәшинелер, үлкен жабдықтар орнап отыр. Және колектив негізіне құрып, жоспармен отырықшыландыру ісі жүріп жатыр. Бұларға одақтық бюджеттен мол қаражаттар беріліп, пұлдай, (қаражатпен – Т.Ж.) техникелері жәрдем істетіп отыр.

Қысқасы, Лениннің: «Артта қалған елдер алдағы елдің пролетариатының көмегімен капиталдық дәуірді аттап етіп, социалды дәуірге жетеді», – деген данышпандық сөзі іске асып отыр. Осындағы, жалпы жайды, Қазақстанда Лениннің ұлт саясатын қолдану арқылы табылған табысты, ешнэрсе жоя алмайды, кеміте алмайды. Бұл ретте бай-кулактың жаулық пен өз шаруаларын інашып жоюы да және партия жолын қисайтып, Қазақстанның мал шаруасы жөнінде теріс тәжірбиеге ауысып істеген жергілікті орындардың қатесі де және де осы себептен онан соңғы жылдардың егін шығуы нашар болғандық себебінен туып отырған кейбір аудандардағы азық-түлік қыншылығы да жанағы ұлы табыс, ұлы құрылыштың қалпын бұза алмайды, маңызын түсіре алмайды.

Осы айтылған тұрғылардан қараганда менің бұрынғы қорынышым, қаупім, үркүім, пролетариаттың құшіне сенбегендік болып шықты. Ал пролетариат қүші бұл күнде шын ғажайып іс істеп шығып отыр.

Өзімнің салт-санадағы қatalарым мен, соның негізгі істері тұсында болған әсерлерін түтел толық мойныма алғандықтан, енді «Социалды Қазақстан» басқармасынан менің осы сөздерімді басуды сұраймын. Мақсатым: шын толық күйде кеңес жұртшылығының алдында өзімнің ендігі көзқарасымды білдіру. Сол жұртшылық бұрын менің ұлтшылдық салт-санамның төңкеріске жаулық мазмұнын ашқан еді. Қазір мен өзімнің

бұрынғы ісімді қатты күйде кінәлап, салт-сана жолындағы бұрынғы құралымды тастанап, ендігі саяси бағытымды анықтап отырмын.

Мен қазір өзіме осы күнде Қазақстандағы социалистік құрылыш жолында қызмет етуді ең ардакты, ең міндетті іс деп санаймын. Қазақстан ертедегі тарихи себептермен артта қалған жер, бұл мен туып-өскен жер, сондықтан бұның өсіп келе жатқан социалистік құрылышының майданында адал қызмет ету менің ендігі борышым. Міне, бұл жолда жандандыратын сенім – біздің қазіргі тарихи дәуірімізде бірінші рет шын, еркін адам жолының іргесі қаланып келеді деген сенім болады.

Осындаған дүниене тарихының түйіні шешіліп, шын қоғамдық әділдік жолымен елдердің тағдыры, барлық адам баласының (тағдыры) шешіліп келе жатқанда және қызуы асқан тап тар-тысының негізімен шешіліп келе жатқанда, өзіне қай түрдегі болса да мещандық тыныштық пен жайлыштықты іздең, әлі-ақ етіп кететін қыншылықтан қорғанып, тайқып шығуды – енді бұрынғы салт-сана, құнделік іс жөнінде істелген қателерімнен артық ұятты қылмыс деп санаймын. Оның орнына жақын заманда, таптық қауымның жасалуы мүмкін болып отырғанда және 17-ші партконференцияның қаулысы бойынша 2-бесжылдықта социализмнің толық жүзеге шығуы мүмкін болп отырғанда, тапсырылған жұмыстың әрбір кезеңінде табан таймай тартысадың сенімі, үміті артпак. Ол табыстағы басшы – таптартысында шынықкан социалдық құрылыштың алдыңғы әтіреті, Қазақстанның Өлкелік партия комитеті.

*Ж. Ақбаев пен Ә. Ермековтің тергеудегі жауаптарының
үзінділері филология гылымдарының докторы, профессор
Тұрсын Жұртбайдың «Ұраным – Алаш» атты
кітабынан алынды.*

МАЗМҰНЫ

Әлихан Бекейхан

| | |
|--|-----|
| Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы..... | 11 |
| Қазақ тарихы | 17 |
| Ашық хат | 22 |
| Роман не нәрсе? | 25 |
| Ән, өлең һәм оның құралы | 28 |
| Қ. оязындағы моллалардың баяны | 31 |
| Қ. оязының қызметтегі қазақ адамдарының бір қылған ісі | 36 |
| Баспаханаға хат! | 37 |
| Хат баспаханаға..... | 40 |
| Қарқаралы оязының Қотан-бұлақ, Западни Балқаш, | |
| Зайсан елдеріндегі егіннің жайы..... | 42 |
| Тұрмыс жайында болған хабарлар | 47 |
| Іхтияты болыс | 49 |
| Бұрынғыдан қалған жақсы мұра..... | 51 |
| Әңгіме | 53 |
| «Анқау елге арамза молла» | 57 |
| Ашық хат хажыларға | 60 |
| Қытай қазагы | 61 |
| Ұят-ай! | 63 |
| Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі..... | 66 |
| Жаңа кітаптар | 71 |
| Роман бәйгесі | 73 |
| Қалқаман – Мамыр..... | 76 |
| Қара қыпшақ Қобыланды | 83 |
| Азамат Юсуф..... | 106 |
| Жұмыртқадай бидай..... | 109 |
| Хамелеон | 112 |
| От..... | 115 |
| Самат өлендеріне сын | 117 |
| Би һәм билік..... | 138 |
| Ұры тию..... | 142 |
| Дума һәм қазақ..... | 146 |
| Төртінші Дума һәм қазақ | 150 |
| Жауп хат | 154 |
| Зайсан | 159 |
| Бас қосу турасында | 161 |
| Жауп хат | 165 |

| | |
|-----------------------------|-----|
| Алашқа! | 168 |
| Екі жол | 170 |
| Монгол халі | 179 |
| Григорий Николаевич Потанин | 183 |
| Кітапхана | 185 |
| Монгол | 186 |
| Керек сөз | 188 |
| Төртінші Дума һәм қазақ | 191 |
| Жұрт сыны – ер жігіт | 193 |
| Сусаганның түсіне су кіреді | 195 |
| Офат | 198 |
| Тозған ресім азап | 199 |
| Хасейн Халами Паشا | 201 |
| Башқұрт жерінің шежіресінен | 203 |
| Министр өзгерілуі | 205 |
| Тағы да би һәм билік | 208 |
| Жана жыл | 211 |
| Трахома | 214 |
| Хұтухта хаты | 216 |
| Тағы соғыс | 218 |
| Жан Жорес | 221 |
| Исмайыл бек Гаспрински | 223 |
| Барлыбекті ұмытпасқа | 229 |
| Он төрт тоғыз бола ма? | 231 |
| 2 февраль | 237 |
| Ашық хат | 238 |
| Пайғамбарға хат | 241 |

Жақып Ақбаев

| | |
|-----------------------------------|-----|
| Қарқаралы петициясы | 248 |
| Қазақтардың дағдылы, оның ішінде | |
| некелік құқықтары туралы жазбалар | 255 |
| Тергеудегі жауаптары | 261 |

Әлімхан Ермеков

| | |
|--------------------------|-----|
| Тергеудегі жауаптары | 271 |
| Ермекұлы Әлімханның хаты | 310 |

Сарыарқа кітапханасы

**Әлихан БӨКЕЙХАН
Жақып АҚБАЕВ
Әлімхан ЕРМЕКОВ**

*Мақалалар, сын-зерттеулер
және төргеудегі жауаптар*

Редакторы *Заңгар Қарімхан*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Женіс Қазанқапов*
Корректоры *Назгүл Бимаганбетова*
Компьютерде беттеген *Ұлжан Бердібекова*

Басуға 24.12.13 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Қағазы оффсеттік. Оффсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 20,0.
Тапсырыс №0285. Таралымы 800 дана.

ISBN 978-601-292-778-8



«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13